И. СТАЛИН

ШЫГАРМАЛАР

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ОГИЗ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва - 1949

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР



ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы - 1949

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И. В. СТАЛИН

11

ТОМ

1928 – МАРТ 1929

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталин шығармаларының он бірінші томына 1928 жылғы январьдан 1929 жылғы мартқа дейін жазылған шығармалар енгізілді.

Бұл дәуірде, елімізді социалистік жолмен индустрияландыруда қол жеткен табыстарға сүйене отырып, большевиктік партия еңбекші шаруалар бұқарасын жеке шаруашылық жолынан социалистік колхоз шаруашылығы жолына түсіруге әзірлеу жөнінде қажырлылықпен күшті жұмыс жүргізді. БК(б)П XV съезінде қабылданған ауыл шаруашылығын коллективтендіру бағытын бұлжытпай жүргізе отырып, партия шаруалардың жаппай колхозға кіруіне керекті жағдайлардың бәрін әзірледі.

Партия кулактарға шабуыл бастағаннан кейін оңшыл капитулянттардың бухариндік-рыковтік дұшпан тобы бетпердесін сыпырып тастап, ашықтан-ашық партия саясатына қарсы шықты.

«Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелеріне» жазған хатында, «БК(б)П ішіндегі оңшылдық қауіп туралы», «Елімізді индустрияландыру туралы

және БК(б)П-дағы оңшыл уклон туралы», «Бухарин тобы және біздің партиядағы оңшыл уклон» деген сөздерінде, «Жетер жеріне жетті» деген мақаласында және басқа шығармаларында И. В. Сталин оңшыл уклонның кулактық контрреволюциялық сырын ашты, оңшыл капитулянттардың және троцкийшілдердің советке қарсы астыртын ұйымының бүлдіргіштік әрекетін әшкереледі, оңшыл уклонға қарсы баса күш жұмсай отырып, екі майданда бірдей рахымсыз күрес жүргізу керек екенін көрсетті.

«Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрельдегі біріккен пленумының жұмыстары туралы», «БК(б)П Орталық Комитетінің июль пленумының қортындылары туралы» баяндамаларында, «Астық майданында» деген әңгімесінде, «Индустрияландыру және астық проблемасы туралы», «Жұмысшылар мен шаруалардың байланысы туралы және совхоздар туралы» деген сөздерінде, БЛКЖО VIII съезіндегі сөзінде, «Астық дайындау және ауыл шаруашылығын өркендетудің келешегі туралы» деген сөзінде, «Ленин және орташамен одақтасу туралы мәселе» деген мақаласында және басқа еңбектерінде И. В. Сталин астық мәселесін шешудің, колхоздар мен совхоздар құрудың, қала мен деревня арасындағы байланысты нығайтудың негізгі жолдары мен әдістерін белгіледі. Бұл шығармаларында И. В. Сталин социализмнің және елді қорғаудың негізі ретінде индустрияны шапшаң күшейтудің қажеттігін дәлелдеді, жұмысшы табының қатарынан шыққан, ғылым мен техниканы меңгере алатын жаңа кадрлар даярлау міндетін алға қойды. И. В. Сталин кадрларды тәрбиелеудің большевиктік әдісі ретінде, советтік қоғамды дамытудың қозғаушы

күші ретінде сын мен өзара сынды мейлінше өрістету қажеттігін атап көрсетті.

Алғаш рет жарияланып отырған «Ұлт мәселесі және ленинизм» деген шығарма марксистік-лениндік теорияны онан әрі дамытуға, большевиктік партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясатын дәлелдеуге арналды; бұл еңбегінде И. В. Сталин Совет Одағында алғаш рет құрылған жаңа, социалистік ұлттар туралы қағыйданы ұсынды, буржуазиялық ұлттар мен социалистік ұлттар арасындағы принциптік айырманы көрсетті, социалистік ұлттардың ұйымшылдығын және өмірге бейімділігін ерекше көрсетті.

Он бірінші томға И. В. Сталиннің «Қызыл Армияның үш өзгешелігі туралы» белгілі сөзі енгізілді. Бұл сөзінде И. В. Сталин Қызыл Армияның күші мен қуатының қайнар бұлақтарын көрсетті, Қызыл Армияны онан әрі нығайту жолдарын белгіледі.

БК(б)П Орталық Комитетінің июль пленумының қортындылары туралы» баяндамасында, «Коминтерн программасы туралы», «Герман компартиясындағы оңшылдық қауіп туралы» сөздерінде халықаралық революциялық қозғалыстың мәселелері және туысқан коммунист партияларының міндеттері баяндалды. И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының, ССР Одағындағы социалистік құрылыстың халықаралық маңызын атап көрсетті. И. В. Сталин Совет мемлекетінің жаңа экономикалық саясаты (нэп) барлық елдердегі социалистік революцияның сөзсіз фазасы болып табылатынын түсіндірді.

Он бірінші томда И. В. Сталиннің төменде көрсетілген 14 еңбегі бірінші рет жарияланып отыр: «Астық дайындау және ауыл шаруашылығын өркендетудің

келешегі туралы», «Дайындау науқанының алғашқы қортындылары және партияның алдағы міндеттері», «Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелеріне», «Коминтерннің программасы туралы», «Индустрияландыру және астық проблемасы туралы», «Жұмысшылар мен шаруалардың байланысы туралы және совхоздар туралы», «Куйбышев жолдасқа хат», «Ш. жолдасқа жауап», «Куштысевке жауап», «Жетер жеріне жетті», «Бухарин тобы және біздің партиядағы оңшыл уклон», «Билль-Белоцерковскийге жауап», «Проскуровка телеграмма», «Ұлт мәселесі және ленинизм».

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Маркс — Энгельс — Ленин институты

1928 – МАРТ 1929

.y

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ

1928 ж. январьда Сибирьдің түрлі аудандарында сөйленген сөздерден[1]

(Қысқаша жазылып алынған)

Мен сіздің Сибирьге қысқа мерзімге жұмыспен келдім. Маған астық дайындау жоспарын орындау ісінде сіздерге көмектесу міндеті тапсырылды. Сонымен қатар маған ауыл шаруашылығын өркендетудің келешегі туралы, сіздің өлкеде колхоздар мен совхоздар құрылысын үдету жоспары туралы мәселені сіздермен бірге талқылау ісі де тапсырылды.

Өздеріңіз білетін боларсыздар, быйылғы жылы еліміздің астық балансында 100 миллион пұттан аса дән жетімсіздігі, дефицит бар. Осыған байланысты үкмет пен Орталық Комитет біздің астық балансындағы осы олқылықтың орнын толтыру үшін барлық облыстар мен өлкелерде астық дайындау ісіне баса күш салуға тиісті болды. Дефицитті ең алдымен егіні бітік облыстар мен өлкелердің есебінен толтыруға тура келеді, сондықтан олар астық дайындау жоспарын орындап қана қоймай, артығымен орындауы керек.

Егер дефицит жойылмайтын болса, оның неге апарып соғатынын, әрине, өздеріңіз білесіздер. Ол мынаған апарып соғады: біздің қалаларымыз бен өнеркә-

сіпті орталыктарымыз, жәнеде Қызыл Армия ауыр халде қалады, олардың жабдықталуы нашар болады, олар ашаршылық қаупіне ұшырайды. Әлбетте, біз бұған жол бере алмаймыз.

Сіздер бұл туралы не ойлайсыздар, ел алдындағы өз борыштарыңызды орындау үшін қандай шаралар колданбақсыздар? Мен сіздің өлкедегі аудандарды аралап шықтым, сонда сіздердің адамдарыңыз еліміздің астық дағдарысынан құтылуына көмектесу қамын онша ойламайтынына көзім жетті. Сіздерде егін түсімі өте мол, бұрын болып көрмеген дәрежеде деуге болады. Быйыл сіздерде артық астық қай кездегіден болса да көп, бірақ астық дайындау жоспары орындалмай отыр. Неге, оның себебі не?

Сіздер астық дайындау жоспары ауыр, оны орындауға болмайды дейсіздер. Неге болмайды, мұны кайдан алдыңыздар? Быйыл сіздерде егін түсімі шынында да бұрын болып көрмеген дәрежеде екендігі факт емес пе? Быйыл Сибирь бойынша астық дайындау жоспарының нақ былтырғы жылғыдай дерлік екендігі факт емес пе? Сіздердің жоспарды орындауға болмайды дейтіндеріңіздің себебі не? Кулактардың шаруашылықтарына қараңыздаршы: олардың қамбалары мен сарайларында астық лық толы, сақтайтын орынның жеткіліксіздігінен көп астық бастырмалардың астында жатыр, тұқым қорын, азық-түлік қорын, мал азығын есептемегенде, кулактардың шаруашылықтарындағы артық астық әрбір шаруашылыкқа 50—60 мың пұттан келеді, ал сіздер астық дайындау жоспарын орындауға болмайды дейсіздер. Сіздерге мұндай. сарұайым кайдан пайда болды?

Сіздер кулактардың астық тапсырғысы келмейді,

слар бағаның қымбаттауын күтіп отыр және жүгенсіз сауда жасауды мақұл көреді дейсіздер. Бұл рас. Бірақ кулактар бағаның жәй қымбаттауын ғана күтіп отырған жоқ, олар бағаны мемлекеттік бағамен салыстырғанда үш есе арттыруды талап етіп отыр. Сіздер кулактарды қанағаттандыруға болады деп ойлайсыздар ма? Кедейлер және орташалардың едәуір бөлегі қазірдің өзінде-ақ мемлекеттік бағамен мемлекетке астығын өткізді. Астық үшін мемлекеттің кедейлер мен орташаларға қарағанда кулактарға үш есе қымбат төлеуіне жол беруге бола ма? Кулактардың талаптарын орындау мүлде жолсыз екенін түсіну үшін мәселені осылай қоюдың өзі-ақ жетіп жатыр.

Егер кулактар астық бағасын асқындатып, жүгенсіз жалдаптық істеп жүрген болса, сіздер оларды жалдаптығы үшін неге жауапқа тартпайсыздар? Жалдаптыққа қарсы заң бар екенін — РСФСР Қылмыстық Кодексінің 107-статьясы бар екенін, бұл статья бойынша жалдаптық істеген айыптылар сот жауабына тартылатынын, ал товары мемлекеттің пайдасына конфискацияланатынын сіздер білмейсіздер ме? Бұл статьяны астық жалдаптарына қарсы неге қолданбайсыздар? Әлде сіздер кулак мырзалардың тыныштығын бұзудан қорқасыздар ма?

Сіздер кулактарға 107-статьяны қолданудың өзі төтенше шара болады, оның өзі жақсы нәтиже бермейді, оның өзі деревнядағы жағдайды нашарлатып жібереді дейсіздер. Әсіресе бұл жөнінде Загуменный жолдас айтып қоймайды. Айталық, бұл төтенше шара болады дейік. Сонда бұдан қандай қортынды шығпақ? 107-статьяны қолдану ісі басқа өлкелер мен облыстарда тамаша нәтижелер бергенде, еңбекші ша-

руаларды Совет өкіметінің төңірегіне ұйымдастырып, деревнядағы жағдайды жақсартқанда, сіздерде, осы Сибирьде, мұқың жаман нәтижелер беруге, жағдайды нашарлатуға тиісті болатыны қалай? Неге, себебі не?

Сіздер біздегі прокурор-сот орындары бұл іске әзір емес дейсіздер. Бірақ басқа өлкелер мен облыстарда прокурор-сот орындары әбден әзірленіп алып, әбден ойдағыдай жұмыс істеп отырғанда, сіздерде олардың жалдаптарға 107-статьяны қолдануға әзір болмай отырғаны қалай? Бұл жөнінде кім айыпты? Анығында, сіздердің партия ұйымдарыңыз айыпты, олар, байқауымша, жұмысты нашар істейді және еліміздің заңдарының адал орындалуын көздемейді. Мен сіздердегі прокурор-сот орындарының бірнеше ондаған өкілдерін көрдім. Олардың бәрі дерлік кулактардікінде тұрады, кулактардікінен тамақ асырайды, сондықтан, әрине, кулактармен тату тұруға тырысады. Менің сұрауыма олар кулактардың пәтерлері таза және тамағы жақсы деп жауап берді. Әлбетте, прокурор-сот орындарының мұндай өкілдерінен Совет мемлекеті үшін әлдененндей нәтижелі және пайдалы жұмыс күтуге болмайды. Тек бір түсініксіз нәрсе — бұл мырзалар осы күнге дейін әлденеліктен аласталмаған, олардың орнына басқа адал қызметкерлер қойылмаған.

Былай деп ұсыныс етемін:

а) кулактардың бүкіл артық астығын мемлекет бағасы бойынша дереу тапсыруы талап етілсін;

б) кулактар заңға бағынудан бастартатын болса, — олар РСФСР Қылмыстық Кодексінің 107-статьясы бойынша сотқа тартылып, олардағы артық астық мемлекет пайдасына конфискацияланып алынсын, ал конфискацияланған астықтың 25 проценті мемлекет-

тік төмен бағамен немесе ұзақ мерзімді қарыз ретінде кедейлер мен әл-ауқаты кем орташаларға үлестіріліп берілсін.

Сіздердегі прокурор-сот орындарының өкілдеріне келетін болсақ, жарамсыздарының бәрін қызметтерінен алып, олардың орнына советтің адал адамдарын қою керек.

Сіздер тез арада-ақ бұл шаралардың тамаша нәтижелер беретінін көресіздер, сөйтіп сіздер астық дайындау жоспарын орындап қана қоймай, артығымен орындап шығасыздар.

Бірақ іс мұнымен ғана бітпейді. Бұл шаралар быйылғы жағдайды түзету үшін ғана жеткілікті болмак. Бірақ астық дайындау ісіне кулактардың кедергі жасауы ендігі жылы қайталамайды деп кепілдік беруге болмайды. Ол ол ма, кулактар өмір сүріп отырған кезде астық дайындау ісіне кедергі жасала береді деп кесіп айтуға болады. Астық дайындау ісін азды-көпті қанағаттанарлық негізге салу үшін басқа шаралар керек. Атап айтқанда қандай шаралар? Менің айтып тұрғаным колхоздар мен совхоздар құрылысын үдегу жайы.

Өздеріңізге белгілі, колхоздар мен совхоздар тракторлар мен машиналарды қолдана алатын ірі шаруашылықтар болып табылады. Олар помещиктер мен кулактардың шаруашылықтарына қарағанда анағұрлым товарлы шаруашылықтар болып табылады. Біздің қалаларымыз бен өнеркәсібіміз жыл санап өсіп келе жатқанын және әлі де өсе беретінін еске алу керек. Бұл елімізді индустрияландыру үшін қажет. Олай болса, астықты тұтыну дәрежесі жыл сайын өсе бермек, демек, астық дайындау жоспарлары да өсе түс-

некші. Біз өнеркәсібімізді кулактардың кыңпатына тәуелді етіп қоя алмаймыз. Сондықтан таяудағы үш — төрт жылда колхоздар мен совхоздарды, астық өткізушілер ретінде, мемлекеттің астық жөніндегі керегінің тым болмаса үштен бірін бере алатын ету керек. Бұл жағдай кулактарды кері ығыстырып, жұмысшылар мен Қызыл Армияны астықпен едәуір дұрыс жабдықтап отыруға негіз жасар еді. Ал осылай ету үшін колхоздар мен совхоздар құрылысын күш-қаржыны аямай, барынша үдету керек. Мұны істеуге болады, біз мұны істеуге тиіспіз де.

Бірақ мұнымен де іс бітпейді. Біздің ел тек бүгінгімен ғана тұра алмайды. Біз сонымен қатар ертеңгі күн туралы да, ауыл шаруашылығымызды өркендетудің келешегі туралы, ақырында, еліміздегі социализмнің тағдыры туралы ойлауға тиіспіз. Астық мәселесі — ауылшаруашылық мәселесінің бір бөлегі, ал ауылшаруашылық мәселесі елімізде социализм орнату мәселесінің негізгі бөлегі болып табылады. Жұмысшы табы мен Қызыл Армияны астықпен азды-көпті тәуір жабдықтап отыру үшін, мен жаңа ғана айтқандай, ауыл шаруашылығын шінара коллективтендірудің өзі-ақ жетіп жатыр, бірақ бұл:

а) мемлекеттің қолында қажетті азық-түлік қоры болуын қамтамасыз ете отырып, бүкіл елімізді азық-түлікпен әбден жеткілікті жабдықтап отыру ісін берік негізге салу үшін,

б) деревняда, егін шаруашылығында социалистік құрылыстың жеңуін қамтамасыз ету үшін — мүлде жеткіліксіз.

Қазіргі уақытта Совет құрылысы екі түрлі негізге: біріккен социализацияланған өнеркәсіпке және өнді-

ріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктену негізінде тіршілік ететін жеке ұсақ шаруа шаруашылығына сүйеніп отыр. Совет құрылысы осы әртүрлі негіздерде ұзақ орнығып тұра ала ма? Жоқ, тұра алмайды.

Лениннің айтуынша, елімізде капиталистер мен капитализмді туғызатын жеке шаруа шаруашылығы басым болып отырғанда, капитализмнің қайта орнау қаупі қала бермек. Әлбетте, мұндай қауіп болып отырғанда, біздің елде социалистік құрылыс жеңеді деп шын әңгіме етуге болмайды.

Ендеше, Совет құрылысын нығайту үшін және елімізде социалистік құрылыстың жеңуі үшін бір ғана өнеркәсіпті социализациялау жеткіліксіз. Бұл үшін өнеркәсіпті социализациялаудан бүкіл ауыл шаруашылығын социализациялауға көшу керек.

Ал мұның мәнісі не?

Біріншіден, мұның мәнісі — товарлылығы өте төмен шаруашылықтар болып табылатын жеке шаруа шаруашылықтарын товарлылығы өте жоғары шаруашылықтар болып табылатын коллективтік шаруашылықтарға, колхоздарға бірте-бірте, бірақ үздіксіз біріктіре беру керек деген сөз.

Екіншіден, мұның мәнісі — еліміздің барлық аудандарын түгелінен колхозды (және совхозды) аудандар ету керек, бұлар, мемлекетке астық тапсырушылар ретінде, тек кулактардың ғана емес, жеке шаруалардың да төлеуін бере алатын болуы керек деген сөз.

Үшіншіден, мұның мәнісі — капиталистер мен капитализмді туғызатын барлық негіздерді құртып, капитализмнің қайта орнау мүмкіндігін жою деген сөз.

Төртіншіден, мұның мәнісі — бүкіл елімізді тек

астықпен ғана емес, азық-түліктің басқа да түрлерімен үздіксіз, молынан жабдықтап отыру үшін берік база жасау керек, сонымен қатар мемлекеттің қажетті қоры болуын қамтамасыз ету керек деген сөз.

Бесіншіден, мұның мәнісі — Совет құрылысы үшін, Совет өкіметі үшін біртұтас, берік социалистік база жасау керек деген сөз.

Ақырында, мұның мәнісі — елімізде социалистік құрылыстың жеңіп шығуын қамтамасыз ету керек деген сөз.

Біздің ауыл шаруашылығын өркендетудің келешегі осындай.

Еліміздегі жеңімпаз социализм құрылысының міндеті осындай.

Бұл күрделі, қиын міндет, бірақ әбден жүзеге асыруға болатын міндет, өйткені жоюға, жеңуге болмайтын қиындық жоқ.

Мына жағдайды ескеру керек: біз ұсақ жеке шаруа шаруашылығының негізінде ендігі жерде ілгері баса алмаймыз, бізге егіншілік кәсібінде машиналарды қолдана алатын және мейлінше мол товарлы өнім бере алатын ірі шаруашылықтар керек. Егіншілік кәсібінде ірі шаруашылықтарды құру үшін екі түрлі жол бар: шаруаларды жаппай күйзелту арқылы, еңбекті қанайтын ірі капиталистік имениелер ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатын капиталистік жол және ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі коллективтік шаруашылықтарға біріктіру арқылы жүзеге асырылатын, — шаруаларды күйзелтпей-ақ, еңбекті қанамай-ақ жүзеге асырылатын, — социалистік жол. Біздің партия егіншілік кәсібінде ірі шаруашылықтарды құрудың социалистік жолын таңдап алды.

Ленин Октябрь революциясы жеңгенге дейін-ақ, онан кейін жеңіске жеткеннен соң іле-шала партияның алдына біздің ауыл шаруашылығын өркендетудің келешегі ретінде және деревняда, егіншілікте социализмнің жеңіп шығуының шешуші құралы ретінде ұсақ шаруа шаруашылықтарын ірі коллективтік шаруашылықтарға біріктіру міндетін қойды.

Ленин былай деп көрсетті:

а) «Товарлы өндіріс тұсында ұсақ шаруашылық системасы адамзатты бұқараның қайыршылығынан және олардың езілуінен құтқаруға дәрменсіз» (XX том, 122-бет[2]);

б) «Егер біз бұрынғыша ұсақ шаруашылықтар күйінде отыра беретін болсақ, тіпті еркін жердегі еркін азаматтар бола тұрсақ та, қалайда бізге сөзсіз құрып кету қаупі төнеді» (XX том, 417-бет[3]);

в) «Империалистік соғыс бізді душар еткен тұйықтан тек ортақ, артельдік, жолдастық еңбек арқылы ғана құтылуға болады» (XXIV том, 537-бет).

Ленин онан әрі былай деп көрсетеді:

«Егер жерді қоғамдық, коллективтік, жолдастық, артельдік жолмен өңдеудің артықшылықтарын шаруаларға іс жүзінде көрсете алатын болса, егер жолдастық, артельдік шаруашылық арқасында шаруаға көмектесе алатын болса, мемлекет билігін өз қолында ұстап отырған жұмысшы табы тек сонда ғана өзінің жолы дұрыс екенін шаруаға толық дәлелдеп береді, сан миллион шаруалар бұқарасын біржолата мықтап өз жағына толық тартады. Сондықтан жолдастық, артельдік егін кәсібіне көмектесу жөніндегі әралуан әрекеттердің маңызын айтып жеткізу қиын. Бізде түкпір-түкпірдегі деревняларда бытырап, шашау жатқан миллиондаған жеке шаруашылықтар бар... Жолдастық, артельдік егіншілікке көшу ісі қажет те, мүмкін де нәрсе екендігі шаруаларға ұғымды түрде **практика жүзінде, тәжрибе жүзінде** дәлелденетін болса, тек сонда ғана біз Россия сияқты орасан зор шаруалы елде социалистік егіншілік жолында мықты адым жасалды деуге праволы боламыз»* (XXIV том, 579—580-беттер).

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Лениннің нұсқаулары осындай.

Лениннің осы нұсқауларына сүйене отырып, партиямыздың XV съезі[4] «Деревнядағы жұмыс туралы» деген өз қарарында былай деп қаулы етті:

> «Қазіргі дәуірде ұсақ жеке шаруа шаруашылықтарын ірі коллективтерге біріктіріп, ұйымдастыру міндеті партияның деревнядағы **негізгі міндеті** ретінде алға қойылуға тиіс»[5].

Еліміздің ауыл шаруашылығын социализациялау мәселесінің жайы осылай, жолдастар.

Біздің міндет — осы нұсқауларды орындау.

Бірінші рет басылып отыр

ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНЫҢ АЛҒАШКЫ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

БК(б)П-ның барлық ұйымдарына

Бұдан бір жарым айдай бұрын, 1928 жылғы январьда, біз астық дайындауда зор дағдарыста едік. Егер 1927 жылғы январьда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгірген болсақ, ал 1928 жылғы январьда дайындалған дәнді астық 300 миллион пұтка әрең жетті. Демек, 1928 жылғы январьда біздегі дефицит, жетімсіздік 1927 жылғы январьдағымен салыстырғанда 128 миллион пұт еді. Міне осы жетімсіздік астық дайындаудағы дағдарыстың шамамен көрсетілген цифрлы мөлшері болып табылады.

Астық дайындаудағы дағдарыс дегеніміздің мәнісі не, оның мағнасы қандай, оның ықтимал нәтижелері қандай?

Ең алдымен, мұның мәнісі — жұмысшы аудандарын жабдықтаудағы дагдарыс, бұл аудандарда астық бағасының көтерілуі, жұмысшылардың реалды жалақысының кері кетуі деген сөз.

Екіншіден, мұның мәнісі — Қызыл Армияны жабдықтаудағы дағдарыс, қызыларміяшылар арасындағы наразылық деген сөз.



Үшіншіден, мұның мәнісі — зығыршы аудандар мен мақталы аудандардың жабдықталудағы дағдарыс, бұл аудандарда астық бағасының жалдаптық бағаға жетуі, зығыршылар мен мақташылардың астық өндіруге көшуі деген сөз, — демек, мақта мен зығыр өнімінің кемуі, сонан барып тоқыма өнеркәсібінің тиісті тарауларының кемуі деген сөз.

Төртіншіден, мұның мәнісі — ел ішіндегі мұқтаждықтарымыз үшін де (қуаншылық бола қалған күнде), жабдық пен ауылшаруашылық машиналарын әкелуге қажетті экспорт мұқтаждықтары үшін де арналған астық қорының мемлекет қолында болмауы деген сөз.

Ақырында, мұның мәнісі — баға жөніндегі бүкіл саясатымыздың бұзылуы, астық өнімдері бағасының тұрақтылығын көздейтін саясаттың бұзылуы, өнеркәсіп товарларының бағасын үнемі төмендетіп отыруды көздейтін саясаттың бұзылуы деген сөз.

Осы қиыншылықтардан құтылу үшін өткендегі олқылықтың орнын толтырып, астық дайындау жөніндегі 128 миллион пұт дефицитті жою керек болды. Ал бұл дефицитті жою үшін партия мен үкіметтің барлық құрал-тетіктерін іске жегу керек болды, ұйымдардағы самарқаулықты жойып, партияның жоғарыдан төменге дейінгі таңдаулы күштерін астық дайындау майданына аттандыру керек болды. Сөйтіп, аласапыран уақытқа дейін қалған азғана мерзімді сарқа пайдалана отырып, дайындау қарқынын қайткен күнде де арттыру керек болды.

БК(б)П Орталық Комитетінің астық дайындау туралы алғашқы екі директивасы (біріншісі — 14. XII. 1927 ж., екіншісі — 24.XII. 1927 ж.) дәл осы мақсат-

пен берілген болатын. Алайда бұл директивалардың жөнді әсері болмады, сондықтан БК (б) П Орталық Комитеті 1928 жылы 6 январьда, өзінің қатаңдығы жағынан да, өзінің талаптары жағынан да мүлде ерекше үшінші директиваны беруге мәжбүр болды. Бұл директиваның аяғында партия ұйымдарының басшылары жөнінде, егер олар ең қысқа мерзімнің ішінде астық дайындауда шұғыл өзгеріс жасамайтын болса, қатаң шара қолданылатыны айтылды. Әлбетте, мұндай қатаң шара тек ерекше жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін, олай болатыны партия ұйымдарының секретарьлары қызмет атағы үшін емес, революция қамы үшін жұмыс істейді. Солай бола тұрса да Орталық Комитет, жоғарыда айтылған ерекше жағдайларды еске ала отырып, осындай әрекет жасауды дұрыс деп тапты.

Астық дайындау дағдарысына себеп болған бірқатар жағдайлардың ішінен мынаны атап көрсету қажет.

Біріншіден. Деревня өсіп, баюда. Ең алдымен, кулак өсіп, байыды. Үш жылғы бітік егін тегін кеткен жоқ. Быйыл басы артық астық былтырғыға қарағанда аз емес, сол сияқты еліміздегі өнеркәсіп товарлары да быйыл былтырғыға қарағнада аз емес, қайта көп. Алайда деревняның ауқатты топтары быйыл шикізаттық дақылдар арқылы, ет өнімдері арқылы, т. т. арқылы тіршілік етуге мүмкіндік алып, астық өнімдерінің бағасын қымбаттату үшін оны өз қолдарында ұстап қалды. Рас, кулакты астық өнімдерінің негізгі иесі деп есептеуге болмайды, бірақ ол деревняда шаруашылық жөніндегі беделді адам, астығына қымбат төлейтін қаладағы жалдаппен оның байланы-

[illegible] дайындаушы ұйымдарымыздың та- [illegible] келдестірмегендіктен асты- [illegible] мәселесінде, баға жөніндегі со- [illegible] мәселесінде ортадағы спекула [illegible] құрылысын бұзып отыр.

[illegible] Біріншіден, дайындаушы ұйымдарымыздың [illegible] мәселесінде болмай шықты. [illegible] «заңды» қолымен баға- [illegible] отырмыз, біздің дайындаушы [illegible] ауыздықтау орнына [illegible] жүргізді, дайындаушылардың [illegible] бұзды, астықтың бағасын [illegible] мен кулактардың баға [illegible] бұзуына, рыноктағы [illegible] бәсеңдетуіне [illegible] дайындау [illegible]. Рас, партия іске [illegible] шамасы келетін еді. Бірақ, [illegible] дайындау табыстарына [illegible] кеткендіктен бұл [illegible] бетімен-ақ, барлық [illegible] үміттенді. Ол ол ма, [illegible] істі өздеріне [illegible] дайындау ісін өздеріне [illegible] формальды түрде қарады, [illegible] үшін, сондай-ақ барлық [illegible] кооперативтік ұйымдардың [illegible] үшін де жұмысшы табының [illegible], ең алдымен, партияға [illegible] етті.

[illegible] Бірқатар аудандарда [illegible] бағыты бұрмаланып [illegible] «Партияның жолдайлерге сүйеніп, [illegible] кулакқа қарсы күресу [illegible]

тоқтатпа» деген негізгі ұраны көп реттерде теріс жүргізіліп отырды. Партия ұйымдары орташамен одақ жасауды үйренді, мұның өзі партияның зор жеңісі болып табылады, бірақ олар кедейлер арасындағы жұмысты әлі де барлық жерде бірдей жөнге сала қойған жоқ. Кулактарға қарсы және кулактың қаупіне қарсы күресті алатын болсақ, онда біздің партия ұйымдары әлі де бұл жөнінде істеуге тиісті жұмыстардың бәрін түгел істей қойған жоқ. Соңғы кезде біздің ұйымдарымызда, партия ұйымдарында болсын, басқа ұйымдарда болсын, партияға жат, белгілі элементтердің пайда болған себебі, тегінде, міне осы; бұл элементтер деревнядағы таптарды көрмейді, біздің таптық саясатымыздың негіздерін түсінбейді, сөйтіп жұмыс жүргізгенде деревняда ешкімді ренжітпеуге, кулакпен тату тұруға, жалпы алғанда деревнядағы «барлық таптарға» бірдей жақсы-атты көрінуге әрекеттенеді. Әлбетте, деревняда мұндай «коммунистердің» болуы деревнядағы жұмысымызды жақсартуға, кулактардың эксплоататорлық ниеттерін тежеуге, кедейлерді партияның төңірегіне топтастыруға сеп бола алған жоқ.

Сонсын. Шаруалардың дәнді егістен басқа ауылшаруашылық дақылдарының мал шаруашылығынан және көлденең кәсіптерден түсетін табысының молаюы себепті, январь айына дейін шаруалардың төлемпаздық кереқсіну дәрежесі былтырғы жылмен салыстырғанда едәуір өсті, оның бержағында, деревняға жөнелтілген өнеркәсіптік товар затының көбейгеніне қарамастан, бағаға шағып алғанда товар ұсыну дәрежесінің біршама кемігендігі, яғни товар ұсыну

дәрежесінің төлемпаздық кереқсіну дәрежесінің өсуінен қалып қойғандығы байқалды.

Осының бәрі, біздің жұмысымыздағы қателермен, өнеркәсіп товарларының деревняға кем апарылуы, ауылшаруашылық салығының жеткіліксіздігі, деревнядан басы артық ақшаны жыйнап ала білмеушілік сыяқты, т. с. қателермен қосыла келіп, — астық дайындаудағы дағдарыстың тууына жағдайлар жасады.

Өзінен өзі-ақ түсінікті, бұл қателер жөніндегі жауапкершілік тек партияның жергілікті ұйымдарына ғана емес, ең алдымен Орталық Комитетке жүктеледі.

Дағдарысты жою үшін, ең алдымен, партия ұйымдарын аяғынан тік тұрғызу керек болды, астық дайындау ісі бүкіл партияның ісі болып табылады деп оларға түсіндіру керек болды.

Екіншіден, көпшілік қолды товарлармен саудагершілік істеуге қарсы совет заңдарын пайдалана отырып, жалдаптықты ауыздықтау керек болды, жалдаптыққа және кулактардың жалдап элементтеріне соққы беру арқылы рынокты сауықтыру керек болды.

Үшіншіден, өзара салық туралы, шаруа заемы туралы, самогонға қарсы күресу туралы заңдарды пайдалана отырып, деревнядан басы артық ақшаны шығарып алу керек болды.

Төртіншіден, біздің дайындаушы ұйымдарымызды партия ұйымдарының бақылауына беріп, олардың өзара бәсекесін қойғызу және баға жөніндегі советтік саясатты жүргізуге міндеттендіру керек болды.

Ақырында деревнядағы практикалық жұмыста партия жолын бұрмалаушылықты жою, кулактың қаупіне қарсы күресу міндетіне баса күш салу және

«кулактарға қарсы шабуылды бұдан былай да үдете беруге» (партия XV съезінің «Деревнядағы жұмыс туралы» деген қарарын қараңыз)[7] біздің партия ұйымдарымызды міндеттендіру керек болды.

Орталық Комитеттің директиваларынан партияның астық дайындау ісін күшейту жолындағы өз күресінде нақ осындай шараларды қолға алып, бүкіл елде тиісті науқан ашқаны жұртқа мәлім.

Басқа жағдайларда, басқа кезеңде партия күрестің басқа да формаларын қолданған болар еді, мәселен, рынокке он миллиондаған пұт астық түсірген болар еді де, сөйтіп, рынокке астық шығармай отырған деревняның ауқатты топтарын лажсыз иліктірген болар еді. Бірақ бұл үшін не мемлекет қолында жеткілікті астық қоры болуы керек еді, не шет елден он миллиондаған пұт астық сатып әкелу үшін мол валюта қоры болуы керек еді. Алайда, өздеріңіз білесіздер, бұл қор мемлекет қолында жоқ болып шықты. Міне дәл осы қордың жоқтығынан әлгі төтенше шаралар партияның алдына күн тәртібіне қойылды, бұл шаралар Орталық Комитеттің директиваларында көрсетілді, бұл шаралар өріс алған дайындау науқанында жүзеге асырыла бастады және бұл шаралардың көбі тек үстіміздегі дайындау жылының ішінде ғана өз күшінде болады.

Бізді нэпті жойғалы жатыр екен, азық-түлік салғыртын енгізеді екен, кулактарды конфискациялайды екен деген сияқты алып-қашты әңгімелер контрреволюциялық мылжың сөз болып табылады, бұған қарсы үзілді-кесілді күресу қажет. Нэп дегеніміз біздің экономикалық саясатымыздың негізі, сондықтан ұзақ тарихи дәуір ішінде осылай болып қалады да. Нэп

дегеніміз товар айналысы және капитализмге рұқсат еткендік болып табылады, бірақ мұндағы бір шарт — пролетариат диктатурасының тұрғысынан сауданы реттке салып отыру правосы мен мүмкіндігі мемлекеттің өз қолында болуы керек. Бұлай етпейінше жаңа экономикалық саясат капитализмді тіке қайта орнатқандық болар еді, ал нэп жойылады екен деп көкіп жүрген контрреволюцияшыл мылжыңдардың осыны түсінгісі келмей отыр.

Қолданылған шаралар мен астық дайындау науқанының үдетілуі арқасында партия қазірдің өзінде-ақ бірінші күрделі жеңіске жетті деп кесіп айтуға енді біздің толық дәлеліміз бар. Астық дайындау қарқыны барлық жерде де шұғыл арттырылды. Январьда дайындалған астық декабрьде дайындалған астықтан екі есе асып түсті. Февральдағы дайындау қарқыны бұдан да гөрі күшейіп отыр. Астық дайындау науқаны біздің барлық ұйымдарымызға, партия ұйымдарына да, совет және кооператив ұйымдарына да, жүргізілген тексеру болды, мұның өзі олардың қатарын азғындаған элементтерден тазартып, революцияшыл, жаңа қызметкерлерді жоғары көтеру ісін оңайлатты. Дайындаушы мекемелердің жұмысындағы кемшіліктер әйгіленіп, дайындау науқанының үстінде бұл кемшіліктерді жою шаралары белгіленіп отыр. Деревняда партия жұмысы жақсарып, жаңа өріс алуда, партия жолын бұрмалаушылық жойылуда. Деревняда кулактың ықпалы әлсіреуде, кедейлер арасындағы жұмыс жандануда, деревнядағы совет жұртшылығы нығайып, негізгі шаруалар бұқарасының арасында, оның ішінде орташалардың да арасында совет өкметінің беделі артып келеді.

Біз астық дайындау дағдарысынан анық құтыла бастадық.

Алайда жоғарыда көрсетілген табыстармен қатар, партия директиваларын жүзеге асыру практикасында бірсыпра бұрмалаушыларықтар мен асыра сілтеушіліктер бар, егер дер кезінде жойылмаса, бұлар жаңадан қыйындықтар туғызуы мүмкін. Осындай бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеушіліктерге жататын нәрсе — кейбір жеке аудандарда тіке товар айырбасына көшу, ауылшаруашылық заемын күшпен тарату, тосқауыл отрядтар сыяқты бірдеңелерді ұйымдастыру әрекеттері жасалып жүр, ақырында, орынсыз қамауға алу, артық астықты заңсыз конфискациялау, т. т. байқалып отыр.

Бұл қылықтардың бәрі де жедел жойылуға тиіс.

Астық дайындау жоспарын толық орындау үшін барлық органдардың жұмысын бұдан былай да күшейтумен қатар, Орталық Комитет жазғы егіс науқанына қызу әзірлік жұмысына дереу кірісу жөнінде барлық партия, совет ұйымдарына міндет артады, бұл жұмыс жазғы егістің көлемін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Деревнядағы кедей топтар мен орташалардың егіс көлемін ұлғайту жолындағы біріккен, ынтымақтасқан, ұйымдасқан науқан жеке жалдап-кулак элементтердің егіс көлемін азайту жөніндегі үгітіне қарсы қойылуы керек, бұл ретте коллективтік шаруашылықтарды айрықша қолдап отыру керек.

Айтылғандарды еске ала отырып, БК(б)П Орталық Комитеті мынаны міндеттейді:

1. Астық дайындау ісін күшейту науқаны тынбас-

тан жүргізіле беріп, астық дайындаудың жылдық жоспары кайткен күнде де орындалатын болсын.

2. Конвенциялық бағаны арттырудың тікелей әдістері мен жанамалы әдістерінің кандайымен болса да күрес күшейтілсін.

3. Мемлекеттік дайындаушылар мен кооперативтік дайындаушылар арасындағы бәсеке жедел жойылатын болсын, бағаның арттырылуын пайдалана коятын алыпсатар мен кулакка қарсы күресте олардың біртұтас майданы іс жүзінде камтамасыз етілсін.

4. Кулактарға — товарлы артық астықтың нағыз осы ірі иелеріне кысым жасала берсін, бұл кысым тек қана совет заңы негізінде жүргізілсін (атап айтқанда, екі мың пұт және одан астам товарлы артық астығы барлардың ішіндегі жеке каскүнем элементтер жөнінде РСФСР Қылмыстық Кодексінің 107-статьясы және украин қылмыстық кодексінің тиісті статьясы практика жүзінде қолданылсын), бірақ бұл шаралар және осы сияқты басқа да шаралар шаруалардың орташалары жөнінде ешбір колданылмайтын болсын.

5. Заң бойынша жалдаптардан және кулактардың жалдап элементтерінен конфискацияланып алынған басы артық астықтың 25 проценті ұзақ мерзімді карыз ретінде кедейлердің тұқым жөніндегі мұқтажын өтеуге және — қажет болған күнде — тұтыну мұқтажын өтеуге берілсін.

6. Астық дайындауды күшейту науқанының практикасындағы асыра сілтеушіліктер мен бұрмалаушылықтар, кей кездерде азық-түлік салгыртының әдістеріне айналып кетіп жүрген әдеттер, атап айтқанда: тапсырылатын астықты үй басына салық етіп бөлу,

жеке аудандар арасында тосқауыл отрядтарын ұйымдастыру, т. б. жедел жойылуға тиіс.

7. Шаруалардың мемлекетке бересілі борышын (ауылшаруашылық салығы, қауіпсіздендіру, қарыз, т. б. жөніндегі недоимкалар) өндірерде, деревняның дәулетті топтарына, әсіресе кулактарға қысым жасай отырып, кедейлер жөнінде, ал қажет болған жағдайларда әл-ауқаты кем орташалар жөнінде жеңілдіктер мен кеңшіліктерді қолданып отыру керек.

8. Өзара салық жөнінде деревняның кулактары мен ауқатты топтары үшін ауылшаруашылық салығымен салыстырғанда көтеріңкі салық прогрессиясы қолданылсын. Деревняның ең кедей топтарын өзара салықтан босату ісі қамтамасыз етілсін, ал әл-ауқаты кем орташалар мен қызылармияшылардың семьялары үшін салық жеңілдетілсін. Өзара салық науқанын барлық жерде бірдей үдетумен қатар жұртшылықтың ынта-жігері арттырылатын болсын, бұл іске кедейлер, комсомол, делегаттар және селолық интеллигенция неғұрлым көп тартылып отырсын. Өзара салықтан түскен сомалар тек қана лайықты жөнімен жұмсалып отырсын, бұларды аппараттың керегіне жұмсауға жол берілмесін, қаржы жұмсалатын нақтылы объектілер, шығын сметалары, т. б. шаруалардың жыйналыстарында бекітілетін болсын, сөйтіп бұл сомалар жұртшылықтың толық бақылауымен пайдаланылып отырсын.

9. Шаруа заемын әкімшілік жолмен тарату шаралары (шаруалардың астығына заеммен есеп жасау, заемды үй басына салып, күштеп тарату, т. с.) жедел жойылсын, шаруа заемының өте тиімділігі шаруаларға жете түсіндірілсін және шаруа заемы облигация-

ларын деревняның бай топтарының арасында да тарату үшін селодағы қоғамдық ұйымдардың күш-ықпалы пайдаланылсын.

10. Астық дайындаушы аудандардың өнеркәсіптік товар жөніндегі мұқтаждығын өтеуге мықты зер салынсын. Астықты өнеркәсіптік товарларға айырбастаудың кездескен тікелей және жанамалы формаларын жоюмен қатар, ерекше жағдайларда аса тапшы товарлар жөнінде кооперация жарнашыларына берілетін жеңілдіктер, егер астығын сататын болса, кооперацияға ұйымдаспаған шаруаларға да берілетін болсын.

11. Дайындау науқанының барысында партия, совет және кооператив ұйымдарын тексеру, үзілді-кесілді тазарту ісін жүргізе отырып, олардан жат элементтер мен бояма элементтер қуылатын болсын, олардың орнына табанды партия қызметкерлері мен партияда жоқ тексерілген қызметкерлер алынсын.

БК(б)П Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша

И. Сталин

13 февраль, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА ҚҮТТЫҚТАУ

Ұлы шайқастарда Октябрьдің женістерін қорғап қалған Қызыл Армияға сәлем!

Пролетариат ісі үшін қаза тапқан жауынгерлердің даңқы өшпесін!

Социалистік құрылыстың ұлы ісін күзетуші жауынгерлердің даңқы арта берсін!

И. Сталин.

„Красная Звезда" № 46,
23 февраль, 1928 ж.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҮШ ӨЗГЕШЕЛІГІ ТУРАЛЫ

Москва Советінің Қызыл Армияның онжылдығына арналған салтанатты пленумында сөйленген сөз

25 февраль, 1928 ж.

Жолдастар! Партиямыздың Орталық Комитетінің атынан Қызыл Армиямздың жауынгерлерін, Қызыл Флотымыздың жауынгерлерін, Қызыл Авиациямыздың жауынгерлерін, ақырында допризывниктерімізді, ССРО-ның қарулы жұмысшыларын құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Партияның мақтан ететіні — ол жұмысшылар мен шаруалардың жәрдемі арқасында орасан зор шайқастарда жұмысшылар мен шаруалардың бостандығын қорғаумен болған және қорғап қалған дүние жүзіндегі тұңғыш Қызыл Армияны ұйымдастыра білді.

Партияның мақтан ететіні — Қызыл Армия еліміздің жұмысшы табы мен шаруаларының ішкі, сыртқы жауларына қарсы аса қатты ұрыстардың ауыр жолдарынан аброймен өте білді, Қызыл Армия жұмысшы табының жауларын үрейлендіретін, барлық езілгендер мен құл етілгендерді қуантатын орасан зор айбынды революцияшыл күш болып қалыптаса білді.

Партияның мақтан ететіні — Қызыл Армия, жұмысшылар мен шаруаларды помещиктер мен капита-

листердің езгісінен азат етудің ұзақ жолдарынан өтіп, ақырында өзінің туғанына он жыл толған мерекесін тойлауға право алды.

Жолдастар, біздің Қызыл Армияның күші неде, оның күшінің қайнар бұлағы қайда?

Біздің Қызыл Армияны дүние жүзінде бұрын-соңды өмір сүрген барлық армиялардың қандайынан болса да бүтіндей басқаша етіп отырған өзгешеліктер неде?

Біздің Қызыл Армияның күш-қуатының қайнар бұлағы болып отырған өзгешеліктер неде?

Біздің Қызыл Армияның бірінші және негізгі өзгешелігі — ол азат болған жұмысшылар мен шаруалардың армиясы, ол Октябрь революциясының армиясы, пролетариат диктатурасының армиясы.

Капитализм тұсында осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан армиялардың бәрі де, олардың құрамы қандай болғанмен де, капитал өкіметін баянды ететін армия болып табылады. Олар капитал үстемдігінің армиялары болды және солай болып та отыр. Барлық елдердің буржуалары армияны саяси жағынан битарап деп өтірік айтады. Бұл дұрыс емес. Буржуазиялық мемлекеттерде армия саяси праволардан жұрдай, ол саяси майданнан шеттетілген. Бұл рас. Бірақ бұдан ол саяси жағынан битарап деген мағна тіпті де шықпайды. Қайта, қашан да, қайда болса да, барлық капиталистік елдерде армия еңбекшілерді жаныштаудың құралы болып, саяси күреске тартылып отырды және тартылып та отыр. Оларда армия жұмысшыларды жаныштап отырғаны, оларда армия мырзалардың тірегі болып отырғаны бекер ме?

Ол армиялардан ерекше біздің Қызыл Армияның

өзгешелігі — ол жұмысшылар мен шаруалардың өкіметін баянды етудің құралы, жұмысшылар мен шаруаларды помещиктер мен капиталистердің езгісінен азат етудің құралы болып табылады.

Біздің армия — еңбекшілерді азат ету армиясы.

Бұрынғы уақытта халық армиядан қорқушы еді, тіпті осы күнде де капиталистік елдерде халық армиядан қорқады, халық пен армияның арасында армияны халықтан ажыратып тұрған бөгет бар, сіздер бұған назар салдыңыздар ма, жолдастар? Ал бізде ше? Бізде, керісінше, халық пен армия біртұтас, бір семья. Дүние жүзінің еш жерінде де халық армияға біздегідей сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарамайды. Бізде халық армияны сүйеді, оны құрметтейді, оның қамын ойлап отырады. Неге? Неге десеңіз, жұмысшылар мен шаруалар дүние жүзінде тұңғыш рет өз армиясын құрды, бұл армия мырзаларға емес, бұрынғы құлдарға, қәзіргі азат етілген жұмысшылар мен шаруаларға қызмет етеді.

Біздің Қызыл Армияның күшінің қайнар бұлағы міне осында.

Ал халықтың өз армиясын сүюі дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — мұндай армияның аса мықты тылы болады, мұндай армия жеңілмейтін армия деген сөз.

Мықты тылы жоқ армия дегеніміз не? Түк емес. Мықты тылы жоқ, тыл тарапынан, еңбекші халық тарапынан көмек пен тілектестік көрмейтін нағыз үлкен армиялар ыдырап, күл-талқан болып отыратын. Біздің армия — жұмысшылар мен шаруалар тарапынан тілектестік пен көмек алып отыратын дүние жүзіндегі бірден-бір армия. Оның күші, оның беріктігі міне осында.

Біздің Қызыл Армияның дүние жүзінде өмір сүрген және өмір сүріп отырған армиялардан айырмасы, ең алдымен, міне осында.

Партияның тілейтіні, оның міндеті — Қызыл Армияның осы өзгешелігі, оның жұмысшылармен және шаруалармен осы жақындығы, туысқандық байланысы біздің Қызыл Армияда толық сақталып, баянды етілуі керек.

Біздің Қызыл Армияның екінші өзгешелігі — ол, біздің армия, еліміздегі халықтардың арасындағы туысқандықты нығайтатын армия, еліміздегі езілген халықтарды азат еткен армия, еліміздегі халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғайтын армия болып табылады.

Бұрынғы уақытта армиялар әдетте ұлыдержавашылдық рухында, басқыншылық рухында, әлсіз ұлттарды бағындыру қажеттігі рухында тәрбиеленуші еді. Ескі типтегі армиялардың, капиталистік армиялардың сонымен бірге ұлттарды, отарларды езуші армиялар болған себебі шынында осыдан. Бұрынғы армиялардың негізгі әлсіздіктерінің бірі осында еді. Біздің армия отарларды езуші армиялардан мүлде басқаша. Оның бүкіл мәні, оның бүкіл құрылысы еліміздегі ұлттардың арасындағы достық қатнастарды нығайтуға, езілген халықтарды азат ету идеясына, Совет Одағының құрамындағы социалистік республикалардың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау идеясына негізделген.

Біздің Қызыл Армияның күш-қуатының екінші және негізгі қайнар бұлағы міне осында. Біздің Армияның қыйын-қыстау кезеңде ұлан-байтақ елімізді мекен ететін барлық, әралуан ұлттардың миллиондаған

бұқарасынан орасан зор көмек ала алатындығының кепілі осы.

Партияның тілейтіні, оның міндеті — осы өзгешелік те біздің Қызыл Армияда толық сақталып, баянды етілуі керек.

Ақырында, Қызыл Армияның үшінші өзгешелігі. Бұл өзгешелік біздің армиядағы интернационализм рухын өсіріп, нығайтуда, біздің Қызыл Армияның бүкіл тұла бойына сіңген интернационализм рухының болуында.

Капиталистік елдердегі армиялар әдетте басқа елдердің халықтарына өшпенділік рухында, басқа мемлекеттерге өшпенділік рухында, басқа елдердің жұмысшылары мен шаруаларына өшпенділік рухында тәрбиеленеді. Не үшін бұлай етіледі? Мемлекеттер арасында, державалар арасында, елдер арасында соғыс қақтығыстары бола қалған күнде армияны айдауға көнгіш тобырға айналдыру үшін осылай етіледі. Барлық капиталистік армиялардың әлсіздігінің мәнісі міне осында.

Біздің армия мүлде басқа негізде құрылған. Қызыл Армияның күші мынада: ол өзінің туған күнінен бастап интернационализм рухында, басқа елдердің халықтарын сыйлау рухында, барлық елдердегі жұмысшыларды сүю, сыйлау рухында, елдердің арасында бейбітшілікті сақтап, баянды ету рухында тәрбиеленіп келеді. Біздің армия интернационализм рухында, барлық елдердегі жұмысшылардың мүдделерінің бірлігі рухында тәрбиеленетіндіктен, дәл сондықтан ол, біздің армия барлық елдердегі жұмысшылардың армиясы болып табылады.

Бұл жағдай біздің армияның күш-қуатының қай-

нар бұлағы екенін барлық елдердің буржуалары бір кездері, біздің елге шабуыл жасай қалған күнде, білетін болады, өйткені сонда олар интернационализм рухында тәрбиеленген біздің Қызыл Армияның Шанхайдан Нью-Йоркке дейін, Лондоннан Калькуттаға дейін, дүние жүзінің барлық атрантарында сансыз көп достары мен одақтастары бар екендігін көретін болады.

Міне, жолдастар, біздің армияның тұла бойындағы рухы, оның күш-қуатының қайнар бұлағы болатын үшінші өзгешелік осы.

Партияның тілейтіні, оның міндеті — бұл өзгешелік те біздің армиямызда толық сақталып, баянды етілуі керек.

Біздің армияның күшті, қуатты болуы осы үш өзгешеліктің арқасы.

Өзінің қайда баратынын біздің армияның білетіндігі де осыдан, өйткені ол өлі кеуде солдаттардан емес, қайда баратынын және не үшін соғысатынын түсінетін саналы адамдардан құралған.

Ал не үшін күресетінін білетін армия жеңілмес болар, жолдастар.

Міне сондықтан да, біздің Қызыл Армияның дүние жүзіндегі ең таңдаулы армия болуға барлық дәлелі бар.

Біздің Қызыл Армия жасасын!

Оның жауынгерлері жасасын!

Оның басшылары жасасын!

Қызыл Армияны туғызған, оған жеңіс әперген, оның даңқын көтерген пролетариат диктатурасы жасасын! (Қатты, ұзақ қол шапалақтау.)

„Правда" № 50.
28 февраль. 1928 ж.

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ПЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АПРЕЛЬДЕГІ БІРІККЕН ПЛЕНУМЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ

БК(б)П Москва ұйымы активінің жиналысында жасалған баяндама

13 апрель, 1928 ж.*

Жолдастар! Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының таяуда ғана аяқталған пленумының[8] бір өзгешелігі бар, бұл өзгешелік оны соңғы екі жылдың ішінде болып өткен пленумдардың бірсыпрасынан бөлек етіп көрсетеді. Бұл өзгешелік мынау: өткен пленум нағыз іскер пленум болды, партия ішінде ұрыс-қағыс тумаған пленум болды, партияның ішкі жағдайы шиеленіспеген пленум болды.

Күн тәртібіне нағыз күрделі мәселелер: астық дайындау мәселесі, Шахты ісі[9] жөніндегі мәселе, ақырында, Орталық Комитеттің Саяси Бюросы мен пленумының жұмыс жоспары туралы мәселе қойылды. Көріп отырсыздар, бәрі де өте маңызды мәселелер. Сонда да, бұған қарамастан, пленумдағы жарыссөздер нағыз іскер қалыпта өтті, ал оның қарарлары бірауыздан қабылданды.

Мұның себебі — пленумда оппозиция болған жоқ.

---

* Баяндаманың бірнеше абзацысы, кезінде баспасөзде жарияланбаған абзацылары, бұрынғы қалпына келтірілді. *Ред.*

Мұның себебі — жұрт фракцияшылдық мінездер көрсетпестен, фракцияшылдық демагогияға салынбастан, мәселеге нағыз іскерлікпен қарады. Мұның себебі — тек XV съезден кейін ғана, тек оппозицияны жойғаннан кейін ғана партия практикалық мәселелерге мықтап, шұғыл кірісуге мүмкіндік алды.

Партиямыздың XV съезінен кейін, оппозиция жойылғаннан кейін біз аяқ басқан даму кезеңінің жақсы жағы, керек десеңіздер, өлшеусіз тиімді жағы міне осы.

I

ӨЗАРА СЫН ТУРАЛЫ

Пленумның жұмысындағы ерекше өзгешелік, пленумдағы жарыссөздер мен пленум карарларының өзгешелігі сол — пленумның жұмысы басынан аяғына дейін қатаң өзара сын ұранымен өтті. Ол ол ма, пленумда көтерілген мәселелердің бірде-бірі, сөйленген сөздердің бірде-бірі біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді сынатпай қойған жоқ, ұйымдарымыздың өзара сынын өрістетпей қойған жоқ. Біздің кемшіліктеріміз сыналды, партия, совет, шаруашылық ұйымдарының адал және большевиктік өзара сыны өріс алды, — пленум жұмысының жалпы бағыты міне осындай.

Мен партия қатарында жалпы сын атаулыны, әсіресе, өзара сынды ұнатпайтын адамдар бар екенін білемін. Бұл адамдар, — мен бұларды «жылтырауық» коммунистер деп атар едім (к ү л к і), — өзара сыннан азарда-безер болып, қайта-қайта күңкілдеседі: мына қарғыс атқыр әлгі өзара сыны тағыда сап ете түсті,

кемшіліктерімізді тағыда актара бастайды енді, — бізге тыныштық берсе, сірә, болмас па екен? — дейді. Әлбетте, мұндай «жылтырағық» коммунистер партиямыздың рухымен, большевизмнің рухымен ешбір үйлеспейді. Міне, сөйтіп, өзара сынды онша қызу карсы алмайтын адамдарда осындай ниет білінгендіктен мынадай сұрақ қоюға болады: бізге өзара сын керек пе, оның өзі қайдан шықты және пайдасы қандай?

Жолдастар, менің ойымша, ауа, су қандай керек болса, бізге өзара сын да сондай керек. Менің ойымша, бұл болмаса, өзара сын болмаса, біздің партия ілгері баса алмас еді, ол біздің жарақатымыздың бетін аша алмас еді, ол біздің кемшіліктерімізді жоя алмас еді. Ал кемшілік дегенің бізде көп-ақ. Мұны адал, ашық мойындау керек.

Өзара сын ұранын жаңа ұран деп есептеуге болмайды. Бұл ұран большевиктік партияның түп негізі болып табылады. Бұл ұран пролетариат диктатурасы режимінің негізі болып табылады. Егер біздің ел пролетариат диктатурасының елі болса, ал диктатураға өкімет билігін баска партиялармен бөліспейтін және бөлісе алмайтын бір партия, коммунистер партиясы басшылық етіп отырған болса, — онда біз, ілгері басамыз десек, өз қателерімізді өзіміз әйгілеп, өзіміз түзетіп отыруға тиіс екендігіміз айқын емес пе, бұл қателерді әйгілеп, түзететін баска ешкім жоқ екендігі айқын емес пе. Өзара сын бізді ілгері бастырып өркендететін мықты күштердің бірі болуға тиіс екендігі айқын емес пе, жолдастар?

Өзара сын ұраны партиямыздың XV съезінен кейін өте-мөте кең өріс алды. Неге? Неге десеңіз, оппозицияны жойған XV съезден кейін партия ішінде жаңа жағ-

дай туды, біз бұл жағдаймен санаспай тұра алмаймыз.

Жағдайдың жаңалығы неде? Жаңалығы — бізде оппозиция жоқ немесе жоқ дерлік, жаңалығы — біз оппозицияны оңай жеңдік, бұл (яғни жеңіс) өздігінен де партия үшін зор табыс болады, сондықтан партия ішінде жайбарақаттыққа салыну қаупі, жан тыныштығын көздеу қаупі, жұмысымыздағы кемшіліктерді елемей кету қаупі тууы мүмкін.

Оппозицияны оңай жеңгендігіміз — партиямыздың асқан зор табысы. Бірақ бұл жеңістің өзінде өзгеше тиімсіз жақтары да бар, тиімсіз жағы сол — партия тоқмейілділік сезіміне, өзін өзі әлпештеу сезіміне беріліп, жайбарақаттыққа салынуы мүмкін. Ал жайбарақаттыққа салыну дегеніміздің мәнісі не? Мұның мәнісі — біздің ілгерілеген қозғалысымызды бөгеп тастау деген сөз. Ал мұны болғызбау үшін бізге өзара сын керек, — сын болғанда, оппозиция жүргізген қаскүнемдік сын, шындығында контрреволюциялық сын керек емес, — нағыз адал, ашық сын керек, большевиктік өзара сын керек.

Партиямыздың XV съезі өзара сын ұранын ұсынғанда, осы жағдайды ескерді. Содан бері өзара сын толқыны өршіп келеді, ол Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумының жұмысына да өзінің әсерін тигізіп отыр.

Біздің жауларымыз, ішкі жауларымыз да, сондай-ақ сыртқы жауларымыз да біздің кемшіліктеріміз жөніндегі сынды пайдаланып, айқай-шу көтереді: аһа, олардың, большевиктердің, жайы онша мәз емес екен дейді деп қорқатын болсақ, тым ерсі болар еді. Біздер, большевиктер, осының бәрінен қорқатын болсақ,

тым ерсі болар еді. Большевизмнің күштілігі дәл мынада: ол өз қателерін мойындаудан қорықпайды. Партия, большевиктер, еліміздің барлық адал жұмысшылары мен еңбекші элементтері біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді, құрылысымыздағы кемшіліктерді әйгілеп отыратын болсын, біздегі кемшіліктерді жою жолдарын белгілейтін болсын, сөйтіп, біздің жұмысымызда, біздің құрылысымызда тоқыраушылық, бойкүйездік, іріп-шірушілік болмайтын болсын, сөйтіп, біздің бүкіл жұмысымыз, бүкіл құрылысымыз күннен күнге жақсарып, табыстан табысқа жететін болсын. Қәзіргі басты мәселе міне осында. Ал әлгі жауларымыз біздің кемшіліктеріміз туралы мылжыңдай берсін, — мұндай бос сөздер большевиктерді жасыта алмайды, жасытуға тиіс те емес.

Ақырында, бізді өзара сынға итермелейтін тағыда бір жағдай бар. Менің айтып тұрғаным бұқара мен көсемдер туралы мәселе. Соңғы кезде бізде көсемдер мен бұқара арасында кейбір өзгеше қатнастар орнай бастады. Бір жағынан, бізде басшылар тобы бөлініп шығып, тарих жүзінде құрылып отыр, бұлардың беделі барған сайын жоғары көтеріліп келеді, бұлар бұқарадан көшкұлаш дерлік қашықтай бастаулы. Екінші жағынан, ең алдымен жұмысшы табының бұқарасы, онан соң жалпы еңбекшілер бұқарасы жоғарыға тым шабан көтерілуде, бұлар, көздерін жұмып, көсемдерге төменнен жоғары қарай бастап отыр, ал көп реттерде өз көсемдерін сынаудан қорқады да.

Әрине, бізде басшылар тобының құрылуы, олардың тым жоғары көтеріліп, зор беделге ие болуы, — бұл факт өздігінен де партиямыздың үлкен табысы болып табылады. Әлбетте, басшылардың мұндай бедел-

ді тобы болмаса, үлкен елді басқару мүмкін емес. Бірақ көсемдердің, жоғары өрлей отырып, бұқарадан қашықтауы, ал бұқараның оларды сынауға батылы бармай, оларға төменнен жоғары қарай бастауы, — бұл факт белгілі дәрежеде көсемдердің бұқарадан қол үзу қаупін, бұқараның көсемдерден қашықтау қаупін туғызбай қоймайды.

Бұл қауіп көсемдердің дандайсып кетуіне және өздерін мінсіз адамдар деп есептеуіне апарып соғуы мүмкін. Ал басшы адамдардың дандайсып кетіп, бұқараға жоғарыдан төмен қарай бастауында не жақсылық болмақ? Әлбетте, бұдан партияның мерт болуынан басқа ешнәрсе де шықпақшы емес. Ал біз партияны мерт еткіміз келмейді, қайта ілгері басып, өз жұмысымызды жақсартсақ дейміз. Дәл осылай ілгері басып, бұқара мен көсемдер арасындағы қатнасты жақсарту үшін өзара сынның қақпағын үнемі ашық ұстау керек, көсемдердің дандайсып кетпеуі үшін, ал бұқараның көсемдерден қашықтамауы үшін совет адамдарының өз көсемдерін «төпеуіне», олардың қателерін сынауына мүмкіндік беру керек,

Кейде жұрт бұқара мен көсемдер туралы мәселені жоғарылату мәселесімен шатастырып жүр. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Мұның өзі партияның мықтап көңіл бөлуіне татыйтын мәселе бола тұрса да, жаңа көсемдерді жоғарылату туралы әңгіме болып отырған жоқ. Әңгіме кәзірде жоғары көтерілген және аса беделді көсемдерді сақтау туралы, олар мен бұқараның арасында түпкілікті, берік байланыс орнату туралы болып отыр. Әңгіме біздегі кемшіліктерді өзара сынға салу, сынау жолымен партияның қалың жұртшылық пікірін, жұмысшы табының қалың жұртшылық пікірін

ұйымдастыру туралы болып отыр; мұның өзі нақтылы және қырағы моральдық бақылау болады, ал егер беделі күшті көсемдер партияның сенімінен, жұмысшы табының сенімінен айырылмайын десе, жұртшылық пікіріне мұқият құлақ асып отыруға тиіс.

Осы мағнада алғанда баспасөздің, біздің партия-совет баспасөзінің маңызы өлшеусіз зор. Осы мағнада алғанда «Правданың» біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді үздіксіз сынап отыратын «Жұмысшы-Шаруа Инспекциясының Листогін»[10] ұйымдастыру жөніндегі бастамасын құттықтамасқа болмайды. Тек сынның үстірт сын болмай, күрделі және маңызды сын болуын көздеу керек. Осы мағнада алғанда біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді адуындылықпен, өжеттілікпен түйреп отырған «Комсомольская Правданың»[11] бастамасын да құттықтау керек.

Кейде жұрт сыншыларға сынының шалалығы үшін, кейде сынның түгел 100 процент дұрыс болып шыға бермейтіндігі үшін ұрсады. Көп реттерде жұрт сынның барлық пункттер бойынша дұрыс болуын талап етеді де, егер сын түгел дұрыс бола қоймаса, оны даттап, жамандай бастайды.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл қауіпті адасушылық. Тек осындай талап ұсынып көріңіздерші, онда сіздер біздегі кемшіліктерді түзеткісі келетін, бірақ өз ойларын кейде дұрыс тұжырымдай білмейтін жүздеген, мыңдаған жұмысшылардың, жұмысшы-тілшілердің, селолық тілшілердің ауыздарын жапқан боласыздар. Бұлай етудің өзі өзара сын емес, өлім болар еді.

Сіздер білуге тиіссіздер, жұмысшылар кейде біздің жұмысымыздағы кемшіліктер туралы шындықты айту-

ға ептеп қорқады. Қорқатын себебі — бұл үшін «жазықты» болуы мүмкін екендігінен ғана емес, оның тағы бір себебі — жұрт оларды сынының шалалығы үшін «мазақтауы» мүмкін. Біздің жұмысымыз бен жоспарымыздағы кемшіліктер жанына батып жүрген жәй жұмысшы немесе жәй шаруа өз сынын өнердің барлық ережелеріне сәйкес қыйсынын тауып айта алар ма? Егер, сіздер олардан түгел 100 процент дұрыс сынды талап ететін болсаңыздар, бұл арқылы сіздер төменнен болатын сын атаулының мүмкіндігін жоясыздар, өзара сын атаулының мүмкіндігін жоясыздар. Міне сондықтан, менің ойымша, егер сында тым болмаса 5—10 процент шындық болатын болса, онда мұндай сынды да құттықтау керек, бұған мұқыят құлак асып, оның асыл дәнегін еске алу керек. Қайыра айтамын, олай етпейтін болсаңыздар, сіздер Советтер ісіне берілген барлық әлгі жүздеген, мыңдаған адамдардың, өзінің сын жұмысында әлі де төселіп жетпеген, бірақ әрдайым шын сөйлейтін адамдардың ауыздарын жапқан болар едіңіздер.

Өзара сынды өшірмей, қайта оны өршіту үшін, дәл осылай ету үшін совет адамдарының қандай сынын болса да мұқыят тыңдау керек, тіпті бұл сын кейде толығынан және бастан-аяқ дұрыс бола қоймаған күнде де тыңдау керек. Тек осылай еткенде ғана бұқара өз сынының шалалығы үшін «жазықты» болмайтынына, өз сынындағы кейбір қателер үшін «мазақ» болмайтынына сенетін болады. Тек сонда ғана өзара сын нағыз бұқаралық сыйпат алып, нағыз бұқаралық пікірге айналады.

Өзінен өзі-ақ түсінікті, бұл арада сын «атаулы» туралы әңгіме болып отырған жоқ. Контрреволюцио-

нердің сыны да сын болып саналады. Бірақ бұл сын Совет өкіметін әлсірету, біздің өнеркәсібімізді кері кетіру, біздің партиялық жұмысымызды бүлдіру мақсатын көздейді. Әлбетте, біздегі әңгіме мұндай сын туралы болып отырған жоқ. Мен мұндай сынды айтып тұрған жоқпын, мен совет адамдарының тарапынан болатын сын туралы, Совет өкіметінің органдарын жақсарту, біздің өнеркәсібімізді жақсарту, біздің партиялық жұмысымыз бен кәсіпшілер одағының жұмысын жақсарту мақсатын көздейтін сын туралы айтып тұрмын. Сын бізге керек болғанда Совет өкіметін әлсірету үшін емес, оны нығайту үшін керек. Сондықтан біздің ісімізді нығайтып, жақсарту үшін, дәл осы үшін партия сын мен өзара сын ұранын жариялап отыр.

Біз, ең алдымен, өзара сын ұранынан не күтеміз, егер ол дұрыс, адал жүргізілетін болса, бізге қандай нәтижелер бермек? Ол ең болмағанда екі нәтиже беруге тиіс. Ол, біріншіден, жұмысшы табының қырағылығын арттыруға тиіс, біздегі кемшіліктерге оның назарын аударуға тиіс, осы кемшіліктерді түзету ісін оңайлатып, біздің құрылыс жұмысымызда «тұтқыйыл жағдайдың» қандайын болса да мүмкін емес нәрсе етуге тиіс. Ол, екіншіден, жұмысшы табының саяси мәдениеттілігін көтеруге тиіс, оның санасында елдің қожайынымын деген сезімді өршітіп, жұмысшы табын ел басқару ісіне үйретуді оңайлатуға тиіс.

Тек Шахты ісі ғана емес, сонымен қатар 1928 жылғы январьдағы дайындау дағдарысы да біздің көбіміз үшін «тұтқыйыл жағдай» болып шыққанын сіздер байқадыңыздар ма? Бұл жөнінде өте-мөте айтарлық нәрсе Шахты ісі. Буржуазиялық мамандардың контрреволюцияшыл тобы, халықаралық капиталдың антисовет-

тік ұйымдарынан директивалар ала отырып, бес жыл жұмыс жүргізген. Бес жыл бойы біздің ұйымдар әралуан қаулы-қарарлар жазып, жер-жерге жіберіп отырды. Бізде көмір өнеркәсібінің жұмысы, әрине, қалай дегенмен жоғары өрлеп отырды, өйткені, шаруашылықтың советтік системасының өмірлік және қуатты система екендігі сондай, ол біздегі басбұзарлықпен біздегі қателерге қарамастан, мамандардың бүлдіргіштік жұмысына қарамастан, сонда да үстем болып шықты. Мамандардың осы контрреволюцияшыл тобы бес жыл бойы біздің өнеркәсібімізде зиянкестік жасаған, қазандарды бұзған, турбиналарды қыйратқан, т. с. әрекеттер істеген. Ал біз каннен қаперсіз отыра бергенбіз. Сонда «кенеттен», капелімде төбеден түскен қардай, — Шахты ісі тап болды.

Бұл лайықты нәрсе ме, жолдастар? Менің ойымша, мейлінше лайықсыз нәрсе. Тізгінді қолға ұстап отырып, жағдайдың қыяпатымен әлде-нендей машақатқа маңдайың соғылғанша көз алдыңдағыны көрмеу деген сөз, — мұның аты басшылық ету бола қоймайды. Большевизм басшылықты бұлай түсінбейді. Басшылық ету үшін алдағыны болжай білу керек. Ал болжай білу ылғый оңай бола бермейді, жолдастар.

Оншақты — жыйырмашақты басшы жолдастар көз салып, біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді байқап отырса, ал жұмысшылар бұқарасы көз салуды да, кемшіліктерді байқауды да қаламайтын болса немесе бұған шамасы жетпесе, бұл бір басқа. Мұнда сөзсіз көрмей қалуыңа, бәрін бірдей байқамай қалуыңа барлық мүмкіншілік бар. Ал оншақты — жыйырмашақты басшы жолдастармен бірге жүз мыңдаған, миллиондаған жұмысшылар көз салып, біздің жұмысымызда-

ғы кемшіліктерді байқап отырса, біздегі қателерді әйгілеп отырса, құрылыстың ортақ ісіне қатысып, жұмысты жақсарту жолдарын белгілеп отырса, бұл екінші басқа. Бұл ретте тұтқыйыл жағдайдың болмайтындығына, теріс қылықтардың деркезінде байқалып отыратындығына, бұл қылықтарды жою шаралары деркезінде қолданылып отыратындығына кепілдік көп.

Біз жұмысты ұйымдастырғанда жұмысшы табының қырағылығы бәсеңдемей, күшейе түсуін, жүз мыңдаған, миллиондаған жұмысшылардың социалистік құрылыстың ортақ ісіне қатысып отыруын, тек оншақты басшылар ғана емес, жүз мыңдаған, миллиондаған жұмысшылар мен шаруалар да құрылысымыздың барысына мұқият көз салып отыруын, біздегі қателерді көрсетіп, оларды жойып отыруын көздеуіміз керек. Тек осылай еткенде ғана бізде «тұтқыйыл жағдайлар» болмайды. Ал бұған жету үшін біз өзіміздегі кемшіліктерді төменнен сынау ісін өршітуіміз керек, біз сынды бұқаралық сын етуіміз керек, біз өзара сын ұранын қолданып, жүзеге асыруымыз керек.

Ақырында, жұмысшы табының мәдени күштерін өрлету туралы, өзара сын ұранын жүргізуге байланысты оны ел басқару ісіне дағдыландыру туралы Ленин былай деген болатын:

«Бізге жетпей отырған басты нәрсе — мәдениеттілік, басқару өнері... Экономикалық және саяси жағынан Н Э П бізге социалистік құрылыстың іргетасын қалау мүмкіншілігін толық қамтамасыз етеді. Істің тетігі «тек» пролетариат пен оның авангардының мәдени күштерінде»[12].

Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — құрылысымыздың негізгі міндеттерінің бірі жұмысшы табының ел

басқару, шаруашылықты басқару, өнеркәсіпті басқару дағдысы мен өнерін жетілдіру деген сөз.

Жұмысшылардың күш-қабілетін өршітпейінше, жұмысшы табының таңдаулы адамдарының біздегі қателерді сынау жөніндегі, біздегі кемшіліктерді атап көрсетіп, жұмысымызды ілгері бастыру жөніндегі күш-қабілетін өршітпейінше жұмысшы табының осы дағдысы мен осы өнерін жетілдіруге бола ма? Әлбетте, болмайды.

Ал жұмысшы табы мен жалпы еңбекшілердің күш-қабілетін өршітіп, олардың ел басқару ісіне дағдылануына мүмкіндік беру үшін не істеу керек? Бұл үшін, ең алдымен, өзара сын ұранын адал түрде, большевикше жүзеге асыру керек, жұмысымыздағы кемшіліктер мен қателерді төменнен сынау ұранын адал түрде, большевикше жүзеге асыру керек. Егер жұмысшылар жұмыстағы кемшіліктерді ашықтан-ашық, тура сынау мүмкіндігін пайдаланып, біздің жұмысымызды жақсарту, оны ілгері бастыру қамын ойласа, мұның мәнісі не болмақ? Мұның мәнісі — жұмысшылар ел басқару ісіне, шаруашылықты, өнеркәсіпті басқару ісіне белсене қатысады деген сөз. Бұл жағдай жұмысшылардың ел ішіндегі қожайындық сезімін, олардың белсенділігін, олардың қырағылығын, олардың мәдениеттілігін арттырмай қоймайды.

Жұмысшы табының мәдени күштері туралы мәселе шешуші мәселелердің бірі болып табылады. Неге? Неге десеңіз осы күнге дейін өмір сүріп келген барлық үстем таптардың ішінде үстем тап ретіндегі жұмысшы табының тарихтағы жағдайы едәуір өзгеше және онша қолайлы да емес. Осы күнге дейін үстемдік етіп келген таптар — құл иеленушілер, помещиктер,

капиталистер — сонымен бірге бай таптар еді. Өз балаларын ел басқару үшін қажетті білім-тәжрибеге үйрету үшін олардың мүмкіндігі болды. Жұмысшы табының олардан айырмашылығы, бір есептен, мынау: ол бай тап емес, өз балаларын ел басқару жөніндегі білім-тәжрибеге үйрету үшін бұрын оның мүмкіндігі болған жоқ, ол мұндай мүмкіндікті тек кәзір ғана, өкімет басына келгеннен кейін ғана алды.

Біздегі мәдени революция туралы мәселенің күрделілігі, бір есептен, міне осында. Рас, өз үстемдігін жүргізе бастағаннан бергі он жыл ішінде ССРО жұмысшы табы бұл жөнінде помещиктер мен капиталистердің жүздеген жылдар бойы істегенінен анағұрлым көп жұмыстар істеп үлгірді. Бірақ, халықаралық жағдай мен ішкі жағдайға қарағанда, қол жеткен нәтижелер тіпті әлі де жеткіліксіз. Сондықтан жұмысшы табының мәдени күштерінің өркендеу дәрежесін арттыра алатын барлық амалды, жұмысшы табының елді, өнеркәсіпті басқару жөніндегі дағды-тәжрибесін жетілдіру ісін оңайлата алатын барлық амалды, — осындай амалдың қандайын болса да біз сарқа пайдалануға тиіспіз.

Ал жоғарыда айтылған пікірден туатын қортынды — өзара сын ұраны пролетариаттың мәдени күштерін дамыту ісінде, жұмысшы табының іс басқару жөніндегі дағды-тәжрибесін жетілдіру ісінде аса маңызды құралдардың бірі болып табылады. Бұдан туатын тағы бір дәлелдеме — өзара сын ұранын жүзеге асыру ісі біздің өмірлік міндетіміз болып табылады.

Бізге бүгін таңдағы ұран ретінде өзара сын ұранын жүргіздіріп отырған дәлелдеме жалпы алғанда осындай.

Сондықтан Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрельдегі пленумының өзара сын ұранымен өткендігі таңданарлық нәрсе емес.

Енді астық дайындау мәселесіне көшейік.

II

АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕСІ

Ең алдымен бізде биылғы жылы январьда кез болған астық дайындау дағдарысының мәні туралы бірнеше сөз айтайын. Істің мән-жайы былай: былтырғы жылғы октябрьден бастап бізде астық дайындау жұмысы бәсеңдей бастады, декабрьде бұл жұмыс тіпті төмендеп кетті, ал биылғы жылғы январьда біздің астық дайындау жөніндегі дефицитіміз 130 миллион пұт болды. Биылғы жылы біздегі егін шығымы, бәлкім, былтырғыдан нашар болған жоқ, мүмкін былтырғыдан сәл ғана кем болған шығар. Биылғы жылы бұрынғы егіннен қалған қор былтырғыдан көп еді, жалпы алғанда биылғы жылы еліміздегі товарлы астық былтырғыдан кем емес, қайта одан артық деп есептелген еді.

Осыған сәйкес биылғы жылы дайындалатын астық жоспары былтырғы жоспардан біраз арттырылып жасалған болатын. Әйткенмен бұған қарамастан астық дайындау жұмысы төмендеп кетті, сөйтіп, 1928 жылғы январьда біздің дефицитіміз 130 миллион пұт болды. «Ерекше» жағдай туды: ел ішінде астық көп бола тұрса да, астық дайындау жұмысы төмендей берді, сөйтіп, қалаларда және Қызыл Армияда аштық қаупін туғызды.

Жағдайдың осы «ерекшелігі» неден? Мұнда әлде-

нендей бір кездейсоқтық жоқ па? Бірталай жұрт мұны қапы қалдық, оппозициямен шұғылданып жүріп бірер нәрсені байқамаппыз деп түсіндірмек болады. Шынында да қапы қалғандық бар екені, әрине, рас. Бірақ мұның бәрін қапы қалғандықтан деп түсіндіру — өрескел қате жасағандық болады. Басқасын былай қойғанда дайындау дағдарысын кездейсоқ нәрсе деп түсіндіруге болмайды. Мұндай нәрселер кездейсоқ болмайды. Бұлай деу тым үстірт түсінік болар еді.

Ендеше, дайындау дағдарысына себеп болған жағдайлар қандай?

Менің ойымша, біздегі мұндай жағдайлар кем дегенде үшеу.

Бірншден. Біздің халықаралық және ішкі жағдайларымызға байланысты біздегі социалистік құрылыстың қиыншылықтары. Менің айтып тұрғаным, ең алдымен, қалалық индустрияны дамытудағы қиыншылықтар. Ауылшаруашылық өнімдерін деревнядан барынша көп алып отыру үшін деревняға әралуан товарларды ағыл-тегіл жіберіп отырса болар еді. Бұлай ету үшін біздің индустрияны қазіргіден анағұрлым жедел дамыту қажет. Ал индустрияны тезірек дамыту үшін социалистік қор жыйнаудың қарқыны анағұрлым шапшаң болуы қажет. Бірақ, қор жыйнауда мұндай қарқынға жету онша оңай емес, жолдастар. Деревня үшін товардың жетімсіздігі осыдан болып отыр.

Онан соң, менің айтып тұрғаным деревнядағы құрылысымыздың қиыншылықтары. Ауыл шаруашылығы баяу өсіп келеді, жолдастар. Ауыл шаруашылығы қарыштап өркендеп отырса, астық арзандай берсе, егін шығымы арта берсе, жер тыңайтқыштар

барынша қолданылып отырса, астықты машинамен өндіру ісі жедел қарқынмен дамыса жақсы-ақ болар еді. Бірақ бұл бізде жоқ және тез арада бола қоймайды, жолдастар.

Неге?

Неге десеңіз, біздегі ауыл шаруашылығы мықтап жақсартуға оңайлықпен көне коймайтын ұсақ шаруа шаруашылығы болып табылады. Санақ мәліметтері бойынша, соғысқа дейінгі жеке шаруа шаруашылықтарының саны бүкіл елде 16 миллионға жуық еді. Қәзір бізде 25 миллионға жуық жеке шаруа шаруашылықтары бар. Бұл біздің ел ең барып тұрған ұсақ шаруалы ел екендігін көрсетеді. Ал ұсақ шаруа шаруашылығы дегеніміз не? Бұл — ең кемтар, ең жабайы, ең мешеу, ең өнімсіз шаруашылық. Бар әңгіме осында, жолдастар. Тыңайтқыштар, машиналар, агрономиялық білімдер және басқа тетіктер — бұлар ірі шаруашылықтарда ойдағыдай қолдануға болатын нәрселер, бірақ бұлар ұсақ шаруа шаруашылығында мүлде қолданылмайды немесе жартымсыз қолданылады. Ұсақ шаруашылықтың әлсіздігі міне осында және оның ірі кулактық шаруашылықтармен бәсекелесуге дәрменсіз болатын себебі міне осы.

Тегінде біздің деревняда машиналарды, тыңайтқыштарды, агрономиялық білімдерді, т. т. қолданатын ірі шаруашылықтар бар ма? Я, бар. Біріншіден, колхоздар мен совхоздар бар. Бірақ бұлар бізде аз, жолдастар. Екіншіден, ірі кулактық (капиталистік) шаруашылықтар бар. Мұндай шаруашылықтар біздің елде онша аз емес, сондықтан бұлар ауыл шаруашылығында әлі де едәуір роль алып отыр.

Біз деревнядағы жеке меншікті капиталистік ша-

руашылықтарды көтермелеу жолына түсе аламыз ба? Әлбетте, түсе алмаймыз. Бұдан шығатын қорытынды: деревняда колхоздар мен совхоздар түріндегі ірі шаруашылықтарды өркендетуге барынша күш салу керек, оларды қазіргі кездегі ғылымның негізінде ұйымдастырылған, елдің керегін өтеп отыратын астық фабрикаларына айналдыруға тырысу керек. Партиямыздың XV съезінің колхоздар мен совхоздар құрылысын барынша өркендету туралы ұран көтерген себебі, анығында, дәл осы.

Қолхоздар тек қана кедей топтардан құралуға тиіс деп ойлау қателік болар еді. Бұлай деп ойлау дұрыс емес, жолдастар. Біздің колхоздар кедейлер мен орта шаруадан құрылып, тек жеке кішігірім топтарды ғана емес, тұтас деревняларды да қамтуға тиіс. Орташаға жөн сілтеп, ол өз шаруашылығын тек колхоздар арқылы ғана неғұрлым жақсы, неғұрлым тез өркендете алатынын көрсету керек. Егер орташа жоғары көтеріліп, кулактар тобына қосыла алмайды, ал оның төмендеп кетуі лайықсыз нәрсе дейтін болсақ, оған жөн сілтеп, өз шаруашылығыңды колхоз құрылысы арқылы жақсарта аласың деп түсіндіру керек.

Бірақ колхоздар мен совхоздар әзірінше бізде аз, адам айтқысыз аз. Деревнядағы құрылысымыздың қиыншылықтары осыдан туып отыр. Астық өнімінің жеткіліксіздігі осыдан болып отыр.

Екіншіден. Бұдан шығатын қортынды: қала мен деревнядағы құрылысымыздың қиыншылықтары дайындау дағдарысын туғыза алатын негіз болып табылады. Бұдан дайындау дағдарысы нақ быйылғы жылы кез болуға тиіс еді деген ұғым туа коймайды. Өздеріңізге белгілі, бұл қиыншылықтар тек быйыл ға-

на емес, былтыр да болған-ды, — ендеше дайындау дағдарысының нақ быйылғы жылы кездескен себебі не? Мұның сыры неде?

Мұның сыры мынада: кулак быйылғы жылы осы қыйыншылықтарды пайдалануға мүмкіндік алды, бұларды астық бағасын қымбаттату үшін, баға жөніндегі советтік саясатқа шабуыл жасау үшін, сөйтіп, біздің дайындау жұмысымызды бөгеу үшін пайдаланды. Ал оның бұл қыйыншылықтарды пайдалана білуіне кем дегенде екі нәрсе себеп болды:

біріншіден, оның себебі — үш жылдан бергі бітік егін тек кеткен жоқ, кулак бұл уақыттың ішінде өсіп кетті, жалпы деревнядағы, әсіресе кулактағы астық қоры бұл уақыттың ішінде молайып кетті, сондықтан кулак бағаны меңгеріп отыруға мүмкіндік алды;

екіншіден, оның себебі — кулак астықтың бағасын арттырып, пайда табатын, сөйтіп, бағаны қымбаттатып отыратын қала жалдаптарының көмегін алып отырды.

Әрине, бұдан астықтың басты иесі кулак екен деген ұғым тумайды. Астықтың деніне ие болып отырған басты, негізгі бұқара — орташа. Бірақ деревняда кулак белгілі шаруашылық беделі бар, сондықтан баға мәселесінде ол кейде орташаны соңына ертіп әкете алады. Деревнядағы кулактық элементтердің біздің құрылысымыздағы қыйыншылықтарды астық бағасын жалдаптық ниетпен қымбаттату үшін пайдалануға мүмкіндік алуы осыдан.

Мәселен, кулак-жалдап элементтердің істегені сияқты, астық бағасын, айталық, 40—50 процент қымбаттату дегеннің мәнісі не? Ең алдымен, мұның мәнісі — жұмысшылардың реаллы жалақысын кеміту де-

ген сөз. Айталық, ол кезде біз жұмысшылардың жалақысын арттырар едік дейік. Бірақ бұлай еткен күнде, өнекәсіп товарларының бағасын арттыруға, сөйтіп, жұмысшы табының да, кедейлер мен орташаның да материалдық хал-жайын нашарлатуға тура келер еді. Ал мұның мәнісі не болар еді? Мұның мәнісі — бүкіл экономикалық саясатымызды тікелей, күмәнсіз бұзғандық болар еді.

Бірақ мұнымен ғана іс бітпейді. Айталық, быйылғы январьда немесе көктемде, егіске әзірлену алдында астықтың бағасын 40—50 процент арттырған болар едік дейік. Бұл неге апарып соғар еді? Біз онда өнеркәсібіміздің шикізат қорын кері кетірген болар едік. Мақташылар мақтасын тастап, анағұрлым тиімді іс деп, астыққа көшер еді. Зығыршылар, зығырын тастап, олар да астыққа көшер еді. Қызылшашылар да осылай етер еді. Тағысын тағылар, тағы сондайлар. Қысқасы: біз деревнядағы капиталистік элементтердің жалдаптық күлкынқұмарлығынан өнеркәсібіміздің шикізат қорына нұқсан келтірген болар едік.

Бірақ мұнымен де іс бітпейді. Егер біз астықтың бағасын, айталық, быйылғы көктемде қымбаттатқан болсақ, көктемде азық-түлік жөніндегі мұқтажы үшін де, егістігін тұқымдандыру үшін де астық сатып алатын кедейлерді сөзсіз тұқырртқан болар едік. Онда кедейлер және орташалардың төменгі топтары бізге былай деуге толық праволы болар еді: сіздер бізді алдадыңыздар, өйткені біз былтырғы күзде сіздерге өз астығымызды арзан бағамен сатқан едік, ал енді сіздер астықты қымбат бағамен сатып алуға бізді мәжбүр етіп отырсыздар, — совет адамдары мырзалар.

сіздер кімді қорғап отырсыздар, — дәулетсіздерді ме әлде кулактарды ма? — дер еді.

Міне сондықтан да партия кулактардың астық бағасын қымбаттату жөніндегі соққысына қарсы соққымен жауап беруге тиісті болды, сөйтіп, кулактар мен жалдаптардың жұмысшы табы мен біздің Қызыл Армияны аштыққа ұшыратпақ болған әметіне тойтарыс берді.

Үшіншіден. Күмән жоқ, егер бұл істе деревняның капиталистік элементтеріне тағы бір жағдай көмектеспеген болса, олар біздің құрылысымыздағы кемшіліктерді іс жүзінде пайдаланғанындай дәрежеде пайдалана алмаған болар еді, сөйтіп, дайындау дағдарысы сондай қатерлі түрге енбеген болар еді. Бұл жағдай неде?

Бұл жағдай біздің дайындаушы органдарымыздың салақтығында, олардың арасында біртұтас майданның жоқтығында, өзара бәсекелесуінде, астықтың бағасын қымбаттату жөніндегі әрекетке қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуді қаламаушылықта.

Ақырында, бұл жағдай астық дайындаушы аудандардағы біздің партия ұйымдарының керенаулығында, астық дайындау науқанына олардың тиісінше араласқысы келмеуінде, іске араласып, дайындау майданындағы жалпы салақтыққа тыйым салғысы келмеуінде.

Былтырғы дайындау науқанының табыстарына масайрап, быйылғы жылы дайындау ісі өз бетінше жүре береді деп ойлаған біздің дайындаушы ұйымдарымыз бен партиялық ұйымдарымыз бәрін де «құдайдың әміріне» табыс етіп, кулак-жалдап элементтерге жол босатып берді. Кулактардың күткені де дәл осы еді.

Мұндай жағдай болмаған болса, дайындау дағдарысы сондай қатерлі түрге енбеген болар еді.

Мынаны ұмытпау керек: біз, яғни біздің ұйымдар, дайындаушылары болсын, басқалары болсын, деревняны өнеркәсіптік товарлармен жабдықтау ісінің 80 процентке жуығын, деревнядағы барлық дайындау істерінің 90 процентке жуығын өзіміз басқарып отырамыз. Біздің ұйымдар осы тиімді жағдайды пайдалана білетін болса, мұның өзі біздің деревняда кулактарға айтқанымызды істетуімізге мүмкіндік беретінін айтып жатудың қажеті де жоқ. Ал біз осы тиімді жағдайды пайдаланудың орнына бар істі өз бетімен жібердік, сөйтіп, осы арқылы, — әрине, өз еркімізден тыс, — деревнядағы капиталистік элементтердің Совет өкіметіне қарсы күресуін оңайлаттық.

Былтырғы жылдың аяғындағы дайындау дағдарысына себеп болған жағдайлар міне осындай, жолдастар.

Сонымен, көріп отырсыздар, дайындау дағдарысын кездейсоқ нәрсе деп есептеуге болмайды.

Көріп отырсыздар, дайындау дағдарысы құрылысымыздың негізгі мәселелерінің бірінде, астық дайындау мәселесінде деревнядағы капиталистік элементтердің Совет өкіметіне қарсы, нэп жағдайында, бірінші рет елеулі аттаныс жасағанын көрсетеді.

Астық жөніндегі дайындау дағдарысының таптық сыры міне осында, жолдастар.

Өздеріңіз білесіздер, дайындау дағдарысын жойып, кулактардың жалдаптық құлқынын ауыздықтау үшін партия мен Совет өкіметі бірқатар практикалық шаралар қолдануға мәжбүр болды. Бұл шаралар туралы біздің баспасөзде әбден көп айтылды. Бұл туралы

Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының қарарында да әбден толық айтылған. Сондықтан менің ойымша, бұл арада мұны қайталап айтып жатудың қажеті жоқ.

Тек кейбір төтенше шаралар туралы айтып өткім келеді; бұл шаралар төтенше жағдайларға байланысты қолданылған болатын, ал осы төтенше жағдайлар жойылғаннан кейін, әрине, бұл шаралар да керексіз болып қалады. Менің айтып тұрғаным жалдаптыққа қарсы шығарылған заңның 107-статьясын қолдану жайы. Бұл статьяны Орталық Атқару Комитеті 1926 жылы қабылдаған болатын. Бұл статья былтыр бізде қолданылған жоқ. Неге? Неге десеңіз, астық дайындау ісі, былайша айтқанда, ойдағыдай жүріп отырды, сондықтан бұл статьяны қолданудың қиысы болған жоқ. Бұл статьяны тек биыл ғана, 1928 жылдың бас кезінде ғана еске алдық. Еске алған себебіміз — бізде кулактардың жалдаптық айла-шарғыларынан туған және аштық қаупін туғызған бірқатар төтенше жағдайлар болды. Әлбетте, егер келесі дайындау жылы төтенше жағдайлар болмай, дайындау ісі ойдағыдай жүретін болса, 107-статья қолданылмайды. Ал, егер төтенше жағдайлар туып, капиталистік элементтер тағыда «бұлаңдай» бастаса, 107-статья қайтадан жарыққа шығады.

Осыған сүйеніп нэптің «жойылатыны» туралы, азық-түлік салғыртына «қайтып оралу» туралы, т. т. туралы әңгіме ету ақымақтық болар еді. Нэптің жойылуын қазір тек Совет өкіметінің дұшпандары ғана көксей алады. Жаңа экономикалық саясат қазір Совет өкіметіне тиімді болғанындай басқа ешкімге де тиімді емес. Бірақ, нэп дегеніміз капиталистік элемент-

терге карсы, оның ішінде кулактарға карсы күресті күшейтуді, сөйтіп оларды жоюды көздемейді, қайта кулактарға карсы және баска капиталистік элементтерге карсы күресті токтатуды көздейді деп ойлайтын адамдар бар. Мұндай адамдардың ленинизммен ешбір үйлеспейтінін айтып жатудың қажеті де жоқ, өйткені мұндай адамдарға партиямыздың қатарынан орын берілмейді және орын берілуі мүмкін де емес.

Азық-түлік дағдарысын жою үшін партия мен Совет өкіметі қолданған шаралардың нәтижелері де сіздерге белгілі. Қысқаша айтқанда бұл нәтижелер мынадай.

Біріншіден, біз олқылықтың орнын толтырып, астықты дайындап алдық, сөйтіп, былтырғы дайындау каркынын қуып жеттік, ал кей жерлерде тіпті одан басып оздық. Өздерінізге белгілі, үш айдың, январь — марттың ішінде біз 270 миллион пұттан астам астық дайындадық. Әрине, бұл бізге керегінің түгел бәрі емес. Біздің әлі де 100 миллион пұттан астам астық дайындауымыз керек. Дегенмен бұл аса қажетті жеңіс болды, біз осының нәтижесінде дайындау дағдарысын жоюға мүмкіндік алдық. Партия мен Совет өкіметі бұл майданда аса зор табыстарға жетті деуге енді біз әбден праволымыз.

Екіншіден, біз жер-жердегі дайындаушы ұйымдарымыз бен партиялық ұйымдарымыздың жауынгерлік әзірлігін іс жүзінде тексере отырып, оларды көрнеу азғындаған элементтерден, деревнядағы тап күресін мойындамайтын және кулакпен «араздасқысы» келмейтін элементтерден тазарта отырып, оларды сауықтырдық, азды-көпті сауықтырдық.

Үшіншіден, біз деревнядағы жұмысты жақсарттық,

кедейлерді өзімізге жақындата түстік, орташалардың басым көпшілігін өзімізге қаратып алдық, сөйтіп, кулактарды оқшау қалдырдық және орташалардың ауқатты тобын біраз ренжіттік. Осы арқылы біз партиямыздың VIII съезінде-ақ Ленин ұсынған бұрынғы большевиктік ұранымызды[13]: кедейлерге сүйен, орташамен берік одақ жасай біл, кулактарға қарсы күресті бір минут те тоқтатпа, — деген ұранды жүзеге асырдық.

Бұл ұранды кейбір жолдастардың онша жақсы қабылдамайтынын мен білемін. Пролетариат диктатурасы баянды етілген жағдайларда жұмысшылар мен шаруалардың одағы дегеніміз жұмысшылардың барлық шаруалармен, оның ішінде кулактармен де жасасқан одағы болып табылады деп ойлау ерсі болар еді. Жоқ, жолдастар, біз мұндай одақты уағыздап жүрген жоқпыз және уағыздай алмаймыз да. Пролетариат диктатурасы жағдайында, жұмысшы табының өкіметі нығайған жағдайда жұмысшылардың шаруалармен жасаған одағы — кедейлерге сүйену керек, орташамен одақтасу керек, кулактармен күресу керек деген сөз. Кімде-кім біздің жағдайларда шаруалармен жасалған одақ кулактармен жасалған одақ болып табылады деп ойласа, ондай адам ленинизммен ешбір үйлеспейді. Кімде-кім деревняда жұрттың бәріне, байларға да, кедейлерге де ұнамды саясат жүргізем деп ойласа, ондай адам марксист емес, ақымақ, өйткені мұндай саясат жаратылыста жоқ, жолдастар. (К ү л к і, қ о л ш а п а л а қ т а у.) Біздің саясатымыз — тап саясаты.

Астық дайындау ісін күшейту жөніндегі шараларымыздың нәтижелері жалпы алғанда осындай.

Күмән жоқ, осы шараларды жүргізген кезде біздің практикамызда бірсыпыра асыра сілтеушіліктер, партия жолын бұрмалаушылықтар болды. Саясатымызды бұрмалау жөніндегі бірсыпыра әрекеттері, ең алдымен, біздегі басбұзарлықтың салдарынан, кедейлер мен орташаларға зардабын тигізетін әрекеттер, 107-статьяны теріс қолданушылық, т. т., — бұл әрекеттер барша жұртқа белгілі. Біз осындай бұрмалаушылық жөніндегі айыптыларды мейлінше қатал жазалаймыз және жазалай бермекпіз де. Бірақ осы бұрмалаушылықтарды ғана көріп, партия қолданған шаралардың игілікті және шын мәнісінде елеулі нәтижелерін көрмеу ерсі болар еді, ал мұндай шаралар қолданылмағанда біз дайындау дағдарысынан құтыла алмаған болар едік. Бұл нәтижелерді көрмеу дегеніңіз жеке, кездейсоқ нәрсені бетке ұстап, басты нәрсеге келгенде көз жұму деген сөз. Бұл нәтижелерді көрмеу дегеніңіз дайындау науқанында қол жеткен аса зор табыстарды біздің жолымызды бұрмалау жөніндегі жеке әрекеттердің, партия қолданған шаралардан мүлде тумайтын әрекеттердің бір қасық суына батыру деген сөз.

Бізде дайындаудағы табыстарымызды және деревнядағы капиталистік элементтердің шабуылына қарсы күресімізді оңайлатқан жағдайлар болды ма?

Я, болды. Кем дегенде осындай екі жағдайды атап көрсетуге болады.

Бұл, біріншіден, мына факт: біздің партия астық дайындау науқанына араласып, партиямыздың XV съезінен кейін, оппозиция жойылғаннан кейін, партия өзінің партиялық жауларын талқандап, зор бірлікке жеткеннен кейін кулак-жалдап элементтерге соққы берді. Кулактарға қарсы күресті жеңіл-желпі жұмыс

деп есептеуге болмайды. Елдегі жағдайды ешбір шиеленістірмей-ақ кулак-жалдаптардың айла-шарғыларын қыйрату үшін мейлінше бірлігі күшті партияң, мейлінше мықты тылың және өте мықты өкіметің болуы керек. Осы шарттардың болуы кулактардың бірден лажсыз шегінуіне едәуір себеп болды, бұл жөнінде күмәндануға бола қоймас.

Бұл екіншіден, мына факт: біз кулак-жалдап элементтерді ауыздықтау жөніндегі практикалық шараларымызды жұмысшы табының, Қызыл Армияның және деревнядағы дәулетсіз топтардың көпшілігінің көкей-кесті мүдделерімен байланыстыра білдік. Кулак-жалдап элементтер қала мен деревняның еңбекші бұқарасының көз алдында аштықтың елесін туғызды, оның үстіне Совет өкіметінің заңдарын бұзып отырды (107-статья), бұл жағдай деревнядағы капиталистік элементтерге қарсы күресте біздің деревнядағы халықтың көпшілігін соңымызға ертіп алуымызға себепкер болмай қойған жоқ. Кулак астықпен рабайсыз жалдаптық істеді, ол осы арқылы қалада да, деревняда да зор қыйыншылықтар туғызды, оның үстіне Совет өкіметінің заңдарын, яғни жұмысшы, шаруа және қызыл армияшылар депутаттары Орталық Атқару Комитетінің әмірін бұзып отырды, — міне осы жағдайдың кулактарды оқшау қалдыру ісін оңайлатуға тиісті болғандығы айқын емес пе?

Белгілі дәрежеде нақ 1921 жылғы сыяқты (әрине, тиісті ескертулерімен) комбинация болып шықты; ол кезде Ленин бастаған партия, еліміздегі ашаршылықты ескеріп, ашыққан аудандарға астық әперу үшін шіркеулердегі құнды заттар алынсын деп мәселе қойып, осыған сәйкес дінге қарсы мықты науқан ашқан

болатын, ал поптар, құнды заттарды тістей қатып, іс жүзінде ашыққан бұқараға қарсы шықты, сөйтіп, жалпы шіркеуге қарсы, шіпара діншілдік соқыр сенімдерге қарсы, әсіресе поптар мен олардың басшыларына қарсы бұқараны өшіктіріп алды. Сол кезде біздің партия ішінде мынадай есуастар да болды, олар Ленин шіркеумен күресу қажеттігін тек 1921 жылы ғана түсінді десті (к ү л к і), ал оған дейін Ленин мұны түсінбепті-мыс. Жолдастар, бұл, әрине, ақымақтық. Әрине, Ленин шіркеумен күресу қажеттігін 1921 жылға дейін де әбден жақсы түсінетін. Бірақ әңгіме әсте мұнда емес. Әңгіме мынада: дінге қарсы бұқаралық кең науқанды халық бұқарасының көкей-кесті мүдделерін көздейтін күреспен байланыстыра жүргізу керек, жүргізгенде мұны, осы науқанды, бұқара түсінерліктей етіп, мұны, осы науқанды, бұқара қолдайтындай етіп жүргізу керек.

Биылғы жылдың бас кезінде астық дайындау науқанына байланысты партияның жасаған маневрі туралы да нақ осыны айту керек. Кулактың қаупімен күресу қажеттігін партия тек қазір ғана түсінді деп ойлайтын адамдар бар. Жолдастар, бұл, әрине, ақымақтық. Партия мұндай күрестің қажеттігін әрқашан түсініп отырды және сөз жүзінде емес, іс жүзінде бұл күресті жүргізіп те келді. Биылғы жылдың бас кезінде партияның жасаған маневрінің өзгешелігі мынада: партия биылғы жылы деревняның кулак-жалдап элементтеріне қарсы жүргізілген үзілді-кесілді күресті қалың еңбекшілер бұқарасының көкей-кесті мүдделерін көздейтін күреспен байланыстыруға мүмкіндік алды, бұл күрестерді байланыстыра отырып, деревня-

дағы еңбекшілер бұқарасының көпшілігін соңына ерте білді, сөйтіп, кулактарды оқшау қалдырды.

Большевиктік саясаттың өнері, уақыт пен орын жағдайларын есепке алмастан, басшылардың белгілібір әрекеттерін бұқараның қолдауға қаншалық дайын екенін есепке алмастан, барлық зеңбіректерден бірдей аты-жөні жоқ барлық майданды атқылай беруде емес. Большевиктік саясаттың өнері мынада: күштің салмағын барынша көп нәтижелерге бәрінен бұрын жетуге болатын майданға жұмсау үшін уақыт пен орынды таңдай біліп, істің барлық жағдайларын есепке алып отыру керек.

Шынында да, егер біз будан үш жыл бұрын, біз орташаларды өзімізге әлі де толық қаратып алмаған кезде, орташалар ызаланып, біздің болыстық атқару комитеттерінің председательдерін соққылап жатқан кезде, кедейлер нэптің нәтижелерінен есеңгіреп отырған кезде, біздегі егістіктің көлемі соғыстан бұрынғының тек 75 проценті болып отырған кезде, деревняда азық-түлік және шикізат өндіру ісін ұлғайту туралы негізгі мәселе біздің алдымызда тұрған кезде, бізде индустрия үшін керекті мол азық-түлік қоры мен шикізат қоры болмаған кезде кулактарға мықты соққы беруге кіріскен болсақ, қазіргі нәтижелеріміз қандай болар еді?

Ешбір күмәнім жоқ, онда біз күресте ұтылған болар едік, егіс көлемін өзіміз арттыра білген қазіргі мөлшеріне жеткізіп ұлғайта алмаған болар едік, өнеркәсіп үшін азық-түлік және шикізат қорын жасау мүмкіндігін жойған болар едік, кулактардың күшеюін оңайлатқан болар едік, орташаларды өзімізден қа-

шықтатып алар едік, сөйтіп, бәлкім, ел ішіндегі саяси жағдай қәзір мейлінше шиеленісіп кеткен болар еді.

Биылғы жылдың бас кезінде біздің деревнядағы жағдайымыз қандай болды? Біз егіс көлемін соғыстан бұрынғы мөлшерге жеткізе ұлғайттық, өнеркәсіп үшін мықты шикізат және азық-түлік қорын жасадық, орташалардың көпшілігін Совет өкіметінің жағына қаратып алдық, кедейлер азды-көпті ұйымдасты, деревнядағы партия, совет ұйымдары жақсарып, нығайды. Тек осындай жағдайларда ғана кулактарға соққы беру ісінде елеулі табысқа жетеміз деп ойлауға болатындығы айқын емес пе? Деревняның капиталистік элементтеріне қарсы мықты бұқаралық күресті ұйымдастыру ісінде осы екі жағдайдың арасындағы бүкіл айырманы тек ақылы ауысқандар ғана түсінбейтіндігі айқын емес пе?

Уақыт пен орын жағдайларын есепке алмастан, күресуші күштердің арасалмағын есепке алмастан, барлық зеңбіректерден бірдей аты-жөні жоқ барлық майданды орынсыз атқылай берудің мысалы міне осы.

Астық дайындау мәселесінің жайы міне осындай, жолдастар.

Енді Шахты ісі туралы мәселеге көшейік.

III

ШАХТЫ ІСІ

Шахты ісінің таптық сыры қандай, Шахты ісінің жасырын тамырлары неде және осы экономикалық контрреволюция қандай таптық негізде туа алды?

Шахты ісін кездейсоқ нәрсе деп есептейтін жолдастар бар. Олар әлетте былай дейді: біз бұл арада қа-

пы жіберіп алыппыз, байқамай қалыппыз, ал егер, қапы қалмаған болсақ, онда бізде ешқандай Шахты ісі болмаған болар еді дейді. Мұнда қапы қалғандық бар екені, оның едәуір екені рас, — бұл жөнінде ешқандай күмән болмауға тиіс. Бірақ мұның бәрін қапы қалғандықтан деп білу істің мән-жайын түсінбегендік болады.

Шахты ісі жөнінде фактылар, материалдар нені көрсетеді?

Фактылардың көрсететіні — Шахты ісі бұрын көмір өнеркәсібін немденген буржуазиялық мамандардың бір бөлегі жасаған экономикалық контрреволюция болып табылады.

Онан соң фактылардың көрсететіні — бұл мамандар, құпия топ болып ұйымдасқаннан кейін, кәзір эмиграцияда жүрген бұрынғы қожайындарынан және Батыстағы контрреволюцияшыл антисоветтік капиталистік ұйымдардан зиянкестік жұмыс жүргізу үшін ақша алып отырған.

Ақырында, фактылардың көрсететіні — буржуазиялық мамандардың бұл тобы Батыстағы капиталистік ұйымдардың нұсқаулары бойынша әрекет істеп, біздің өнеркәсібімізді қыйратып отырған.

Ал мұның бәрі нені көрсетеді?

Мұның көрсететіні — біз бұл арада батыс-европалық антисоветтік капиталистік ұйымдардың біздің өнеркәсіп істеріне жасаған экономикалық интервенциясын көріп отырмыз. Кезінде әскери-саяси интервенция болды, мұны біз жеңімпаз азамат соғысы арқылы жоя білдік. Кәзір біз экономикалық интервенция жасау әрекетін көріп отырмыз, мұны жою үшін азамат соғысы қажет болмайды, бірақ мұны біз қалайда жоюға

ға тиіспіз және қолымыздағы барлық күш-құралды пайдалана отырып мұны жоямыз да.

Халықаралық капитал бізді тыныш қояды деп ойлау ақымақтық болар еді. Жоқ, жолдастар, бұлай деу дұрыс емес. Таптар бар, халықаралық капитал бар, сондықтан ол социализм орнатушы елдің дамуына жайбарақат қарап отыра алмайды. Бұрын ол, халықаралық капитал, Совет өкіметін тікелей соғыс интервенциясы арқылы құлатпақшы болған еді. Бұл әрекеті іске аспады. Енді ол біздің шаруашылық қуатымызды көзге көрінбейтін, ылғый байқала бермейтін, бірақ әбден батымды экономикалық интервенция арқылы әлсіретуге әрекеттеніп отыр және бұдан былай да әрекеттене бермек, ол зиянкестік ұйымдастырады, өнеркәсіптің белгілібір тарауларында әралуан «дағдарыстарды» әзірлейді, сөйтіп, болашақ соғыс интервенциясының мүмкіндігін оңайлатпақ болады. Мұндағы бар мәселе халықаралық капиталдың Совет өкіметіне қарсы тап күресінің түйініне келіп тіреледі, сондықтан ешқандай кездейсоқтықтар туралы әңгіме болуы мүмкін емес.

Екінің бірі:

не біз, барлық елдердің пролетарлары мен езілгендерін ССРО жұмысшы табының төңірегіне топтастыра отырып, революциялық саясатты бұдан былай да жүргізе береміз, — онда халықаралық капитал біздің ілгері басуымызға барынша бөгет жасап отырмақ;

не біз өзіміздің революциялық саясатымыздан бас тартамыз, халықаралық капиталға бірқатар принциптік кеңшіліктер жасаймыз, — онда халықаралық капитал біздің социалистік елімізді азғындатып «қайырымды» буржуазиялық республикаға айналдыру ісін-

де, бәлкім, бізге «көмектесуден» тайынбайтын болады.

Біздің сыртқы азаттық саясатын жүргізуімізге болады, сонымен бірге Европа мен Америка капиталистері бұл үшін бізді мақтайтындай етуіміз керек деп ойлайтын адамдар бар. Мен мұндай аңқау адамдар біздің партиямен ешбір үйлеспейтінін және үйлесе де алмайтынын дәлелдеп жатпаймын.

Мәселен, Англия бізден әйтеуір бір жерлерде, айталық, Персияда, Ауганстанда немесе Түркияда басқыншылық ықпал салаларын онымен бірге орнатысуды талап етеді, оның бержағында ол, егер біз осындай кеңшілікке баратын болсақ, бізбен «достық» орнатуға дайын екенін айтып сендірмек болады. Қалай дейсіздер, жолдастар, мүмкін осындай кеңшілікке барармыз.

Жалпы дауыс. Жоқ!

Сталин. Америка басқа елдердегі жұмысшы табының азаттық қозғалысын қолдау саясатынан біздің принцип жүзінде бастартуымызды талап етеді, егер осындай кеңшілікке барсаңдар, бәрі де жақсы болар еді дейді. Қалай дейсіздер, жолдастар, мүмкін осындай кеңшілікке барармыз.

Жалпы дауыс. Жоқ!

Сталин. Егер біз Манчжурияны бөлісіп алуға көнген болсақ, Жапониямен «достық» қатнастар орнатқан болар едік. Біз мұндай кеңшілікке бара аламыз ба?

Жалпы дауыс. Жоқ!

Сталин. Немесе, мәселен, бізден сыртқы сауда монополиясын «жұмсартыңдар», соғыс кезіндегі және соғыстан бұрынғы барлық борыштарыңды төлеуге кө-

ніңдер деп талап етеді. Мүмкін осылай етерміз, жолдастар.

Жалпы дауыс. Жоқ!

Сталин. Біз өзімізден өзіміз жериміз демесек, бұл кеңшіліктерге де, бұл сыяқты басқа кеңшіліктерге бара алмаймыз, — дәл сондықтан да біз халықаралық капиталдың бұдан былай да әралуан, түрлі қастық жасау жөніндегі әрекеттерін аңдып отыруға тиіспіз, бұл Шахты ісі бола ма, әлде сол сыяқты басқа бірдеңе бола ма, оның бәрібір.

Шахты ісінің таптық тамырлары міне осында.

Халықаралық капиталдың бізде соғыс интервенциясын ұйымдастыра алған себебі не? Оның себебі — біздің елде әскери мамандардың, генералдар мен офицерлердің, буржуазия мен помещик ұлдарының бірсыпыра топтары болды, олар Совет өкіметінің іргесінің түбінен ор қазуға әрқашанда дайын болып отырды. Осы офицерлер мен генералдар халықаралық капиталдың финанс, әскери және басқа түрлі көмегінсіз Совет өкіметіне қарсы мықты соғыс ұйымдастыра алар ма еді? Әрине, ұйымдастыра алмас еді. Халықаралық капитал ақгвардияшыл офицерлер мен генералдардың осы тобының жәрдемінсіз мықты интервенция ұйымдастыра алар ма еді? Менің ойымша, ұйымдастыра алмас еді.

Сол кезде бізде соғыс интервенциясы кездейсоқ нәрсе, егер біз Красновты, Мамонтовты, т. т. түрмеден босатпаған болсақ, интервенция болмас еді деп ойлаған жолдастар болды. Бұлай деу дұрыс емес. Мамонтовтың, Красновтың және басқа ақгвардияшыл генералдардың босатылуы азамат соғысының өршуінде өзінше роль атқарғаны рас, — бұл жөнінде күмән-

тануға болмайды. Бірақ соғыс интервенциясының тамыры мұнда емес, мұның тамыры, бір жағынан, Совет өкіметінің және, екінші жағынан, Россиядағы генерал қуйыршықтарымен қоса халықаралық капиталдың арасындағы тап қайшылықтарында жатыр, — бұл жөнінде де ешқандай күмән болмауға тиіс.

Халықаралық капиталдың финанстық және моральдық көмегі болмайынша, халықаралық капитал Совет өкіметін құлату ісінде жәрдем берер деп үміт етпейінше кейбір буржуазиялық мамандар, бұрынғы шахта иелері бізде Шахты ісін ұйымдастыра алар ма еді? Әрине, ұйымдастыра алмас еді. Бізде буржуазия болмаса, оның ішінде біздің елде Совет өкіметін бір қасық суға батырып жіберуден тайынбайтын буржуазиялық мамандардың кейбір тобы болмаса, халықаралық капитал бізде Шахты ісі сияқты экономикалық интервенция ұйымдастыра алар ма еді? Әлбетте, ұйымдастыра алмас еді. Тегінде бізде экономикалық интервенция жасаудан тайынбайтын, Совет өкіметін қыйратудан тайынбайтын буржуазиялық мамандардың мұндай топтары бар ма? Менің ойымша, бар. Мен олардың көп болуы мүмкін деп ойламаймын. Бірақ бізде буржуазиялық контрреволюцияшыл мамандардың кейбір мардымсыз топтары бар екені, бұлардың саны соғыс интервенциясы кезіндегіден анағұрлым аз екені рас, — бұл жөнінде күмән болмауға тиіс.

Осы екі күш біріге келіп, ССРО-да экономикалық интервенция жасау үшін жағдай туғызады.

Шахты ісінің таптық сыры міне дәл осында.

Енді Шахты ісінен туатын практикалық қортындылар туралы айтайын.

Мен Шахты ісінен көрініп отырған төрт практикалық қортындыға тоқталып өткім келеді.

Ленин адамдарды іріктеп алу мәселесі социализм құрылысындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады деген болатын. Шахты ісі біздің шаруашылық кадрларымызды іріктеп алуымыз нашар болғанын, нашар болғаны былай тұрсын, тіпті нақ осы кадрларды олардың өсуін қыйындататын жағдайда қалдырып келгенімізді көрсетеді. 33-номерлі бұйрық туралы, әсіресе осы бұйрықтың жолдамасы ретіндегі «үлгілі ереже» туралы әңгіме етушілер бар[14]. Осы үлгілі ереженің ерекше бір өзгешелігі — бұл ереже бойынша право біткеннің бәрі дерлік техникалық директорға беріліп қойылған, ал бас директорда дау-жанжалды жайғастыру, «өкілдік ету» және балалайка тарту правосы ғана қалдырылған. Әлбетте, мұндай жағдайларда біздің шаруашылық кадрларымыздың жеткілікті дәрежеде өсуі мүмкін емес еді.

Кезінде бұл бұйрық өте қажет еді, өйткені мұның өзі өзіміздің шаруашылық кадрларымыз мүлде жоқ кезде, біз өнеркәсіпті басқара білмейтін кезде, сондықтан негізгі праволарды лажсыздан техникалық директорға тапсыруға тура келген кезде шығарылған болатын. Ал енді бұл бұйрық шырмауға айналып отыр. Қәзір бізде тәжрибелі және өнеркәсібіміздің нағыз басшылары болып өсіп жетілуге қабілетті өз шаруашылық кадрларымыз бар. Дәл сондықтан да, ескіріп қалған үлгілі ережені бұзып, оның орнына жаңа ереже қабылдайтын уақыт жетті.

Коммунистердің, әсіресе, шаруашылық жұмысындағы коммунист жұмысшылардың химиялық формулаларды, жалпы техникалық білімдерді меңгеруі мүм-

кін емес деседі. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Дүние жүзінде еңбекшілер, большевиктер ала алмайтын қамал жоқ. (Қол шапалақтау.) Буржуазияға қарсы өз күресімізде біз нелер мықты қамалдарды алғанбыз. Бар әңгіме техникалық білімдерді меңгеруге және өжеттікпен, большевиктік шыдамдылықпен қарулануға құлшынған талаптың болуында. Бірақ шаруашылық кадрларымыздың жұмыс жағдайларын өзгертіп, олардың нағыз, толық праволы іскер қожайындар болып шығуына көмектесу үшін ескі үлгілі ережені бұзып, оның орнына жаңа ереже қабылдау қажет. Олай етпеген күнде біз өз адамдарымызды бұзып алуымыз ықтимал.

Құлдырап кеткен кейбір шаруашылық қызметкерлеріміз біздің қай-қайсымыздан болса да нашар ма еді? Осы жолдастардың және осылар сияқты басқа да жолдастардың өз тұрмысында буржуазиялық мамандармен араласып кеткен себебі, сөйтіп, құлдырап, азғындай бастаған себебі не? Оның себебі — біздің шаруашылық практикамыз дұрыс емес, оның себебі — шаруашылық қызметкерлерімізді іріктеп алудағы, олардың жұмысындағы жағдайлар олардың өсуін қиындатып отыр, оларды буржуазиялық мамандардың құйыршығына айналдырып отыр. Мұндай практиканы жою керек, жолдастар.

Шахты ісінен көрініп отырған екінші қортынды — біз өзіміздегі техникалық оқу орындарында кадрларды нашар оқытып жүрміз, біз өзіміздің қызыл мамандарымызды нашар даярлап жүрміз. Бұл ешбір бұлтартпайтын қортынды. Мәселен, біздің бірталай жас мамандарымыздың іске лайық келмей, өнеркәсіпке жарамсыз болып шыққан себебі не? Себебі олар кі-

тап бойынша оқыды, олар кітаптың мамандары, оларда практикалық тәжрибе жоқ, олар өндірістен қол үзген, солай болған соң олар, әлбетте, женіліске ұшырайды. Ал бізге осындай мамандар керек пе? Жоқ, бізге мұндай мамандар керек емес, олар үш есе жас мамандар болса да керек емес. Бізге тек теория жағынан ғана емес, сонымен қатар практикалық тәжрибесі жағынан да, өндіріспен байланыстылығы жағынан да күшті мамандар керек, олар коммунистер бола ма, коммунист еместер бола ма, оның бәрібір.

Шахтаны көрмеген және шахтаға түскісі келмейтін жас маман, заводты көрмеген және заводта үстін былғағысы келмейтін жас маман практикалық тәжрибесі жағынан ысылған, бірақ біздің ісімізге қас ескі мамандармен ешқашанда тайталаса алмайды. Сондықтан мұндай жас мамандарды тек ескі мамандар ғана емес, тек біздің шаруашылық қызметкерлеріміз ғана емес, көп реттерде жұмысшылар да жыйырылып қарсы алатын себебі не екенін оңай түсіндіруге болады. Ал жас мамандар мұндай тұтқыйыл оқыйғаларға кезікпеуі үшін оларды оқыту ісін өзгерту керек, өзгерткенде осы жас мамандар жоғары дәрежелі техникалық оқу орындарына түскен соң алғашқы жылдардан бастап-ақ өндіріспен, фабрикамен, шахтамен, т. т. тығыз байланыс жасап отыратын болсын.

Үшінші қортынды қалың жұмысшылар бұқарасын өнеркәсіпті басқару ісіне тарту мәселесі жайында. Шахты материалдарының мәліметтері бойынша бұл жөніндегі істің жайы қандай? Өте нашар. Адам айтқысыз нашар, жолдастар. Еңбек заңдары кодексінің бұзылып отыратындығы, жер астындағы 6 сағаттық жұмыс күнінің ылғый сақтала бермейтіндігі, еңбек

қорғау шарттарының аяққа басылып келе жатқандығы дәлелденген нәрсе. Ал жұмысшылар шыдап отыр Ал кәсіпшілер одақтары үндемей отыр. Ал партия ұйымдары бұл соракылықты жоюға шара қолданбай отыр.

Таяуда Донбасқа барып қайтқан бір жолдас онда шахталарға түсіп, шахтёрлердің жұмыс жағдайларын сұрастырыпты. Бір айтақаларлық нәрсе, шахтёрлердің бірде-бірі жұмыс жағдайлары жөнінде шағым ете қоймапты. «Тұрмыстарыңыз қалай, жолдастар?»—деп сұрайды әлгі жолдас. «Шүкір, тұрмысымыз жаман емес, жолдас», — дейді оған шахтёрлер. «Мен Москваға жүремін, айтыңыздар маған, орталыққа не тапсыр дейсіздер?» — деп сұрайды ол. «Ондағыларға айтыңыз, біздің тұрмысымыз жаман емес», — дейді шахтёрлер. «Тыңдаңыздар, жолдастар, мен шетелдік емеспін ғой, мен орыспын және мұнда келгенде сізсерден шындықты білу үшін келдім», — дейді әлгі жолдас. «Бізге бәрібір, жолдас, шетелдіктерге болсын, өз адамдарымызға болсын біз тек қана шындықты айтамыз», — дейді оған шахтёрлер.

Біздің шахтёрлердің сыйпаты міне осындай. Бұлар жай ғана жұмысшылар емес, нағыз ерлер. Біз жұмысшылардың жүректерінде жыйнап үлгірген моральдық капитал байлығы міне дәл осында. Міне осы өлшеусіз бағалы моральдық капиталды біздің Октябрь революциясының ұшан-теңіз мұрасының жөн білмес, алаңғасар мұрагерлеріндей-ақ рабайсыз және қылмысты түрде ысрап етуіміз неткен сұмдық десеңізші! Бірақ, жолдастар, ескі моральдық капиталмен ұзақ тұра беруге және оны орынсыз ысрап етуге болмайды. Бұған тыйым салатын уақыт жетті. Әлдеқашан уақыт жетті!

Ақырында, төртінші қортынды жұмыстың орындалуын тексеру мәселесі жайында. Шахты ісі бізде жұмыстың орындалуын тексеру жайы басқару жұмысының барлық салаларында, партиялық жұмыс саласында да, өнеркәсіп пен кәсіпшілер одақтарының жұмысы саласында да өте нашар екендігін көрсетті. Қарарлар жазылып жатады, директивалар жіберіліп жатады, бірақ: осы қарарлар мен директивалардың орындалуы қалай, бұлар іс жүзінде орындалып отыра ма әлде аяқсыз қала ма? — деп өзіне сұрақ беруді ойлап жүрген ешкім жоқ.

Ильич ел басқару ісіндегі күрделі мәселелердің бірі жұмыстың орындалуын тексеру мәселесі болып табылады деген болатын. Бірақ дәл осы мәселеде біздегі істің жайы өте нашар болып отыр. Басшылық ету дегеніміз қарарлар жазып, директивалар жіберіп отыру деген сөз бола қоймайды. Басшылық ету дегеніміз директивалардың орындалуын тексеріп отыру деген сөз, онда да тек директивалардың орындалуын ғана емес, сонымен қатар директивалардың өздерін, нақтылы практикалық жұмыс тұрғысынан қарағанда олардың дұрыстығын немесе қателігін тексеріп отыру деген сөз. Біздің барлық директиваларымыз түгел 100 процент дұрыс деп ойлау ерсі болар еді. Жолдастар, бұлай болмайды және бұл мүмкін де емес. Жұмыстың орындалуын тексеру дегеніміздің мәнісі дәл мынада: біздің қызметкерлеріміз тек директиваларымыздың орындалуын ғана емес, сонымен қатар нақ осы директивалардың дұрыстығын да практикалық тәжрибенің тезіне салып тексеріп отыруы керек. Сондықтан бұл

саладағы кемістіктер бүкіл біздің басшылығымыздағы кемістіктер болып табылады.

Мәселен, кілең партиялық бағытта жұмыстың орындалуын тексеру жайын алайық. Біз Орталық Комитет директиваларының орындалуын тексерерде әдетте округкомдар мен губкомдардың секретарьларын Орталық Комитетке баяндамаға шақырамыз. Секретарьлар баяндама жасап, өз жұмысындағы кемшіліктерді мойындайды. Орталық Комитет олардың мінін көрсетіп, үйреншікті қарарларды қабылдайды, жұмыс тереңдетіліп ұлғайтылсын, пәлендей және түгендей нәрселер баса көрсетілсін, пәлендей-түгленде нәрселерге, т. б. мықты көңіл бөлінсін деп нұсқау береді. Секретарьлар осы қарарларды алып, өз жерлеріне кетеді. Кейін оларды тағыда шақырамыз, тереңдету, ұлғайту, т. т., т. с. жөніндегі әлгі нәрселер қайтадан басталады. Мен осы жұмыстың бәрі пайдасыз қалады деп тұрған жоқпын. Жоқ, жолдастар, ұйымдарды тәрбиелеу, оларды серпілту мағнасында алғанда бұл істің жақсы жақтары бар. Бірақ жұмыстың орындалуын тексерудің бұл әдісі кәзірде жеткіліксіз екенін мойындау керек. Бұл әдісті екінші бір әдіспен, атап айтқанда біздегі басшы партия-совет орындарының мүшелерін жергілікті жұмысқа жіберіп отыру әдісімен толықтыру керек. (Д а у ы с: «Бұл жақсы іс!».) Мен біздегі басшы жолдастарды жер-жерге уақытша жұмысқа жібергенде басқарушылар ретінде емес, жергілікті ұйымдардың қарамағында болатын жай қызметкерлер ретінде жіберу керек деймін. Менің ойымша, бұл істің болашағы зор және егер мұның өзі адал, ақ ниетпен орындалатын болса, тексеру ісін жақсарта алады.

Егер Орталық Комитеттің мүшелері, Орталық Ба-

қылау Комиссиясының мүшелері, наркомдар мен олардың орынбасарлары, ВЦСПС президиумының мүшелері, кәсіпшілер одақтары орталық комитеттері президиумдарының мүшелері үнемі жер-жерлерге барып, онда жұмыс жүргізетін болса, сөйтіп жұмыстың байыбына барып, барлық қиыншылықтарды, барлық залал мен пайданы зерттеп отыратын болса, — онда сене беріңіз, мұның өзі ең тыңғылықты, ең нәтижелі тексеру болады. Мұның өзі біздің қадірлі басшыларымыздың тәжрибесін байытудың ең жақсы құралы болады. Ал егер мұның өзі системаға енген болса, — ал мұның өзі системаға сөзсіз енуге тиіс, — онда сене беріңіздер, осы жерде біз жазатын заңдар да, біз жасайтын директивалар да кәзіргі уақыттағыдан анағұрлым нақтылы, анағұрлым дұрыс болар еді.

Шахты ісі жөніндегі мәселенің жайы міне осылай, жолдастар.

IV

ЖАЛПЫ ҚОРТЫНДЫ

Бізде ішкі жаулар бар. Бізде сыртқы жаулар бар. Мұны бір минут те ұмытуға болмайды, жолдастар.

Бізде дайындау дағдарысы болды, біз бұл дағдарысты кәзірде жойдық. Дайындау дағдарысының өзі деревнядағы капиталистік элементтердің нэп тұсында Совет өкіметіне қарсы жасаған бірінші мықты аттанысы болды.

Бізде Шахты ісі бар, бұл іс кәзірде жойыла бастап отыр және күмәнсіз жойылады да. Шахты ісінің өзі халықаралық капиталдың және оның біздің елдегі агенттерінің Совет өкіметіне қарсы жаңадан жасаған

аттанысы болып табылады. Бұл — біздің ішкі істерімiздегі экономикалық интервенция.

Бұл аттаныстар және бұл сияқты басқа да аттаныстар ішкі салада болсын, сыртқы салада болсын қайталауы мүмкін, сірə, қайталайтын да шығар. Біздің міндет — қырағылықты барынша күшейтіп, сақ болу керек. Ал егер, жолдастар, біз сақ болсақ, өз жауларымызды мүлтіксіз қыйрататын боламыз, оларды қазір қалай қыйратып отырған болсақ, өткен кезде қалай қыйратқан болсақ, келешекте де солай қыйратып отырамыз. (**Ұ з а қ, д у қ о л ш а п а л а қ т а у.**)

„Правда" № 90,
18 апрель, 1928 ж.

КОСТРОМА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҚҰТТЫҚТАУ

Бірінші май күні, Костромада, — партиямыздың негізін салушы — Ленинге арналған ескерткіш ашылған күні Кострома жұмысшыларына туысқандық сәлем жолдаймын!

Кострома жұмысшылары жасасын!

Бірінші май жасасын!

Лениннің есімі жұмысшы табының жүректерінде мәңгі-бақый сақталсын!

И. Сталин

30 апрель, 1928 ж.

„Северная Правда" газеті (Кострома) № 102, 4 май, 1928 ж.

БЛКЖО VIII СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[16]

16 май, 1928 ж.

Жолдастар! Әдетте съездерде табыстар туралы айтылады. Күмән жоқ, бізде табыстар бар. Олар, бұл табыстар, әрине, аз емес, оларды жасырудың қажеті де жоқ. Бірақ, жолдастар, бізде соңғы кезде табыстар туралы тым көп айтылып жүргендігі, кейде кісіні жалықтыратындығы соншалық, айтылғанды қайталауға тіпті зауқың шаппайды. Сондықтан менің жалпы салтты бұзып, табыстарымыз туралы емес, әлсіздіктеріміз туралы және осы әлсіздіктерге байланысты міндеттеріміз туралы бірнеше сөз айтуыма рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, менің айтып тұрғаным ішкі құрылысымыздың мәселелерін қамтыйтын міндеттер.

Бұл міндеттер үш мәселені: саяси жұмысымыздың бағыты туралы мәселені, жалпы бұқараның, әсіресе жұмысшы табының саяси белсенділігін арттыру, бюрократизммен күресу мәселесін және, ақырында, шаруашылық құрылысымыздың жаңа кадрларын өсіру мәселесін қамтыйды.

I

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЗІРЛІГІН НЫҒАЙТЫҢДАР

Бірінші мәселеден бастайын. Үстіміздегі кезеңнің ерекше өзгешелігі — біз құрылыс жұмысын міне бес жылдан бері бейбіт даму жағдайларында жүргізіп келеміз. Мен бейбіт даму деп тек сыртқы жауларға қарсы соғыстың болмауы мағнасында ғана емес, сонымен қатар ел ішінде азамат соғысы элементтерінің болмауы мағнасында да айтып тұрмын. Міне осының өзі бізде құрылысымыздың бейбіт даму жағдайлары деп аталады.

Өздеріңіз білесіздер, біз бейбіт дамудың осы жағдайларын туғызу үшін бүкіл дүниенің капиталистерімен үш жыл соғыстық. Өздеріңіз білесіздер, біз бұл жағдайларды туғыздық, ал біз мұны өзіміздің асқан зор табысымыз деп есептейміз. Бірақ, жолдастар, жеңіс атаулының, оның ішінде бұл жеңістің, өзіндік тиімсіз жақтары да бар. Бейбіт құрылыс жағдайлары біз үшін тегін кеткен жоқ. Бұлар біздің жұмысымызға, біздің қызметкерлерімізге, олардың психологиясына өзінің әсерін тигізді. Біз осы бес жылдың ішінде кең рельспен жылжығандай біртегіс ілгері басып отырдық. Осыған байланысты бірқатар қызметкерлеріміз: бәрі де қолмен қойғандай реттеле береді, біз есебі тәте поезда отырғандаймыз және рельспен социализмге қарай тоқтаусыз тіке жылжып барамыз деген пікірді айта бастады.

Осы негізде «өзбетіндік» теориясы, «бәлкім-мүмкін» теориясы туды, бәрі өзінен өзі «реттеле береді», бізде таптар жоқ, біздің жауларымыз тынышталды,

енді бәрі де қолмен қойғандай жүріп отырады деген теория туды. Біраз сылбырлыққа, самарқаулыққа салынудың себебі осыдан. Міне осы самарқаулық психологиясы, жұмыстағы «өзбетіндік» психологиясы, — нақ осының өзі бейбіт даму дәуірінің тиімсіз жағы болып табылады.

Мұндай пікірлердің қауіптілігі неде? Бұлардың қауіптілігі мынада: бұлар жұмысшы табының көзін бояйды, оның өз жауларын түстеп тануына мүмкіндік бермейді, жауларымыздың әлсіздіктері туралы лепірме сөздермен оның қырағылығын бәсеңдетеді, сөйтіп оның жауынгерлік әзірлігін әлсіретеді.

Біздің партияда бір миллион мүше, комсомолда — екі миллион, кәсіпшілік одақтарында — он миллион мүше бар, жауларды біржолата жеңу үшін осының өзі-ақ жеткілікті деп өзіңді жұбатуға болмайды. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Тарихтың ыспаттауына қарағанда, дандайсып кеткендіктен, өз күшіне тым көп сеніп, жаулардың күшімен тым аз санасқандықтан, самарқаулыққа салынып, жауынгерлік әзірлігін жоғалтқандықтан, сөйтіп қиын-қыстау кезеңде қарбаласқа ұшырағандықтан ең зор армиялар да мерт болып отырған.

Егер тарихтың сабақтарын ескермесе, егер өз табының жауынгерлік әзірлігін күннен күнге шыңдамаса, ең зор партия да қапелімде қарбаласқа ұшырауы мүмкін, ең зор партия да мерт болуы мүмкін. Қапелімде қарбаласқа ұшырау деген — өте қауіпті нәрсе, жолдастар. Қапелімде қарбаласқа ұшырау дегеннің мәнісі — «тұтқыйыл жағдайдың» құрбаны, жаудан үрейленушіліктің құрбаны болу деген сөз. Ал үрей-

шілдіктің өзі азып-тозуға, жеңілуге, мерт болуға апарып соғады.

Мен сіздерге армияларымыздың азамат соғысы кезіндегі өмірінен толып жатқан мысалдар келтіре аламын; ол кезде кішкене отрядтар жеткілікті жауынгерлік әзірлігі жоқ зор әскер құрамаларының күлін көкке ұшырып отырды. Мен сіздерге мынаны айтайын: 1920 жылы бір ғана жаяу әскер батальоны кемінде 5 мың адамы бар үш аттыәскер дивизиясын қыйратып, оларды бейберекет қашырған болатын, оның себебі тек қана мынау: қапелімде қарбаласқа ұшыраған дивизиялар, тосын жаудан қатты үрейленді, олар жаудың қандай екенін білмеді, ал жаудың саны тым аз еді, егер әлгі дивизиялар самарқаулық халінде болмаған болса, кейін — үрейшілдікке, сасқалақтыққа салынбаған болса, бұл жауды бір соққанда-ақ жаныштап тастаған болар еді.

Біздің партия туралы, біздің комсомол туралы, біздің кәсіпшілік одақтары туралы, жалпы күштеріміз туралы да осыны айту керек. Бізде тап жаулары енді жоқ, олар қыйратылып, жойылды деу дұрыс емес. Жоқ, жолдастар, біздің тап жауларымыз өмір сүріп отыр. Өмір сүріп отырғаны былай тұрсын, тіпті совет өкіметіне қарсы шығуға әрекеттеніп, өсіп келеді.

Быйылғы қыста бізде болған дайындау қыйыншылықтары осыны көрсетеді; ол кезде деревняның капиталистік элементтері совет өкіметінің саясатын бұзуға әрекеттенді.

Шахты ісі де осыны көрсетеді; ал мұның өзі совет өкіметіне қарсы халықаралық капитал мен еліміздегі буржуазияның бірлесіп жасаған аттанысының көрінісі болып табылады.

Ішкі саясат пен сыртқы саясат саласындағы көптеген фактылар осыны көрсетеді; бұл фактылар өздеріңізге белгілі, сондықтан бұл арада олар туралы айтып жатпаймын.

Жұмысшы табының осы жаулары туралы үндемей отыру қиысынсыз нәрсе. Жұмысшы табының тап жауларының күшін кемітіп көрсету — қылмысты нәрсе. Әсіресе қазір, біздегі бейбіт даму дәуірінде, жұмысшы табының жауынгерлік әзірлігін әлсірететін самарқаулық пен «өзбетіндік» теориясы өзіне кейбір қолайлы негіз тауып отырған кезде мұның бәрін айтпай, үндемей отыруға болмайды.

Дайындау дағдарысы мен Шахты ісінің орасан зор тәрбиелік маңызы мынада: бұлар біздің барлық ұйымдарымызды серпілтті, «өзбетіндік» теориясын күйретті, сөйтіп тап жауларының барлығын, олардың өмір сүріп отырғанын, олардың қарап жатпайтындығын және оларға қарсы жұмысшы табының күштерін, оның қырағылығын, оның революцияшылдығын, оның жауынгерлік әзірлігін нығайту қажет екенін тағыда айқын көрсетіп берді.

Сондықтан партияның кезекті міндеті, оның күнделікті жұмысының саяси бағыты: жұмысшы табының **тап жауларына қарсы оның жауынгерлік әзірлігін арттыру.**

Комсомолдың осы съезінің, әсіресе «Комсомольская Правданың» бұл міндетке бұрынғы кездегіден гөрі шұғыл кірісіп отырғанын атап өтпеуге болмайды. Өздеріңіз білесіздер, шешендердің сөздерінде, сондай-ақ «Комсомольская Правданың» мақалаларында да бұл міндеттің маңыздылығы атап көрсетіліп отыр. Бұл өте жақсы, жолдастар. Тек бір қажет нәрсе, бұл міндетті

уақытша және өткінші міндет деп есептемеу керек, өйткені пролетариаттың жауынгерлік әзірлігін күшейту міндеті елімізде таптар барда және айналамызда капиталистік қоршау барда бүкіл жұмысымыздың тетігі болуға тиісті міндет болып табылады.

II

ТӨМЕННЕН БҰҚАРАЛЫҚ СЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫҢДАР

Екінші мәселе бюрократизмге қарсы күресу міндетін, біздегі кемшіліктерді сынайтын бұқаралық сын ұйымдастыру міндетін, төменнен бұқаралық бақылауды ұйымдастыру міндетін қамтиды.

Ілгері басуымызға кедергі келтіретін ең мейрімсіз жаулардың бірі бюрократизм болып табылады. Мұның өзі біздің барлық ұйымдарымызда — партия ұйымдарында да, комсомол ұйымдарында да, кәсіпшілік ұйымдарында да, шаруашылық ұйымдарында да бар. Бюрократтар туралы әңгіме еткенде, жұрт әдетте партияда жоқ ескі чиновниктерді саусақпен нұсқап көрсетеді, әдетте бізде осы чиновниктердің карикатуралары көзілдірікті адамдар түрінде суреттеліп жүр. (Күлкі.) Бұл онша дұрыс емес, жолдастар. Егер әңгіме тек ескі бюрократтар туралы ғана болып отырған болса, бюрократизмге қарсы күресу ең оңай іс болған болар еді. Жаман жері сол, әңгіме қарт бюрократтарда болмай отыр. Әңгіме жаңа бюрократтарда, жолдастар, әңгіме совет өкіметіне тілектес бюрократтарда, ақырында, әңгіме коммунистердің ішіндегі бюрократтарда. Бюрократ коммунист — бюрократтың ең қауіптісі. Неге? Неге десеңіз, ол өзінің бюрократтығын пар-

тия мүшесі деген атақпен бүркейді. Амал не, мұндай бюрократтар бізде аз емес.

Біздің партия ұйымдарын алыңыздар. Сіздер, бәлкім, Смоленскі ісі туралы, Артемовскі ісі туралы, т. т. туралы оқыған боларсыздар. Қалай дейсіздер, бұл — кездейсоқ нәрсе ме? Біздің партия ұйымдарының кейбір буындарында мінез-құлықтың азғындап, бұзылуын көрсететін осы масқара фактылардың болу себебі не? Мұның себебі — жұрт партия монополиясын сорақылыққа жеткізген, төменгілердің үнін басып тастаған, партия ішіндегі демократияны жойған, бюрократизмді өршіткен. Осы қырсыққа қарсы қалай күресу керек? Менің ойымша, бұл қырсыққа қарсы төменнен партиялық бұқараның бақылауын ұйымдастырудан басқа, партия ішінде демократияны өршітуден басқа ешқандай амалдар жоқ және болуы мүмкін де емес. Осы азғындаған элементтерге қарсы партиялық бұқараның ызасын қоздырып, мұндай элементтерді желкелеп қуып жіберуіне мүмкіндік беру керек екенін кім теріс дей алады? Мұны ешкім де теріс дей алмас.

Немесе, мәселен, комсомолды алайық. Кей жерлерде комсомолда мүлде азғындаған элементтер бар екенін сіздер, әрине, бекер дей алмайсыздар, міне осы элементтерге қарсы аяусыз күрес жүргізу өте қажет. Бірақ азғындағандарды былай қояйық. Комсомол ішінде жеке адамдар төңірегінде жүргізілген принципсіз жікшілдік күрестің, комсомолдағы жағдайды ушықтыратын күрестің соңғы фактысын алайық. Комсомол ішінде «косаревшілдер» мен «соболевшілдердің» қанша десең де табылатындығы, ал марксистерді қолға шам алып іздеуге тура келіп жүргендігі қалай? (Қол шапалақтау.) Бұл фактылар комсомолдың басшы

орындарының кейбір буындарында бюрократиялық қатып-сему процесі болып жатқанын көрсетпегенде нені көрсетеді?

Ал кәсіпшілік одақтары ше? Кәсіпшілік одақтарында бюрократизмнің жетіп артылатындығын кім бекер дей алады? Біздің кәсіпорындарында өндірістік кеңестер бар. Біздің кәсіпшілер одақтарының жанында уақытша бақылау комиссиялары бар. Бұл ұйымдардың міндеті — бұқараны ояту, біздегі кемшіліктерді әйгілеу және құрылысымызды жақсарту жолдарын белгілеу. Бізде бұл ұйымдардың дамымай отырған себебі не? Оларда тіршіліктің қызбай отырған себебі не? Кәсіпшілер одақтарындағы бюрократизм, оның үстіне партия ұйымдарындағы бюрократизм жұмысшы табының осы аса маңызды ұйымдарын дамытпай отырғандығы айқын емес пе?

Ақырында, біздің шаруашылық ұйымдарымызды алайық. Шаруашылық органдарымызда бюрократизм жоқ емес екенін кім бекер дей алады? Тіпті Шахты ісін-ақ алыңыздар. Шахты ісі біздің шаруашылық органдарымыз ілгері басудың орнына жер сызып, сүйретіліп келе жатқандығын көрсетіп отырған жоқ па?

Барлық осы ұйымдардағы бюрократизмді қалай құрту керек?

Бұл үшін тек бірғана-жалғыз жол бар — төменнен бақылау ісін ұйымдастыру керек, мекемелеріміздегі бюрократизмге қарсы, олардың кемшіліктеріне қарсы, олардың кателеріне қарсы жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының сынын ұйымдастыру керек.

Ұйымдарымыздың бюрократиялық бұрмалаушылықтарына қарсы еңбекшілер бұқарасының ызасын қоздырғанда, өткен кезде еңбек сіңірген, ал қазірде

бюрократиялық дертке шалдыққан кейбір жолдастарымызды кейде іліп кетуге тура келеді. Бірақ мұның өзі төменнен бақылау ісін ұйымдастыру жөніндегі жұмысымызды тоқтата ала ма? Менің ойымша, тоқтата алмайды, тоқтатуға тиіс те емес. Олардың сіңірген ескі еңбектері үшін оларға жарым белден иіліп тәжім ету керек, ал жаңа қателері мен бюрократтығы үшін оларды жон арқадан соқса да теріс болмайды. (Күлкі, қол шапалақтау.) Әйтпесе қалай етпекпіз? Егер іс мүдделері осыны керек ететін болса, осылай етпейтін несі бар?

Жоғарыдан болатын сын туралы, ЖШИ тарапынан, партиямыздың Орталық Комитеті тарапынан болатын, т. с. сын туралы әңгіме етушілер бар. Мұның бәрі, әрине, жақсы-ақ. Бірақ бұл әлі де мүлде жеткіліксіз. Ол ол ма, кәзір басты мәселе әсте мұнда емес. Кәзіргі басты мәселе мынада: жалпы бюрократизмге карсы, әсіресе біздің жұмысымыздағы кемшіліктерге қарсы төменнен күшті сын толқынын көтеру керек. Тек екі жақтан бірдей — жоғарыдан да, төменнен де — талқы ұйымдастырғанда ғана, тек сынның негізгі салмағы төменге көшірілген кезде ғана күрестің ойдағыдай жүргізілетіндігіне және бюрократизмнің жойылатындығына сенуге болады.

Құрылыс тәжрибесі тек басшыларда ғана бар деп ойлау қате болар еді. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Өнеркәсібімізді өркендетіп жатқан миллиондаған жұмысшылар бұқарасының орасан зор құрылыс тәжрибесі басшылардың тәжрибесінен бірде кем емес. Төменнен жасалатын бұқаралық сын, төменнен жасалатын бақылау бізге, бір есептен, мынау үшін керек: миллиондаған бұқараның осы тәжрибесі тек кетпеуі

үшін, мұны есепке алып, іске асырып отыру үшін керек.

Сондықтан партияның кезекті міндеті: **бюрократизмге қарсы аяусыз күрес жүргізіп отыру, төменнен бұқаралық сын ұйымдастыру, біздегі кемшіліктерді жою туралы практикалық қарарларда бұл сынды есепке алып отыру.**

Комсомол, әсіресе «Комсомольская Правда» бұл міндеттің маңыздылығын ескеріп отырған жоқ деуге болмайды. Мұндағы кемшілік — көп реттерде бұл міндет аяғына дейін орындалмай жүр. Ал мұны аяғына дейін орындау үшін тек сынның өзін ғана емес, сынның нәтижелерін де, сынның нәтижесінде енгізілген жақсартуларды да есепке алып отыру керек.

III

ЖАСТАР ҒЫЛЫМДЫ МЕҢГЕРУГЕ ТИІС

Үшінші міндет социалистік құрылыстың жаңа кадрларын ұйымдастыру мәселесін қамтыйды.

Жолдастар, бүкіл халық шаруашылығымызды қайта құру жөнінде біздің алдымызда зор міндеттер тұр. Ауыл шаруашылығы саласында біз біріккен ірі қоғамдық шаруашылықтың іргесін қалауға тиіспіз. Сіздер Молотов жолдастың бүгінгі үндеуінен[16] білген боларсыздар, совет өкіметі ұсақ, бытыраңқы шаруа шаруашылықтарын коллективтерге ұйымдастыру жөнінде және астық өндіретін жаңа ірі совет шаруашылықтарын құру жөнінде аса қыйын міндетті алға қойып отыр. Бұл міндеттерді орындамайынша айта қаларлықтай, шапшаң ілгері басу мүмкін емес.

Егер индустрияда совет өкіметі ең ірі, шоғырлан-

ған өндіріске сүйенетін болса, ал ауыл шаруашылығында ол ең бытыраңқы және ұсақ шаруа шаруашылығына сүйенеді: мұның өзі жартылай товарлы шаруашылық болып табылады және егіс көлемінің соғыстан бұрынғы мөлшерге жеткеніне қарамастан, товарлы астықты соғыстан бұрынғы шаруашылықтан анағұрлым аз береді. Келешекте астық дайындау саласында кездесетін әралуан ықтимал қиындықтардың негізі осында. Мұндай жағдайдан құтылу үшін ауыл шаруашылығында ірі қоғамдық өндірісті ұйымдастыру ісін мықтап қолға алу керек. Ал ірі шаруашылықты ұйымдастыру үшін ауыл шаруашылығы туралы ғылымды білу керек. Білу үшін — үйрену керек. Ал ауыл шаруашылығы туралы ғылымды білетін адамдар бізде сұмдық аз. Сондықтан жаңа, қоғамдық ауыл шаруашылығын құрушылардың жаңа, жас кадрларын өсіру міндеті алға қойылып отыр.

Өнеркәсіп саласында істің жайы анағұрлым жақсы. Бірақ мұнда да жаңа құрылысшы кадрларымыздың жетімсіздігі біздің ілгері басуымызға кедергі болып отыр. Социалистік индустрияның жаңа кадрлары туралы мәселенің мейлінше зәру мәселе екенін түсіну үшін Шахты ісін еске түсірсе болғаны. Әрине, бізде өнеркәсіп құрылысының ескі мамандары бар. Бірақ, біріншіден, олар бізде аз, екіншіден, жаңа өнеркәсіпті өркендетуді олардың бәрі бірдей ұната бермейді, үшіншіден, олардың бірталайы құрылыстың жаңа міндеттерін түсінбейді, төртіншіден, олардың едәуір бөлегі қазірде қартайып, қатардан шыға бастап отыр. Істі ілгері бастыру үшін жұмысшы табының адамдарынан, коммунистерден, комсомолецтерден мамандардың жаңа кадрларын тездеп өсіру керек.

6*

Бізде ауыл шаруашылығы саласында болсын, өнеркәсіп саласында болсын құрылыс ісін жүргізуді, оған басшылық етуді қалайтын талапкерлер тіпті жетіп артылады. Бірақ құрылыс ісін жүргізе білетін және басшылық ете білетін адамдар бізде сұмдық аз. Мұның керісінше, бізде бұл саладағы надандық ұшан-теңіз. Ол ол ма, біздегі мәдениетсіздікті мадақтаудан тайынбайтын адамдар бар. Егер сен сауатсыз болсаң немесе теріс жазатын болсаң, сөйтіп өзіңнің артта қалғандығыңды мақтан ететін болсаң, — онда сенің «станоктегі» жұмысшы болғаның, құрметті де, қадірлі де сенсің. Егер сен мәдениетсіздіктен құтылған болсаң, сауатың ашылған болса, ғылымды меңгерген болсаң, — сенің жат адам болғаның, бұқарадан «қол үзгенің», жұмысшы болудан қалғаның.

Менің ойымша, осы варварлық пен тағылықты жоймайынша, ғылым мен мәдениетті адамдарға осылай варварлықпен қараушылықты жоймайынша, біз бір адым да ілгері баса алмаймыз. Егер жұмысшы табы мәдениетсіздіктен құтыла білмейтін болса, егер ол өз интеллигенциясын жасай алмайтын болса, егер ол ғылымды меңгермейтін болса және ғылымның негізінде шаруашылықты басқара білмейтін болса, елдің нағыз қожайыны бола алмайды.

Жолдастар, кәзіргі күрес жағдайлары азамат соғысы дәуіріндегіден басқаша екенін түсіну керек. Азамат соғысы дәуірінде жаудың позицияларын қайсарлықпен, батырлықпен, өжеттікпен, кавалериялық тегеурінмен алуға болатын еді. Қәзір, бейбіт шаруашылық құрылысы жағдайларында кавалериялық тегеурінмен тек істі бүлдіріп аласың. Батырлық пен өжеттік бұрын қандай керек болған болса, кәзірде де сон-

дай керек. Бірақ жалғыз батырлықпен, өжеттікпен алыска бара алмайсың. Қәзір жауды қыйрату үшін өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты, сауданы жүргізе білу керек, саудаға пандыкпен, такаппарлыкпен қарауды қою керек.

Құрылыс ісін жүргізу үшін білу керек, ғылымды меңгеру керек. Білу үшін үйрену керек. Қажырлылықпен, шыдамдылықпен үйрену керек. Барша жұрттан — жаулардан да, достардан да үйрену керек, әсіресе жаулардан үйрену керек. Құшырланып үйрену керек, жаулар бізді, біздің надандығымызды, біздің артта қалғандығымызды мазақтайды екен деп қорыкпастан үйрену керек.

Біздің алдымызда тұрған қамал бар. Мұның, бұл қамалдың аты — көптеген білім салалары бар ғылым Біз бұл қамалды кайткен күнде де алуға тиіспіз. Егер жастар жаңа тұрмыс орнатушы боламыз десе, егер олар қарт гвардияның шын орын басары боламыз десе, бұл қамалды алуға тиіс.

Қәзір барлық нәрсе туралы аз-аздап мылжыңдай білетін жалпылама коммунистік кадрлар, жалпылама большевиктік кадрлар дайындаумен ғана тынуымызға болмайды. Дилетанттық пен бәрін білгішсінгендік — кәзір бізге шырмау болады. Қәзір бізге металл жөнінде, тоқыма жөнінде, отын жөнінде, химия жөнінде. ауыл шаруашылығы жөнінде, транспорт жөнінде, сауда жөнінде, бухгалтерия жөнінде, т. т., т. с. жөнінде маман-большевиктер керек. Қәзір бізге білімнің сан алуан тарауларында іс басқара білетін большевиктерден толып жатқан, жүздеген, мыңдаған жаңа кадрлар керек. Мұнсыз еліміздегі социалистік құрылыстың қарқыны шапшаң болады деуге ешбір болмайды. Мұн-

сыз біз алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озамыз деуге ешбір болмайды.

Ғылымды меңгеру керек, білімнің барлық тараулары жөнінде маман большевиктердің жаңа кадрларын шыңдап шығару керек, бар ынта-жігермен үйренген үстіне үйрене беру керек, — қазіргі міндет осы.

Революцияшыл жастар ғылым жолында жаппай аттаныс жасасын, — қазір бізге керегі міне осы, жолдастар. (Ду қол шапалақтау. Айқайлар: «Ура!», «Дұрыс-ақ!». Бәрі орындарынан тұрады.)

„Правда" № 113,
17 май, 1928 ж.

„КОМСОМОЛЬСКАЯ ПРАВДАҒА“

Үшжылдық мерекесіне

Жұмысшы және шаруа жастарымыздың айбынды органы «Қомсомольская Правдаға» достық сәлем жолдаймын!

Оның жастарды жұмысшы табының жауларына қарсы бітіспес күрес жүргізу рухында, бүкіл дүние жүзінде коммунизмнің толық жеңіп шығуы үшін күрес жүргізу рухында тәрбиелеу жөніндегі қиын майданда табысқа жетуін тілеймін!

«Қомсомольская Правда» ұйқыдағыларды оятататын, шаршағандарды жігерлендіретін, артта қалғандарды ілгері бастыратын, мекемелерімiздегі бюрократизмді түйрейтін, жұмысымыздағы кемшіліктерді әйгілейтін, құрылысымыздың табыстарын көрсететін, сөйтіп, большевиктердің қарт гвардиясының орнын баса алатын жаңа адамдарды, социализмнің жаңа құрылысшыларын, жігіттер мен қыздардың жас ұрпағын тәрбиелеп өсіру ісін оңайлататын мықты дабылшы болсын!

Революциямыздың күштілігі сол — біздегі революционерлердің ескі ұрпағы мен жаңа ұрпағы арасында

алшактык жоқ. Біздің жеңіп отыратын себебіміз — біздің қарт гвардия мен жас гвардия ішкі жауларға карсы, сондай-ақ сырткы жауларга да қарсы біртұтас майдан құрып, бірыңғай сап түзеп бірге жүріп келеді.

Біздің міндет осы бірлікті сақтап, нығайтуда.

«Комсомольская Правда» большевиктердің карт гвардиясы мен жас гвардиясының бірлігін көздейтін идеяның қажымас жаршысы болсын!

И. Сталин

26 май, 1928 ж.

*„Комсомольская Правда" № 122,
27 май, 1928 ж.*

СВЕРДЛОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ

Онжылдық мерекесіне

Свердлов университетінің[17] онжылдығы — партиямыздың жаңа ленındік кадрлар даярлап шығару жолындағы күрес майданында жеткен зор табысы.

10 жыл ішінде Свердловия партияға коммунизм ісіне берілген жүздеген, мыңдаған жас қызметкерлерді даярлап берді, бұлар большевиктердің карт гвардиясының орнын басты.

10 жылдан бергі өмірінің ішінде университет өзінің негізін салушы, коммунизм жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер Я. М. Свердловтың есіміне лайық екенін көрсетіп, өзін толық актады.

Партияшы жұмысшыларды Маркс пен Лениннің ғылыми методын меңгеруге және бұл методты социалистік құрылыс ісінде дұрыс қолдануға үйрету керек, — Свердлов атындағы университеттің абройменорындап келген, орындап отырған және орындай беретін міндеті міне осы.

Я. М. Свердлов атындағы коммунистік университеттің онжылдығы күні бұрынғы және қазіргі свердловшылдарға сәлем жолдаймын!

Мереке кезінде бітіріп шығатын свердловшылдарға — социализм құрылысының жаңа отрядына сәлем жолдаймын!

И. Сталин

*„Правда“ № 122,
17 май, 1928 ж.*

АСТЫҚ МАЙДАНЫНДА

Қызыл профессорлар институтының, Коммунистік Академияның және Свердлов университетінің студенттерімен өткізген әңгімеден

28 май, 1928 ж.

Сұрау. Астық жөніндегі біздің қыйыншылықтарымыздың негізгісі не деп санау керек? Бұл қыйыншылықтардан шығудың жолы қандай? Бұл қыйыншылықтармен байланысты біздің жалпы индустриямыздың даму қарқыны жөнінде, әсіресе жеңіл индустрия мен ауыр индустрияның арасалмағы тұрғысынан қарағанда қандай қортындылар шығару керек?

Жауап. Тосыннан қарағанда астық жөніндегі біздің қыйыншылықтарымыз кездейсоқ нәрсе, жоспарлаудың нашарлығының нәтижесі ғана, шаруашылықты балансniтау ісіндегі бірсыпыра қателердің нәтижесі ғана болып көрінуі мүмкін.

Бірақ мұның тек тосыннан қарағанда ғана осылай болып көрінуі мүмкін. Ал шынында қыйыншылықтардың себептері бұл жерде анағұрлым терең жатыр. Жоспарлаудың нашарлығының, шаруашылықты баланстаудағы қателердің бұл жөнде едәуір ролі болғандығында ешбір күмән жоқ. Бірақ бәрі де жоспарлаудың нашарлығынан, кездейсоқ қателерден болды деп түсіндіру үлкен қателескендік болады. Жоспар-

лаудың маңызы мен ролін кеміту қателік болар еді. Бірақ біз қәзірдің өзінде қай жұмысты болса да, нені болса да жоспарлай алатын, тәртіптей алатын даму дәрежесіне жеттік деп ойлап, жоспарлау ісінің ролін асыра үлкейту онан да зор қателік болар еді.

Біздің жоспарлап жүргізуімізге көнетін элементтермен қатар, біздің халық шаруашылығымыздың ішінде әзірге жоспарлауға көнбейтін тағыда басқа элементтер бар екенін, ақыр аяғында, тек Мемлекеттік жоспар комиссиясының жәй жоспарлауымен жеңуге болмайтын бізге жау таптар бар екенін ұмытпау керек.

Міне сондықтан мен, барлығын кездейсоқтыққа, жоспарлаудың қателіктеріне, т. т. таңуға болмайды деп ойлаймын.

Сонымен, астық майданындағы біздің қыйыншылықтарымыздың негізі неде?

Астық жөніндегі біздің қыйыншылықтарымыздың негізі — бізде товарлы астық өндірудің өсуі астықты тұтынудың өсуінен шабанырақ болып келгендігінде.

Өнеркәсіп өсіп келеді. Жұмысшылардың саны өсіп келеді. Қалалар өсіп келеді. Ақырында, техникалық шикізат (мақта, зығыр, қызылша, т. т.) өндіретін аудандар өсіп келеді, бұл аудандар товарлы астықты керек қылады. Мұның бәрі астықты, товарлы астықты керексінуді тез өсіреді. Ал товарлы астық өндірісінің өсу қарқыны адам айтқысыз шабан болып отыр.

Мемлекеттің қолындағы быйылгы дайындаған астығымыз былтырғыдан яки бұрнағы жылғыдан кем деуге болмайды. Қайта мемлекеттің қолындағы быйылғы астық өткен жылдардағыдан анағұрлым көп

Олай бола тұрса да, біз астық жөнінде қыйыншылықтарға кездесіп отырмыз.

Бұл туралы бірнеше цифрлар келтірейік. 1925/26 жылы 1 апрельге дейін біз 434 миллион пұт астық дайындай алдық. Оның ішінен шет елге 123 миллион пұт астық шығардық. Олай болса, елімізде 311 миллион пұт дайындалған астық қалды. 1926/27 жылы 1 апрельде бізде 596 миллион пұт дайындалған астық болды. Оның ішінен шет елге 153 миллион пұт астық шығардық. Елімізде 443 миллион пұт дайындалған астық қалды. 1927/28 жылы 1 апрельде бізде 576 миллион пұт дайындалған астық болды. Оның ішінен шет елге 27 миллион пұт астық шығардық. Елімізде 549 миллион пұт дайындалған астық қалды.

Басқаша айтқанда, быйылғы жылы 1 апрельде еліміздің тұтынуына дайындалған астық былтырғыдан 100 миллион пұт артық, бұрнағы жылғыдан 230 миллион пұт артық. Солай бола тұрса да, быйылғы жылы астық майданында қыйыншылықтар көріп отырмыз.

Мен бұрынғы баяндамаларымның бірінде деревнядағы капиталистік элементтер, алдымен кулактар бұл қыйыншылықтарды советтік шаруашылық саясатын іске асырмау үшін пайдаланғанын айтқанмын. Совет өкіметі кулактардың антисоветтік аттаныстарын жою мақсатын көздеген бірсыпыра шаралар қолданғанын өздерің білесіңдер. Сондықтан мен бұл жерде оған тоқталып жатпаймын. Бұл жөнде менің көңілімді бөліп отырған екінші мәселе. Менің айтайын деп тұрғаным — товарлы астық өндірісінің шабан өсуінің себептері туралы мәселе, егіс көлемі мен жалпы астық өнімінің соғыстан бұрынғы мөлшеріне жете тұрсақ та,

товарлы астық өндірісінің өсуі астықты керексінудің өсуінен шабан екені туралы мәселе.

Шынында да, бізде егіс көлемі соғыстан бұрынғы мөлшерге жеткені факт емес пе? Я, факт. Жалпы астық өнімі былтыр-ақ астық өндірісінің соғыстан бұрынғы мөлшеріне, яғни 5 миллиард пұтқа жеткені факт емес пе? Я, факт. Олай болса, мұндай жағдайларға қарамастан, өндірген товарлы астығымыздың соғыстан бұрынғыдан екі есе кем болуы, шет елге шығарған астығымыздың соғыстан бұрынғыдан жыйырма есе кем болуы неден?

Бұл, алдымен және көбінесе, Октябрь революциясының нәтижесінде біздің ауыл шаруашылығымыздың құрылысының өзгеруінен, товарлы астықты анағұрлым көп беретін ірі помещик, ірі кулак шаруашылығынан товарлы астықты анағұрлым аз беретін ұсақ, орта шаруа шаруашылығына көшкендіктен болып отыр. Соғыстан бұрын бізде 15—16 миллион жеке шаруа шаруашылығы болса, қазір 24—25 миллион шаруа шаруашылығы болуы, — тек осының өзі ғана біздің ауыл шаруашылығымыздың негізгі базасы — товарлы астықты ең аз беретін ұсақ шаруа шаруашылығы екенін көрсетеді.

Помещик шаруашылығы болсын, кулак шаруашылығы болсын немесе коллективті шаруашылық болсын, егіншіліктегі ірі шаруашылықтың күші — олардың, ірі шаруашылықтардың, машиналарды қолдануға, ғылым табыстарын пайдалануға, тыңайтқыштарды пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға, сөйтіп товарлы астықты неғұрлым көп беріп отыруға мүмкіншілігі бар. Ал мұның керісінше, ұсақ шаруа шаруашылығының әлсіз жері — онда бұл мүмкіншіліктер жоқ

немесе жоқтың қасы, сондықтан да ол астығы жартылай тұтынылатын, товарлылығы кем шаруашылық болып табылады.

Мәселен, колхоздар мен совхоздарды алайық. Олар бізде өздерінің жалпы өнімінің 47,2 процентіндей товарлы астық береді. Басқаша айтқанда, олар товарлы астықты соғыстан бұрынғы помещик шаруашылығына қарағанда көп береді. Ал ұсақ, орта шаруа шаруашылықтары қанша береді? Олар бізде өздерінің барлық өндірген астығының тек 11,2 процентіндей ғана товарлы астық береді. Міне, қаншалықты үлкен айырма бар екенін көріп отырсыздар.

Астық өндірісінің құрылысы бұрын, соғыстан бұрынғы дәуірде қандай болғанын, кәзір Октябрьден кейінгі дәуірде қандай екенін көрсететін бірнеше цифрлар мынау. Бұл цифрларды Орталық Санақ Басқармасының коллегия мүшесі Немчинов жолдас берді. Немчинов жолдас өзінің жазған кішкене қағазында айтқандай, бұл цифрлардың мүлтіксіз дұрыс болмауы да мүмкін, — бұл цифрлар тек шамамен есептеуге мүмкіншілік береді. Бірақ, жалпы астық өндірісінің, әсіресе товарлы астық өндірісінің құрылысы жөнінде соғыстан бұрынғы дәуір мен октябрьден кейінгі дәуір арасындағы айырманы түсіну үшін осы цифрлардың өзі де толық жеткілікті.

	Астықтың жалпы өнімі		Товарлы астық (деревнядан тыс)		
	Мил. пұт.	%	Мил. пұт.	%	Товарлылық %
Соғысқа дейін:					
1. Помещиктер	600	12,0	281,6	21,6	47,0
2. Кулактар . . .	1 900	38,0	650,0	50,0	34,0
3. Орташалар мен кедейлер	2 500	50,0	369,0	28,4	14,7
Жиыны . .	5 000	100	1 300,6	100	26,0

Соғыстан кейін (1926/27 жылы):	Мил. пұт.	%	Мил. пұт.	%	Товарлылық %
1. Совхоздар мен колхоздар	80,0	1,7	37,8	6,0	47,2
2. Кулактар	617,0	13,0	126,0	20,0	20,0
3. Орташалар мен кедейлер	4 052,0	85,3	466,2	74,0	11,2
Жыйыны	4 749,0	100	630,0	100	13,3

Бұл кесте нені көрсетеді?

Бұл кесте, біріншіден, астық өнімінің көпшілігін өндіру ісінің помещиктерден, кулактардан ұсақ, орта шаруаларға көшкенін көрсетеді. Мұның аты, ұсақ, орта шаруалар помещиктердің езуінен біржолата құтылып, негізінде кулактардың күшін үзіп, өздерінің тұрмыс-күйін айтарлықтай оңдауға мүмкіндік алды деген сөз. Бұл — Октябрь революциясының нәтижесі. Шаруалардың негізгі бұқарасының Октябрь революциясынан көрген маңызды пайдасы — алдымен осыдан көрініп отыр.

Бұл кесте, екіншіден, бізде товарлы астықтың дені ұсақ және алдымен орта шаруалардың колында екенін көрсетеді. Мұның аты, тек астықтың жалпы өнімі жағынан ғана емес, сонымен қатар товарлы астық өндірісі жағынан да ССРО Октябрь революциясының нәтижесінде ұсақ шаруа шаруашылығы басым елге айналды, ал орта шаруа егіншілікте «бас фигураға» айналды деген сөз.

Бұл кесте, үшіншіден, астық өндірісі жөнінде аз-ды-көпті күшейген ірі қоғамдық шаруашылық (колхоздар, совхоздар) болмай отырған жағдайда, помещиктердің (ірі) шаруашылығын жоюдан, кулактардың (ірі) шаруашылығын үш еседен артық кемітуден,

стығының товарлылығы 11 процент қана келетін ұсақ аруа шаруашылығына көшуден товарлы астық өндіісі соғыстан бұрынғыдан мықтап кемуге тиісті болғанын және шынында да мықтап кемігенін көрсетеді. астықтың жалпы өнімі соғыстан бұрынғы мөлшерге жетсе де, товарлы астық кәзір екі есе кем болып тыр — бұл факт.

Астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізі міне осында.

Міне сондықтан біздің астық дайындау жөніндегі қыйыншылықтарымызды жәй кездейсоқтық деп есептеуге болмайды.

Күмән жоқ, біздің сауда ұйымдарының қажеті жоқ міндетті — бірсыпыра ұсақ, орташа қалаларды астықпен қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алуы да бұл жөнде бірқатар кесірін тигізді, мемлекеттің астық қорын белгілі мөлшерде кемітпей қоймады. Бірақ астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізі бұл емес екеніне, оның негізі — товарлы астықты керексіну өсіп отырғанда, біздің ауыл шаруашылығымыздың товарлылығының шабан өсу фактысы екеніне күмәндануға ешбір дәлел жоқ.

Бұл халден құтылудың жолы қайсы?

Бұл халден кулак шаруашылығына қайта оралу, кулак шаруашылығын өрістете дамыту жолымен құтылмақ болатын адамдар бар. Бұл адамдар помещик шаруашылығына қайта оралу туралы сөз қылуға бата алмайды, біздің заманымызда бұл туралы мылжыңдау қауіпті екенін бұл адамдар ұғатын болса керек. Бірақ олар, Совет өкіметінің мүддесі үшін... кулак шаруашылығын мейлінше дамытудың қажеттігі туралы бар ықыластарымен сөз қылады. Бұл адамдар-

Совет өкіметі қарама-қарсы екі тапқа, — жұмысшы табын қанауды шаруашылық негізі ететін кулактар табына және қанау атаулыны жоюды шаруашылық негізі ететін жұмысшы табына бірден сүйене алар еді деп ойлайды. Бұл — реакционерлерге лайықты фокус.

Бұл реакциялық «жоспарлардың» жұмысшы табының мүдделеріне, марксизмнің негіздеріне, ленинизмнің міндеттеріне түк қатнасы жоқ екенін дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ. Кулак қаланың капиталисінен «жаман емес», кулактың қаладағы нэпманнан қауіптілігі ешбір артық емес, сондықтан кәзір бізге кулактан «қауіптенудің» жөні жоқ, деген сөздер — мұндай сөздер жұмысшы табының және шаруалардың негізгі бұқараларының қырағылығын нашарлататын либералдық мылжың сөз. Егер индустрияда қаладағы ұсақ капиталистерге қарсы қоя алатын, барлық өнеркәсіп товарларының $^{9}/_{10}$ бөлімін беретін ірі социалистік өнеркәсібіміз болса, деревняда кулактың ірі өндірісіне, өндіріс жөнінде, астықты кулак шаруашылығынан 8 есе кем беретін, әлі нығаймаған колхоздар мен совхоздарды ғана қарсы қоя алатынымызды ұмытпау керек. Деревнядағы ірі кулак шаруашылығының маңызын түсінбеу, кулактардың деревнядағы салмағы ұсақ капиталистердің қала өнеркәсібіндегі салмағынан жүз есе артық екенін түсінбеу — ақылдан адасқандық, ленинизмнен қол үзгендік, жұмысшы табының дұшпандары жағына қашып шыққандық болады.

Сонымен, енді бұл халден құтылудың жолы қайсы?

1) Бұл халден құтылу жолы — алдымен, ұсақ, артта қалған, бытыраңды шаруа шаруашылықтарынан машиналармен жабдықталған, ғылым табыстарымен қаруланған, товарлы астықты негұрлым көп өн-

діре алатын біріккен, ірі, қоғамдық шаруашылықтарға көшуде. Бұл халден құтылудың жолы — егіншілікте жеке шаруа шаруашылығынан коллективтік, қоғамдық шаруашылыққа көшуде.

Ленин Октябрь революциясының алғашқы күндерінен-ақ партияны колхоздар ұйымдастыруға шақырды. Сонан бері біздің партияда колхоздар ұйымдастыру идеясын насихаттау тоқтаған жоқ. Бірақ шаруалар колхоз ұйымдастыру жөніндегі бұл шақыруға тек соңғы кезде ғана жаппай үн қосты. Мұның себебі, алдымен мынау: деревняда кооперативке біріккен жұртшылықтың кең түрде өркендеуі шаруалардың колхоз жағына көңілі ауыуын дайындады, ал кәзірдің өзінде десятинасынан 150—200 пұт астық алып, 30—40 процент товарлы астық беріп отырған бірсыпыра колхоздардың болуы кедейлерді және орташалардың төменгі топтарын колхозға кіруге едәуір ұмтылдыра бастады.

Колхоз қозғалысына молырақ қаржы жұмсауға мемлекет тек соңғы кезде ғана мүмкіншілік алды, бұл жөнде мұның да зор маңызы болды. Мемлекет колхоздарға жәрдемге быйыл былтыргыдан екі есе көп (60 миллион сомнан артық) ақша беріп отырғаны өздеріңе мәлім. Партияның XV съезінің — жаппай колхоз қозғалысына керек жағдайлар кәзір пісіп жетті, колхоз қозғалысының күшеюі еліміздегі астық өндірісінің товарлылығын арттырудың ең үлкен құралдарының бірі болады, деп тапқаны мүлде дұрыс.

Орталық санақ басқармасының мәліметтері бойынша, 1927 жылы колхоздар астығының жалпы өнімі кемінде 55 миллион пұт, орта есеппен жалпы товарлылығы 30 процент болды. Быйылғы жылдың басында

жаңа колхоздар құру қозғалысының кең түрде етек алуы және бұрынғы колхоздардың ұлғаюы арқасында жыл аяғында колхоздарда астық өндірісі едәуір көбеюге тиіс. Ендігі міндет — колхоз козғалысының дамуындағы кәзіргі карқынды сақтау, колхоздарды ірілендіру, жалған колхоздарды таратып жіберіп, олардың орнына шын колхоздар құру, сөйтіп колхоздар барлық товарлы астығын мемлекет ұйымдары мен кооперация ұйымдарына беретіндей тәртіп орнату, оны істемесе оларға мемлекеттен карыз, кредит берілмейтін ету. Меніңше, бұл шарттарды орындап отырғанда, біз 3—4 жылдан кейін колхоздардан жүз миллион пұтка дейін товарлы астық ала алар едік.

Кейде, шамасы, колхоз бір баска, кооперация бір баска деп ойлап, колхоз қозғалысын кооператив қозғалысына карсы коюшылық бар. Бұл, әрине, дұрыс емес. Кейбіреулер, тіпті, колхоздарды Лениннің кооперативтік жоспарына қарсы қоюға дейін барады. Мұндай карсы коюшылықтың шындыққа түк қатнасы жок екендігін айтып жатудың қажеті жок. Шынында колхоздар — кооперацияның бір түрі, өндірістік кооперацияның ең айқын түрі. Өнімді өткізетін кооперация бар, жабдыктаушы кооперация бар, өндірістік кооперация да бар. Колхоздар — жалпы кооператив қозғалысының, әсіресе лениндік кооператив жоспарының айырылмайтын бір өзекті бөлігі. Лениндік кооператив жоспарын іске асыру деген — шаруаларды өнімді өткізуші және жабдыктаушы кооперациядан өндірістік кооперацияға, былайынша айтканда, колхоздық копeрацияга көтеріп жеткізу. Бізде колхоздардың өнімді өткізуші және жабдыктаушы кооперацияның өсуі мен күшеюі нәтижесінде ға-

на туып, дамый бастау фактысының себебі де осыдан.

2) Бұл халден құтылудың жолы — екіншіден, ескі совхоздарды ұлғайтып, нығайту, жаңа ірі совхоздар ұйымдастырып, дамыту. Орталық санақ басқармасының мәліметтері бойынша, кәзіргі совхоздардың 1927 жылғы астығының жалпы өнімі кемінде 45 миллион пұт, товарлылығы 65 процент болды. Мемлекеттің белгілі көмегі болып отырса, совхоздар астық өндірісін едәуір көтере алатындығында күмән жоқ.

Бірақ міндет мұнымен ғана тоқталып қоймайды. Совет өкіметінің қарары бар, бұл қарар бойынша шаруа үлестері жоқ аудандарда жаңа ірі совхоздар құрылады (әрқайсысының жері 10 мың десятинадан 30 мың десятинаға дейін), бұл совхоздар 5—6 жылдан кейін 100 миллион пұт товарлы астық беруге тиіс. Бұл совхоздарды ұйымдастыруға кәзірдің өзінде-ақ кірісіп отырмыз. Ендігі міндет — Совет өкіметінің бұл қарарын қалай да іске асыру. Меніңше, бұл міндеттер орындалған жағдайда, біз ескі совхоздар мен жаңа совхоздардан 3—4 жылдан кейін 80—100 миллион пұт товарлы астық ала алар едік.

3) Бұл халден құтылудың жолы — ақыр аяғында, ұсақ, орташа жеке шаруалар шаруашылығы егінінің түсімін үнемі арттырып отыруда. Біз кулактардың жеке ірі шаруашылықтарына көмектесе алмаймыз, көмектесуге тиіс те емеспіз. Бірақ біз ұсақ, орта шаруалар шаруашылығы егінінің түсімін арттырып, оларды кооперативтік ұйымдардың арнасына тартып, олардың жеке шаруашылықтарына көмектесе аламыз, көмектесуге тиіспіз. Бұл міндет — ескі міндет, бізде 1921 жылы-ақ азық-түлік салғыртының орнына азық-түлік са-

лығын шығарған кезде айырықша күшті жарияланған міндет. Бұл міндетті біздің партия XIV[18] және XV съездерінде қуаттады. Қазір астық майданындағы қыйыншылықтар бұл міндеттің маңызды екенін көрсетіп отыр. Сондықтан, алғашқы айтылған екі міндетті — колхоздар туралы міндет пен совхоздар туралы міндетті қандай табандылықпен орындайтын болсақ, бұл міндетті де сондай табандылықпен орындауға тиістіміз.

Барлық мәліметтерге қарағанда, шаруа шаруашылықтары егінінің түсімін бірнеше жылдың ішінде 15—20 процент арттыруға болар еді. Бізде қазір жұмыста кемінде 5 миллион соқа бар. Бұлардың орнына плугтерді пайдаланудың өзі-ақ елімізде астық өндірісін мықтап арттырар еді. Шаруалар шаруашылықтарын белгілі мөлшерде жер тыңайтқышпен, тазартылған тұқыммен, ұсақ машиналармен, т. т. жабдықтау туралы мен айтып та отырғаным жоқ. Тұтас деревнялармен, селолармен контрактация жасау әдісі, шарт жасасу әдісі, оларға тұқымдарды, т. т. жетістіру есесіне, оларды тиісті мөлшерде, міндетті түрде астық өнімдерін беретін қылып, шарт жасасу әдісі, — бұл әдіс шаруалар шаруашылығы егінінің түсімін арттырудың, шаруаларды кооперацияға тартудың аса жақсы әдісі болып табылады. Менімше, осы бағытта жұмысты күшейтсек, біз 3—4 жылдан кейін ұсақ, орташа жеке шаруалардың шаруашылықтарынан кемінде жаңадан 100 миллион пұт товарлы астық ала алар едік.

Сонымен, бұл міндеттердің бәрін орындаған жағдайда 3—4 жылдан кейін мемлекеттің қолында жаңадан 250—300 миллион пұт товарлы астық болар еді, еліміздің өз ішінде де, шетте де керекті жерінде

жұмсап отыруға бұл астық азды-көпті жеткілікті болар еді.

Астық майданындағы қиыншылықтардан құтылу үшін қажетті шаралар, негізінде, осылар.

Бұл негізгі шараларды, деревняны товармен жабдықтауды жоспарлау ісін оңдау жөніндегі күнделікті шаралармен қосып жүргізу, біздің сауда ұйымдарымызды бірсыпыра ұсақ, орта қалаларды астықпен жабдықтау міндеттерінен босату, — қазіргі міндет осы.

Бұл шаралармен қатар тағыда өзге бірсыпыра шараларды, айталық, біздің индустриямыздың даму қарқынын бәсеңдету шараларын жүргізу керек емес пе, өйткені мұның өзі астықты керексінудің күшті өсуін туғызады ғой, ал астықты керексінудің өсуі товарлы астық өндірісінің өсуінен әзірге озып кетіп отыр ғой? Жоқ, керек емес. Ешбір керек емес! Индустрияның даму қарқынын бәсеңдету жұмысшы табын әлсірету болып табылады, өйткені индустрияны дамыту жөніндегі әрбір алға аттаған қадамымыз, әрбір жаңа фабрика, әрбір жаңа завод, Ленин айтқандай, жұмысшы табының «жаңа қамалы» болады, бұл қамал ұсақбуржуазиялық стихиямен күресте, біздің шаруашылықтағы капиталистік элементтермен күресте жұмысшы табының ұстаған жолын күшейтеді. Қайта, деревняны товарға молайту үшін, деревнядан астықты неғұрлым көп алу үшін, ауыл шаруашылығын, алдымен колхоздарды, совхоздарды машиналармен жабдықтау үшін, ауыл шаруашылығын индустрияландырып, оның өнімінің товарлылығын арттыру үшін индустрияны дамытудың қазіргі қарқынын сақтауымыз керек, ең алғашқы мүмкіншілікте-ақ ол қарқынды онан әрі күшейтуіміз керек.

Мүмкін, аса «сақтық» үшін, ауыр өнеркәсіптің өсуін кідіртіп, көбінесе шаруа рыногіне арнап істейтін жеңіл өнеркәсіпті индустриямыздың базасына айналдыру керек болар? Жоқ, мұны да ешуақытта істеуге болмайды! Бұл — өзімізді өзіміз өлімге бергендік болар еді, бүкіл өнеркәсібімізді, оның ішінде жеңіл өнеркәсіпті де әлсірету болар еді. Бұл — елімізді индустрияландыру ұранынан безу, елімізді шаруашылықтың дүниежүзілік капиталистік системасының шылауына айналдыру болар еді.

Біз бұл жөнде Лениннің Коминтерннің IV конгресінде[19] берген, біздің бүкіл партия үшін сөзсіз орындауға міндетті, белгілі жетекші нұсқауларын негізге аламыз. Коминтерннің IV конгресінде Ленин бұл туралы былай деді:

«Россияны аман сақтап қалатын нәрсе: шаруа шаруашылығында егіннің жақсы шығуы ғана емес — бұл әлі жеткіліксіз, — және шаруаларға тұтыну заттарын жетістіріп тұратын жеңіл өнеркәсіп күйінің жақсы болуы ғана емес, — бұл да әлі жеткіліксіз, — бұлармен қатар бізге **ауыр** индустрия да керек».

Немесе:

«Біз барлық нәрседен, тіпті мектептерден де үнемдейміз. Бұл осылай болу керек, өйткені біз ауыр өнеркәсіпті аман сақтап қалмайынша, оны қалпына келтіріп алмайынша біз ешқандай өнеркәсіп жасай алмайтынымызды, ал онсыз біз тегінде өз алдымызға жеке ел де бола алмай құрыйтынымызды жақсы білеміз» (қараңыз: XXVII том, 349-бет).

Лениннің бұл нұсқауларын ұмытуға болмайды.

Белгіленіп отырған шараларға байланысты, жұмысшылар мен шаруалардың одағы не күйде болмақ? Меніңше, бұл шаралар жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту ісін тек жеңілдетеді.

Шынында, егер колхоздар мен совхоздар тез қарқынмен өркендесе; егер ұсақ, орта шаруаларға тікелей көрсетілген жәрдем арқасында, олардың шаруашылықтарындағы егіннің түсімі артатын болса, ал кооперация шаруалардың қалың бұқарасын бірден-бірге көбірек қамтыйтын болса; егер мемлекет керегіне қарай жұмсау үшін жүз миллиондаған пұт жаназдан товарлы астық алып жатса; егер осы және осы сықты шаралардың натижесінде кулактар ауыздықталып, бірте-бірте жеңілсе, — ол уақытта жұмысшылар мен шаруалар одағының ішіндегі жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы қайшылықтардың барған сайын білінбей кететіні, астық дайындауға төтенше шаралар қолданудың керек болмай қалатыны, шаруалардың қалың бұқарасы шаруашылықтың коллективтік түрі жағына барған сайын бет бұра бастайтыны, ал деревнядағы капиталистік элементтерді жеңу күресінің бірден-екі ұйымдасқан, бұқаралық сыйпат алатыны айқын емес пе.

Жұмысшылар мен шаруалардың одағы мұндай шаралардан тек ұтып шығатыны айқын емес пе?

Жұмысшылар мен шаруалардың одағы — пролетариат диктатурасы жағдайында жәй ғана одақ емес екенін тек естен шығармау керек. Бұл одақ — жұмысшы табы мен еңбекші шаруалар бұқарасының таптық одағының ерекше түрі, мұның мақсаты: а) жұмысшы табының позициясын күшейту, б) бұл одақтың ішінде жұмысшы табының басшылық ролін қамтамасыз ету, в) таптарды және таптық қоғамды жою. Жұмысшылар мен шаруалардың одағын басқаша түсіндірудің қандайы болса да оппортунистік, меньшевик-

тік, эсерлік, — не десең сол, бірақ марксизм емес, ленинизм емес.

Жұмысшылар мен шаруалардың одағы жөніндегі идеяны, шаруалар — «ең соңғы капиталистік тап» болады, деген Лениннің белгілі қағыйдасымен бір жерге сыйыстыруға бола ма? Бұл арада қайшылық жоқ па? Бұл арадағы қайшылық — тек бар сыяқты болып көрінетін ғана қайшылық. Шынында бұл арада ешбір қайшылық жоқ. Ленин Коминтерннің III конгресінде[20] шаруаларды «ең соңғы капиталистік тап» деп сыйпаттаған баяндамасында, нақ сол баяндамасының өзінде, жұмысшылар мен шаруалардың одағы керек екенін үсті-үстіне дәлелдеп көрсетіп, «диктатураның ең жоғарғы принципі — пролетариаттың басшылық рольді, мемлекеттік өкіметті өз қолында ұстап отыра алуы үшін, пролетариаттың шаруалармен одағын қолдау» деді. Лениннің бұл жерде, қалай дегенде де, ешбір қайшылық бар деп таппайтыны айқын.

Лениннің шаруалар — «ең соңғы капиталистік тап» деген қағыйдасын қалай түсіну керек? Мұның мәнісі, шаруалар капиталистерден құралады, деген сөз емес пе? Жоқ, олай деген сөз емес.

Мұның мәнісі, біріншіден, шаруалар — шаруашылықты өндіріс құралдарын, құрал-жабдықтарын жеке меншіктену негізінде құратын ерекше тап, сондықтан шаруашылықты өндіріс құралдарын, құрал-жабдықтарын коллектив болып меншіктену негізінде құратын пролетарлар табынан өзгеше, онан айырмасы бар тап, деген сөз.

Мұның мәнісі, екіншіден, шаруалар — өз арасынан капиталистерді, кулактарды, жалпы алғанда түрлі қанаушыларды тудырып, өсіретін тап, деген сөз.

Бұл жағдай жұмысшылар мен шаруалардың одағын ұйымдастыру ісі үшін жеңе алмастық кедергі ме? Жоқ, кедергі емес. Пролетариат диктатурасы жағдайында пролетариаттың шаруалармен одағын оның барлық шаруалармен жасаған одағы деп қарауға болмайды. Пролетариаттың шаруалармен одағы — жұмысшы табының шаруалардың еңбекші бұқарасымен жасаған одағы. Мұндай одақ шаруалардың капиталистік элементтерімен күреспейінше, кулактармен күреспейінше жүзеге аспақ емес. Мұндай одақ жұмысшы табының деревнядағы тірегі — кедейлерді ұйымдастырмайынша берік болмақ емес. Сондықтан да, пролетариат диктатурасының кәзіргі жағдайында жұмысшылар мен шаруалардың одағын тек Лениннің: кедейге сүйен, орташамен берік одақ жаса, кулактармен күресті бір минутке де тоқтатпа — деген белгілі ұранымен ғана жүзеге асыруға болады. Өйткені шаруалардың негізгі бұқарасын социалистік құрылыстың арнасына тарту ісі тек осы ұранды іске асырғанда ғана орындалады.

Сонымен, Лениннің бұл екі формуласының арасындағы қайшылық — тек бар сияқты болып көрінетін ғана қайшылық екенін өздерің көріп отырсыңдар. Шынында бұл екеуінің арасында ешбір қайшылық жоқ.

„Правда" № 127,
2 июнь. 1928 ж.

КОМАКАДЕМИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫ ҮЙІРМЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

Бүгін Слепковтың өзара сын туралы жазған тезистерін алдым. Бұл тезистер сіздердің үйірмелеріңізде талқыланса керек. Үйірменің мүшелері маған: бұл тезистер Орталық Комитеттің ұстаған жолын сынау мақсатын көздемей, оны ыспаттау мақсатын көздейтін документ ретінде қолданылған болатын, деді.

Партия мүшелерінің Орталық Комитеттің ұстаған жолын сынауға праволы екендігін бекер деу дұрыс болмас еді. Ол ол ма: сіздердің үйірмелеріңіздің мүшелерінің керек десе өз араларында Орталық Комитеттің ұстаған бағытына өздерінің айырықша тезистерін қарсы қоюға да правосы бар деп білемін. Алайда, Слепковтың тезистерінің Орталық Комитеттің ұстаған жолын сынау немесе оған пәлендей бір жаңа нәрсені қарама-қарсы қою мақсатын көздемейтіні, қайта Орталық Комитеттің ұстаған бағытын түсіндіру, ыспаттау міндетін көздейтіні анық. Слепковтың тезистерінің Москвадағы партия жұртшылығы арасында біраз таралып кеткендігі, бәлкім, осы себептен де болар.

Солай бола тұрса да, яки нақ сондықтан да, мен Слепковтың тезистерінің

а) өзара сын туралы мәселе жөнінде Орталық Комитеттің ұстаған бағытымен үйлеспейтінін,

б) ол тезистердің бұл бағытты «түзететінін», «толықтыратынын» және, солай болған соң, оны біздің мекемелеріміз бен ұйымдарымыздағы төрешіл адамдардың пайдасына бола нашарлатып жіберетінін мәлімдеуді өзімнің борышым деп санаймын.

1) Ең алдымен, Слепковтың тезистерінің бағдары дұрыс емес. Слепковтың тезистері өзара сын ұраны туралы тезистердің сырт көрінісіне ғана ұқсайды. Шындығына келгенде ол тезистер азара сынның **қауіптілігі** жөніндегі тезистер болып табылады. Сөз жоқ, қандай да болмасын революциялық ұранның өзінде оны практика жүзінде бұрмалаудың белгілібір мүмкіндіктері болады. Мұндай мүмкіндіктер, әрине, өзара сын ұраны жөнінде де болатын нәрсе. Бірақ бұл мүмкіндіктерді мәселенің түйіні, өзара сын туралы тезистердің негізі етіп көрсету, — мұның аты, барлығын да асты үстіне келтіру, өзара сынның революциялық маңызын әлсірету, өзара сынға байланысты «қауіптердің» себебінен өзара сыннан аулақ болуға тырысатын төрешілдерге көмектесу деген сөз. Біздің партия және совет ұйымдарындағы төрешіл адамдардың Слепковтың тезистерін ұната оқыйтындығына мен күмәндан-баймын.

Мұндай бағдардың Орталық Комитеттің өзара сын туралы мәселедегі бағдарына, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы апрель пленумының Шахты ісі туралы алған қарарына, өзара сын туралы мәселе жөніндегі Орталық Комитеттің июльдегі үндеуіне[21] пәлендей қатысы бар ма?

Менінше, қатысы жоқ.

2) Слепковтың тезистері өзінің ішкі мазмұны жағынан да дұрыс емес. Өзара сынды сөзсіз керек қылатын елеулі факторлардың бірі, сонымен қатар өзара сынның аса мәнді объектілерінің бірі — біздің ұйымдардағы төрешілдік.

Біздің партия және совет аппаратындағы төрешілдікпен күреспейінше алға басуға бола ма?

Болмайды!

Біздің ұйымдардағы төрешілдікке қарсы батыл күрес жүргізбейінше бұқара бақылауын ұйымдастыруға бола ма, бұқараның инициативасы мен ынта-жігерін көтеруге бола ма, миллиондаған бұқараны социалистік құрылысқа қатыстыруға бола ма?

Болмайды!

Өзара сын ұранын іс жүзіне асырмайынша төрешілдікті құртуға,. әлсіретуге, мұқалтуға бола ма?

Болмайды!

Өзара сын ұранына арналған тезистерде біздің социалистік құрылыстағы ұнамсыз фактор болып табылатын және өзара сынның ең мәнді объектілерінің бірі болып табылатын төрешілдік туралы мәселеге тоқталмай өтуге бола ма?

Болмайтыны анық.

Олай болса, өз тезистерінде Слепковтың бұл сыяқты аса маңызды мәселе жөнінде дәнеңе айтпай өте шығуға қалай қолыгы жетті? Орталық Комитеттің ұстаған бағытын ыспаттауды өзінің мақсаты етіп қоятын өзара сын туралы тезистерде өзара сынның аса маңызды міндетін, төрешілдікпен күресуді қалай ұмытуға болады? Ал Слепковтың тезистерінде біздің ұйымдардағы төрешілдік туралы, осы ұйымдардың ішіндегі төрешіл адамдар туралы, біздің партия жә-

не совет аппаратының жұмысындағы төрешілдік бұрмалаушылықтар туралы бірде-бір сөз (тіптен бірде-бір сөз!) жоқ екені факт қой.

Төрешілдікке қарсы күресу туралы аса маңызды мәселеге осылай асқан ұшқалақтықпен қараушылықты Орталық Комитеттің өзара сын туралы мәселеде ұстаған бағытымен сыйыстыруға бола ма, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы апрель пленумының Шахты ісі туралы алған қарары сияқты немесе өзара сын туралы Орталық Комитеттің июньдегі үндеуі сияқты партия документтерімен сыйыстыруға бола ма?

Меніңше, болмайды.

Коммунистік сәлеммен *И. Сталин*

8 июнь, 1928 ж.

„Комсомольская Правда" № 90,
19 апрель, 1929 ж.

ЛЕНИН ЖӘНЕ ОРТАШАМЕН ОДАҚТАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ*

С. жолдасқа жауап

С. жолдас!

Лениннің Питирим Сорокин туралы жазған белгілі мақаласындағы[22] «кулакпен күресуді бір минутке де тоқтатпай отырып, тек кедейлерге ғана берік сүйене отырып, орта шаруамен келісе білу керек» деген ұранын «кедейлер комитеттері дәуірінің» ұраны деу, «орта шаруаларды бейтараптау деп аталатын дәуірдің аяғындағы» ұран деу **дұрыс емес. Бұл мүлде дұрыс емес.**

Кедейлер комитеттері 1918 жылы июнь ішінде құрылды. 1918 жылы октябрьдің аяғында-ақ деревняда кулактарға қарсы күшіміз басым болды, ортаңа Совет өкіметі жағына **бет бұрды.** Орталық Комитеттің Советтер мен кедейлер комитеттері арасындағы қос өкіметтілікті жою туралы, болыстық, селолық Советтерді қайта сайлау туралы, кедейлер комитеттерін жаңадан сайланған Советтерге араластырып жіберу туралы, олай болса, кедейлер комитеттерін жою туралы

* Аздап қысқартылып басылып отыр. И. Ст.

карарының өзі осы [illegible] шықты. Бұл [illegible] рарды Совет [illegible] 1918 [illegible] ябрьде. Советтердің VI [illegible] болатын. Мен Советтердің VI [illegible] 1918 [illegible] ноябрьдегі [illegible] Советтердің [illegible] лау кедейлер комитеттерін Советтерге [illegible] жіберу туралы [illegible]

Ал Лениннің [illegible] ортащамен [illegible] «[illegible] рокиннің [illegible]» [illegible] ған шықты[2] Бұл [illegible] 1918 жылы [illegible] ноябрьдан [illegible] ин Советтердің VI [illegible] кейін дерлік шықты. Ленин бұл [illegible] шаның біздің жаққа бет бұруы [illegible] лісу саясатын жүргізу керек [illegible]

Лениннің сөздері [illegible]:

«Деревнялар [illegible] — [illegible] мен [illegible] жартылай [illegible] алмыз. Бірақ [illegible] кы отыр, ал де [illegible] наушыларды [illegible] дей емес. Кулакпен [illegible] тек кедейлерге [illegible] се білу керек — бұл [illegible] жоғарыда көрсетілген [illegible] бет бұруы сөзсіз»* (XXIII том, [illegible]-бет).

Мұнан кандай корытынды шығады?

Мұнан шығатын корытынды — *Лениннің* [illegible] дәуірге, кедейлер комитеттері дәуірінен, [illegible] тарап ету дәуіріне [illegible] емес, [illegible]

---

* Курсив менікі. И. Ст.

ташамен келісу дәуіріне арналған. Сонымен, ол ескі дәуірдің **ақырын** көрсетпейді, жаңа дәуірдің **басын** көрсетеді.

Ал Ленин ұраны туралы Сіздің пікіріңіз формальдық жағынан, былайша айтқанда, уақыт тәртібі жағынан дұрыс болмауы үстіне, мәні жағынан да дұрыс емес.

Лениннің орташамен келісу туралы ұраны, жаңа ұран есебінде, біздің партияның VIII съезінде (март, 1919 ж.) жалпыпартиялық ұраны болып жарияланғаны мәлім. Партияның VIII съезі — орташамен берік одақтасу саясатымыздың негізін салған съездің нағыз өзі екені мәлім. Біздің программа — БК(б)П программасы, партияның VIII съезінде қабылданғаны да мәлім. Бұл программада партияның деревнядағы түрлі топтарға: кедейлерге, орташаларға, кулактарға қалай қарайтыны туралы арнаулы пункттер бар екені де мәлім. БК(б)П программасының бұл пункттерінде деревнядағы әлеуметтік топтар туралы, партияның ол топтарға көзқарасы туралы не айтылған? Тыңдаңыз:

«Деревнядағы өзінің барлық жұмысында РКП бұрынғысынша **деревняның пролетарлық, жартылай пролетарлық топтарына сүйенеді**; алдымен, деревняда партия ұяларын, кедейлер ұйымдарын, деревнядағы пролетарлардың, жартылай пролетарлардың ерекше түрдегі кәсіпшілер одақтарын, т. т. құру жолымен, оларды қала пролетариатымен мейлінше жақындастырып, оларды деревня буржуазиясының ықпалынан, ұсақ меншікшілдік мүдделердің ықпалынан шығарып, оларды дербес күш етіп ұйымдастырады.

РКП-ның кулактар, деревня буржуазиясы жөніндегі саясаты **— олардың қанаушылық нетіне қарсы батыл күресу, олардың совет саясатына қарсылығын басу.**

РКП-ның орта шаруалар жөніндегі саясаты — оны бірте-бірте,

жоспарлы түрде социалистік құрылыс жұмысына тарту. Партияның алдына қоятын міндеті — жаншу шаралары арқылы емес, идеялық ықпал ету шаралары арқылы орта шаруалардың артта қалғандығына қарсы күресе отырып, олардың тіршілік мүдделеріне тиген реттердің бәрінде **олармен іс жүзінде келісім жасауға** ұмтыла отырып, социалистік қайта құрылыс ісін жүзеге асырудың әдісін белгілеуде оларға жеңілдік жасай отырып, олардың мұқтаждықтарына құнттап зер салу жолымен оларды жұмысшы табы жағына тарту, кулактардан айырып алу»* («РК(б)П VIII съезі», стенографиялық есепті баяндама, 351-бет[23]).

Программаның бұл пункттері мен Лениннің ұраны арасында титтей болса да, сөз жөнінен болса да, айырма тауып көріңізші! Сіз мұндай айырма таба алмайсыз, өйткені ондай айырма жаратылыста жоқ. Ол олма. Лениннің ұраны VIII съездің орташа туралы қарарларына қайшы келмек түгіл, қайта ол ұран бұл қарарлардың ең анық, ең оңды тұжырымы екеніне ешбір күмән болуы мүмкін емес. БК(б)П программасы 1919 ж. март айының ішінде партияның VIII съезінде, орташа туралы мәселені әдейі қараған съезде, қабылданғаны факт, ал Лениннің Питирим Сорокинге қарсы мақаласы, орташамен келісу ұранын жарыялаған мақаласы, 1918 ж. ноябрьдің ішінде партияның VIII съезінен төрт ай бұрын баспасөзде жарияланғаны да факт ғой.

Лениннің Питирим Сорокинге қарсы мақаласында жарияланған ұранын партияның VIII съезі **тұтасымен, толық қабылдағаны, социалистік құрылыстың бүкіл кәзіргі дәуірі бойында** партия өзінің деревнядағы жұмысында қолдануға міндетті ұран ретінде қабылдағаны айқын емес пе?

Ленин ұранының мәні неде?

* Барлық жерде де курсив менікі. **И. Ст.**

Ленин ұранының мәні — бұл ұран партияның деревнядағы жұмысының **үш қырлы** міндетін: а) кедейге **сүйен**, б) орташамен **келісім** жаса, в) кулакпен **күресті** бір минутке де тоқтатпа деген бір қысқа формуламен айтып, тамаша дәл тауып белгілейді. Бұл формуланың бөлімдерінің, басқаларын ұмытып, біреуін деревнядағы кәзіргі кездегі жұмыстың негізі етіп алып қараныз, — сонда сіз, сөз жоқ тұйыққа барып тірелесіз.

Социалистік құрылыстың кәзіргі кезеңінің жағдайында, кедейге сүйенбей тұрып, кулакпен күреспей тұрып, орташамен нағыз шын, берік келісім жасауға бола ма?

Болмайды.

Дамудың кәзіргі жағдайында кедейлерге сүйенбей тұрып, орташалармен келісім жасамай тұрып, кулактарға қарсы күресті ойдағыдай жүргізуге бола ма?

Болмайды.

Партияның деревнядағы жұмысының бұл үш қырлы міндетін түйінді бір ұранға сыйғызып қалай келістірінкіреп айтуға болады? Менінше, бұл міндет Лениннің ұранында барынша келісті айтылған. Лениннен артық келістіріп айтуға болмайтынын мойынға алу керек...

Ленин ұранының мақсатқа дәл келетінін **тап кәзір**, деревнядағы жұмыстың тап **кәзіргі жағдайларында** атап көрсету керек болатын себебі не?

Себебі, тап кәзір партияның деревнядағы жұмысының бұл **үш қырлы** міндетін кейбір жолдастардың бөлшектеп, бірінен бірін айырып әкеткісі келетін беті байқалады. Мұны біздің быйылғы январь — февраль

ішіндегі астық дайындау науқанымыздың тәжрибесі түгелімен дәлелдеп отыр.

Орташамен келісім жасау керек екенін большевиктердің бәрі де біледі. Бірақ бұл келісімді қалай жасау керек — мұны кім болса, сол түсіне бермейді. Біреулер орташамен келісім жасағанда кулактарға қарсы күресті тоқтату жолымен яки ол күресті бәсеңдету жолымен жасағысы келеді: өйткені, кулактармен күрессек орташалардың бір бөлегін, оның ауқатты бөлегін үркітіп алуымыз мүмкін деп ойлайды.

Енді біреулер орташамен келісім жасағанда кедейлерді ұйымдастыру жұмысын тоқтату жолымен яки бұл жұмысты бәсеңдету жолымен жасағысы келеді: өйткені кедейлерді ұйымдастыру жұмысы кедейлерді бөлектейді, ал кедейлерді бөлектесек, орташаны өзімізден үркітіп алуымыз мүмкін деп ойлайды.

Осындай дұрыс жолдан таюшылықтан келіп: орташа ауытқушы тап, орташамен жасалған келісімді, кулактармен батыл күресіп, кедейлер арасындағы жұмысты күшейткенде ғана нығайтуға болады, мұны істемеген жағдайда орташаның, күш ретінде, кулактар жағына ауып кетуі мүмкін, деген марксистік қағыйданы ұмытушылық туады.

Лениннің партияның VIII съезінде айтқан сөздерін еске түсіріңіз:

«**Белгілібір тұрақты қалпы жоқ*** тап жөнінде ұстайтын көзқарасымызды анықтау керек. Пролетариат бұқарасы социализм жағында, буржуазия бұқарасы социализмге қарсы, — бұл екі таптың арасындағы көзқарасты анықтау оңай. Ал біз орта ша-

* Курсив менікі. И. Ст.

руалар сияқты топты алсақ, **оның ауытқып отыратын тап** екенін көреміз. Ол бір жағынан меншік иесі, екінші жағынан еңбекші. Ол еңбекшілердің басқа өкілдерін қанамайды. Ол өз күйін ондаған жылдар бойы зор еңбекпен сақтап келді, ол помещиктер мен капиталистердің қанауын басынан кешірді, ол қандай мехнатты болса да көрді, бірақ сонымен қатар ол — меншік иесі. Сондықтан бұл ауытқып отыратын тап жөніндегі көзқарасымызды белгілеуде зор қиыншылықтар кездеседі» («РК(б)П VIII съезі», стенографиялық есепті баяндама, 300-бет[21]).

Дұрыс жолдан таюшылықтың басқалары да болады, бұлардың қаупі жаңа айтылғандардікінен кем емес. Қулактарға қарсы күрес жүргізетіндер болады, бірақ оны қолапайсыз, мағнасыз жүргізеді де, мұнан орташа мен кедей таяқ жейтін болады. Мұның нәтижесінде кулак ап-аман қалады, орташамен одақтасу ісі шатынайды, ал кедейлердің бір бөлегі совет саясатына қарсы астыртын күресіп жатқан кулактардың уақытша шеңгеліне түседі.

Қейде, қулактарды конфискациялау — біздің жағдайда ақымақтық екенін, азық-түлік салғырты — орташамен одақтасу емес, орташамен күресу екенін ұмытып, кулактармен күресті конфискацияға, астық дайындау жұмысын азық-түлік салғыртына айналдыруға ұмтылу реттері де болады.

Партия жолынан мұндай таюшылықтар неден туады?

Партияның деревнядағы жұмысының үш қырлы міндеті **бөлінбейтін тұтас**, бірыңғай міндет екенін түсінбегендіктен туады. Қулактармен күресу міндетін орташамен келісу міндетінен **айыруға болмайтынын,** бұл екі міндетті кедейлерді партияның деревнядағы

тірегіне айналдыру міндетінен айыруға болмайтынын түсінбейтіндіктен туады*.

Біздің деревнядағы күнбе-күнгі жұмысымыздың өрісінде бұл міндеттердің бір-бірінен айырылмауы үшін не істеу керек?

Мұның үшін, ең аз дегенде, бұл міндеттердің бәрін бір жалпы формулаға біріктіретін, сөйтіп, бұл міндеттерді бір-бірінен айыруға жол бермейтін басшылық ұран беру керек.

Біздің партия арсеналында мұндай формула, мұндай ұран бар ма?

Я, бар. Мұндай формула Лениннің: «кулакпен күресуден бір минутке де бастартпай отырып, тек

---

* Мұнан шығатын қортынды — партия жолынан таюшылық жұмысшылар мен шаруалардың одағы үшін екі түрлі қауіп туғызады: мәселен, астық дайындаудағы уақытша істеліп отырған төтенше шараларды партияның үнемі яки ұзақ уақыт ұстайтын жолына айналдырғысы келетіндер жағынан туатын қауіп, және кулакқа жол беру үшін, сауданы мемлекет орындарының тәртіптеп отыруынан шығарып, саудаға толық ерік жариялау үшін, төтенше шаралардың қолданылмауынан пайдаланғысы келетіндер жағынан туатын қауіп. Сондықтан дұрыс жолдың іске асуын қамтамасыз ету үшін екі майданда да күресу керек.

Сөздің реті келуінен пайдаланып айтып кетпекпін: біздің баспасөз кейде бірсыпыра сыңаржақтық істеп, бұл ережені орындамайды. Мәселен, астық дайындаудағы уақытша қолданылып отырған төтенше шараларды партияның үнемі қолданатын саясатына айналдырғысы келетіндерді, ұштасу ісіне қауіп туғызушыларды әшкерелейді. Мұнысы өте жақсы. Бірақ мұнымен қатар, ұштасу ісіне екінші жағынан қауіп туғызатындарға жеткілікті көңіл бөлмесе, оларды мықтап әшкерелемесе, ұсақбуржуазиялық стихияға беріліп кетушілерді әшкерелемесе, деревняның капиталистік элементтерімен күрестің бәсеңдеуін, сауданы мемлекеттің тәртіптеп отыруынан шығарып, саудаға толық ерік берілуін

кедейлерге ғана берік сүйене отырып, орта шаруамен келісе білу керек» деген ұраны.

Сондықтан да мен: бұл ұран мақсатқа ең дәл келетін, бәрін қамтый алатын ұран, **тап кәзір**, деревнядағы жұмыстың **тап кәзіргі жағдайларында**, бұл ұранды ең алға қою керек деп ойлаймын.

Сіз, Лениннің ұранын «оппозициялық» уран деп есептеп, хатыңызда: **«Бұл оппозициялық ұран 1928 жылғы 1 май қарсаңында «Правдада» қалайша басылды... бұл ұранның БКП Орталық Комитетінің органы «Правдада» басылуының себебі не, бұл тек жәй техникалық қате ме, әлде орташа туралы мәселеде оппозициямен келсім жасағандық па?»** деп сұрайсыз.

Несін айтасың, — қаһарын төгіп қатты айтылған сөз! Алайда, С. жолдас, «бұра берісте» сағырақ болу керек: мұндай асаулығыңызбен, Лениннің ұранын толығынан қостаған (факт!), негізінде Ленин (еш оппозиционер емес!) жазған, партияның VIII съезі (бұл

талап етушілерді, сөйтіп үштасу ісін екінші жағынан әлсіретушілерді әшкерелемесе, бұл жақсы емес, бұл дұрыс емес. Бұл — **сыңаржақтық**.

Кейде баспасөз, мәселен, кәзіргі сатыда ауыл шаруашылығының негізі болып отырған жеке ұсақ, орта шаруа шаруашылықтарын көтеру керек екенін, көтеруге мүмкін екенін мойындамаушыларды әшкерелейді. Мұнысы өте жақсы. Бірақ мұнымен қатар, колхоздар мен совхоздардың маңызын кемітушілерді, жеке ұсақ, орта шаруалар шаруашылықтарын көтеру міндетін колхоз, совхоз құрылысын іс жүзінде көтеру міндеттерімен толықтыру керек екенін көрмейтіндерді әшкерелемесе, бұл жақсы емес, бұл дұрыс емес. Бұл енді — **сыңаржақтық**.

Дұрыс жолдың іске асуын қамтамасыз ету үшін **екі майданда да** күресу керек, сыңаржақтықтың қандайын болса да тастау керек.

да оппозицияшыл емес!) қабылдаған программамызды басуды тыю керек деген қорытындыға келіп жүрмеңіз. Біздің программаның деревнядағы әлеуметтік топтар туралы белгілі пункттерін көбірек қадірлеу керек! Партияның VIII съезінің орта шаруалар туралы қарарларын көбірек қадірлеу керек!..

Сіздің «орташа туралы мәселеде оппозициямен келісім жасағандық» деген сөзіңізді алсақ, менің ойымша, бұл сөз теріс екенін көрсетіп жатуға татымайтын сөз: бұл сөзді Сіз жазу үстінде айтып салған боларсыз.

Ленин VIII съезді ашардағы сөзінде орташамен берік одақ жасау туралы айтқанда, Лениннің ұранында және БК(б)П-ның VIII съезде қабылданған программасында орташамен келісу туралы айтылғанына, шамасы, күдіктенетін көрінесіз. Мұнан Сіз, шамасы, қайшылық тәрізді бір нәрсені көретін сияқтысыз. Сіз, мүмкін, тіпті, орташамен келісу саясаты — орташамен одақтасу саясатынан тайып шығу сияқты бірдене деп шамалауға бейім боларсыз. Бұл дұрыс емес, С. жолдас. Бұл — қатты адасқандық. Бұлай деп, тек ұранның әріптерін оқый білетін, бірақ ұранның мағнасына түсінбейтін адамдар ғана ойлай алады. Бұлай деп, орташамен одақтасу, келісу туралы ұранның тарихын білмейтін адамдар ғана ойлай алады. Бұлай деп, — VIII съезді ашардағы сөзінде орташамен «берік одақ» саясатын жарыялаған Ленин, сол съездегі екінші сөзінде және VIII съезд қабылдаған партия программасында бізге қазір орташамен «келісу» саясаты керек екенін жарыялап, өз айтқанынан өзі қайтты деп ұйғара алатын адамдар ғана ойлай алады.

Бұл арада істің мәнісі не? Істің мәнісі — Ленин

және партия атынан VIII съезд «келісу» ұғымы мен «одақ» ұғымы арасында **ешбір айырма** бар деп таппайды. Істің мәнісі — қай жерде болса да, VIII съездегі сөздерінің бәрінде де. Ленин «одақ» ұғымы мен «келісу» ұғымын **бір ұғым** деп есептеді. VIII съездің «Орта шаруаларға көзқарас туралы» қарары жайында да соны айту керек, бұл қарарда «келісу» ұғымы мен «одақ» ұғымы **бір ұғымға** есептелді. Ленин мен партия ортаішамен келісу саясатын кездейсоқ, өткінші саясат емес, ұзаққа созылатын саясат деп есептегендіктен, ортаішамен келісу саясатын онымен берік одақ жасау саясаты деп атауға, сол сыяқты, ортаішамен берік одақ жасау саясатын онымен келісу саясаты деп атауға олардың толық дәлелі болды, дәлелі бар. Мұның осылай екеніне көз жеткізу үшін партияның VIII съезінің стенографиялық есепті баяндамасымен, сол съездің ортаіша туралы қарарымен танысса болғаны.

Лениннің VIII съездегі сөзінен алынған үзінді мынау:

«Совет қызметкерлерінің тәжрибесіздігінен, мәселенің қыйындығынан кулактарға арналған соққы екінің бірінде орта шаруаларға тиіп келді. Бұл жөнде біз өте үлкен күнә істедік. Бұл жөнде жыйналған тәжрибе келешекте мұны болғызбау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуімізге жәрдемдеседі. Біздің алдымызда теория жүзінде емес, практика жүзінде тұрған міндет осы. Бұл міндеттің қыйын міндет екенін сіздер жақсы білесіздер. Бізде орта шаруаға көрсете аларлық игілік жоқ, ал орта шаруа материалист, практик, ол нақты материалдық игілік көрсетуді талап етеді; біз қазір ондай игілік көрсете алмаймыз, қазір толық жетпейтіндігімізді көрсетіп отырған ауыр күрестің әлде де, мүмкін, бірнеше айлары бойына елімізге мұнсыз іс қылуға тура келеді. Бірақ біз әкімшілік практикамызда көп жұмыс бітіре аламыз: аппаратты оңдай аламыз, толып жатқан қолайсыздықтарды түзете

алдамыз. Партиямыздың орта шаруамен блок жасауға, одақ жасауға, келісім жасауға* жеткіліксіз берген жолын, — бұл жолды біз әлдеқашан түгел алдық, түзетуге тиіспіз» («РК(б)П VIII съезі, стенографиялық есепті баяндама, 20-бет[illegible]).

Көріп отырсыз, «келісу» мен «одақ» арасында Ленин айырма жасамайды.

Ал енді VIII съездің «Орта шаруаларға көзқарас туралы» қарарынан алынған үзінді мынау:

«Орта шаруаларды кулактармен шатастыру, кулактарға қарсы жұмсалатын шараларды азды-көпті дәрежеде орта шаруаларға қолдану — Совет өкіметінің барлық декреттерін, оның бүкіл саясатын нағыз өрескел түрде бұзу болып табылатындығы былай тұрсын, сонымен қатар пролетариаттың буржуазияны құлату жолындағы батыл күресінің дәуірінде, қанаушылықтың қандайын болса да кеселсіз жоюға көшу шарттарының бірі — пролетариаттың орта шаруалармен келісуі екенін көрсеткен коммунизмнің барлық негізгі принциптерін бұзу болып табылады.

Россияны былай қойғанда, алдыңғы қатардағы капиталистік елдерде де, ауылшаруашылық техникасының өнеркәсіп техникасынан артта қалуы себепті, біршама мықтырақ экономикалық тамырлары бар орта шаруалар пролетарлық революция басталғаннан соң едәуір көп уақытқа дейін қалпында қалады. Сондықтан деревнядағы совет қызметкерлерінің, сол сияқты партия қайраткерлерінің тактикасы орта шаруалармен ұзақ уақыт істес болуды көздеуге тиіс.

...Сонымен, Совет өкіметінің деревнядағы толық дұрыс саясаты жеңімпаз пролетариаттың орта шаруалармен одақ және келісім жасауын қамтамасыз етеді...

...Жұмысшы-шаруа үкіметінің, коммунист партиясының саясаты келешекте де пролетариаттың, аса кедей шаруалардың орта шаруалармен осындай келісу рухында жүргізілуге тиіс» («РК(б)П VIII съезі», стенографиялық есепті баяндама, 370—372-беттер[20]).

* Барлық жерде де курсив менікі. И. Ст.

Көріп отырсыз, «келісу» мен «одақ» арасында қарар да айырма жасамайды.

VIII съездің бұл қарарында орташамен «берік одақ» жасау туралы бір сөз де жоқ екенін аңғарту артық болмас. Бірақ бұдан — мұнысымен қарар орташамен «берік одақ» жасау саясатынан **тайып шықты**, деген мағна шыға ма? Жоқ, олай деген мағна шықпайды. Бұл тек — қарар «келісу», «істес болу» ұғымы мен «берік одақ» ұғымын бір санайды деген сөз. Бұл түсінікті де: орташамен «келісу» болмаған жерде, орташамен «одақтың» болуы мүмкін емес, ал орташамен жасалған «ұзақ уақыттық» келісім және істес болу болмаса, орташамен одақтың «берік» болуы мүмкін емес.

Фактылар осындай.

Екінің бірі: **не** Ленин мен партияның VIII съезі Лениннің орташамен «берік одақ» жасау туралы айтқанынан **тайып шыққан**, **не**, бұл орынсыз долбарды былай қойып, Ленин мен партияның VIII съезі «келісу» ұғымы мен «берік одақ» ұғымы арасында **ешбір** айырма жасамайтынын мойындау керек.

Сонымен, құр әріп санаушылықтың құрбаны болғысы келмеген адам, кедейге сүйену, орташамен келісу, кулакпен күресу керек екенін айтқан лениндік ұранның мағнасын түсінгісі келген адам, орташамен **келісу** саясаты — орташамен **берік одақ** жасау саясаты екенін түсінбей қалмайды.

Сіздің қатеңіз — сіз оппозицияның қаныпезерлік айласын түсінбей, оның арандатуына ергенсіз, жаудың сізге құрған қақпанына өзіңізді өзіңіз түсіргенсіз. Оппозиция қаныпезерлері: біз Лениннің орташамен келісу туралы ұранын қостаймыз, деп айқайлап, шу-

лап, сендіргісі келеді, мұны айтқанда олар, арандату ниетімен, орташамен «келісу» бір басқа, онымен «берік одақ» жасау тағы басқа бірдеңе, дегісі келеді. Мұнысымен олар екі қоянды бірден соғып алғысы келеді: біріншіден, өзінің орташалар туралы шын позициясын — орташамен келісу емес, «орташамен қырғый қабақ болу» (оппозиционер Смирновтың Москва губерниялық XVI партия конференциясында мен келтірген сөзін қараңыз[27]) позициясын жасырғысы келеді; екіншіден, большевиктердің аңқауларын, «келісу» мен «одақ» арасындағы жалған айырма арқылы алдап, оларды әбден шатастырып, Лениннен алыстатқысы келеді.

Ал біздің кейбір жолдастар бұларға жауап есебінде не істеп отыр? Оппозиция кәззаптарының бетпердесін жұлу орнына, олардың шын позициясы туралы партияны алдап жүргенін әшкерелеу орнына, мұның орнына, — олар қармаққа ілініп, қақпанға түсіп жүр, өздерін Лениннен алыстатуға жол беріп жүр. Оппозиция Лениннің ұраны туралы шу көтереді, оппозиционерлер Лениннің ұранын жақтағансып кеудесін көтереді, — олай болса, мені оппозициямен шатастырмауы үшін бұл ұраннан аулақ болайын, әйтпесе мені «оппозициямен келісім жасады» деп айыптауы мүмкін, дейді, — әлгі жолдастардың логикасы осындай!

Оппозицияның қанышерлік тәсілі жөніндегі мысал жалғыз осы ғана емес. Мәселен, өзара сын ұранын алыңыз. Өзара сын ұраны — біздің партиялық қыймылдың негізі, пролетарлық диктатураны нығайтудың құралы, кадрларды тәрбиелеудің большевиктік әдісінің жаны екенін большевиктердің білмеуі мүмкін емес. Оппозиция: өзара сын ұранын біз ойлап шығардық,

бұл ұранды партия бізден алды, сөйтіп партия оппозиция алдында тізе бүкті, деп сендіргісі келіп, шу көтереді. Бұлай істегенде оппозиция, ең болмағанда, екі нәрсеге қолын жеткізгісі келеді:

біріншіден, партиялықты **қыйратуды** мақсат қылған оппозициялық «өзара сын» мен партиялықты **нығайтуды** мақсат қылған большевиктік өзара сынның арасы жер мен көктей екенін жұмысшы табынан жасырғысы келеді, оны алдағысы келеді;

екіншіден, аңқаулардың кейбіреулерін қармағына түсіріп, партияның өзара сын туралы ұранынан бездіргісі келеді.

Ал біздің кейбір жолдастар бұған қарсы не істеп отыр? Оппозиция кәззаптарының бетпердесін жұлу орнына, большевиктік өзара сын ұранын қорғау орнына, — олар қақпанға барып түсіп жүр, өзара сын ұранынан қашып жүр, оппозицияның сыбызғысына билеп жүр және... оппозициядан іргемді аулақ салдым деп қате ойлап, оппозиция алдында тізе бүгіп жүр.

Мұндай мысалдарды үйіп-төгіп келтіруге болар еді.

Бірақ біз өз жұмысымызда кімнің болса да сыбызғысына билей алмаймыз. Оппозиционерлердің біз туралы айтқандарын өз жұмысымызда екібастан қолдана алмаймыз. Біз, оппозицияның қаныпезерлік істерін де, оппозиционерлердің арандатуына ерген, біздің кейбір большевиктердің қателерін де жолымыздан сыпырып тастап, өз жолымызбен ілгері басуымыз керек. Маркстің: «Жұрт не десе, о десін, — сен өз жолыңмен жүре бер»[28] деген сөздерін еске түсіріңіз!

1928 жылы 12 юньде жазылған
„Правда" газетінде жарияланған,
№ 152, 3 июль, 1928 ж.
Қол қойған: И. Сталин

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ

ФРУМКИНГЕ ЖАУАП

(Фрумкиннің 1928 ж. 15 июньдегі хаты жөнінде)

Фрумкиннің 1928 жылғы 15 июньдегі хаты көңіл бөліп карауға тұрарлық хат.

Оны пункт-пункті бойынша талдайық.

1. Ең алдымен, Фрумкиннің СССР-ның халықаралық жағдайына берген бағасы дұрыс емес. Партия ішінде жалпы жұрт қабылдаған мынадай пікір бар: СССР мен оның капиталистік қоршауының арасында қайшылықтардың күшеюінің себебі, капиталистік мемлекеттердің СССР-ға шабуыл жасауының себебі — СССР-да социалистік элементтердің өсіп отырғандығы болып табылады, барлық елдердің жұмысшы табына СССР-ның ықпалы өсіп отырғандығы, олай болса, өсіп, өркендеп отырған СССР-ның капитализм үшін қауіпті екендігі болып табылады. Біздің партияның XV съезі бұл істі нақ осылай түсінеді де, Орталық Комитеттің есебі бойынша қабылдаған қарарында ол былай дейді: «Буржуазиялық қоршаудың елдерінің және өзінің жеңімпаздық дамуымен дүниежүзілік капитализмнің негіздерін әлсірететін СССР-ның арасындағы қайшылықтар шиеленісіп отыр. СССР-да социалистік элементтердің **өсуі, пролетарлық диктатура азғындай-**

ды деген буржуазиялық үміттердің күйреуі, онымен қатар ССРО-ның халықаралық-революциялық ықпалының күшеюі әлгі шиеленісудің ең басты факторлары болып табылады»*[29].

Жалпыға мәлім, партия өзінің бұл нұсқауын жолжөнекей, кездейсоқ түрде белгілеп шығарған жоқ, қайта империализмнің ССРО-ға шабуыл жасауының себебі ССРО-ның әлсіреуі болып табылады, мұның өзі ССРО-ның азғындау процесінен болып отыр деп ашықтан ашық мәлімдеген оппозицияға қарсы қиян-кескі күресте белгілеп шығарды.

Бірақ Фрумкин бұл партиялық нұсқауға түбірінен қосылмайды. Мұның керісінше, Фрумкин: «капиталистік дүниенің ССРО-ға шабуыл жасауының негізгі және шешуші факторы біздің күштеріміздің саяси және экономикалық жағынан әлсіреуі болып табылады» деп сендірмек болады.

Біреуі Фрумкиндікі болып отырған, ал екіншісі біздің партиямыздың XV съезінікі болып отырған біріне-бірі қарама-қарсы бұл екі бағаның арасында қандай ұқсастық бар?

2. ССРО-ның ішкі жағдайына Фрумкиннің берген бағасы одан бетер дұрыс емес. Фрумкиннің хатын оқығанда Совет өкіметі ақырғы күндерін бастан кешіріп жатыр екен, ел шыңыраудың шетінде тұр екен және ССРО-ның апат болуы бірнеше айда, тіпті бірнеше күнде болатын іс екен деп ойлап қалуға болады. «Көкектің азан шақырар күні бітті» деп қосу ғана жетпей тұр.

ССРО-ның «апат болуы» туралы интеллигенттік

* Курсив менікі. И. Ст.

байбаламды біз оппозиционерлердің аузынан естуге дағдыланған едік. Бірақ Фрумкиннің оппозициядан үлгі алуы лайық па?

Әрине, біздің кәзіргі қыйыншылықтарымыздың маңызын жете бағаламау дұрыс болмас еді. Бірақ ол қыйыншылықтардың маңызын асырып жіберу, естен айырылып, үрейшілдікке салыну одан бетер дұрыс болмас еді. Кулактың Совет өкіметіне ызалы екенінде күмән жоқ: кулактың Совет өкіметімен достық қатнаста болуын талап ету таңқаларлық іс болар еді. Кедейлер мен орташалардың кейбір бөлегінің арасында кулактың ықпалы бар екені күмәнсіз. Бірақ осыған сүйеніп, кедейлер мен орташалардың көпшілігі Совет өкіметіне қарсы пікірде деп, «бұл пікірлер кәзірдің өзінде-ақ **жұмысшы орталықтарына** ауа бастады» деп қортынды шығару — естен танып, үрейшілдікке түсу деген сөз. «Қорыққанға қос көрінеді» деп тегін айтылмаған.

Егер бізде кәзір осы күнгідей қыйыншылықтар болмай, бұдан гөрі үлкенірек қыйыншылықтар бар болса, айталық, әртүрлі қобалжулар үшін кеңірек «қыймыл майданын» ашатын соғыс бар болса, Фрумкиннің халі қандай боларын ойлап білуге болады.

3. Фрумкиннің «біздің экономикалық жағдайымыздың нашарлауы деревня жөнінде XV съезден кейін жаңа саяси нұсқау берілуі салдарынан шиеленісіп кетті» деп мәлімдеуі мүлдем дұрыс емес. Бұл арада әңгіме астық дайындау жұмысын жақсарту жөнінде партияның быйылғы жылдың басында қабылдаған шаралары туралы болып отырса керек. Фрумкин бұл шараларды біздің жағдайымызды «нашарлатқан» зиянды шаралар деп санайды.

Ендеше, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумы:

а) «астық дайындау қыйыншылықтары бүкіл халықаралық жағдай мен ішкі жағдай пролетариат мемлекетін мәжбүр етіп отырған, елді индустриялацдырудың шапшаң қарқынының қыйыншылықтарына және шаруашылықты жоспарлау ісіне басшылық етудің қателеріне байланысты»,

б) «рынок қатнастарындағы диспропорция шиеленісуінің (бір жағынан, төлеу қабілеті бар деревнялық керексіну, екінші жағынан, өнеркәсіп товарларын ұсыну) себебі — деревняның, әсіресе оның дәулетті және кулак топтарының табыстылығы артуынан» (партияның шараларынан емес. И. Ст.),

в) «қыйыншылықтарды деревняның кулактар бөлімі мен жалдаптардың пайдалануға тырысуынан, астықтың бағасын қымбаттатып, советтік нарық саясатын жүргіздірмеуге тырысуынан ол қыйыншылықтар терецдеп, күшейді»* (бірақ бұл партияның шараларынан емес. И. Ст.) деп қаулы етіп, дұрыс істемеген болып шығады.

Ендеше, Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумы астық дайындау туралы қарарында «партияның бұл шаралары, өзінің белгілі бөлегі төтенше сыйпатта болған шаралар, астық дайындауды күшейту ісінде өте ірі табыстарды қамтамасыз етті»[30] деп мәлімдеп дұрыс істемеген болып шығады.

Сонымен, Фрумкиндікі дұрыс, ал Орталық Коми-

* Курсив менікі. И. Ст.

тет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумынікі дұрыс емес болып шығады!

Ақыр-аяғында, осы арада кімдікі дұрыс, Фрумкиндікі ме әлде Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының пленумынікі ме?

Фактылар келтірейік.

Быйылғы жылдың январь айының басында бізде істің жайы қандай еді? Бізде өткен жылмен салыстырғанда 128 миллион пұт астық дефицит еді.

Ол кезде дайындау ісі қалай жүргізіліп еді? Партияның тарапынан ешқандай төтенше шараларсыз, дайындау ісіне партияның белсене араласуынсыз, өз бетімен жүргізіліп еді.

Ол кезде істі өз бетімен жіберушілік және қандай да болса қысымның болмауы бізге не берді? 128 миллион пұт астық дефицитін берді.

Егерде партия Фрумкиннің ақылын тыңдап, ол кезде іске араласпаған болса, егерде 128 миллион пұт астық дефициті әлі көктемге дейін, көктемгі егіске дейін жойылмаған болса, бізде кәзір қандай нәтижелер болған болар еді? Кәзір бізде жұмысшылардың арасында аштық, өнеркәсіп орталықтарында аштық болған болар еді, біздің құрылысымыз орындалмас еді, Қызыл Армияда аштық болған болар еді.

Партия төтенше шараларды қолданудан да тайынбай, іске араласпай отыра алды ма? Әрине, партия басқаша істей алмады.

Ал бұдан қандай қортынды шығады? Ал бұдан мынадай қортынды шығады: егерде астық дайындау ісіне деркезінде араласпасақ, кәзір бізде бүкіл халық шаруашылығымыздың өте қауіпті дағдарысы болған болар еді.

Қортынды біреу: Фрумкиннің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумының қарарларын ревизиялауды талап етіп, ол қарарларға қарсы шығуы мүлдем дұрыс емес.

4. Фрумкиннің «Партияның XIV және XV съездеріне қайта оралу керек» деуі мүлдем дұрыс емес. Біздің XV съезге қайта оралуымыздың қажеті жоқ, өйткені партия бүтіндей және толық XV съездің қарарларына сүйеніп отыр. Бірақ Фрумкин XIV съезге қайта оралуды талап етеді. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — бүкіл өткен жолды өшіріп тастап, ілгері емес, кейін жүру деген сөз емес пе?

Партияның XV съезі «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарында деревняның социалистік жолмен дамуы мақсаты үшін «кулактарға барынша батыл шабуыл жасау»[31] керек дейді. Партияның XIV съезі мұны айтқан жоқ және ол уақыттағы жағдайлар бойынша айта да алмады. Фрумкиннің «XIV съезге қайта оралу» деген талабы, осыған байланысты, не деген сөз болып шыға алады? Ол — «кулактарға барынша батыл шабуыл жасау» саясатынан бастарту деген сөз ғана болып шыға алады.

Ендеше, Фрумкиннің XIV съезге қайта оралу туралы талабы партияның XV съезінің қарарларынан бастартуға апарып соғады.

Партияның XV съезі «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарында былай дейді: «қазіргі дәуірде ұсақ жеке шаруалар шаруашылықтарын ірі коллективтерге біріктіру және қайта құру міндеті партияның деревнядағы негізгі міндеті ретінде алға қойылуға тиіс»[32]. Партияның XIV съезі мұны айтқан жоқ және ол уақыттағы жағдайлар бойынша айта да алмады.

Бұл жайында XV съездің қарсаңында ғана айтуға болды, өйткені ол кезде жеке ұсақ және орта шаруалар шаруашылығын өркендету жөніндегі ескі және біз үшін сөзсіз керекті міндетпен қатар, біздің алдымызға ірі товарлы шаруашылықтар болып табылатын колхоздарды өркендетудің жаңа практикалық міндеті қойылды.

Фрумкиннің «XIV съезге қайта оралу» деген талабы, осыған байланысты, не деген сөз болып шыға алады? Ол тек: колхоздарды өркендетудің жаңа практикалық міндетінен бастарту деген сөз болып шыға алады. Коллективтерді өркендетудің практикалық міндетінің орнына Фрумкиннің «коллективтерге барушы кедейлерге барынша жәрдем көрсетудің» айлакерлік міндетін қоятындығының себебі де, асылында, осы.

Демек, Фрумкиннің XIV съезге қайта оралу туралы талабы XV съездің қарарларынан бастартуға апарып соғады.

Партияның XV съезі «Халық шаруашылығының бесжылдық жоспарын жасау жөніндегі директивалар туралы» қарарында былай дейді: «қазіргі уақытта өндірістік кооперативтендірудің барлық өмірге бейім формаларына (коммуналар, колхоздар, артельдер, өндірістік серіктіктер, кооперативтік заводтар және т. б.), сол сияқты неғұрлым жоғары сатыға көтерілуге тиісті болып отырған совет шаруашылықтарына* [33] көбірек жәрдем көрсетілуі керек». Партияның XIV съезі мұны айтқан жоқ және ол уақыттағы жағдайлар бойынша айта да алмады. Бұл жайында XV

* Курсив менікі. И. Ст.

съездің карсаңында ғана айтуға болды, өйткені ол кезде, бір жағынан, жеке ұсақ және орта шаруалар шаруашылықтарын өркендету, екінші жағынан, колхоздарды өркендету міндеттерімен қатар, тағы бір жаңа практикалық міндет — өте товарлы единицалар болып табылатын совет шаруашылықтарын өркендету міндеті біздің алдымызға қойылды.

Фрумкиннің «XIV съезге қайта оралу» деген талабы, осыған байланысты, не деген сөз болып шыға алады? Ол тек: «совет шаруашылықтарын неғұрлым жоғары сатыға көтеру» саясатынан бастарту деген сөз болып шыға алады. Совхоздарды өркендету жөнінде XV съезд белгілеген дұрыс міндеттің орнына «совхоздарды екпінді және аса екпінді түрде кеңейту ісін жүргізбеу керек» деген теріс міндет коюының себебі де, асылында, осы; ал партияның бұл арада «аса екпінділік» міндеті жоқ және болуы мүмкін де емес, өйткені жаңа совхоздар құру туралы мәселені енді ғана шындап қолға ала бастап отырмыз, Фрумкин мұны білмей отырған жоқ.

Тағыда келіп, Фрумкиннің XIV съезге қайта оралу туралы талабы XV съездің қарарларынан бастартуға апарып соғады.

Осы айтылғанның бәрінен кейін, Фрумкиннің Орталық Комитет XV съездің қарарларынан «аулақтап кетті» деген мәлімдемесінің бағасы не? Фрумкиннің бүкіл хаты XV съездің бірсыпыра өте маңызды мәселелер жөніндегі қарарларын жоққа шығаруға тырысқан, нашар бүркемеленген әрекет деп айту дұрырақ болмай ма?

Фрумкиннің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумының астық да-

йындау туралы қарары «түрлаусыз және екі жақты» деуінің себебі де осы емес пе? Пленумның қарары дүрыс, ал Фрумкиннің позициясы бірсыпыра «түрлаусыз» екендігі себепті оның шынымен «көзі бүлдырай» бастады деп айту дүрысырақ болмай ма?

Фрумкиннің негізгі қатесі мынау: ол өзінің көз алдында тек бір міндетті ғана, жеке шаруалар шаруашылығын көтеру міндетін ғана көреді, бүл арада ол біздің ауыл шаруашылығына көзқарасымыз, негізінде, осымен тынады деп болжайды.

Оның қатесі мынау: өзінің XV съезінде партияның бізге берген жаңа нәрсесін ол түсінбейді, кәзір іс жеке шаруалар шаруашылығын көтеру міндетімен ғана тына алмайтындығын, бүл міндетке екі жаңа практикалық міндетті: совхоздарды өркендету міндеті мен колхоздарды өркендету міндетін қосу керек екенін түсінбейді.

Бірінші міндетті соңғы екі міндетпен біріктірмейінше біз мемлекетті товарлы астықпен жабдықтау мағнасында да, бүкіл халық шаруашылығын социализм негізінде үйымдастыру мағнасында да қиын халден шыға алмайтынымызды Фрумкин түсінбейді.

Мүның өзі — біз кәзірдің өзінде-ақ совхоздар мен колхоздарға баса көңіл аудара бастап отырмыз деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Кәзіргі кезеңде жеке үсақ және орта шаруалар шаруашылығы саласына баса көңіл аудару қалпы қалып отыр. Бірақ мүнын мәнісі — бүл міндеттің бір өзі кәзір енді жеткіліксіз болып отыр деген сөз. Мүның мәнісі — бүл міндетті біз колхоздарды өркендету және совхоздарды өркендету туралы жаңа екі міндетпен практика жүзінде

толықтыруымызға тиісті болатын уақыт жетті деген сөз.

5. Фрумкиннің «кулакты заңнан тыс деп жариялау барлық шаруалар жөнінде заңсыздықтар болуына әкеліп соқты» деген ескертуі мүлдем дұрыс емес.

Біріншіден, кулак «заңнан тыс» деп жарияланды деу дұрыс емес.

Екіншіден, егерде Фрумкиннің бұл сөздерінде қандайда болса мағна бар болса, ол мағна мынау: кулактардың «азаматтық праволарын» қалпына келтіруді, кулактарға саяси праволарды (айталық, Советтерге сайлау праволарын және т. б.) қайтарып беруді Фрумкин партиядан талап етеді.

Кулактар жөніндегі белгілі тежеулерді жойып, партия мен Совет өкіметі ұтар еді деп ойлай ма әлде Фрумкин? Фрумкиннің бұл «ой өрісін» XV съездің «кулактарға барынша батыл шабуыл жасау» туралы қарарымен қалай сәйкестіру керек?

Кулактарға қарсы күресті бәсеңсіту орташамен біздің одағымызды нығайтады деп ойлай ма әлде Фрумкин? Кулактардың праволарын қайтарып беру кулактардың орташаны бізден бөліп әкету жұмысын тек оңайлататынына Фрумкиннің пайымы бармай ма екен?

Осы айтылғанның бәрінен кейін Фрумкиннің орташамен одақтасу туралы әңгімесінің бағасы не?

Әрине, біздің деревнядағы қызметкерлеріміздің белгілі бөлегінің тарапынан заңдарды бұзушылықтың бар екенін бекер деу дұрыс болмас еді. Біздің қызметкерлердің белгілі бөлегінің тарапынан кулактарға қарсы күрестің шебер жүргізілмегендігінің салдарынан, кулактарға арналған соққының кейде орташа-

лардың және тіпті кедейлердің басына түсетіндігін бекер деу одан бетер дұрыс болмас еді. Партияның жолын мұндай бұрмалаушылықтарға қарсы ең батыл күрестің керек екендігіне күмән жоқ. Бірақ, осыны дәлел етіп, кулактарға қарсы күресті бәсеңсіту керек, кулактардың саяси праволарын тежеуден бастарту керек және т. б. деп қалайша қортынды шығаруға болады?

6. Фрумкиннің кулактарға қарсы күресқенде жергілікті орындардағы кейбір қызметкерлеріміздің кейде істейтініндей кулактарды жою жолымен күресуге болмайды деуі дұрыс. Бірақ ол мұнысымен жаңалық айттым екен деп ойлап, қателеседі. Фрумкиннің істеп отырғанындай, бұл бұрмалаушылықтар жөнінде Молотов жолдасты немесе Қубяк жолдасты айыптау және партия ол сияқты бұрмалаушылықтарға қарсы күрес жүргізбей отыр деп айту — адам айтқысыз әділетсіздік істеу және асқан әпербақандыққа салыну деген сөз.

7. Фрумкиннің базарлар, астық рыногін ашу керек деуі дұрыс. Бірақ, егерде ол осы сөзімен қандай да болса бір жаңалық айттым деп ойласа, ол қателеседі. Біріншіден, партия базарларды жабуды ешуақытта жақтаған емес. Екіншіден, кейбір аудандарда базарларды жауып тастаушылық кездескендіктен, орталықтың жергілікті ұйымдарға базарларды дереу қайтадан ашып, мұндай бұрмалаушылықтарды жоюға тоқтаусыз әмір еткенін Фрумкиннің білмеуі мүмкін емес. Орталықтың бұл қарарының жергілікті орындарға майдың аяғында (26 майда), яғни Фрумкиннің хаты жарыққа шықпастан екі апта бұрын таратылғаны мәлім. Фрумкиннің мұны білмеуі мүмкін емес.

Осыдан кейін «ат сабылтып» әуре болудың керегі бар ма еді?

8. Фрумкиннің астықтың бағасын қымбаттатып, самогон қайнатуға қарсы күресті күшейту керек деуі дұрыс. Бірақ Фрумкин мұнысымен Американы ашты деп ойлау тағыда таңқаларлық іс болар еді. Самогон қайнатуға қарсы күрес бізде осы жылдың январынан бері жүргізіліп келеді. Күресті күшейту керек және ол күшейтіледі де, бірақ бұған деревняның наразы болатынын Фрумкин білмей отырған жоқ. Астықтың бағасын арттыруға келетін болсақ, онда Фрумкиннің мынаны білмеуі мүмкін емес: бізде Саяси Бюрода жаңа дайындау жылының басталуына арнап бағаны арттыру ісі осы жылдың февралінде, яғни Фрумкиннің хаты жарыққа шықпастан төрт ай бұрын, шешілген болатын. Тағыда: бағаны арттыру жөнінде «ат сабылтып» әуре болудың керегі бар ма еді?

9. Бірінші рет көз жібергенде Фрумкиннің хаты орташамен одақтасу ісін қорғау ұранымен жазылған болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл тек сырткы көрініс. Іс жүзінде Фрумкиннің хаты кулакка **жеңілдік беру** жолындағы өтініш, кулак жөніндегі **тежеушілікті жою жолындағы** өтініш болып табылады. Кімде-кім орташамен одақтасу ісін нығайтқысы келсе, ол кулактарға қарсы күресті бәсеңсітуді талап ете алмайды.

Орташамен берік одақты қамтамасыз ету — біздің партияның аса маңызды міндеті болып табылады. Бірақ мұндай одақты мынадай жағдайларда ғана: кулактарға қарсы батыл күресу жағдайында ғана, кедейлерді пролетариаттың деревнядағы тірегіне айналдырған жағдайда ғана, ақырында, орташамен ұзақ мерзімге келісім жасауға біздің әзір тұруымызға жә-

не шебер жасаса білуімізге байланысты; ал орташамен жасасатын мұндай келісім орташамен одақты нығайтады және социалистік құрылыс жолындағы күресте пролетариаттың позицияларын нығайтады.

Біздің бұл жөніндегі саясатымыз деревняның капиталистік элементтеріне қарсы күресті бәсеңсітуді көздемей, қайта «пролетариаттың орта шаруамен келісім жасауын», «орта шаруамен ұзақ дәуір бірге істесуді», «жеңімпаз пролетариаттың орта шаруамен одақтасуын және келісім жасауын» көздеуі керек (партияның VIII съезінің «Орта шаруаларға көзқарас туралы» қарарын қараңыз)[34].

И. Сталин

20 июнь, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ӨЗАРА СЫН ҰРАНЫН БҰРМАЛАУҒА ҚАРСЫ

Өзара сын ұранын өткінші, уақытша нәрсе деп қарауға болмайды. Өзара сын дегеніміз партия кадрларын және жалпы жұмысшы табын революциялық даму рухында тәрбиелеудің ерекше әдісі, большевиктік әдісі болып табылады. Маркс өзара сынды пролетарлық революцияны нығайтудың әдісі деген болатын[35]. Біздің партиядағы өзара сынға келетін болсақ, онда өзара сын елімізде большевизмнің жарыққа шығуы кезінен, оның жұмысшы қозғалысындағы революциялық ерекше ағым ретінде тууының бірінші күндерінен-ақ басталады.

Лениннің 1904 жылдың көктемінде-ақ, большевизм әлі дербес саяси партия болмай, социал-демократиялық бір партияның құрамында меньшевиктермен бірге жұмыс істеген кездің өзінде, Лениннің сол кездің өзінде партияны «өзара сынға және өз кемшіліктерімізді аямай ашуға» шақырғандығы жұртқа мәлім. Сол кезде Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген өз кітапшасында міне былай деп жазды:

«Олар (яғни марксистерге карсылар. И. Ст.) біздің таласымызды бақылап отырады да, табалап, мәз болады; олар, әрине, партиямыздың кемшіліктерін, жетімсіздіктерін көрсетуге арналған менің кітапшамның көп жерлерін үзіп-жұлып, өз мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Орыс социал-демократтары ұрыстарда әбден шыныққан, сондыктан олар мұндай шымшуларға тандалбайды, кайта оған карамастан, **өзін өзі сынау және өз кемшіліктерін аямай ашу жөніндегі*** жұмыстарын жүргізе береді, ал бұл кемшіліктерден жұмысшы қозғалысының өсуі калай да сөзсіз асып түседі. Ал енді, душпан мырзалар бізге өз «партияларындағы» жағдайдың шын суретін көрсетсінші, біздің екінші съездің протоколдарына тым болмаса жанасып жақындайтын суретті көрсетсінші!» (VI том, 161-бет[30]).

Сондыктан өзара сын дегеніміз өткінші оқиға, әдетте сәннің кай-кайсысының да іске асқысыз болып калатындығы сыяқты жуық уақыттың ішінде іске асқысыз болуға тиісті сән деп ойлайтын жолдастардікі мүлде дұрыс емес. Шындығында өзара сын дегеніміз большевизмнің казнасындағы тұтас және үнемі әрекет етуші құрал, большевизмнің нағыз жаратылысымен, оның революциялық рухымен айырғысыз байланысты құрал болып табылады.

Кейде былай деседі: өзара сын өкімет басына әлі келмеген, «жоғалтатын ешнәрсесі жоқ» партия үшін жақсы нәрсе, бірақ өкімет басына кәзірдің өзінде келген, бірақ дұшпан күштердің коршауында тұрған партия үшін өзара сын қауіпті де, зыянды да нәрсе, өйткені оның әйгіленген әлсіздіктерін дұшпандар партияның өзіне карсы пайдалануы мүмкін дейді.

Бұл дұрыс емес. Бұл мүлде дұрыс емес! Кайта, большевизм өкімет басына келгендіктен, большевиктер құрылысымыздың табыстары арқасында дандайсып

* Курсив менікі. И. Ст.

кетуі мүмкін болғандықтан, большевиктер әлсіздіктерін байқамай қалып, өз дұшпандарының ісін жеңілдетуі мүмкін болғандықтан, — дәл сондықтан да өзара сын әсіресе қәзір, әсіресе өкіметті қолға алғаннан кейін керек.

Өзара сын өз қателерімізді, өз әлсіздіктерімізді ашып, жоюды көздейді, — сондықтан пролетариат диктатурасы жағдайларында өзара сын большевизмнің жұмысшы табының дұшпандарына қарсы күресуін неғұрлым жеңілдете түсетіндігі айқын емес пе? Ленин большевиктер өкіметті қолға алғаннан кейінгі жағдайдың осы ерекшеліктерін ескерген болатын, сондықтан ол 1920 жылғы апрель — майда өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасында былай деп жазды:

«Саяси партияның өз қателеріне көзқарасы — сол партияның байсалдылығын, өз табы мен еңбекші бұқара алдындағы міндеттерін іс жүзінде атқара алуын сынайтын ең маңызды, ең дұрыс өлшеуіштердің бірі. **Қатені ашықтан-ашық мойындау***, оның себептерін ашу, қатені туғызған жағдайды талдау, қатені түзету шараларын көңіл қойып талқылау — міне бұл байсалды партияның белгісі, міне бұл оның өз міндеттерін атқарғандығы, міне бұл — **тапты**, онан соң **бұқараны да** тәрбиелегендігі, үйреткендігі болады» (XXV том, 200-бет).

Лениннің 1922 жылғы мартта партияның XI съезінде айтқан мына пікірі мың мәртебе дұрыс еді:

«Пролетариат революцияда **өзінің пәлендей** істерінің тамаша болып шыққанын, ал пәлендей істерінің сәтсіз болғанын мойындаудан қорықпайды. Осы уақытқа дейін мерт болып келген партиялардың бәрінің де түбіне жеткен нәрсе — олар **даңдайсып** кетті, сөйтіп өз күштерінің неде екенін көре білмеді, өз әлсіздік-

---

* Курсив менікі. И. Ст.

терін айтуға қорықты*. Ал біз мерт болмаймыз, себебі біз өз әлсіздіктеріміз туралы айтудан қорықпаймыз, бұл әлсіздіктерді жеңуді үйренеміз» (XXVII том, 260—261-беттер).

Қортынды біреу: өзара сын болмайынша — партияны, тапты, бұқараны дұрыс тәрбиелеуге болмайды, партияны, тапты, бұқараны дұрыс тәрбиелемейінше — большевизм болмайды.

Өзара сын ұранының дәл кәзір, дәл осы тарихи кезеңде, дәл 1928 жылы ерекше қажетті маңыз алып отырған себебі не?

Оның себебі — таптық қатнастардың ішкі салада да, сыртқы салада да шиеленісуі бұдан бір жыл немесе екі жыл бұрынғыдан гөрі кәзір айқын көрініп отыр.

Оның себебі — совет өкіметінің тап дұшпандарының, — біздің әлсіздіктерімізді, біздің қателерімізді еліміздің жұмысшы табына қарсы пайдаланатын тап дұшпандарының, — зыянкестік жұмыс істеп отырғандығы бұдан бір жыл немесе екі жыл бұрынғыдан гөрі кәзір айқын ашылып отыр.

Оның себебі — Шахты ісінің сабақтары және деревнядағы капиталистік элементтердің «астық дайындау кезіндегі маневрлерінің» сабақтары, оның үстіне жоспарлау ісіндегі өз қателеріміз бізге әсер етпей қоймайды және әсер етуге тиіс те.

Егер біз революцияны нығайтып, дұшпандарға сақадай сайланып қарсы шығамыз десек, онда біз Шахты ісі мен астық дайындау жөніндегі қыйыншылықтар кезінде көрінген өз қателеріміз бен әлсіздіктерімізден тезірек құтылуымыз керек.

Егер біз жұмысшы табы дұшпандарының қуаңшына әртүрлі «тұтқыйыл жағдайлар» мен «кездейсоқ-

* Курсив менікі. И. Ст.

тықтарға» кәпелімде душар болмайық десек, онда біз әлі ашылмаған, бірақ күмәнсіз бар әлсіздіктеріміз бен кателерімізді **тезірек ашуымыз** керек.

Мұны кешіктіру — өз дұшпандарымыздың ісін жеңілдету, өз әлсіздіктеріміз бен кателерімізді терендету деген сөз. Бірақ өзара сынды өркендетпейінше, өзара сынды күшейтпейінше, жұмысшы табы мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын әлсіздіктерімізді, кателерімізді ашып, жою ісіне тартпайынша мұның бәрін іске асыруға болмайды.

Сондықтан Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрель пленумының Шахты ісі жөніндегі өз карарында былай деуі әбден дұрыс:

«Белгіленген шаралардың бәрін ойлағылай жүзеге асыруды камтамасыз етудің басты шарты XV съездің өзара сын туралы ұранын толық жүзеге асыру болуға тиіс»*[37].

Ал өзара сынды өркендету үшін, ең алдымен, партияның алдында тұрған бірсыпыра кедергілерді жою керек. Бұл кедергілер — бұқараның мәдениет жағынан артта калғандығы, пролетариат авангардының мәдени күштерінің жетімсіздігі, біздегі енжарлық, біздегі «комчвандық», т. с. Алайда ең елеулі кедергі демесек те, ең елеулі кедергілердің бірі біздің аппараттарымыздағы **бюрократизм** болып табылады. Әңгіме біздің партиялық, мемлекеттік, кәсіпшілік, кооперативтік және басқа әралуан ұйымдарда бюрократ элементтердің бәрлығы туралы болып отыр. Әңгіме біздің әлсіздіктеріміз бен кателеріміздің аркасында өмір сүріп отырған, бұқараның сынынан, бұқараның бақылауынан өрттен қорыққандай қорқатын, сөйтіп біздің өзара

* Курсив менікі. И. Ст.

сынды өркендетуімізге кедергі жасап отырған, өз әлсіздіктерімізден, өз қателіктерімізден құтылуға кедергі жасап отырған бюрократ элементтер туралы болып отыр. Біздің ұйымдардағы бюрократизмді тек қана қағазбастылық, кеңсешілдік деп қарауға болмайды. Бюрократизм — біздің ұйымдарға жасалатын буржуазиялық ықпалдың көрінісі болып табылады. Лениннің мына пікірі әбден дұрыс болып шықты:

«...бюрократизмге қарсы күрестің **мүлде қажетті** күрес екендігін, сондықтан ұсақ буржуазиялық стихияға қарсы күресу міндеті сияқты бұл күрестің де ауыр екендігін біздің түсінуіміз керек. Біздің мемлекеттік құрылысымызда бюрократизмнің үлкен дертке айналып отырғандығы сондай, ол туралы біздің партия программасында айтылған, неге десеңіз — **ол осы ұсақбуржуазиялық стихиямен, оның бытыраңқылығымен байланысты**»* (XXVI том, 220-бет).

Егер біз өзара сынды өркендетуді, құрылысымыздағы дерттерден құтылуды шынымен тілейтін болсақ, өз ұйымдарымыздағы бюрократизмге қарсы күресті онан сайын мықтап жүргізуге тиіспіз.

Біз жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасын бюрократизмге қарсы негізгі ем ретінде **төменнен** сынау ісіне, **төменнен** бақылау ісіне онан сайын мықтап аттандыруға тиіспіз.

Лениннің мына пікірі әбден дұрыс болып шықты:

«Егер біз бюрократизммен күресеміз десек, онда біз **бұған қара бұқараны қатыстыруға** тиіспіз»... өйткені «бюрократизмді **жұмысшылар мен шаруаларды іске қатыстыру** арқылы құртпағанда қалай құртпақшымыз?»* (XXV том, 496, 495-беттер).

---

* **Курсив менікі. И. Ст.**

Ал миллиондаған бұқараны «іске қатыстыру» үшін жұмысшы табының барлық бұқаралық ұйымдарында **және** ең алдымен партияның өз ішінде пролетарлық демократияны өркендету керек. Бұл шарт болмайынша өзара сын түк емес, бос нәрсе, жәй мылжың болады.

Бізге **кез келген** өзара сын керек емес. Бізге жұмысшы табының мәдениеттілігін көтеретін, оның жауынгерлік рухын дамытатын, оның жеңіске сенімін нығайтатын, оның күшін молайтатын, сөйтіп елдің нағыз қожайыны болуына көмектесетін өзара сын керек.

Біреулер: егер өзара сын болады екен, онда **еңбек тәртібінің** керегі жоқ, жұмысты тастап, барлық нәрсе жөнінде тиіп-қашып мылжыңдауға болады деседі. Бұл өзара сын емес, жұмысшы табын келемеждеу. Өзара сын еңбек тәртібін бұзу үшін емес, оны **нығайту** үшін **керек,** еңбек тәртібі ұсақбуржуазиялық берекетсіздікке қарсы тұра алатын **саналы** тәртіп болуы үшін керек.

Екінші біреулер: егер өзара сын болады екен, онда енді **басшылықтың** керегі жоқ, тізгінді қоя беріп, бар нәрсені «өмірдің табиғи талқысына» тапсыру керек деседі. Бұл өзара сын емес, масқаралық. Өзара сын басшылықты әлсірету үшін емес, **күшейту** үшін керек, оны қағаз жүзіндегі, беделі шамалы басшылықтан **өмірге жанасымды,** нағыз **беделді** басшылыққа айналдыру үшін керек.

Бірақ партиялылықты **бұзуға,** совет өкіметін **ыдыратуға,** құрылысымызды **әлсіретуге,** шаруашылық кадрларымызды **азғындатуға,** жұмысшы табын **қарусыздандыруға, азғындау** туралы бос мылжыңға апарып соғатын басқа да **«өзара сын»** бар. Кешегі күні троц-

кистік оппозиция бізді дәл осындай «өзара сынға» шақырған болатын. Партияның мұндай «өзара сынға» ешқандай қатысы жоқ екендігін айтудың да керегі жоқ. Партияның мұндай «өзара сынға» қарсы бар күшімен, бар құралымен күресетіндігін айтудың да керегі жоқ.

Бізге **жат,** бүлдіруші антибольшевиктік осы «өзара сын» мен **біздің,** большевиктік өзара сынның, партиялықты **орнатуды,** совет өкіметін **нығайтуды,** құрылысымызды **жақсартуды,** шаруашылық кадрларымызды **шынықтыруды,** жұмысшы табын **қаруландыруды** көздейтін өзара сынның айырмасын қатал ажырата білу керек.

Бізде өзара сынды күшейту науқаны бұдан бар болғаны бірнеше ай бұрын басталды. Науқанның алғашқы қортындыларын шығару үшін бізде әлі қажетті мәліметтер жоқ. Алайда науқанның өзінің игілікті нәтижелерін бере бастағанын кәзірдің өзінде-ақ айтуға болады.

Өзара сын толқынының өсіп, етек ала бастағанын, жұмысшы табының қалың тобын барған сайын мол қамтып, оларды социалистік құрылыс ісіне тартып отырғандығын бекерге шығаруға болмайды. Мұны өндірістік кеңестер мен уақытша бақылау комиссияларының жандануы сияқты фактылардың өзі-ақ көрсетіп отыр.

Рас, өндірістік кеңестер мен уақытша бақылау комиссияларының негізделген, тексерілген нұсқауларын аяқсыз қалдыру әрекеттері әлі де бар, бұған қарсы барынша үзілді-кесілді күресу керек, өйткені мұндай әрекеттер өзара сыннан жұмысшылардың көңлін қайтаруды көздейді. Бірақ өзара сынның өршіп келе жат-

қан толқынының мұндай бюрократтық әрекеттерді дымын қалдырмай жоқ ететініне күмәндануға бола қоймас.

Мойындамауға болмайтын тағы бір жағдай — өзара сынның нәтижесінде біздің шаруашылық кадрларымыз ширай бастады, неғұрлым қырағы бола бастады, шаруашылықты басқару мәселесіне неғұрлым байсалды қарай бастады, ал біздің партия, совет, кәсіпшілік кадрлары мен басқа да кадрларымыз бұқараның тілектеріне неғұрлым зерек, неғұрлым мұқыят көңіл бөліп отыратын болды.

Рас, партия ішіндегі демократия мен жалпы жұмысшы демократиясы жұмысшы табының бұқаралық ұйымдарында қазірдің өзінде толық жүргізілді деп есептеуге болмайды. Бірақ науқанның бұдан әрі өркендеуімен қатар бұл істің де ілгері басатынына күмәндануға болмайды.

Мына жағдайды да мойындамауға болмайды: өзара сынның нәтижесінде баспасөзіміз неғұрлым жігерлі, өмірге жанасымды бола бастады, ал біздің газет қызметкерлерінің жұмысшы тілшілері мен село тілшілері ұйымдары сияқты отрядтары қазірдің өзінде елеулі саяси күшке айнала бастады.

Рас, біздің баспасөзіміз әлі де болса кейде үстірт кетіп жүр, ол жеке сын ескертулерден айтарлықтай терең сынға, ал терең сыннан — сынның нәтижелерін қорытуға, сынның нәтижесінде біздің құрылыс саламызда қандай табыстардың болғанын ашуға әлі үйренген жоқ. Бірақ науқанның бұдан арғы барысында бұл істің ілгері бастырылатынына күмән бола қоймас.

Алайда, науқанымыздың осы пайдалы жақтары-

мен қатар зиянды жақтарын да көрсету қажет. Әңгіме өзара сын ұранын бұрмалаулар туралы болып отыр; бұлар қазірдің өзінде, науқанның бас кезінде, орын теуіп отыр, егер бұларға дәл қазір тойтарыс бермесе, өзара сынның маңызын түсіру қаупін туғызады.

1) Баспасөз органдарының бірқатарында науқанды **социалистік құрылысымыздың** кемшіліктерін дұрыстап сынау негізінен **жеке өмірдегі** оғаштыққа қарсы даурықпа айқайлардың негізіне көшіру ниеті байқалып отырғанын ең алдымен атап көрсету қажет. Мұның өзі ақылға сыйымсыз болып көрінуі мүмкін. Бірақ, амал не, бұл факт.

Мысалы, Иркутск округтік комитеті мен округтік атқару комитетінің органы «Власть Труда» газетін алыңыз (№ 128). Сіз онан мынадай даурықпа «ұрандармен» шыймайланған түгелдей беттерді табасыз: «Жыныс қатнастарындағы ұстамсыздық — буржуазияшылдық әдет», «Бір рюмка артынан екіншісі келеді», «Өз үйің өзіңде сыйыр болғанын тәуір көреді», «Екі кісілік кроваттың баукеспелері», «Атылмаған оқ», т. т. және т. с. «Биржевкаға»[38] лайықты осы «сын» айқайлар мен **социалистік құрылысымызды** жақсартуды көздейтін большевиктік өзара сынның арасында қандай ұқсастық бар? — деген сұрақ туады. Осы даурықпа мақалалардың авторы коммунист болуы әбден мүмкін нәрсе. Совет өкіметінің «тап жауларына» оның барынша қас болуы да мүмкін. Бірақ ол бұл арада дұрыс жолдан тайып отыр, өзара сын ұранының маңызын түсіріп, **біздің** таптың тілімен сөйлемей отыр, — бұл жөнінде күмән болмауы керек.

2) Сонан соң, мынаны атап көрсету қажет: жалпы айтқанда, тіпті дұрыс сынай білетін баспасөз органдарының өзі, — тіпті олардың өзі сынды **сенсацияға** соғатын **спортқа** айналдырып, кейде **сын үшін** сынауға бой ұрып жүр. Мысалы, «Комсомольская Правданы» алыңыз. «Комсомольская Правданың» өзара сынды өркендету ісінде еңбегі барлығы жұрттың бәріне мәлім. Бірақ осы газеттің соңғы номерлерін алып, ВЦСПС басшыларына жазған «сынын» қараңыз, осы тақырыпқа рұқсат етуге болмайтын толып жатқан карикатуралар жазылған. Мұндай сын кімге керек және өзара сын ұранының кәдірін түсіруден басқа ол не береді? — деген сұрақ туады. Егер, әрине, тоғышардың сықылықтап күлуін көздеген түкке тұрғысыз сенсацияны емес, өзіміздің социалистік құрылысымыздың мүдделерін еске алсақ, онда мұндай сынның неге керегі болды екен? Әрине, өзара сын үшін қарудың барлық түрі керек, оның ішінде «жеңіл кавалерия» да керек. Бірақ бұдан жеңіл кавалерия **жеңілтек** кавалерия болуға тиіс деген ұғым туа ма?

3) Ақырында, біздің бірсыпыра ұйымдарымыздың өзара сынды шаруашылық қызметкерлерімізді **кудалауға**, жұмысшы табы алдында олардың **беделін түсіруге** айналдыру жөнінде белгілі бағыт барлығын көрсету қажет. Украина мен Орталық Россиядағы кейбір жергілікті ұйымдардың **жақсы** шаруашылық қызметкерлерімізді тура **қуғынға** ұшыратқаны факт, ал олардың бар кінәсі — олардың 100 процент қатесіз болуына кепілдігі жоқ. Жергілікті ұйымдардың әлгі шаруашылық қызметкерлерін қызметтерінен алу туралы қаулыларын, ешқандай міндетті күші жоқ, бірақ көрнеу олардың беделін түсіруді көздейтін қаулыларын бас-

қаша қалай түсінуге болады? Сынауын сынап, бірақ сынға жауап беруге шаруашылық қызметкерлеріне жол бермеушілікті қалай түсінуге болады?

Әрине, біз сынның түгелдей 100 процент дұрыс болуын талап ете алмаймыз. Егер сын төменнен болып отырса, біз тіпті 5—10 ғана проценті дұрыс болатын сынның өзін елеусіз қалдырмауға тиіспіз. Мұның бәрі дұрыс. Бірақ бұдан біз шаруашылық қызметкерлерінің бүтіндей 100 процент қатесіз болуын талап етуге тиіспіз деген ұғым туа ма? Бүтіндей 100 процент қатесіз болатын адамдар дүниеде бар ма? Шаруашылық кадрларын өсіруге талай-талай жылдар керек екендігін, бізде шаруашылық қызметкерлеріне ең ұқыпты, қамқорлық көзқарас болуға тиіс екендігін түсіну қиын ба? Бізге өзара сын шаруашылық кадрларын қудалау үшін емес, қайта оларды жақсартып, нығайту үшін керек екендігін түсіну қиын ба?

Құрылысымыздың кемшіліктерін сынаңдар, бірақ өзара сын ұранының маңызын түсірмеңдер, оны «Екі кісілік кроваттың баукеспелері», «Атылмаған оқ» деген сияқты тақырыпқа даурықпа машықтанудың құралына айналдырмаңдар.

Құрылысымыздың кемшіліктерін сынаңдар, бірақ өзара сын ұранын қорламаңдар, оны арзан сенсация әзірлеп шығаратын асханаға айналдырмаңдар.

Құрылысымыздың кемшіліктерін сынаңдар, бірақ өзара сын ұранын бұрмаламаңдар, оны шаруашылық қызметкерлеріміз бен басқа да қызметкер атаулының бәрін қудалау құралына айналдырмаңдар.

Ең бастысы: **төменнен** болатын бұқаралық сынның орнына **жоғарыдан** болатын даурықпа «сынды» қол-

данбаңдар, жұмысшы табы бұқарасының іске қатысуына, біздегі кемшіліктерді жөндеу ісінде, құрылысымызды жақсарту ісінде өзінің творчестволық бастамасын көрсетуіне мүмкіндік беріңдер.

„Правда" № 146,
26 июнь, 1928 ж.
Қол қойған: И. Сталин

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ [89]

4—12 июль, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

КОМИНТЕРН ПРОГРАММАСЫ ТУРАЛЫ

1928 жылғы 5 июльде сөйленген сөз

Жолдастар, ең алдымен, Коминтерн программасы жобасының[40] **көлемі** туралы мәселені талқылау керек болады.

Программаның жобасы тым үлкен, шамасыз көлемді деседі. Оны екі есе, үш есе қысқартуды талап етеді. Программада бірнеше жалпы ережелер беруді, сөйтіп осымен қанағаттанып, бұл ережелерді программа деп атауды талап етеді.

Менің ойымша, бұл талаптардың негізі жоқ. Программаны екі есе немесе тіпті үш есе қысқартуды талап ететіндер программа жобасын жазушылардың алдына қойылған міндеттерді түсінбейді. Әңгіме мынада: Коминтерн программасы қайдағы бір ұлт партиясының программасы немесе, айталық, тек «цивилизациялы» ұлттардың программасы бола алмайды. Программа дүние жүзі коммунистік партияларының бәрін, барлық ұлтты, барлық халықты, ақ нәсілділерді де, қара нәсілділерді де қамтуға тиіс. Программа жобасының негізгі және ерекше бір қасиеті осында. Бірақ программаны екі есе немесе үш есе қысқарта отырып,

Коминтерннің барлық секцияларының, шығыс секцияларының да, батыс секцияларының да, жұмысының негізгі мүдделері мен негізгі салаларын қалай қамтуға болады? Шешуге келмейтін осы міндетті шешуге жолдастар әрекет жасап көрсінші. Міне сондықтан менің ойымша программаны екі есе немесе үш есе қысқарту — оны программадан Коминтерннің секцияларына ешнәрсе бермейтін абстракттық ережелердің бос тізіміне айналдыру деген сөз.

Программаны жазушылардың алдында екі түрлі міндет тұрды: бірінші жағынан — дүние жүзі компартияларының бәріндегі басты және негізгі нәрселерді қамту, екінші жағынан — осы басты және негізгі нәрсені қамтығанда программаның жеке қағыйдалары бос ережелер болмай, нағыз алуан түрлі елдер мен халықтар үшін, нағыз алуан түрлі коммунистік партиялар мен коммунистік топтар үшін практикалық басшылық негіздер беретіндей етіп қамту керек болды. Осы екі түрлі міндетті программаның қысқа, шолақ жобасында шешудің мүлде мүмкін емес екендігіне қарсы болмассыздар.

Программаны екі есе немесе тіпті үш есе қысқартуды ұсынып отырған жолдастардың өздері программаның кәзіргі жобасын үш есе болмағанмен, екі есе кеңейту тенденциясы бар ұсыныстар жасап отырғаны бәрінен де сорақы нәрсе. Шынында егер программаның жобасында кәсіпшілер одақтары туралы, кооператив туралы, мәдениет туралы, Европадағы ұлт азшылығы туралы, т. т. туралы ұзақ тұжырымдар беру керек болса, онда мұнан программаның ешқандай қысқармайтындығы айқын емес пе? Программаның кәзір-

гі жобасын үш есе болмағанмен екі есе кеңейтуге тура келер еді.

Не коммунистік партиялар үшін программаның нақтылы нұсқау болуын, не программаның барлық нәрсені бірін қалдырмай өзінің жеке қағыйдаларына дейін түсіндіруін талап ететін жолдастар туралы да дәл осыны айту керек. Біріншіден, программа тек нұсқау немесе көбінесе нұсқау болуға тиіс деп айтуға болмайды. Бұл дұрыс емес. Мұндай талапты орындау программаның көлемін шамасыз үлкейтетіндігі туралы айтпағанның өзінде, программаға мұндай талапты қоюға болмайды. Екіншіден, программа барлық нәрсені бірін қалдырмай өзінің жеке декларациялық немесе теориялық қағыйдаларына дейін түсіндіре алмайды. Бұл үшін программаға жазылған түсінік бар. Программаны түсініктермен шатастыруға болмайды.

Екінші мәселе **программаның структурасына және** программаның жобасында жеке тарауларды **орналастыру тәртібіне** қатысты.

Кейбір жолдастар қозғалыстың түпкілікті мақсаты туралы, коммунизм туралы тарауларды программаның аяғына шығаруды талап етеді. Менің ойымша, бұл талаптың да негізі жоқ. Программа жобасында капитализм дағдарысы туралы тарау мен өтпелі дәуір туралы тарау арасында коммунизм туралы, шаруашылықтың коммунистік системасы туралы тарау бар. Тараулардың осылай қойылуы дұрыс па? Менің ойымша, әбден дұрыс. Шаруашылық системасы туралы, атап айтқанда, шаруашылықтың коммунистік системасы туралы, программаның **көшу** керек деп отырған шаруашылық системасы туралы, алдын ала айтып алмайынша, өтпелі дәуір туралы айтуға болмайды. Өг-

пелі дәуір туралы, капитализмнен шаруашылықтың басқа системасына көшу туралы айтып жүр. Бірақ неменеге, дәл қандай системаға көшу керек, — өтпелі дәуірдің өзін сыйпаттаудан бұрын әңгіме міне осы туралы болуға тиіс. Программа белгісіз нәрседен белгілі нәрсеге, азырақ белгілі нәрседен көбірек белгілі нәрсеге жеткізуге тиіс. Қандай системаға көшілетіндігі тиіс екендігі туралы алдын ала айтып алмайынша, капитализм дағдарысы туралы, сонан соң өтпелі дәуір туралы айту — оқушыны шатастыру және педагогиканың жәй талабын, сонымен бірге программаны құру талабы болып табылатын жәй талабын бұзу деген сөз. Сонымен, программа оқушының азырақ белгілі нәрседен көбірек белгілі нәрсеге жету ісінде оның жағдайын қыйындатпауы керек, қайта жеңілдетуге тиіс.

Екінші бір жолдастардың ойынша, социал-демократия туралы абзац программа жобасының екінші тарауына енуге тиіс емес; бұл тарауда — пролетариат революциясының бірінші кезеңі туралы және капитализмнің шінара тұрақтауы туралы айтылады. Олар сонымен біз програманың структурасы туралы мәселе қойдық деп ойлайды. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Шынында, біз бұл арада саяси мәселемен кездесіп отырмыз. Екінші тараудан социал-демократия туралы абзацты шығарып тастау — бұл капитализмнің шінара тұрақтауының себептері туралы негізгі мәселелердің бірі жөнінде саяси қате жіберу деген сөз. Әңгіме бұл арада программаның структурасы жөнінде емес, шінара тұрақтау дәуіріндегі саяси жағдайға баға беру жөнінде, осы тұрақтаудың факторларының бірі болғандықтан социал-демократияның контрреволюциялық роліне баға беру жөнінде болып отыр. Бұл жолдастар-

дың капитализмнің шінара тұрақтауы туралы тарауда социал-демократия туралы абзацты біздің тастап кете алмайтындығымызды білмеуі мүмкін емес, өйткені тұрақтаудың аса маңызды факторларының бірі болып табылатын социал-демократияның ролін сыйпаттамайынша бұл тұрақтауды түсіндіруге болмайды. Бұлай болмаған жағдайда бұл тараудан фашизм туралы абзацты да шығарып тастауға тура келер еді, онда социал-демократия туралы абзац сыяқты әлгі абзацты да партиялар туралы тарауға қосу керек болады. Бірақ капитализмнің шінара тұрақтауы туралы түсіндіретін тараудан фашизм мен социал-демократия туралы әлгі абзацтың екеуін де шығарып тастау өзіңді өзің карусыздандыру, сөйтіп капиталистік тұрақтауды түсіндіру жөніндегі өз мүмкіндігіңнің бәрін кесіп тастау деген сөз. Біздің бұған келісе алмайтындығымыз айқын.

Нэп пен соғыс коммунизмі туралы мәселе. Нэп дегеніміз пролетариат диктатурасының саясаты, рыноксіз, рынoктен тыс өнімді тура айырбастау ретімен емес, рынок арқылы, рынокті пайдалану ретімен капиталистік элементтерді жеңуге, сөйтіп социалистік шаруашылықты ұйымдастыруға бағытталған саясаты. Капиталистік елдердің, тіпті әбден өркендеген елдерінің өзі капитализмнен социализмге көшу кезінде нэпке соқпай өте ала ма? Менің ойымша, өте алмайды. Пролетариат диктатурасы дәуірінде әрбір капиталистік ел үшін рыноктік байланыстарымен бірге, осы рыноктік байланыстарды пайдаланумен бірге жаңа экономикалық саясат белгілібір дәрежеде сөзсіз қажет.

Бізде осы қағыйданы теріске шығаратын жолдас-

тар бар. Бірақ бұл қағыйданы теріске шығарудың мәнісі не?

Мұның мәнісі, біріншіден, пролетариат өкімет басына келісімен-ақ бізде қала мен деревня арасында, индустрия мен ұсақ өндіріс арасында, рыноксіз, товар айналымысыз, ақша шаруашылығысыз тура өнімді айырбастауды бірден ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, бұрыннан жүз процент әзір тұрған бөлуші және жабдықтаушы аппараттар болады деп болжау деген сөз. Мұндай жорамалдың мейлінше қыйсынсыздығын түсіну үшін тек осы сұрақты қою жеткілікті.

Мұның мәнісі, екіншіден, пролетариат өкіметті жеңіп алғаннан кейін пролетариат революциясының орта және ұсақ буржуазияны экспроприациялау жолына түсіп, қолдан жасаған миллиондаған жаңа жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру және өмір сүруі үшін оларды қаржымен қамтамасыз ету жөніндегі адам айтқысыз ауыртпалықты өз мойнына алады деп болжау деген сөз. Пролетариат диктатурасының мұндай саясатының мейлінше лайықсыздығын, ақмақтығын екендігін түсіну үшін тек осы сұрақты қою жеткілікті. Айта кететін нәрсе, нэптің жақсылығының өзі сол, ол пролетариат диктатурасын осындай және осыған ұқсас қыйыншылықтардан құтқарады.

Ал бұдан — нэп барлық елдерде де социалистік революцияның болмай қоймайтын сатысы деген қортынды шығады.

Соғыс коммунизмі туралы да осыны айтуға бола ма? Оны, соғыс коммунизмін, пролетариат революциясының болмай қоймайтын сатысы деп айтуға бола ма? Жоқ, айтуға болмайды. Соғыс коммунизмі дегеніміз пролетариат диктатурасының соғыс жағдайы мен ин-

тервенцияның еріксіз таңған саясаты, рынок арқылы емес, рыноктен тыс, ең алдымен экономикадан тыс, шінара соғыстық шаралар арқылы қала мен деревня арасында тура өнім айырбасын ұйымдастыруды көздейтін, майдандағы революцияшыл армиялар мен тылдағы жұмысшыларды жабдықтауды қамтамасыз ететіндей етіп, өнімдерді бөлу ісін ұйымдастыруды көздейтін саясаты. Бір нәрсе айқын, соғыс жағдайы мен интервенция болмаған болса, соғыс коммунизмі де болмаған болар еді. Сондықтан соғыс коммунизмі пролетариат революциясы дамуының экономика жағынан болмай коймайтын сатысы деп айтуға болмайды.

ССР Одағында пролетариат диктатурасы өзінің экономикалық жұмысын соғыс коммунизмінен бастады деп ойлау дұрыс болмаған болар еді. Кейбір жолдастар осы позицияға түсіп отыр. Бірақ бұл позиция дұрыс емес. Қайта, бізде пролетариат диктатурасы өзінің құрылыс жұмысын соғыс коммунизмінен бастаған жоқ, жаңа экономикалық саясат деп аталатын саясаттың негіздерін жарыялаудан бастады. Лениннің 1918 жылдың басында шыққан «Совет өкіметінің кезекті міндеттері»[41] туралы деген кітапшасы жұрттың бәріне белгілі, Ленин мұнда жаңа экономикалық саясаттың бастамаларын бірінші рет негіздеп берді. Рас, оны, әлгі саясатты, интервенция жағдайы уақытша бөліп кетті, сондықтан тек үш жыл өткеннен кейін, соғыс пен интервенцияны жойғаннан кейін, оған қайтып оралуға тура келді. Бірақ ССР Одағында пролетариат диктатурасына 1918 жылдың басында-ақ жарыяланған жаңа экономикалық саясаттың бастамасына қайтып оралуға тура келгендігі, — осы жағдай пролетариат дик-

татурасы революция болған күннің ертеңіне өзінің құрылыс жұмысын неден бастауға тиіс екенін және ол, әрине, **экономикалық** түрдегі пікірлерді негізге алса, өзінің құрылыс жұмысын не нәрсеге негіздеуге тиіс екендігін айқын көрсетеді.

Кейде соғыс коммунизмін азамат соғысымен шатастырады, біріншi екіншімен бір деп қарайды. Бұл, әрине, дұрыс емес. 1917 жылғы октябрьде пролетариаттың өкіметті алуы сөзсіз азамат соғысының формасы болды. Алайда, соғыс коммунизмін бізде 1917 жылғы октябрьден бастап қолданды деу теріс болған болар еді. Азамат соғысының хал-жайын соғыс коммунизмінің әдістерін қолданбай-ақ, жаңа экономикалық саясаттың негіздерінен бастартпай-ақ толық түсінуге болады, бізде 1918 жылдың басында, интервенцияға дейін осылай болған.

Пролетариат революциялары оқшау жағдайда өтетін болады, осының нәтижесінде пролетариат революциясының бірде біреуі интервенцияға ұшырамай қоймайды, сол себепті соғыс коммунизміне соқпай өте алмайды деседі. Бұл дұрыс емес. Біздің ССР Одағында Совет өкіметін нығайтқанымыздан кейін, капитализмнің негізгі елдерінде коммунистік партиялар өскеннен кейін, Коминтерн нығайғаннан кейін, енді оқшауланған пролетарлық революциялар болмайды, болуға да тиіс емес. Дүниежүзілік капитализмнің шиеленісіп отырған дағдарысы сияқты, Совет өкіметінің болуы және барлық елдерде коммунизмнің өсуі сияқты факторларды еске алмай кетуге болмайды. (Д а у ы с: «Алайда Венгрияда революция оқшау болды».) Бұл 1919 жылы болған болатын[12]. Ал қазір 1928 жыл. Кейбір жолдастардың дәлелдерінің барынша шамалы-

лығын және шарттылығын түсіну үшін 1923 жылы Германияда болған революцяны[43], ССР Одағында пролетариат диктатурасының герман революцясына тікелей жәрдем көрсетуге әзірленген кезін еске түсіру жеткілікті. (Д а у ы с: «Германиядағы оқшау революция, Франция мен Германияның арасындағы оқшаулық».) Сіз жер қашықтығын саяси оқшаулықпен шатастырасыз. Әрине, жер қашықтығының маңызы бар. Бірақ дегенмен оны саяси оқшаулықпен шатастыруға болмайды.

Ал интервенттер елдеріндегі жұмысшылар, — айталық, герман революциясы ісіне интервенция жасалғанда, олар үндемейді, интервенттердің тылынан соққы бермейді деп ойлайсыз ба?

Ал ССР Одағы мен оның пролетариаты, — ССР Одағындағы пролетариат революциясы интервенттердің жүгенсіздігіне жайбарақат қарайтын болады деп ойлайсыз ба?

Интервенттерге соққы беру үшін, бұл үшін революция елімен шекаралас болу мүлде міндетті емес. Бұл үшін қауіпті сезіп, пролетарлық ынтымақтың орасан нақты екенін интервенттердің түсінуі үшін интервенттердің өз территориясының ең жанға бататын пункттерінде оларға жара салу жеткілікті. Айталық, біз буржуазиялық Англияны елеулі шығынға ұшыратып, Ленинград ауданында оны ренжіттік делік. Мұнан Англия бізден қалайда Ленинградта өш алуға тиіс деген қортынды шыға ма? Жоқ, олай деген қортынды шықпайды. Ол Батумда, Одессада, Бакуде, немесе, айталық, Владивостокта, әйтеуір бір жерде бізден өш алған болар еді. Айталық, Европа елдерінің біріндегі пролетариат революциясын империалистік интервент-

терге карсы пролетариат диктатурасының көмегі мен колдауының түрі туралы дәл әлгіні айтуға болады.

Бірақ егер интервенцияны, демек, соғыс коммунизмін де барлық елдер үшін **міндетті** шарт деп мойындауға болмайтын болса, онда дегенмен оларды азды-көпті ықтимал нәрсе деп мойындауға болады, мойындау керек те. Сондыктан бұл жолдастардың дәлелдеріне косылмағаныммен, мен программа жобасындағы пролетариат революциясы елдері үшін белгілі халықаралық жағдай кезінде соғыс коммунизмінің **мүмкіндігі** туралы ережені интервенция мен соғыс коммунизмінің болуы азды-көпті **ықтимал** екендігі туралы ережемен ауыстыруға болатындығы туралы олардың жасаған қортындысына қосыламын.

Жерді национализациялау туралы мәселе. Капиталистік жолмен дамыған елдер үшін жерді национализациялау ережесін өзгертуді ұсынып отырған, мұндай елдерде болатын пролетариат революциясының бірінші күні-ақ **барлық** жерді национализациялау жөнінде жарыялауды талап ететін жолдастарға мен қосылмаймын.

Қапиталистік жолмен дамыған елдерде **барлық** жерді национализациялау туралы тіпті ауыз ашпау керек деп ұсынып отырған жолдастарға да мен қосылмаймын. Менінше, мұның программа жобасында айтылғанындай, **барлық** жерді кейіннен национализациялау туралы айтып, оған ұсақ және орта шаруалардың жерді пайдалану правосын қамтамасыз ету туралы қосымша енгізсе жақсы болған болар еді.

Қапиталистік жолмен неғұрлым дамыған ел болған сайын, онда **барлық** жерді национализациялау соғұрлым жеңіл болады деп ойлайтын жолдастардікі ду-

рыс емес. Қайта капиталистік жолмен неғұрлым дамыған ел болған сайын, барлық жерді национализациялау соғұрлым қыйынырақ, өйткені онда жерге жеке меншік болу дәстүрі соғұрлым күштірек, демек — осы дәстүрлермен күресу соғұрлым қыйынырақ.

Лениннің аграрлық мәселе туралы Коминтерннің II конгресіндегі тезистерін[44] оқыңыз, онда ол осы бағыттағы ұшқары, аңғырт әрекеттерден ашықтан-ашық сақтандырады, сондықтан сіз бұл жолдастардың айтқандарының барынша терістігін түсінесіз. Капиталистік жолмен дамыған елдерде жерге жеке меншіктілік жүздеген жылдар бойы өмір сүріп келеді, капиталистік жолмен кем дамыған елдер туралы мұны айтуға болмайды, бұларда жерге жеке меншік болу принципі шаруаларға біте қайнап сіңісіп кете алған жоқ. Біздің Россияда шаруалар тіпті бір кезде жер ешкімдікі емес, жер құдайдікі дейтін. Лениннің 1906 жылдың өзінде, буржуазиялық-демократиялық революцияны күтіп отырған кезде, бізде ұсақ және орта шаруалардың жерді пайдалануын қамтамасыз етіп, барлық жерді национализациялау ұранын ұсынғандығын, мұны шаруалар түсініп, бұған қарсы болмас деп есептегенін шынында осымен түсіндіруге болады.

Дәл осы Лениннің 1919 жылы Коминтерннің II конгресінде капиталистік жолмен дамыған елдердің коммунистік партияларын барлық жерді национализациялау ұранын бірден ұсынбау керек деп сақтандырғаны ерекше нәрсе емес пе, өйткені бұл елдердің жеке меншіктік соқыр сезіммен біте қайнаған шаруалары бұл ұранды бірден түсіне қоймайды. Біздің осы айырмашылықты есепке алмауымызға және Лениннің нұсқауын ескермеуімізге бола ма? Әрине, болмайды.

Программа жобасының **ішкі мазмұны** туралы мәселе. Бақсақ, кейбір жолдастар программаның жобасын өзінің ішкі мазмұны жағынан толық интернационалдық жоба деп есептемейтін көрінеді, мұның себебі оның «тым орыстық» сыйпаты бар деседі. Мен мұндай қарсы пікірді естіпедім. Бірақ, бақсақ, мұндай пікірлер Коминтерн төңірегіндегі кейбір кісілерде бар көрінеді.

Мұндай пікірлер айтуға не себеп болды екен?

Мүмкін, программа жобасында ССР Одағы туралы арнаулы тарау болғандығы жағдайынан болар. Ал мұның неменесі жаман? Біздің революция көбінесе интернационалдық революция болмай, өзінің **сыйпаты** жағынан ұлттық, тек ұлттық революция болып табыла ма? Олай болса, оны дүниежүзілік революциялық қозғалыстың **базасы**, барлық елдердің революциялық дамуының **тетігі**, дүние жүзі пролетариатының **отаны** деп неге атаймыз?

Бізде ССР Одағындағы революцияны бірден-бір немесе көбінесе ұлт революциясы деп есептейтін адамдар, мысалы, біздің оппозиционерлер болды. Олар осыдан мерт болды. Шынында Коминтерн төңірегінде оппозиционерлердің соңынан еруге әзір адамдардың барлығы таңғаларлық нәрсе.

Мүмкін, біздің революция өзінің **тұрпаты** жағынан ұлттық, тек ұлттық революция болып табылатын шығар. Бірақ біздің революция совет революциясы, ал пролетариат мемлекетінің советтік формасы басқа елдердегі пролетариат диктатурасы үшін аз болсын, көп болсын міндетті форма болып табылады. Ленин ССР Одағындағы революция даму тарихында жаңа заманды, Советтер заманын ашып берді деп босқа айт-

қан жоқ. Ал бұдан өзінің сыйпаты жағы былай тұрсын, тіпті революцяның тұрпаты жағынан да біздің революция қандай елде болсын пролетариат революциясы негізінен алғанда қандай болуға тиіс екендігінің бейнесін көрсететін, барынша интернационалдық революция болып табылады деген қортынды шықпай ма?

Біздің революцияның интернационалдық сыйпаты ССР Одағындағы пролетариат диктатурасына бүкіл дүние жүзінің пролетарлары мен езілген бұқарасы жөнінде белгілі міндеттер жүктейді. Ленин ССР Одағындағы пролетариат диктатурасының өмір сүруінің мәні басқа елдерде пролетариат революцясының дамуы мен женіп шығуы үшін бар мүмкіншілікті істеуде болып отыр дегенде, ол әлгі қағыйдаға сүйенген болатын. Бірақ бұдан нендей қортынды шығады? Бұдан, ең болмағанда, біздің революция дүние жүзі революциясының бір бөлігі, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың базасы мен құралы болып табылады деген қортынды шығады.

ССР Одағындағы революцияның барлық елдердің пролетарлары жөнінде өзінің міндеттері барлығы және оларды жүзеге асырып жатқандығы қандай күмәнсіз болса, сонымен бірге, барлық елдер пролетарларының ССР Одағындағы пролетариат диктатурасы жөнінде кейбір айтарлықтай елеулі міндеттері барлығы да сондай-ақ күмәнсіз. Бұл міндеттер ССР Одағы пролетариатының ішкі және сыртқы жауларға қарсы күресінде, ССР Одағындағы пролетариат диктатурасын тұншықтыруға бағытталған соғысқа қарсы соғысында оны қолдауда, ССР Одағына шабуыл бола қалған жағдайда империализм армияларының ССР Одағындағы пролетариат диктатурасы жағына тікелей шығуын уа-

ғыздауда болып отыр. Бұдан ССР Одағындағы революцияны басқа елдердегі революциялық қозғалыстан бөліп алуға болмайды, ССР Одағындағы революцияның жеңіске жетуі бүкіл дүние жүзінде революцияның жеңіске жетуі деген қортынды шықпай ма?

Осының бәрінен кейін ССР Одағындағы революция туралы тек қана ұлттық, оқшау, бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысқа байланыссыз алынған революция деп айтуға бола ма?

Ал оның керісінше, осының бәрінен кейін ССР Одағындағы пролетариат революциясына байланыссыз дүниежүзілік революциялық қозғалыстан бірдеме түсінуге бола ма?

Егерде Коминтерннің дүниежүзілік пролетарлық революция туралы түсіндіретін программасы ССР Одағындағы пролетариат революциясының **сыйпаты мен міндеттері туралы,** барлық елдердің пролетарлары жөнінде **оның міндеттері туралы,** ССР Одағындағы пролетариат диктатурасы жөнінде **барлық елдердің пролетарларының міндеттері туралы** негізгі мәселеге **соқпай кетсе,** ол программа не болмақшы?

Міне сондықтан менің ойымша, Коминтерн программасы жобасының «орыстық сыйпаты» бар деген пікірден, жұмсартып айтқанда... ұнамсыз, жексұрын ниеттің белгісі көрінеді.

Жеке ескертулерге көшейік.

Мен программа жобасының 55-бетіндегі деревняның «пролетариат диктатурасының соңынан еруші» еңбекші топтары жөніндегі сөзді өзгертуді ұсынатын жолдастардың ұсынысы дұрыс деп есептеймін. Бұл сөз көрінеу қате нәрсе немесе, мүмкін, корректуралық қате болу керек. Оны өзгерту керек.

Бірақ бұл жолдастардың программаның жобасына пролетариат диктатурасының Ленин берген барлық анықтамаларын енгізуді ұсынуы дұрыс емес. (К ү л к і.) 52-бетте пролетариат диктатурасының мынадай анықтамасы бар, бұл негізінде Лениннен алынған:

«Пролетариат диктатурасы дегеніміз оның жаңа жағдайлардағы тап күресінің жалғасы. Пролетариат диктатурасы — ескі қоғамның күштері мен дәстүрлеріне қарсы, сыртқы капиталистік жауларға қарсы, қанаушы таптардың ел ішіндегі қалдықтарына қарсы, жаңа буржуазияның әлі жеңіп алынбаған товарлы өндірістің негізінде туатын белгілеріне қарсы жүргізілетін қажырлы күрес, қанды және қансыз күрес, зорлықты және бейбіт күрес, шаруашылық майданындағы және соғыс майданындағы күрес, педагогикалық және әкімшілік күрес»[45].

Программаның жобасында пролетариат революциясының түрлі сатыларындағы белгілібір міндеттеріне сәйкес диктатураға берілген тағыда бірсыпыра анықтамалар бар. Менің ойымша, осының өзі толық жеткілікті. (Д а у ы с: «Ленин тұжырымдарының біреуі қалып кеткен».) Пролетариат диктатурасы жөнінде Ленин жазған толып жатқан беттер бар. Егер оның бәрін программа жобасына енгізетін болсақ, онда ол жобаның көлемі, ең болмағанда, үш есе үлкейер деп қорқамын.

Кейбір жолдастардың орта шаруаны битарап ету туралы тезис жөніндегі қарсылықтары да дұрыс емес. Ленин Коминтерн II конгресіндегі өз теизстерінде өкіметті қолға алу қарсаңында және капиталистік елдердегі пролетариат диктатурасының бірінші сатысында, коммунистік партиялар орта шаруаны битарап етуден артық нәрсені көздей алмайды деп тура айтады. Ленин тек пролетариат диктатурасы нығайғаннан кейін ғана коммунистік партиялар орташамен берік

одақ жасауды көздей алады деп тура айтады. Бұл нұсқаудың біздің революцияның тәжрибесіне дәлме-дәл сәйкес келетіндігі туралы айтпағанның өзінде, программаның жобасын жазғанда Лениннің осы нұсқауымен біздің есептеспей өте алмағанымыз айқын.

Бірқатар жолдастардың ұлт мәселесі жөніндегі ескертулері де дұрыс емес. Бұл жолдастардың программаның жобасы революциялық қозғалыстың ұлттық кезеңдерін есепке алмайды деуге негіздері жоқ. Отарлар туралы мәселе негізінен ұлттық мәселе деген сөз. Программаның жобасында империалистік езгі туралы, отарлардағы езгі туралы, ұлттың өзін өзі билеуі туралы, ұлттар мен отарлардың бөлінуге, т. т. правосы туралы жеткілікті-ақ айқын айтылады.

Егер бұл жолдастар Орта Европадағы ұлт азшылығы жөнінде айтып отырса, онда ол туралы программаның жобасында ескертуге болады, бірақ мен программаның жобасында Орта Европадағы ұлт мәселесіне арнаулы түсінік беруге қарсымын.

Ақырында, бірқатар жолдастардың пролетариат диктатурасына қарай дамудың екінші түрі болып табылатын ел ретіндегі Польша жөніндегі ескертулері туралы. Бұл жолдастардың ойынша, елдерді үш түрге бөлу, капитализм жолымен жоғары дамыған елдерге (Америка, Германия, Англия), капитализм жолымен орташа дамыған елдерге (Польша, февраль революциясына дейінгі Россия т. т.) және отар елдерге бөлу, — дұрыс емес. Олар Польшаны елдердің бірінші түріне жатқызу керек, екі түрдегі елдер туралы, капиталистік елдер мен отар елдер туралы ғана айтуға болады дейді.

Бұл дұрыс емес, жолдастар. Революцияның жеңуі

бірден пролетариат диктатурасына алып келетін капиталистік жолмен дамыған елдерден басқа капиталистік жолмен кем дамыған, феодалдық қалдықтары бар, антифеодалдық арнаулы аграрлық мәселесі бар (Польша, Румыния т. т.) елдер де бар, бұларда ұсақ буржуазия, әсіресе шаруалар революциялық дүмпу бола қалған ретте өзінің орынды сөзін айтады, жәнеде бұларда революцияның жеңуі пролетариат диктатурасына алып келуі үшін, ол, айталық, пролетариат пен шаруалар диктатурасы түріндегі кейбір аралық басқыштарды талап ете алады және сөзсіз талап етуі керек.

Бізде февраль революциясы алдында шаруалардың елеулі маңызы жоқ, кезеңнің ұраны «патшасыз жұмысшы үкіметі болсын» ұраны болу керек дейтін Троцкий сықты адамдар да болды. Ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың ролі мен алатын орнын бағаламаушылыққа қарсы болып, Лениннің мұндай ұраннан іргесін батыл аулақ салғандығын өздеріңіз білесіздер. Ол кезде бізде кейбіреулер патша өкіметін құлатқаннан кейін пролетариат бірден үстемдікке ие болады деп ойлады. Ал іс жүзінде қалай болды? Февраль революциясы артынша-ақ миллиондаған ұсақ буржуазиялық бұқаралар сахнаға шықты, олар ұсақ буржуазиялық партияларды, эсерлер мен меньшевиктерді басым етті. Сол кезге дейін болмашы партия болып келген эсерлер мен меньшевиктер «кенеттен» елдегі үстем күш болып шыға келді. Ненің арқасында бұлай болды? Ұсақ буржуазияның миллиондаған бұқарасының алғашқы уақытта меньшевиктер мен эсерлерді қолдағандығы арқасында осылай болды.

Оның бержағында буржуазиялық-демократиялық

революцияның социалистік революцияға азды-көпті тез ұласуы нәтижесінде пролетариат диктатурасының бізде орнау фактысының өзін осымен түсіндіруге болады.

Польша мен Румынияның пролетариат диктатурасы жолындағы кейбір аралық басқыштарды азды-көпті тез өтуге тиісті елдердің қатарына қосылатындығына күмәндануға негіз бола коймас.

Міне сондықтан менің ойымша, бұл жолдастардың пролетариат диктатурасы жолындағы революциялық қозғалыстың үш түрі барлығын бекерге шығаруы дұрыс емес. Польша мен Румыния екінші түрге жатады

Жолдастар, Коминтерн программасының жобасы туралы мәселе жөнінде менің ескертулерім осындай.

Программа жобасының стиліне немесе кейбір жеке тұжырымдарына келетін болсақ, онда мен программаның жобасы бұл жағынан мінсіз деп айта алмаймын. Бұл жөнінде жақсарту, анықтау, мүмкін, стилін, т. т. жеңілдетуге тура келетін болар. Бірақ бұл Коминтерн VI конгресінің[46] программалық комиссиясының жұмысы.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АСТЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ ТУРАЛЫ

1928 ж. 9 июльде сөйленген сөз

Жолдастар! Біздің астық майданындағы қыйыншылықтарымыз туралы нақтылы мәселеге көшпестен бұрын теориялық маңызы бар және осында пленумда болған жарыссөз кезінде туған кейбір жалпы мәселелерге тоқтауға рұқсат етіңіздер.

Ең алдымен, **біздің индустрияны дамытудың басты-басты негіздері туралы,** индустрияландырудың кәзіргі қарқынын қамтамасыз етудің жолдары туралы жалпы мәселені алайық.

Бұл мәселені Осинский, одан соң іле-шала Сокольников қозғады; бұл мәселені қозғағанын олардың өздері, бәлкім, байқамай да қалған шығар. Бұл мәселе бірінші дәрежелі маңызы бар мәселе болып табылады.

Менің ойымша, біздің индустрияны қоректендіріп отырған басты-басты негіз бізде екеу: біріншіден, жұмысшы табы және, екіншіден, шаруалар.

Капиталистік елдерде индустрияландыру ісі дағдыда, ең алдымен, бөтен елдерді тонау есебінен, отарларды немесе жеңілген елдерді тонау есебінен, не бол-

маса шеттен азды-көпті кіріптарлық үлкен заемдар алу есебінен жүргізіліп отырды.

Өздеріңіз білесіздер, Англия жүздеген жылдар бойы барлық отарлардан, бүкіл дүниенің барлық атраптарынан капитал жыйнап отырды, сөйтіп өзінің өнеркәсібіне қосымша қаржы жұмсап отырды. Англияның бір кезде «дүние жүзінің фабрикасына» айналғандығының себебі, бір есептен, осы.

Сіздер мынаны да білесіздер: Германия өзінің индустриясын, басқаны былай қойғанда, француз-пруссак соғысынан кейін Франциядан алған бес миллиардтық контрибуцияның есебінен дамытты.

Біздің еліміздің капиталистік елдерден өзгешелігі, басқасын былай қойғанда, мынау: біздің еліміз отарларды тонаушылықпен және бөтен елдерді тонау деген іспен шұғылдана алмайды, шұғылдануға тиіс емес. Олай болса, бұл жол біз үшін жабық.

Ал біздің еліміз шеттен кіріптарлық заемдар алмай отыр және алғысы да келмейді. Демек, біз үшін бұл жол да жабық.

Бұлай болса енді не қалады? Мынау ғана қалады: **ішкі** қор жыйнау есебінен өнеркәсіпті өркендету керек, елді индустрияландыру керек.

Буржуазиялық тәртіптің тұсында біздің елімізде өнеркәсіп, транспорт және т. б. дағдыда заемдар есебінен дамып отырды. Жаңа заводтар салуды немесе ескі заводтарды қайта жабдықтауды аласыз ба, жаңа темір жолдар салуды немесе үлкен электр станцияларын салуды аласыз ба, — мұндай кәсіпорындардың бірде-бірі сыртқы заемдарсыз салынған жоқ. Бірақ бұл заемдар кіріптарлық заемдар еді.

Бізде совет тәртіптері тұсында істің жайы мүлдем

басқаша. Біз ұзындығы 1 400 шақырымдық, жүздеген миллион сом қаражат керек ететін Түркстан темір жолын салып жатырмыз. Біз Днепростройды салып жатырмыз, бұл да жүздеген миллионды керек етеді. Осылар үшін біз қандай да болса кіріптарлық заемдар алып отырмыз ба? Жоқ, алып отырғанымыз жоқ. Бізде осының бәрі ішкі қор жыйнау есебінен істеліп жатыр.

Ал осы қорды жыйнаудың басты-басты негіздері қайсы? Мен жоғарыда айтып өттім, бұл негіз екеу: біріншіден, құнды зат жасаушы және өнеркәсіпті алға бастырушы жұмысшы табы; екіншіден — шаруалар.

Бізде бұл ретте шаруалар жөніндегі істің жайы мынадай: шаруалар мемлекетке тікелей және жанамалап дағдылы салықтарды төлеп қана отырған жоқ, қайта ол өнеркәсіп товарларының біршама жоғары бағаларына әлі ақшаны **артық төлеп отыр** — бұл бір, ауыл шаруашылық өнімдерінің бағаларына азды-көпті **кем алып отыр** — бұл екі.

Бұл — бүкіл елді, соның ішінде шаруаларды қамтыйтын индустрияны өрлету мақсаты үшін шаруаларға түсіп отырған қосымша салық болып табылады. Бұл «салғырт» тәрізді нәрсе, үстеме салық тәрізді нәрсе, мұның өзін біз индустрияны дамытудың кәзіргі қарқынын сақтап, одан әрі күшейту үшін, бүкіл елімізге индустрияны қамтамасыз ету үшін, деревняның әл-ауқат дәрежесін бұрынғыдан әрі көтеру үшін, сөйтіп кейін бұл қосымша салықты, қала мен деревняның арасындағы бұл «қыйғаштықты» мүлдем құрту үшін уақытша алуға мәжбүр болып отырмыз.

Мұның өзі, несін айтасыз, ыңғайсыз-ақ нәрсе.

Амал не, шаруаларға осы қосымша салықты салмайынша біздің өнеркәсібіміз және біздің еліміз әзірге күн көре алмайды; бірақ егерде бұл фактыны бүркемелеген болсақ және бұл жағдайға көзді жұмып қарасақ, біз большевик болмаған болар едік.

Мен мұны не себептен айтып тұрмын? Себебі — кейбір жолдастар осындай даусыз нәрсені түсінбейтін болса керек. Олар өздерінің сөздерін мына негізде құрды: шаруалар товарларға артық төлейді деді, бұл әбден дұрыс, шаруаларға ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы жөнінде кем төленеді деді, бұл да дұрыс. Ал енді олар нені талап етеді? Олар астыққа теңестіру бағасы енгізілуін, бұл «қыйғаштықтардың», бұл кем төлеу мен артық төлеудің кәзір-ақ жойылуын талап етеді. Бірақ, айталық, «қыйғаштықтарды» быйылғы жылы немесе алдағы жылы құрту дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — елді индустрияландыру ісіне, соның ішінде ауыл шаруашылығын индустрияландыру ісіне де кедергі жасау, біздің әлі нығайып жетпеген жас өнеркәсібімізді әлсірету, сөйтіп бүкіл халық шаруашылығын шайқалту деген сөз. Біз мұны істей аламыз ба? Әрине, істей алмаймыз. Қала мен деревняның арасындағы «қыйғаштықты», әлгі кем төлеу мен артық төлеудің бәрін құрту керек пе? Я, сөзсіз құрту керек. Біз өнеркәсібімізді әлсіретпейінше, ал олай болса, халық шаруашылығымызды да әлсіретпейінше ол нәрселерді кәзір-ақ құрта аламыз ба? Жоқ, құрта алмаймыз.

Мұндай ретте біздің саясатымыз қандай болуға тиіс? Ол мынадай болуға тиіс: бұл «қыйғаштықты» бірте бірте азайту керек, оны жылдан жылға жақындастыра беру керек, өнеркәсіп товарларының бағасын

арзандата беру керек, егін шаруашылығының техникасын арттырып отыру керек, мұның өзі астық өндірісін арзандатуға бастап апармай қоймайды, сөйтіп кейін, бірнеше жылдардан соң, шаруаларға түсіп отырған бұл қосымша салықты мүлдем жойылатын ету керек.

Шаруалар бұл ауыртпалықты көтере ала ма? Сөз жоқ, көтереді: мұның себебі — біріншіден, бұл ауыртпалық жылдан жылға кеми береді, екіншіден, бұл қосымша салықты өндіру ісі шаруалар бұқарасын қайыршылыққа, қанаушылыққа ұшыратып отыратын капиталистік даму жағдайларында болып отырған жоқ, социалистік мемлекеттің шаруаларды қанамайтын Совет тәртібі жағдайында және бұл қосымша салықты өтеудің өзі шаруалардың материалдық халін үздіксіз жақсартып отыратын жағдайда болып отыр.

Кәзіргі кезеңде елімізді индустрияландыру ісін дамытудың басты негіздері туралы мәселенің жайы осындай.

Екінші мәселе орташамен байланыс жасау проблемасы, бұл байланыстың мақсаттары мен құралдары туралы проблема жайында.

Кейбір жолдастардың ойынша қала мен деревняның арасындағы, жұмысшы табы мен негізгі шаруалар бұқарасының арасындағы байланыс тек қана тоқыма жөнімен, шаруалардың өз басының тұтынуын қанағаттандыру жөнімен болатын сияқты. Бұл дұрыс па? Бұл мүлдем дұрыс емес, жолдастар. Әрине, шаруалардың тоқыма жөніндегі өз басының тілектерін қанағаттандырудың зор маңызы бар. Жаңа жағдайларда шаруалармен байланысты біз осыдан бастағанбыз

да. Бірақ осыған сүйеніп тоқыма жөніндегі байланыс барлық істі тындырады, шаруалардың өз басының тілектері жөніндегі байланыс жұмысшы табы мен шаруалардың шаруашылық одағының тындырушы немесе басты негізі болып табылады деу — үлкен қатеге ұшырау деген сөз болады. Іс жүзінде қала мен деревняның арасындағы байланыс шаруалардың өз басының тілектерін қанағаттандыру жөнімен ғана болып отырған жоқ, тоқыма жөнімен ғана болып отырған жоқ, ауылшаруашылық өнімдерін **өндіруші** болып табылатын шаруалардың **шаруашылық** тілектерін қанағаттандыру жөнімен де болып отыр.

Біз шаруаларға тек шыт беріп қана отырғанымыз жоқ. Біз оларға тағы әртүрлі машиналар, тұқым, плугтар, жер тыңайтқыштар және т. б. беріп отырмыз; бұлардың шаруалар шаруашылығын көтеру және социалистік жолмен қайта құру ісінде өте үлкен маңызы бар.

Сонымен, байланыстың негізі — тоқыма ғана емес, металл да. Мұнсыз шаруалармен байланыс берік байланыс болмас еді.

Тоқыма жөніндегі байланыстың металл жөніндегі байланыстан айырмашылығы қандай? Айырмашылығы бәрінен бұрын мынадай: тоқыма жөніндегі байланыстың, ең алдымен, шаруалардың жеке басының тілектеріне қатнасы бар, ол шаруалар шаруашылығының өндірістік жағына қатыспайды немесе біршама аз қатысады, ал металл жөніндегі байланыстың, ең алдымен, шаруалар шаруашылығының өндірістік жағына қатнасы бар, оның шаруашылығын жақсартады, оны машиналандырады, оның тиімділігін арттырады және бытыранды, ұсақ шаруалар шаруашылықтарын ірі

қоғамдық шаруашылықтарға біріктіру үшін негіз салады.

Байланыстың мақсаты таптарды сақтауда, атап айтқанда, шаруалар табын сақтауда деп ойлау қате болар еді. Ол дұрыс емес, жолдастар. Байланыстың мақсаты мүлдем бұл емес. Байланыстың мақсаты — шаруаларды біздің бүкіл дамуымыздың басшысы болып табылатын жұмысшы табымен жақындастыру, шаруалардың жұмысшы табымен одағын — бұл одақта жетекші күш жұмысшы табы болатын одағын нығайту, бірте-бірте шаруаларды тәрбиелеп, оның психологиясын, оның өндірісін **коллективизм рухында қайта тәрбиелеу** және, сөйтіп, таптарды құрту үшін жағдай әзірлеу болып табылады.

Байланыстың мақсаты таптарды сақтау емес, қайта оларды құрту болып табылады. Егерде тоқыма жөніндегі байланыстың шаруалар шаруашылығының өндірістік жағына қатнасы аз болса, сондықтан, жалпы айтқанда, оның нәтижесі шаруаларды коллективизм рухында қайта тәрбиелеу және таптарды құрту болып тына алмайтын болса, металл жөніндегі байланыс, мұның керісінше, шаруалар шаруашылғының өндірістік жағына, оны машиналандыруға, оны коллективтендіруге қатысы бар нәрсе және сондықтан оның нәтижесі шаруаларды бірте-бірте қайта тәрбиелеу, бірте-бірте таптарды, соның ішінде, шаруалар табын да жою болуға тиіс.

Шаруаны, оның психологиясын, оның өндірісін жұмысшы табының психологиясымен жақындастыру рухында, өндірістің социалистік принципі рухында жалпы қалайша қайта өңдеуге, өзгертуге болады? Мұның үшін не керек?

Мұның үшін, ең алдымен, шаруалар бұқарасының арасында коллективизм рухында кеңінен үгіт жүргізу керек.

Мұның үшін, екіншіден, кооператив қоғамдарын ұйымдастыру керек және біздің жабдықтау-өткізу кооператив ұйымдарымыз миллиондаған шаруалар шаруашылығын барған сайын көбірек қамтып отыруы керек. Кооперациямызды кеңінен дамытпаған болсақ, шаруалардың арасында колхоз қозғалысының пайдасына кәзіргі уақытта болып отырғандай өзгеріс бізде болмаған болар еді, өйткені біздің жағдайларымызда жабдықтау-өткізу кооперациясын дамыту шаруалардың коллективизмге өтуіне әзірлену болып табылады; бұған күмән болмасқа тиіс.

Бірақ шаруаларды қайта тәрбиелеу үшін мұның бәрі әлі жеткіліксіз жатыр. Шаруаларды социализм рухында қайта тәрбиелеу ісіндегі негізгі күш — егін шаруашылығындағы жаңа техника, егін шаруашылығын машиналандыру, шаруаның коллективтік еңбегі, елді электрлендіру болып табылады.

Осы арада шаруалар шаруашылығымен байланыс жасау туралы Ленин шығармаларының белгілі жерінен цитата келтіріп, Ленинге сүйенбек болатындар бар. Бірақ Лениннің айтқанын тұтас алмай, оның тек бір бөлімін ғана алу, — Лениннің айтқанын бұрмалау деген сөз. Шаруалармен мата товарлары жөнімен байланыс жасау өте маңызды нәрсе екенін Ленин әбден жақсы түсінді. Бірақ ол мұнымен тоқтаған жоқ, өйткені ол мұнымен қатар, шаруалармен байланыс металл жөнімен де, шаруаларды машинамен жабдықтау жөнімен де, елді электрлендіру жөнімен де жүргізілсін, яғни шаруалар **шаруашылығын** коллективизм ру-

хында өзгертуге және кайта өңдеуге қолайлы келетін жолдардың бәрімен жүргізілсін деп талап етті.

Мәселен, Ленин шығармаларынан мына бір цитатаны тыңдап көріңіздер:

«Ұсақ егіншіні кайта тәрбиелеу, оның бүкіл психологиясы мен дағдыларын өзгерту ісі бірнеше ұрпақтарға созылатын іс. Тек материалдық база, техника, егін шаруашылығында тракторлар мен машиналарды көптеп қолдану, кең көлемде электрлендіру ісі ғана ұсақ егінші жөніндегі бұл мәселені шеше алады, былайынша айтқанда, оның барлық психологиясын сауықтыра алады. Міне осы нәрсе ұсақ егіншіні түп негізінен және орасан шапшаңдықпен қайта тәрбиелей алған болар еді» (XXVI том, 239-бет).

Әңгіме айқын: егерде тоқыма жөніндегі байланыс металл жөніндегі байланыспен толықтырылмаса, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы берік және ұзақ бола алмайды, байланыс берік және ұзақ бола алмайды және байланыс шаруаны бірте-бірте қайта тәрбиелеу, оны жұмысшы табына жақындату және оны коллективизм жолына түсіру жөніндегі өз мақсатына жете алмайды.

Байланысты Ленин жолдас міне осылай түсінген.

Үшінші мәселе **жаңа экономикалық саясат (НЭП) туралы және нэптің жағдайларындағы тап күресі туралы** мәселе жайында.

Ең алдымен мынаны анықтап алу керек: біздің партиямыз нэптің негізін, кейде кейбір жолдастардың айтатынындай, соғыс коммунизмінен кейін салған жоқ, одан бұрын, 1918 жылдың бас кезінде, біз жаңа, социалистік экономиканы құра бастауға алғаш мүмкіндік алған кезімізде салды. Мен Ильичтің «Совет өкіметінің кезекті міндеттері» деген, 1918 жылдың басында шыққан кітапшасын дәлелге келтіре аламын,

бұл кітапшада нэптің негіздері баяндалған. Интервенция аяқталғаннан кейін нэпті енгізе отырып, партия нэпті жаңа экономикалық саясат деп бағалады, өйткені бұл саясаттың өзін интервенция бөліп кетті және біз ол саясатты жүргізуге интервенциядан кейін ғана, соғыс коммунизмінен кейін ғана мүмкіндік алдық, соғыс коммунизмімен салыстырғанда нэп шынында да жаңа экономикалық саясат еді. Мұны дәлелдеу үшін мен Советтердің IX съезінде қабылданған белгілі қарарды дәлелге келтіру керек деп санаймын; жаңа экономикалық саясаттың негіздері соғыс коммунизмінен бұрын баяндалғаны бұл қарарда тайға таңба басқандай жазылған. «Жаңа экономикалық саясаттың бастапқы қорытындылары туралы» бұл қарарда былай делінген:

«Бастапқы негіздері **алғашқы тыныс алудың кезінде-ақ, 1918 ж. көктемде*** дәлме-дәл белгіленген жаңа экономикалық саясат дейтін нәрсе Советтік Россияның экономикалық күштерін қатаң есепке алуға негізделеді. Орыс помещиктері мен буржуазиясының, Европа империализмі контрреволюцияшыл күштерінің бірігіп жұмысшы-шаруа мемлекетіне шабуыл жасауы салдарынан тоқтатылған бұл саясатты жүзеге асыру 1921 жылдың бас кезінде контрреволюцияның әрекеттерін соғыс күшімен жойғаннан кейін ғана мүмкін болды» («Советтердің Бүкілроссиялық IX съезінің қаулыларының» 16-бетін қараңыз[17]).

Сонымен, кейбір жолдастардың рынок және ақшалық шаруашылық жағдайларында, яғни жаңа экономикалық саясат жағдайларында да социализм құрылысының керектігін партия соғыс коммунизмінен кейін ғана аңғарды деуінің қаншалықты теріс екенін өздеріңіз көріп отырсыздар.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Ал бұдан қандай қорытынды шығады?

Бұдан, ең алдымен, нэпті тек шегіну ғана деп қарауға болмайды деген қорытынды шығады.

Сонсын, бұдан: нэп біздің шаруашылығымыздың капиталистік элементтеріне социализмнің жеңімпаздықпен, үздіксіз шабуыл жасауын көздейді деген қорытынды шығады.

Оппозиция, оның атынан Троцкий: біз нэпті енгізген екенбіз, енді нэптің бас кезінде шегінгеніміз сияқты, нэпті «кеңейтіп», позициялардан айырылып, қадам сайын шегіне беруіміз керек деп ойлайды. Троцкийдің партия нэпті «кеңейтті» және деревняда жерді арендалауға және жалдама еңбекке жол беріп, Лениннің позицияларынан тайды деп байымдауы да нэпті осылай теріс түсінушілікке негізделген. Троцкийдің сөздерін тыңдап көріңіздер:

«Совет өкіметінің деревнядағы соңғы шаралары — жерді арендалауға, жұмысшы күшін жалдауға рұхсат беру дегеніміз не, — мұның бәрі деревнялық нэпті кеңейту деп атайтын нәрсеміз... Бірақ деревняда нэпті кеңейтпеуге болатын ба еді? Жоқ, өйткені онда шаруаның шаруашылығы мешеулеп қалған болар еді, рыноктің көлемі тарылған болар еді, өнеркәсіпке кедергі келген болар еді» (Троцкий. «8 жыл», 16 — 17-беттер).

Нэп — тек шегіну, тек қана шегіну деген теріс пікірді ұстасаң, міне осындай сөздерді айтуға дейін баруға болады.

Партия деревняда жалдама еңбекке және жерді арендалауға жол беріп, нэпті «кеңейтті», Лениннің жолынан «тайды» және т. б. деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды! Мұндай ақымақшылықты айтатын адамдардың Ленинге және ленинизмге ешбір қатысы жоқ.

Мен бұл арада Лениннің 1922 жылғы 1 апрельде Осинскийдің атына жазған белгілі хатын дәлелге келтірер едім, бұл хатында ол деревняда жалдама еңбекті және жер арендалауды қолдану керектігін тура ашық айтады. Мұның өзі партияның XI съезінің аяқшенінде, деревнядағы жұмыс туралы, нэп туралы және оның нәтижелері туралы мәселе делегаттардың арасында кең талқыланған кезде болған іс.

Партия съезінің делегаттары үшін қарардың жобасы болып табылатын бұл хаттың бір үзіндісі мынау:

«Ауыл шаруашылығында жалдама еңбекті және жер арендалауды қолдану шарттары туралы мәселе жөнінде партия съезі бұл саладағы барлық қызметкерлерге бұл екі жағдайдың қайсысын болса да артықша формалдықтармен тежемеуді және Советтердің соңғы съезінің қарарларын жүзеге асырумен, сол сияқты жоғарыда айтылғандар жөніндегі шектен шығушылықтарды, қыянатты асыра сілтеулерді нақ қандай практикалық шаралармен тежеу қолайлы екенін зерттеумен тынуды ұсынады» (қараңыз: Лениннің IV жыйнағы, 396-бет[18]).

Нэпті «кеңейту» туралы, деревняда жер арендалауды және жалдама еңбекті енгізгенде Ленин жолынан «таятындық» туралы әңгімелердің қандай ақымақтық және қаншама мазмұнсыз екенін өздеріңіз көріп отырсыздар.

Мен мұны не себептен айтып тұрмын?

Себебі — нэпті «кеңейту» туралы мылжыңдайтын адамдар деревнядағы капиталистік элементтердің алдында шегіну үшін осы мылжың сөзден дәлел іздейді.

Себебі — нэпті «кеңейтуді» жұмысшылар мен шаруалардың одағын «сақтау» амалы деп білетін, төтенше шараларды тоқтату себепті кулактарды тежеуден бастартуды талап ететін, байланыс мақсаты үшін... деревнядағы капиталистік элементтердің қолын бос

қоя беруді талап ететін адамдар бізде партияның ішінде және партияның төңірегінде пайда болып жүр.

Себебі — мұндай антипролетарлық пікірлерден партияны барлық күшпен, барлық құралмен қауіпсіздендіру керек.

Алыска бармас үшін бір жолдастың, «Белнотаның»[49] қызметкері Осип Черновтың хатын келтірейін, бұл хатында ол кулактарға толып жатқан жеңілдіктер берілуін талап етеді, мұның өзі нәпті шынымен және бүркемелеместен «кеңейту» болып табылады. Ол коммунист пе, әлде партияда жоқ па, — ол арасын мен білмеймін. Міне сол жолдас, Совет өкіметін жақтайтын және жұмысшылардың шаруалармен одақтасуын жақтайтын Осип Чернов, шаруа мәселесінде соншалықты шатасқан — оны тіпті деревня буржуазиясының идеологынан айырып алу қиын. Ол біздің астық майданындағы қиыншылықтарымыздың себебін неден деп біледі? «Бірінші себеп, — дейді ол, — үдемелі табыс салығының системасы екені сөзсіз... Екінші себеп — сайлау нұсқауының праволық өзгерістері, нұсқауда кімді кулак деп санау керек екендігінің айқын айтылмағандығы».

Қиыншылықтарды жою үшін не істеу керек? «Ең алдымен, — дейді ол, — қазіргі қалыптағы үдемелі-табыс салығы системасын жойып, оның орнына жеріне қарай салық салу системасын қолдану керек, жұмыс малына және ірі ауылшаруашылық құралдарына жеңіл-желпі салық салу керек... Маңызы бұдан кем соқпайтын екінші шара, — сайлау жөніндегі нұсқауды қайта қарау, қанаушы, кулактық шаруашылықтың қай жерден басталатын белгілерін баџырайтыңқырап көрсету».

Мінеки — нэпті «кеңейту» дегеніңіз. Көріп отырсыздар, Троцкийдің сепкен ұрығы бекерге кетпеген. Нэпті теріс түсінушілік нэпті «кеңейту» туралы мылжың сөзді тудырады, — ал нэпті «кеңейту» туралы мылжың сөз кулакка еркіндік беру керек, оны тежеуді қою керек және оның еміп-еркін баюына мүмкіндік беру керек деген әртүрлі запискаларды, мақалаларды, хаттарды, ұсыныстарды тудырады.

Осы жөнінде, нэп туралы және нэптің жағдайларындағы тап күресі туралы мәселе жөнінде менің тағы бір фактыны атап көрсеткім келеді. Менің айткалы тұрғаным нэп жағдайларындағы тап күресінің астық дайындау ісіне байланысты тек үшінші дәрежелі маңызы бар, астық дайындау жөніндегі қыйыншылыктар ісінде оның, әлгі тап күресінің, онша-мұнша үлкен маңызы жоқ және болуы мүмкін де емес деген бір жолдастың мәлімдемесі.

Мен бұл мәлімдемеге ешбір қосыла алмайтыныммды айтуға тиіспін, жолдастар. Менің ойымша, бізде пролетариат диктатурасының жағдайларында каладағы немесе деревнядағы тап күресінің барлығын көрсетпейтін бірде-бір үлкен саяси немесе экономикалық факт жоқ және болуы мүмкін емес. Сонда нэп пролетариат диктатурасын жоя ма? Әрине, жоқ! Мұның керісінше, нэп пролетариат диктатурасының өзгеше бір белгісі және құралы болып табылады. Ал сонда пролетариат диктатурасы тап күресінің жалғасы емес пе? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!».) Астық дайындау кезінде кулактардың совет саясатына қарсы бас көтеруі, Совет өкіметінің, астық дайындауға байланысты, кулактар мен жалдаптарға карсы шаралар істеуі және оларға шабуыл жасау әрекеттері сыяқты маңызды

саяси және шаруашылық фактыларда тап күресі үшінші дәрежелі роль атқарады деп қалай айтуға болады?

Астық жөніндегі дайындау дағдарысының кезінде нэп жағдайларында тұңғыш рет деревняның капиталистік элементтерінің совет саясатына қарсы мықтап бас көтергені факт емес пе?

Сонда деревняда енді таптардың және тап күресінің болмағаны ма?

Лениннің кедейге сүйену, орташамен одақтасу, кулактарға қарсы күресу туралы ұранының қазіргі жағдайларда деревнядағы жұмысымыздың негізгі ұраны болып табылатыны рас емес пе? Ал бұл ұран деревнядағы тап күресінің белгісі болмағанда немене?

Әрине, біздің саясатымызды тап күресін өршіту саясаты деп санауға ешбір болмайды. Себеп не? Себебі — тап күресін өршіту азамат соғысына апарып соғады. Себебі — біз өкімет басында отыр екенбіз, біз бұл өкіметті нығайтқан екенбіз және командалық бекіністер жұмысшы табының қолына жыйнақталған екен, ендеше біз тап күресінің азамат соғысы формасына айналуын көздемейміз. Бірақ бұдан осы арқылы тап күресі жойылды немесе ол, әлгі тап күресінің өзі, шиеленіспейді деген сөз әсте шықпайды. Бұдан тап күресі біздің алға басуымыздың шешуші күші болып табылмайды деген сөз одан бетер шықпайды. Жоқ, олай деген сөз шықпайды.

Біз сауда саласында шаруашылықтың социалистік формаларын дамытудамыз деп жиі айтамыз. Ал мұның мәнісі не деген сөз? Мұның мәнісі — осы арқылы біз мың-мыңдаған ұсақ және орта саудагерлерді саудадан ығыстырып шығарып отырмыз деген сөз. Айна-

лым саласынан ығыстырылып шығарылған бұл саудагерлер қарсылық ұйымдастыруға тырыспай, үндеместен қарап отырады деп ойлауға бола ма? Әрине, болмайды.

Біз өнеркәсіп саласында шаруашылықтың социалистік формаларын дамытудамыз деп жиі айтамыз. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — біз социализмге қарай алға басуымызбен мың-мыңдаған ұсақ және орта өнеркәсіпші-капиталистерді, бәлкім тіпті өзіміз байқамастан, ығыстырып шығарудамыз және күйзелтудеміз деген сөз. Күйзелген бұл адамдар қарсылық ұйымдастыруға тырыспай, үндеместен қарап отырады деп ойлауға бола ма? Әрине, болмайды.

Біз деревняда кулактардың қанаушылық әрекеттерін тежеу керек, кулактарға көптеп салық салу керек, кулактардың Советтерге сайлануына жол бермеу керек және т. б. және т. с. деп жиі айтамыз. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — біз деревняның капиталистік элементтерін кейде тіпті толық күйзелуге дейін жеткізіп, бірте-бірте жаншытап, ығыстырудамыз деген сөз, кулактар мұның үшін бізге рахмет айтады екен; олар кедейлердің немесе орташалардың бір бөлегін Совет өкіметінің саясатына қарсы ұйымдастыруға тырыспайды екен деп болжауға бола ма? Әрине, болмайды.

Біздің бүкіл ілгері басуымыз, біздің социалистік құрылыс саласындағы әрбір азды-көпті үлкен табысымыз еліміздегі тап күресінің белгісі және нәтижесі болып табылатындығы айқын емес пе?

Ал мұның бәрінен шығатын қортынды мынау: біз алға басқан сайын капиталистік элементтердің қарсылығы арта береді, тап күресі шиеленісе береді, ал

күші барған сайын арта беретін Совет өкіметі бұл элементтерді оқшау қалдыру саясатын, жұмысшы табының жауларын аздырып-тоздыру саясатын, ақырында, қанаушылардың қарсылығын басып-жаншу саясатын жүргізіп отыратын болады, сөйтіп жұмысшы табының және шаруалардың негізгі бұқарасының бұрынғыдан әрі алға басуы үшін база жасайды.

Жұмысшы табының жауларын ығыстыра отырып, социалистік формалар дамый береді екен, ал жаулар біздің алға басуымызға жол беріп, үндеместен шегіне береді екен, содан соң біз қайтадан алға басамыз екен де, олар қайтадан кейін шегіне береді екен, одан кейін «күтпеген жерден» барлық әлеуметтік топтар тегісімен, кулактар да, сол сияқты кедейлер де, жұмысшылар да, сол сияқты капиталистер де «кенеттен», «байқаусыз», күрессіз және әбігерсіз социалистік қоғамның құшағына кіреді екен деп ойлауға, істің жайын бұлай ойлауға болмайды. Мұндай ертегілер жалпы алғанда және әсіресе пролетариат диктатурасының жағдайында болмайды және болуы мүмкін емес.

Дәурені өтіп бара жатқан таптардың қарсылық ұйымдастыруға тырыспайынша өз позицияларын өз еркімен бергендігі болған емес және болмайды да. Таптық қоғам тұсында жұмысшы табының социализмге қарай алға басуы күрессіз және әбігерсіз өткендігі болған емес және болмайды да. Қайта керісінше, социализмге қарай алға басу қанаушы таптардың бұл алға басушылыққа қарсыласуына апарып соқпай қоймайды, ал қанаушылардың қарсылығы тап күресінің сөзсіз шиеленісуіне апарып соқпай қоймайды.

Міне сондықтан тап күресінің екінші дәрежелі

ролі туралы әңгімелермен жұмысшы табын босаңсытуға болмайды.

Төртінші мәселе кулактар мен жалдаптар жөніндегі төтенше шаралар проблемасы жайында.

Төтенше шараларды абсолюттік және мәңгіге сақталатын бір нәрсе деп карауға болмайды. Төтенше шаралар белгілі, төтенше жағдайларда, маневр жасау үшін бізде баска шаралар жоқ болған кезде керекті және қолайлы. Баска жағдайларда, рынокте маневр жасау үшін баска, икемді шаралар қолымызда бар тұрғанда төтенше шаралар керексіз және зиянды. Төтенше шаралар қандай жағдайда болса да жаман деп ойлаушылардікі дұрыс емес. Ондай адамдарға қарсы үздіксіз күрес жүргізіп отыру керек. Бірақ төтенше шаралар әрқашан керек және қолайлы деп ойлайтын адамдардікі де дұрыс емес. Мұндай адамдарға қарсы батыл күрес жүргізіп отыру керек.

Астық дайындау дағдарысының кезінде төтенше шараларды қолдану кате болып па еді? Оның қате болмағанын, қайта төтенше шаралардың елді жалпы шаруашылық дағдарыстан құтқарып қалғандығын кәзір жұрттың бәрі мойындап отыр. Бұл шараларды қолдануға бізді мәжбүр еткен не? Быйылғы жылдың январындағы 128 миллион пұт астықтың дефициті, біз жол бұзылғанға дейін астықтын орнын толтырып, сонымен катар астық дайындаудың бірқалыпты дұрыс қарқынмен жүруін қамтамасыз етуге тиіс едік. Қолайлы уакытты күтіп алып, астықтың бағасын арзандату мағнасында рынокті интервенциялау үшін керекті 100 миллион пұттай астық резерві жок болып тұрғанында, немесе шет елдерден көптеп астық әкелу үшін керекті жетерліктей валюта резерві болмай тұр-

ғанында біз төтенше шараларға бел байламай отыра алдық па? Әрине, отыра алмадық. Ал бұл дефициттің орнын толтырмасақ не болар еді? Бізде кәзір бүкіл халық шаруашылығы аса үлкен дағдарыста болар еді, қалаларда аштық, армияда аштық болар еді.

Егерде бізде қолайлы уақытты күтіп алып, содан соң астықтың бағасын арзандату мақсаты үшін рынокті интервенциялай отырып, кулактың сілесін қатырып барып жеңу үшін 100 миллион пұттай астық резерві болған болса, біз, әрине, төтенше шараларға бел байламаған болар едік. Бірақ бізде мұндай резервтің болмағанын сіздер жақсы білесіздер.

Егерде бізде шет елдерден астық әкелу үшін ол кезде 100—150 миллион сом валюта резерві болған болса, біз, бәлкім, төтенше шараларға бел байламаған болар едік. Бірақ бізде бұл резервтің болмағанын сіздер жақсы білесіздер.

Мұның мәнісі — біз бұдан былай да резервсіз қалуымыз керек және төтенше шараларды қолдануға қайта оралуымыз керек деген сөз бе? Жоқ, олай деген сөз емес. Мұның керісінше, біз резерв жыйнап алу үшін және қандайда болса төтенше шараларды қолдану қажеттігін жою үшін қолымыздан келген шаралардың бәрін істеуіміз керек. Төтенше шараларды біздің партиямыздың тұрақты немесе ұзақ мерзімді бағытына айналдыруды ойлайтын адамдар — қауіпті адамдар, өйткені олар отпен ойнайды және байланыс ісі үшін қауіп туғызады.

Бұдан — біз төтенше шаралар қолданудан мәңгіге бастартуымыз керек деген қортынды шықпай ма? Жоқ, шықпайды. Төтенше шаралар қолдануды керек ететін төтенше жағдайлар қашан да болса қайталай

алмайды деп айтуға біздің дәлеліміз жоқ. Олай деп айту құр бекер бәлгерлік болар еді.

Жаңа экономикалық саясатты негіздеп дәлелдеген Ленин нэптің тұсында белгілі шарттармен және белгілі жағдайларда тіпті кедейлер комитеттерінің әдістерін де қолданбасқа уәде ету мүмкін емес деп санады. Төтенше шараларды мәңгі колданбасқа біз одан бетер уәде ете алмаймыз; ал бұл шараларды кулактарға карсы күрестің кедейлер комитеттері колданған әдістері сияқты катаң шарасымен катар коюға ешбір болмайды.

Бәлкім, біздің партиямыздың XI съезінде Преображенскийдің басында болған бір оқиғаны еске түсіру артық болмас, өйткені мұның бұл іске тікелей катнасы бар. Жалпыға мәлім, Преображенский XI съезде деревнядағы жұмыс туралы өзінің тезистерінде нэптің жағдайында кулактарға қарсы күресудің кедейлер комитеті әдісінің саясатын «біржолата мәңгіге» аулак тастауға тырысты. Преображенский өзінің тезистерінде былай деп жазды: «Бұл жікті (кулактар мен аукатты шаруаларды) кабылдамау және оны 1918 жылғы кедейлер комитеті әдісімен дөрекі түрде экономикадан тыс жаныштау өте зиянды кате болар еді» (§ 2).

Бұған Лениннің былай деп жауап бергені мәлім:

«Екінші параграфтың екінші сөйлемі («кедейлер комитеттерінің әдістеріне» карсы сөйлем) зиянды және теріс, өйткені, мәселен, соғыстың кедейлер комитеттерінің әдісін қолдануға мәжбүр етуі мүмкін. Бұл жайында мүлдем басқаша айту керек, мәселен, былай: ауыл шаруашылығын өрлетудің және оның өнімдерін арттырудың маңыздылығы себепті, *қазіргі кезеңде** пролетариаттың кулактар мен аукатты шаруалар жөніндегі саясаты, ең алдымен,

* Курсив менікі. И. Ст.

олардың қанаушылық талаптарын **тежеуге** және т. б. бағытталуы тиіс. Олардың талаптарын қалай тежеу керек, кедейлерді қалай қорғау керек, — мұны біздің мемлекет істеуге тиіс және істей алады, — барлық әңгіме осында. Мұны практика жүзінде зерттеу керек және зерттеу керек, ал жалпы сөздердің **түкке кажеті жоқ**» (Лениннің IV жыйнағы, 391-бет[50]).

Әрине, төтенше шараларды диалектикалық түрде қараэу керек, өйткені бәрі де уақыт жағдайларына, орын жағдайларына байланысты.

Жарыссөз кезінде көтерілген жалпы сыйпаттағы мәселелердің жайы осындай, жолдастар.

Енді **астық проблемасы туралы және астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негіздері туралы** мәселеге көшуге рұқсат етіңіздер.

Менің ойымша, бірсыпыра жолдастар мына мағнада қателік істеді: олар астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың әртүрлі себептерін бір жерге әкеп үйіп төкті, уақытша және конъюктуралық (өзіне тән өзгеше) себептерді ұзақ мерзімді және негізгі себептермен шатастырды. Астық жөніндегі қыйыншылықтардың екі түрлі себебі бар: ұзақ мерзімді, негізгі себептері бар, бұл себептерді жою үшін бірсыпыра жыл уақыт керек, жәнеде өзіне тән өзгеше, конъюктуралық себептер бар, егерде бірқатар керекті шараларды қолданып, жүзеге асырса, бұл себептерді кәзір-ақ жоюға болады. Бұл себептердің бәрін бір жерге әкеп үйіп төгу, — барлық мәселені шатастыру деген сөз.

Астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізгі мазмұны мен негізгі маңызы неде? Ол мынада: бұл қыйыншылықтар астықтың, астық өндірісінің проблемасын, жалпы ауыл шаруашылығының пробле-

масын, әсіресе астық өндірісі проблемасын біздің алдымызға мейлінше қатты қойып отыр.

Қәзіргі кезеңдегі аса маңызды мәселе ретінде жалпы астық проблемасы бізде бар ма? Сөз жоқ, бар. Астық проблемасының қәзір совет қоғамының барлық сала-саласына әсерін тигізіп отырғанына тек соқыр адамдар ғана күмәндана алады. Біз, цыгандарға ұқсап, астық резервінсіз, егін шықпай қалатын күнге арналған резервсіз, рынокте маневр жасауға керекті резервсіз, соғыс бола қалатын күнге арналған резервсіз, ақырында, экспортқа арналған біраз резервсіз тұра алмаймыз. Тіпті ұсақ шаруаның өзі де өз шаруашылығының шағындығына қарамастан, резервсіз тұрмайды, біраз қорсыз болмайды. Құрғақ жердің алтыдан бір бөлегін алып отырған ұлы мемлекеттің ішкі және сыртқы қажеттері үшін керекті резервсіз күн көре алмайтыны айқын емес пе?

Айталық, бізде Украинада күздік егіс құрып кетпеді екен және біз астық дайындау науқанын «тақылтұқыл» аяқтадық екен, делік, — сонда мұны біз үшін жеткілікті деп санауға бола ма? Жоқ, болмайды. Біз бұдан былай «тақыл-тұқыл» тұра алмаймыз. Егерде совет өкіметінің позицияларын сыртқы жағынан да, сол сияқты ішкі жағынан да қорғағымыз келсе, біздің өз қарамағымызда резервтердің белгілі минимумы болуға тиісті.

Біріншіден, соғыс шабуылы болмауына біздің кепілдігіміз жоқ. Сіздер армия үшін ешқандай астық резерві болмайынша елді қорғауға болады деп ойлайсыздар ма? Қәзіргі шаруа бұдан алты жыл бұрынғы шаруадай емес, ол кезде шаруа: жерім помещиктің пайдасына түсіп кете ме — деп қорқатын еді деп осын-

да сөйлеген жолдастар әбден дұрыс айтты. Шаруа кәзірдің өзінде-ақ помещикті ұмыта бастады. Кәзір ол жаңа, анағұрлым жақсы тұрмыс жағдайларын керек етіп отыр. Жаулар шабуыл жасай қалған күнде біз әрі майданда сыртқы жауға қарсы, әрі тылда армияға шұғыл астық алу үшін мужикке де қарсы соғыс жүргізе аламыз ба? Жоқ, жүргізе алмаймыз және жүргізуге тиісті емеспіз. Елді қорғау үшін бізде армияны жабдықтауға, ең болмағанда бастапқы алты айға жететін белгілі қор болуы керек. Бұл алты ай тыныс не үшін керек? Ол — шаруаның есін жиюы үшін, соғыс қаупіне көндігуі үшін, оқиғаларды айыра білетін болып, ел қорғаудың ортақ ісіне бола шыйрауы үшін керек. Егерде біз «тақыл-тұқыл» шыққанымызға қанағаттанатын болсақ, бізде соғыс бола қалатын күнге арналған ешбір резерв ешуақытта болмайды.

Екіншіден, астық рыногінде шиеленіскен жағдайлардың болмауына біздің кепілдігіміз жоқ. Астық рыногі істеріне интервенция жасау үшін, біздің нарық саясатымызды жүргізу үшін бізге сөзсіз белгілі резерв керек. Өйткені біз әрбір жолы төтенше шараларды қолдана бере алмаймыз және қолдана беруге тиісті емеспіз. Бірақ егерде біз дайындау жылын «тақыл-тұқыл» аяқтауға мүмкіндігіміз бар екендігіне қанағат танып, әрбір жолы сай жағасымен жүріп отыратын болсақ, бізде ешуақытта ондай резерв болмақшы емес.

Үшіншіден, егіннің шықпай қалмауына біздің кепілдігіміз жоқ. Астық шықпай қалған күнде аштыққа ұшыраған аудандарды ең болмаса белгілі мөлшерде, ең болмаса белгілі мерзімге қамтамасыз ету үшін бізге белгілі астық резерві өте-мөте керек. Ал егерде біз

товарлы астықтың өндірілуін арттырмасақ және қорсыз тұратын ескі әдеттен кенет және батыл бастартпасақ, біз ондай резерв жасай алмаймыз.

Ақырында, бізге астықты шет елге шығару үшін резерв өте-мөте керек. Біз индустрия үшін құрал-жабдық әкелуіміз керек. Біз ауылшаруашылық машиналарын, тракторлар, оларға керекті запас бөлшектер әкелуіміз керек. Бірақ шетке астық шығармайынша, шет елге астық шығару есебінен белгілі валюта резервін жыйнап алмайынша оны істеу мүмкін емес. Соғысқа дейінгі уақытта шетке жылма-жыл 500 миллион пұттан 600 миллион пұтқа дейін астық шығарылатын еді. Шетке мұндай көп шығарған себебі — өздері тоя жемейтін еді. Бұл дұрыс. Бірақ соғысқа дейін бізде товарлы астықтың кәзіргіден екі есе көп болғанын түсіну керек. Кәзір бізде товарлы астық екі есе кем болып отырғандықтан да, — нақ осы себептен де астық кәзір экспорттан шығып қалып отыр. Ал астықтын экспорттан шығып қалуы дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — егерде астықтың арқасында бізге өнеркәсіп үшін құрал-жабдық, ауыл шаруашылығы үшін тракторлар мен машиналар әкелініп келген болса және әкелінуге тиісті болып отырған болса, енді бұл негізден айырылу деген сөз. Экспорт үшін астық резервін жыйнап алмайынша, бұдан әрі бұлай күн көруге бола ма? Жоқ, болмайды.

Міне біздің астық резервтеріміз осыншама қамтамасыз етілмеген және оның жайы осыншама тұрақсыз.

Мен мына жағдайларды айтпасам да болады: бізде бұл төрт сала бойынша астық резерві жоқ екені былай тұрсын, бізде бір дайындау жылынан екінші дайындау жылына қыйналмай өту үшін және июнь —

июль сыяқты қыйын айларда қалаларды тоқтаусыз жабдықтау үшін керекті қорлардың белгілі минимумы да жеткіліксіз.

Астық проблемасының қатты қойылып отырғанын және астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың үлкен қыйыншылықтар екенін осыдан кейін бекер деуге бола ма?

Бірақ бізде астық жөніндегі қыйыншылықтарға байланысты саяси сыйпаттағы қыйыншылықтар да пайда болды. Мұны ешбір жағдайда ұмытуға болмайды, жолдастар. Менің айтқалы тұрғаным шаруалардың белгілі бөлегінің арасындағы, кедейлердің, сол сыяқты орташалардың да белгілі бөлегінің арасындағы наразылық, мұндай наразылық бізде болды және ол байланыс ісіне белгілі қатер туғызды.

Әрине, өзінің хатында Фрумкиннің айтып отырғанындай, бізде кәзірдің өзінде-ақ байланыстың үзілгендігі бар деп айту мүлдем теріс болар еді. Ол дұрыс емес, жолдастар. Байланыстың үзілуі — үлкен іс. Байланыстың үзілуі дегеніңіз азамат соғысының өзі болмаса да, азамат соғысының басы. «Қорқынышты» сөздермен қорқытпау керек. Үрейленушілікке салынбау керек. Мұның өзі большевиктерге лайықты емес. Байланыстың үзілуі деген сөз — шаруалардың Совет өкіметімен айырылысуы деген сөз. Ал егер шаруа шаруаның астығын негізгі дайындаушы болып табылатын Совет өкіметімен шын мағнасында айырылысса, — ол одан әрі сізге егіс көлемін кеңейтіп бермейді. Ал оның бержағында біз быйылғы жылы астықты аудандардың бәрінде тегіс жаздық егіс көлемінің кеңейгенін көріп отырмыз. Байланыстың мұндай үзілуі бола ма? Мұндай халді мәселен, Фрумкиннің айтып

отырғанындай, шаруалар шаруашылығының «перспективасыздығы» деп атауға бола ма? Бұл негылған «перспективасыздық»?

Егерде уақытша, конъюктуралық себептерді еске алмай, ұзақ мерзімді және негізгі себептерді еске алатын болсақ, біздің астық жөніндегі қыйыншылықтарымыздың негізі неде?

Біздің астық жөніндегі қыйыншылықтарымыздың негізі — ауыл шаруашылығының өсіп отырған бытырандылығы мен шашырандылығында. Ауыл шаруашылығының, әсіресе астық шаруашылығының барған сайын тиімсіз болып, товарлылығы кеміп, ұсақтап бара жатқандығы факт ғой. Егерде бізде революцияға дейін 15—16 миллиондай шаруалар шаруашылығы болған болса, қазір бізде олар 24—25 миллионға жетеді, соның өзінде ұсақтау процесінің бұдан әрі күшейе беретіндей беталысы бар.

Бізде қазір соғысқа дейінгі уақыттағыдан мөлшері аз ғана кем егіс көлемінің бар екендігі, ал астықтың жалпы өндірісінің соғысқа дейінгі өндірісінен бар болғаны тек 5 процент кем екені рас. Бірақ барлық пәле мынада: осының бәріне қарамастан, бізде товарлы астықтың өндірілуі соғысқа дейінгі өндірілуінен екі есе, яғни 50 проценттей артта қалып отыр. Мәселенің түп тамыры міне осында.

Әңгіме неде? Әңгіме — ірі шаруашылыққа қарағанда, ұсақ шаруашылықтың тиімділігі кемдігінде, товарлылығы кемдігінде, тұрақтығы кемдігінде. Марксизмнің ірі өндіріске қарағанда ұсақ өндірістің тиімділігі кем деген атақты қағыйдасы ауыл шаруашылығында да өзінің толық күшін сақтайды. Сондықтан ұсақ шаруалар шаруашылығы бірдей жер көле-

мінен товарлы астықты ірі шаруашылықтан анағұрлым кем береді.

Бұдан құтылатын жол қайсы?

Бұдан құтылатын жол, Саяси Бюроның қарарында айтылғанындай, үшеу:

1. Бұдан құтылатын жол мынау: ұсақ және орта шаруалар шаруашылығының өнімділігін мүмкін болғанынша көтеріп отыру керек, соқаны плугпен ауыстыру керек, ұсақ және орта түрдегі машиналарды беру керек, жер тыңайтқыш беру керек, тұқыммен жабдықтау керек, агрономиялық жәрдем беру керек, шаруаларды кооперативтендіру керек, тұтас селолармен шарт жасасып, оларға ең жақсы тұқымды қарызға беру керек, сөйтіп, шаруаларға коллективтік түрде қарыз беріп отыру керек, ақырында, машиналарды жалға беретін пункттер арқылы шаруаларға ірі машиналарды жалға беріп отыру керек.

Ұсақ шаруашылық өзінің бұдан әрі өркендеу мүмкіндігін сарықты, олай болса, оған бұдан әрі көмектесудің керегі жоқ деуші жолдастардың пікірі дұрыс емес. Бұл мүлдем теріс. Жеке шаруалар шаруашылығының өркендеу мүмкіндігі әлі аз емес. Оның осы мүмкіндіктерді жүзеге асыруына тек көмектесу керек.

«Красная Газетаның»[51]да жеке шаруаларды товар өткізу және жабдықтау жөнінен кооперативтендіру саясаты өзін ақтамады деуі дұрыс емес. Бұл мүлдем теріс, жолдастар. Мұның керісінше, жабдықтау және товар өткізу жөнінен кооперативтендіру саясаты шаруалардың арасында колхоз қозғалысына қарай өзгеріс тудыру үшін нақтылы база жасап, өзін бүтіндей ақтады. Сөз жоқ, жабдықтау-өткізу кооперациясын

күшейтпеген болсақ, шаруалардың колхоздарға көзқарасында кәзір бізде болып отырғанындай өзгеріс бізде болмаған болар еді, ал осы өзгерістің өзі колхоз құрылысын бұдан әрі жүргізе беруімізге көмектесіп отыр.

2. Бұдан құтылатын жол, сонсын, мынау: кедейлер мен орташалардың жаңа техника мен коллективтік еңбектің негізінде өздерінің бытыранды ұсақ шаруашылықтарын өте тиімді және товарлы шаруашылық болып табылатын ірі коллективтік шаруашылықтарға бірте-бірте біріктіруіне көмектесіп отыру керек. Мен бұл арада ұсақ шаруашылықтардың бытыранды ұсақ шаруалар шаруашылығынан гөрі өлшеусіз артық товарлы және өнімді шаруашылық болып табылатын жәй серіктіктерден бастап, артельдерге дейінгі ірі, қоғамдық шаруашылықтарға бірігуінің барлық формаларын айтып тұрмын.

Проблеманы шешудің негізі осы.

Өздері колхоздар үшін ұран сала отырып, біздерді ұсақ шаруалар шаруашылығын «ақтайды» деп айыптайтын жолдастардікі дұрыс емес. Олар, сірә, жеке шаруалар шаруашылығына көзқарас көмектесу және өзімізге қарай тарту көзқарасы болмай, оларға қарсы күресу және оларды құрту көзқарасы болуға тиіс деп ойлайтын болса керек. Бұл мүлдем дұрыс емес, жолдастар. Жеке шаруалар шаруашылығы «ақтауды» мүлдем керек қылмайды. Оның тиімділігі аз екені рас. Бірақ бұдан — ол мүлдем тиімсіз деген сөз әлі шықпайды. Егерде біз колхоздар тарапынан жеке шаруалар шаруашылығына күнбе-күн көмек көрсетіп, жәрдем беру жөніндегі лениндік позициялардан тайып, жеке шаруалар шаруашылығына қарсы күресу және

оны құрту көзқарасын қолдайтын болсақ, біз байланысты бұзып алған болар едік.

Колхоздарды мақтай отырып, жеке шаруалар шаруашылығын біздің «сорымыз» деп жариялаушылардікі одан бетер дұрыс емес. Мұның өзінде шаруалар шаруашылығына тура соғыс жариялаудың белгісі бар. Бұл қайдан шықты? Егер шаруалар шаруашылығы «сор» болып табылатын болса, жұмысшы табының негізгі шаруалар бұқарасымен одақтасып отырғанын қалайша түсіндіруге болады. Жұмысшы табының «сормен» одағы деген сияқты үйлесімсіздіктер жалғанның жарығында бола ма екен? Байланыс жасауға үгіттей отырып, сонымен қабат мұндай нәрселерді қалай айтуға болады? Лениннің біз шаруаның мәстегінен өнеркәсіптің болат атына бірте-бірте ауысып мінуіміз керек деген сөздерін еске түсіріседі. Бұл өте жақсы. Бірақ бір аттан екінші атқа осылай ауысып міне ме екен? Кеңінен тамыр жайған колхоздар түрінде кең және күшті база жасап алмай тұрып, шаруалар шаруашылығын «сор» деп жариялау деген сөз — ешқандай атсыз, ешқандай базасыз қалу деген сөз емес пе? (Дауыстар: «Дұрыс, дұрыс!».) Бұл жолдастардың қатесі — олардың колхоздарды жеке шаруалар шаруашылығына **қарама-қарсы қоятынында.** Ал біз шаруашылықтың бұл екі формасының біріне бірі қарсы қойылмауын, қайта бірімен бірі **байланыс жасауын,** сөйтіп бұл байланыста колхоздың жеке шаруаға көмектесуін, оның аз-аздап коллективизм жолына көшуіне көмектесуін тілейміз. Я, біз шаруалардың колхоздарды өздерінің жауы деп қарамай, өздеріне көмектесіп отырған және жоқшылықтан құтылуына көмектесетін досы деп карауын тілейміз. (Дауыстар:

«Дұрыс!».) Егер бұл дұрыс болатын болса, жеке шаруалар шаруашылығын «ақтайтындық» туралы немесе шаруалар шаруашылығының біз үшін «сор» болып табылады деудің керегі жок.

Ірі коллективтік шаруашылықпен салыстырғанда ұсақ шаруалар шаруашылығының тиімділігі кем немесе тиімділігі тіптен кем, дегенмен де белгілі дәрежеде маңызды тиімділігі жок емес деп айту керк. Ал сіздердің айтуларыңызға қарағанда, ұсақ шаруалар шаруашылығы тиімсіз немесе тіпті зиянды болып шығады.

Ұсақ шаруалар шаруашылығына Ленин бұлай қараған жок. «Азық-түлік салығы туралы» сөзінде бұл жөнінде ол былай деді:

> «Егер шаруалар шаруашылығы мұнан да әрі дамый алатын болса, бұлан былай да жаңа жолға көшуді берік қамтамасыз ету керек, ал мұнан әрі көшу дегеніміз сөзсіз мынау болу керек: тиімділігі кем, неғұрлым мешеу, ұсақ, жеке-жеке бытыраңды шаруалар шаруашылығы бірте-бірте бірігіп, қоғамдық, ірі егіншілік шаруашылығына ұйымдасатын болуға тиіс. Мұның бәрін социалистер қай кезде де осылай ұққан. Біздің коммунистік партия да бұған нақ осылай қарайды» (XXVI том, 299-бет).

Демек, жеке шаруалар шаруашылығы қанша айтканмен белгілі дәрежеде тиімді деген сөз.

Шаруашылықтың жоғарғы формасы, ірі шаруашылық, оның төменгі формасымен күресіп, оны күйзелтіп, жойып жіберуі бір басқа. Капитализм тұсында істің жайы осылай болып отыр. Шаруашылықтың жоғарғы формасы оның төменгі формасын күйзелтпейтін, қайта оның көтерілуіне, коллективизм жолына түсуіне көмектесетін жағдай бір басқа. Совет құрылысының тұсында істің жайы осылай болып отыр.

Колхоздар мен жеке шаруалар шаруашылыктарының арасындағы өзара қатнастар туралы Ленин міне былай дейді:

«Ең алдымен, Совет өкіметінің совет шаруашылыктарынан, уылшаруашылық коммуналарынан және соларға ұқсас барлық бірлестіктерден төңіректегі шаруалар мен орта шаруаларға дереу және барлық жағынан бірдей көмек көрсетуді талап ететін заңының (колхоздар мен совхоздар туралы. И. Ст.) шын мағнасында және соның өзінде толық жүзеге асырылуын камтамасыз ету керек. Тек осындай іс жүзінде көрсетілетін көмектің негізінде ғана орта шаруалармен келісім жасауға болады*. Тек осылай ғана оның сеніміне ие болуға болады және ие болуға тиістіміз» (XXIV том, 175-бет).

Сонымен, колхоздар мен совхоздар шаруалар шаруашылығына көмектескенде оларды жеке шаруалар деп біліп көмектесуге тиіс.

Акырында, Лениннен үшінші цитата келтірейін:

«Егер жерді коғамдасып, коллективтесіп, серіктесіп, артельдесіп ұксатудың артыкшылыктарын шаруаларға іс жүзінде көрсете алса, егер серіктескен, артельдескен шаруашылыктың аркасында шаруаларға көмек көрсете алса, мемлекеттік өкіметті колында ұстап отырған жұмысшы табы өз ісінің дұрыс екендігін шаруаларға тек сонда ғана шындап дәлелдейді, тек сонда ғана көп миллиондаған шаруалар бұкарасын мыктап, шындап өз жағына шығарып алады» (XXIV том, 579-бет).

Колхоз козғалысының елімізді социалистік жолмен кайта кұру ісіндегі маңызын Ленин міне осылай жоғары бағалады.

Өте таң каларлык бір нәрсе мынау: кейбір жолдас-

* Курсив менікі. И. Ст.

тар өздерінің сөйлеген үлкен-үлкен сөздерінде біздің партияның қазіргі таңдағы өте маңызды және шешуші міндеті болып табылатын міндет — колхоздарды көтеру міндеті туралы мүлдем бірауыз сөз айтпай, барлық назарды жеке шаруалар шаруашылықтары туралы мәселеге аударды.

3. Бұдан құтылатын жол, ақырында, ескі совхоздарды нығайтуда және неғұрлым тиімді, товарлы шаруашылық единицалар болып табылатын жаңа, ірі совхоздарды өрлетуде болып отыр.

Негізгі үш міндет осы; бұл міндеттерді орындаған күнде біз астық проблемасын шешуге және, сөйтіп, астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізінің өзін жоюға мүмкіндік аламыз.

Үстіміздегі кезеңнің ерекшелігі мынада: біздің жұмысымыздың әлі де болса басты міндеті болып табылатын бірінші міндет — жеке шаруалар шаруашылығын өркендету міндеті астық проблемасын шешуге **кәзірдің өзінде-ақ жеткіліксіз** болып отыр.

Үстіміздегі кезеңнің ерекшелігі мынада: бірінші міндетті колхоздарды өрлету және совхоздарды өрлету жөніндегі жаңа екі міндетпен практика жүзінде **толықтыру** керек.

Осы міндеттерді ұштастырмайынша, осы үш арна бойынша жігерлі жұмыс істемейінше астық проблемасын шешу мүмкін емес, мүмкін болмағанда елді товарлы астықпен жабдықтау мағнасында да, біздің бүкіл халық шаруашылығымызды социализм негізінде қайта құру мағнасында да мүмкін емес.

Бұл іске Ленин қалай қарады? Біздің қолымызда белгілі документ бар; документ пленумның қарауына Саяси Бюроның ұсынып отырған қарары Лениннің

ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде сол документте белгілеген практикалық жоспарына бүтіндей сай келетіндігін көрсетеді. Менің айтқалы тұрғаным Лениннің қолымен жазылған — «СТО-ға тапсырма» (СТО — Еңбек және Қорғаныс Советі). Бұл 1921 жылы майда басылып шыққан. Бұл документте Ленин практикалық мәселелердің үш тобын талдайды: бірінші тобы товар айналымы және өнеркәсіп мәселелеріне қатнасты, екінші тобы — ауыл шаруашылығын өрлету мәселелері, үшінші тобы — әртүрлі экосоларға[2] және шаруашылықты тәртіптеу жөніндегі облыстық кеңестерге қатнасты.

Онда, ол документте, ауыл шаруашылығы туралы не айтылған? «СТО ға тапсырмадан» цитата мынау:

«Мәселелердің екінші тобы. Ауыл шаруашылығын өрлету: а) шаруалар шаруашылығы, б) совхоздар, в) коммуналар, г) артельдер, д) серіктіктер, е) қоғамдық шаруашылықтың басқа түрлері» (XXVI томның 374-бетін қараңыз).

Көріп отырсыздар, Саяси Бюроның астық проблемасын және жалпы ауылшаруашылық проблемасын шешу жөніндегі қарарының практикалық қортындылары Лениннің 1921 жылы «СТО-ға тапсырмада» баяндалған жоспарына бүтіндей сай келеді.

Ұлы істерді басқарып, тауды тауға ұрған алып кемеңгер Лениннің бір — екі колхоз құрылғандығы туралы немесе қайсыбір совхозға тракторлар келгендігі туралы әрбір кішкене хабарды балаша қуанып, шын жүректен қарсы алғанын атап өту өте маңызды. Мәселен, «Советтік Россияға техникалық жәрдем көрсету қоғамына» оның жазған хатының бір үзіндісі мынау:

«Қымбатты жолдастар! Тамбов губерниясының Кирсанов уезіндегі және Одесса губерниясының Митино станциясының жанындағы совет шаруашылықтарында сіздердің қоғамдарыңыздың мүшелері жүргізген жұмыстар жайында, сол сияқты Дон бассейнінің бір топ шахтёрларының жұмысы туралы біздің газеттерімізде өте жақсы хабарлар басылып шықты... Мен өте үзлік шыққан шаруашылықтарды үлгілі деп тану туралы және олардың жұмысын қолайлы жағдайда дамыту үшін оларға әдейілеп, өте шұғыл жәрдем көрсету туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің президиумына өтініш түсіремін. Сіздерге біздің республикамыздың атынан тағыда шын жүректен алғыс айтамын және сіздердің жерді трактормен жырту жөніндегі көмегіңіз біз үшін өте-мөте мезгілді және маңызды екенін ескерулеріңізді сұраймын. Сіздердің 200 ауылшаруашылық коммуналарын ұйымдастырмақшы болып отырғандарыңызға байланысты сіздерді құттықтауға мүмкіндігім болып отырғанына мен ерекше сүйсінемін» (XXVII том, 309-бет).

Ал Америкадағы «Советтік Россияның достары қоғамына» жазған хаттан мінеки тағы бір үзінді:

«Қымбатты жолдастар! Сіздердің қоғамдарыңыздың Гарольд Вэр бастаған мүшелерінің Пермь губерниясындағы «Тойкино» деген совхозда* (совет шаруашылығында) трактор отрядымен жүргізген жұмысы жайында біздің газеттерімізде жарияланған өте жақсы хабарларды мен жаңа ғана Пермь губаткомынан әдейілеп сұрастырып тексердім... Мен бұл совет шаруашылығын үлгілі деп тану туралы және құрылыс жұмыстары жөнінде болсын, бензинмен, металмен, жөндеу мастерскойын ұйымдастыру үшін керекті басқа да материалдармен жабдықтау жөнінде болсын, оған әдейілеп, өте шұғыл жәрдем көрсету туралы Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің президиумына өтініш түсіремін. Сіздерге біздің республикамыздың атынан тағыда алғыс айтамын және жәрдемнің бірде-бір түрі сіздер көрсеткен жәрдемдей мезгілді, сондай маңызды болып табылмайтынын ескерулеріңізді сұраймын» (XXVII том, 308-бет).

Колхоздар мен совхоздардың дамуы туралы әрбір

* Курсив менікі. И. Ст.

кішкентай хабарды Ленин міне осындай қуанышпен іліп алып отырды.

Кімде-кім тарихты алдамақшы болып, біздің еліміздe социализмнің женімпаз құрылысы ісінде колхоздар мен совхоздарсыз күн көрмекші болып ойласа — бұл соларға сабақ болсын.

Мен аяқтаймын, жолдастар. Менің ойымша, астық жөніндегі қыйыншылықтар біз үшін текке кетпейді. Біздің партиямыз қыйыншылықтарды және әртүрлі дағдарыстарды жеңе отырып үйренді және ілгері басып отырды. Менің ойымша, кәзіргі қыйыншылықтар біздің большевиктердің қатарын шыңдайды және оларды астық проблемасын шешуге мықтап кірісетін етеді. Ал бұл проблеманы шешу деген сөз — біздің елімізді социалистік жолмен қайта құруға кедергі болып отырған ең үлкен қыйыншылықтардың бірін жолдан алып тастау деген сөз.

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ШАРУАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ СОВХОЗДАР ТУРАЛЫ

1928 ж. 11 июльде сөйленген сөзден

Кейбір жолдастар совхоздар туралы сөйлеген сөздерінде астық дайындау мәселесі жөніндегі кешегі таластарға қайтып оралды. Мейлі, кешегі таластарға қайтып оралайық.

Кеше бізде талас не жайында болды? Ең әуелі қала мен деревняның арасындағы «қыйғаштықтар» туралы болды. Әңгіме шаруаның өнеркәсіп товарларына ақыны әлі артық төлеп, ауыл шаруашылығының өнімдеріне ақыны кем алып отырғандығы жайында болды. Әңгіме мынау жайында болды: бұл артық төлеушіліктер мен кем алушылықтар шаруаларға түскен үстеме салық, индустрияландырудың пайдасына алынатын «салғырт», қосымша салық тәрізді нәрсе, мұны біз қалайда құртуға тиістіміз, бірақ біз индустриямызды ақсатып алуды ойламасақ, бүкіл елімізге қызмет етіп отырған және халық шаруашылығымызды социализмге қарай ілгері бастырып отырған индустриямызды дамытудың белгілі қарқынын әлсіретіп алуды ойламасақ, оны дәл қазір жоя алмаймыз, делінді.

Кейбіреулерге бұл ұнамады. Ол жолдастар, сірә,

шындықты мойындаудан қорқатын болуы керек. Мейлі, мұны әркімнің қалауы біледі. Біреулер Орталық Комитеттің пленумында барлық шындықты түгел айтудың керегі жоқ деп ойлайды. Ал менің ойымша, өз партиямыздың Орталық Комитетінің пленумында біз барлық шындықты түгел айтуға міндеттіміз. Орталық Комитеттің пленумын бұқаралық митинг деп қарауға болмайтынын ұмытуға болмайды. Әрине, «үстеме салық», «қосымша салық» деген сөздер — жағымды сөздер емес, өйткені бұлар оғаш сөздер. Бірақ, біріншіден, әңгіме сөзде емес. Екіншіден, бұл сөздер кәзіргі жағдайға әбден сай келеді. Үшіншіден, бұл жағымсыз сөздер нақ оғаш көрінерлік сөздер және большевиктерді әлгі «үстеме салықты» **жою** жөніндегі, «қыйғаштықты» **жою** жөніндегі жұмысқа мейлінше шындап кірісетін етуге арналған сөздер.

Ал бұл қолайсыз нәрселерді қалай жоюға болады? Біздің өнеркәсібімізді үздіксіз рационализациялау және өнеркәсіп товарларының бағасын арзандата беру жолымен жоюға болады. Ауыл шаруашылығының техникасын және егін шығымдылығын үздіксіз арттыру және ауылшаруашылық өнімдерін бірте-бірте арзандата беру жолымен жоюға болады. Біздің сауда және дайындау аппараттарымызды үздіксіз рационализациялау жолымен жоюға болады. Және т. б. және т. с.

Мұның бәрін, әрине, бір — екі жылда істей алмайсың. Бірақ, егерде біз әртүрлі жағымсыз жағдайлардан және оғаш нәрселерден құтылғымыз келсе, мұны бірнеше жылдың ішінде қалайда істеуіміз керек.

Жолдастардың бір бөлегі кеше «қыйғаштықтарды» **дәл кәзір** құрту бағытына қарай бет алды және затын-

да ауылшаруашылық өнімдеріне **теңестіру бағасын** енгізуді талап етті. Бұл талап **кәзіргі кезеңде** елді индустрияландырудың мақсаттарына қайшы келеді, ал олай болса, біздің мемлекетіміздің мүдделеріне қайшы келеді дегенді айтып, мен басқа жолдастармен бірге бұған қарсы болдым.

Міне кешегі талас осы жайында болды, жолдастар.

Бүгін бұл жолдастар өздерінің теңестіру бағасын енгізу саясатынан бастартатындығын мойындап отыр. Неменесі бар, бұл өте жақсы. Демек, кешегі сын бұл жолдастар үшін текке кетпеген.

Екінші мәселе — колхоздар мен совхоздар жайында. Жолдастардың бір бөлегінің астық дайындауға байланысты ауыл шаруалығын өрлету шаралары туралы сөйлеген сөздерінде колхоздар мен совхоздарды өркендету сияқты үлкен шаралар жайында бір ауыз сөз айтпаған ерсі және таңқаларлық жағдайын мен өз сөзімде атап көрсеттім. Ауыл шаруашылығында колхоздар мен совхоздарды өркендету міндеті сияқты үлкен нәрселерді қалай «ұмытуға» болады? Сонда жеке шаруалар шаруашылығын өркендету міндеті кәзіргі кезеңде қаншама маңызды бола тұрса да, оның енді **жеткіліксіз** болып отырғаны, егерде біз бұл міндетті колхоздар мен совхоздарды өркендетудің жаңа міндеттерімен практика жүзінде **толықтырмасақ**, астық проблемасын **шеше алмайтынымыз** және бүкіл халық шаруашылығымызды (ал олай болса, шаруалар шаруашылығын да) социалистік жолмен қайта құру мағнасында да, елімізді товарлы астықтың белгілі резервтерімен қамтамасыз ету мағнасында да қыйыншылықтардан **шыға алмайтынымыз** мәлім болмағаны ма?

Осының бәрінен кейін колхоздар мен совхоздарды

өркендету туралы мәселені қалай «ұмытуға» болады, оған қалай соқпай өтуге және ол туралы қалай үндемеуге болады?

Енді ірі совхоздар туралы мәселеге көшейік. Солтүстік Америкада ірі астық шаруашылықтары жоқ деуші жолдастардікі дұрыс емес. Шынында мұндай шаруашылықтар Солтүстік Америкада да, Оңтүстік Америкада да бар. «Нижнее Поволжье»[53] журналында (№ 9) Американың ауыл шаруашылығын зерттеуінің нәтижелерін жариялаған профессор Тулайков сияқты куәні мен дәлелге келтіре аламын.

Тулайковтың мақаласынан цитата келтіруге рұқсат етіңіздер:

«Монтана бидай шаруашылығы «Кэмбел Фарминг Корпорэшон» қоғамының қолында. Оның көлемі 95 000 акр, немесе 32 000 десятинадай. Шаруашылық бір меженің ішінде, ал жұмысын жүргізу үшін ол 4 секцияға, біздінше айтқанда, хуторларға бөлінеді, бұлар жеке басқарушының қоластында болады, ал барлық шаруашылықты бір адам — сол корпорацияның директоры Томас Кэмбел басқарады.

Газет хабарына қарағанда, — бұл хабар, әрине, сол шаруашылықтың өзінен берілген хабар, — биылғы жылы барлық жердің тең жартысына жуығына егін салынған жәнеде 410 000 бушельдей (800 000 пұттай) бидай, 20 000 бушельдей сұлы, 70 000 бушельдей зығыр тұқымын жыйнап алмақшы болып отыр. Бұл кәсіптен түсетін жалпы табыс 500 000 доллардай болмақшы болып отыр.

Бұл шаруашылықта аттар мен қашырлар тегіс дерлік тракторлармен, жүк машиналарымен, автомобильдермен ауыстырылған. Жер жырту, тұқым себу және жалпы егіншілік жұмыстарының бәрі күндіз, түні бірдей жүргізіледі, түнде егін басында машиналар прожектор жарығымен жұмыс істейді. Егістік жердің көлемі үлкен болуының арқасында машина-саймандар өте аумақты жерлерді бұрылмастан тікелей айдап шығады. Мысалы, егерде өсімдіктің жайына қарай қолдануға болатын болса, кеңдігі

24 фут егін орғыш-молотилкалар 20 мильдей, яғни 30 шақырымнан артығырақ жердің егінін ешбір бұрылмастан тікелей бірақ орып шығады. Бұрын бұл жұмысты атқаруға 40 ат және еркек адамдар керек болатын. Бау байлайтын машиналар тракторға төрт-төрттен тіркеледі, олар бірден кеңдігі 40 фут, ұзындығы 28 миль, яғни 42 шақырымдай жерде бау байлап шығады. Егінді бау байлағышпен жыйнау жұмысы егінді орумен қабат бастыруға болмайтын реттерде, астық дымқылдау болған күнде қолданылады. Онда бау байлағыштың бау байлайтын аппараты алынып тасталады да, орылған егін айрықша конвейер арқылы қатар-қатар дестеленеді. Осылайша дестеленген астық 24 және 48 сағат жатады, бұл уақыттың ішінде ол кебеді, ал астықпен бірге орылып кеткен арам шөптердің тұқымы жерге үгіліп түседі. Содан соң егін орғыш-молотилка жіберіледі, онда пышақ болмайды, оның орнына кепкен астықты жерден алып, тура молотилканың барабанына түсіретін тетік болады. Бұл машинада тракторист және молотилкадағы бір адам жұмыс істейді. Машинада басқа ешкім болмайды. Молотилкадан түскен астық тура вагон-арбаларға құйылады, бұларға 6 тоннадан астық сыяды, осындай 10 вагонды тракторларға тіркеп, астық құю пункттеріне жөнелтеді. Газет хабарында осындай жұмыс істеген жағдайда күнбе-күн 16 мың бушельден 20 мың бушельге дейін астық бастырылатыны көрсетіледі» (қараңыз: «Нижнее Поволжье» № 9, 1927 ж. сентябрь, 38—39-беттер).

Капиталистік түрдегі бидай шаруашылығы-алыптардың біреуінің бейнесі осындай. Мұндай алып шаруашылықтар Солтүстік Америкада да, Оңтүстік Америкада да бар.

Осында кейбір жолдастар мынаны айтты: капиталистік елдерде мұндай алып шаруашылықтардың өркендеуі үшін жағдай әрқашан қолайлы бола бермейді, немесе оншама қолайлы болмайды, сол себептен мұндай шаруашылықтар кейде әрқайсысының 1 мың десятинадан 5 мың десятинаға дейін жері бар ірілігі кем шаруашылықтар болып бөлшектеніп кетеді, деді. Бұл әбден дұрыс.

Осыған сүйеніп сол жолдастар ірі астық шаруашылықтарының совет жағдайларында да болашағы жоқ екен деп ойлайды. Ал бұл мүлдем дұрыс емес.

Бұл жолдастар, сірә, капиталистік тәртіптер мен советтік тәртіптердің арасындағы жағдайлардың айырмашылығын түсінбейтін болса керек немесе көрмейтін болса керек. Капитализм тұсында жерді жеке меншіктенушілік бар, ал олай болса, абсолюттік жер рентасы да бар, мұның өзі ауылшаруашылық өндірісінің түсер бағасын қымбаттатады және оның мықтап алға басуына шексіз бөгеттер қояды. Ал советтік тәртіптердің тұсында жерді жеке меншіктенушілік те жоқ, абсолюттік жер рентасы да жоқ, мұның өзі ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін арзандатпай қоймайды, демек, іріленген ауыл шаруашылығының техникалық және басқа да әртүрлі прогресс жолымен алға басып отыруын оңайлатпай қоймайды.

Сонсын, капитализм тұсында ірі астық шаруашылықтары барынша көп пайда түсіру мақсатын көздейді, немесе, қайткен күнде де, капиталға пайданың орта нормасы дейтіннің мөлшеріндегідей пайда түсіруді көздейді, мұнсыз олар, жалпы айтқанда, аман қалып өмір сүре алмайды. Бұл жағдай өндірісті қымбаттатпай қоймайды, сөйтіп, ірі астық шаруашылықтарын өркендетудің жолында өте үлкен кедергілер жасайды. Ал советтік тәртіптің тұсында ірі астық шаруашылықтары сонымен қабат мемлекеттік шаруашылықтар болып табылады, олар өздерінің өркендеуі үшін барынша көп пайданы да, орта пайданы да керек қылмайды, пайданың ең кем мөлшерімен қанағаттана алады (ал кейде уақытша ешқандай пайдасыз да күн көре алады), мұның өзі абсолюттік жер рентасының

болмауымен қатар ірі астық шаруашылықтарының өркендеуі үшін айрықша қолайлы жағдайлар жасайды.

Ақырында, капитализм тұсында ірі астық шаруашылықтары үшін жеңіл шартты кредиттер де, салық жеңілдіктері де жоқ, ал социалистік шаруашылықты барынша қолдауды көздейтін советтік тәртіптердің тұсында мұндай жеңілдіктер бар және бола береді.

Осындай және осыған ұқсас жағдайлардың бәрі советтік тәртіптердің тұсында (капиталистік тәртіптерден өзгеше) ірі астық шаруашылықтары болып табылатын совхоздарды өркендету ісін бұдан әрі алға бастыруға керекті, өте қолайлы жағдайларды жасап береді.

Ақырында, байланысты нығайту үшін керекті тірек пункттері болып табылатын, жұмысшы табының жетекші ролін қамтамасыз ету үшін керекті тірек пункттер болып табылатын совхоздар мен колхоздар туралы мәселе. Колхоздар мен совхоздар бізге деревняны социалистік жолмен қайта құру жөніндегі болашақ мақсаттарымызды қамтамасыз ету үшін ғана керек болып отырған жоқ. Колхоздар мен совхоздар тағы мынау үшін: деревняда байланысты нығайтуға керекті, бұл байланыстың ішінде жұмысшы табының жетекшілік ролін қамтамасыз етуге керекті социалистік шаруашылық тірек пункттеріне **кәзірдің өзінде-ақ** ие болу үшін керек. Біз кәзірдің өзінде-ақ осындай тірек пункттерді құрып, күшейтеміз деп есептей аламыз ба? Біздің осылай деп есептей алатынымызға және есептеуге тиіс екенімізге мен күмәнданбаймын. Хлебоцентр[54] колхоздармен, артельдермен, серіктіктермен

жасасқан шарттары бойынша олардан 40—50 миллион пұт астық алмақшы екенін хабарлады. Совхоздардың жайына келетін болсақ, мәліметтерге қарағанда, ескі және жаңа совхоздар да биылғы жылы 25—30 миллион пұт товарлы астық беруге тиіс көрінеді.

Егерде бұған кооперациямен шарт арқылы байланысты жеке шаруалар шаруашылықтарынан ауылшаруашылық кооперациясы алуға тиісті 30—35 миллион пұт астықты қосатын болсақ, — біз, ең болмаса, ішкі рынокте белгілі резерв бола алатын 100 миллион пұттан астам толық қамтамасыз етілген астыққа ие боламыз. Қанша айтқанмен бұл едәуір нәрсе.

Деревнядағы социалистік шаруашылық тірек пункттеріміздің **бірінші нәтижелері** міне осы.

Ал бұдан қандай қорытынды шығады? Бұдан шығатын қорытынды мынау: деревняда өзінің социалистік позицияларын қорғау ісінде жұмысшы табы дәрменсіз, оның тек: капиталистік элементтерге шексіз жол бере беруі және өз позицияларын тапсыра беруі қалады деп ойлаушы жолдастардікі дұрыс емес. Жоқ, жолдастар, бұл дұрыс емес. Ат үсті байқаушыға солай болып көрінгенімен, жұмысшы табы деревняда онша осал емес. Бұл сүйінішсіз философияның большевизммен ешбір қатнас-байланысы жоқ. Жұмысшы табының деревняда совхоздар, колхоздар, жабдықтау-өткізу кооперациясы түрінде толып жатқан **шаруашылық тірек** пункттері бар, осыларға сүйене отырып, ол деревнямен байланысын нығайта алады, кулакты оқшау қалдыра алады және өзінің басшылығын қамтамасыз ете алады. Ақырында, жұмысшы табының деревняда Советтер түрінде, ұйымдасқан кедейлер және т. б. түрінде толып жатқан **саяси** тірек пункттері бар,

осыларға сүйене отырып, ол өзінің деревнядағы позицияларын нығайта алады.

Деревнядағы осы шаруашылық және саяси базаларға сүйену арқылы және пролетариат диктатурасының қарамағындағы барлық құралдар мен күштерді (командалық бекіністер және т. с.) пайдалану арқылы партия мен Совет өкіметі жұмысшы табының шаруалармен одағын барған сайын нығайта отырып, бұл одақта жұмысшы табының басшылығын барған сайын нығайта отырып, деревняны социалистік жолмен қайта құру ісін батыл алға алып барады.

Бұл арада деревня кедейлерінің арасындағы жұмысқа айрықша көңіл аударылуы керек. Мынаны ереже етіп қабылдау керек: бізде кедейлердің арасындағы жұмыс неғұрлым жақсы, неғұрлым нәтижелі болса, деревняда Совет өкіметінің беделі соғұрлым жоғары болады, мұның керісінше, кедейлердің арасындағы жұмыс бізде неғұрлым нашар болса, Совет өкіметінің беделі соғұрлым төмен болады.

Біз орташамен одақтасу туралы жиі айтамыз. Бірақ біздің жағдайларымызда бұл одақты нығайту үшін кулактарға қарсы, деревнядағы капиталистік элементтерге қарсы батыл күрес жүргізу керек. Сондықтан партиямыздың XV съезі кулактарға шабуылды күшейту ұранын беріп, өте дұрыс істеді. Бірақ кедейлердің арасындағы жұмысты күшейте жүргізбейінше, кедейлерді кулактарға қарсы аттандырып отырмайынша, кедейлерге үздіксіз жәрдем көрсетіп отырмайынша кулактарға қарсы ойдағыдай күрес жүргізуге бола ма? Әрине, болмайды! Орташа дегеніміз ауытқушы тап. Егерде бізде кедейлердің арасында жұмыс нашар болса, егерде кедейлер әлі Совет өкіметінің ұйымдас-

қан тірегі болмай отырса, — кулак өзін күштімін деп сезеді, орташа кулактың жағына қарай ауытқыйды. Мұның керісінше: егерде бізде кедейлердің арасындағы жұмыс жақсы болса, егерде кедейлер Совет өкіметінің ұйымдасқан тірегі болып табылатын болса, — кулак өзін қатерлі жағдайдамын деп сезеді, орташа жұмысшы табының жағына қарай ауытқыйды.

Міне сондықтан менің ойымша, кедейлердің арасындағы жұмысты күшейту, кедейлерге үздіксіз жәрдем ұйымдастыру, ақырында, кедейлердің өздерін деревняда жұмысшы табының ұйымдасқан тірегіне айналдыру, — біздің партиямыздың кезекте тұрған өте маңызды міндеттерінің бірі.

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ИЮЛЬ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

БК(б)П-ның Ленинград ұйымы активінің жыйналысында жасалған баяндама

13 июль, 1928 ж.

Жолдастар! Орталық Комитеттің жақында ғана аяқталған пленумы өзінің жұмысын екі топ мәселелерді қарау жөнімен жүргізді.

Мәселелердің бірінші тобы Коммунистік Интернационалдың VI конгресі болғалы отырғандығына байланысты оның негізгі проблемаларына қатнасы бар мәселелер.

Екінші тобы — ССРО-дағы ауыл шаруашылығы жөніндегі құрылысымыздың ісіне қатнасы бар мәселелер, — астық проблемасы мен астық дайындау, — және біздің өнеркәсіпті техникалық интеллигенциямен, жұмысшы табынан шыққан адамдардың интеллигент кадрларымен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер.

Мәселелердің бірінші тобынан бастайық.

I

ҚОМИНТЕРН МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. ҚОМИНТЕРННІҢ VI ҚОНГРЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қәзіргі кезеңде Қоминтерннің VI конгресінің алдында қандай проблемалар тұр?

Егерде бесінші конгрес пен алтыншы конгрестің арасында өткен кезеңді еске алатын болсақ, онда ең алдымен, бұл уақыт ішінде империалистердің лагерінде пісіп жеткен қайшылықтарға тоқтауға тура келеді.

Бұл неткен қайшылықтар?

Ол кезде, бесінші конгрестің қарсаңында, ағылшын-американ қайшылығы негізгі қайшылық ретінде әлі аз айтылатын еді. Ол кезде тіпті ағылшын-американ одағы туралы айту дағдысы бар еді. Бірақ оның есесіне жұрт Англия мен Францияның арасындағы, Америка мен Жапонияның арасындағы, жеңгендер мен жеңілгендердің арасындағы қайшылықтар туралы ықластанып айтатын еді. Ол дәуір мен кәзіргі дәуірдің арасындағы айырмашылық мынау: капиталистер лагеріндегі қайшылықтардың ішінде американ капитализмі мен ағылшын капитализмінің арасындағы қайшылық негізгі қайшылық болып отыр. Капиталистік шаруашылықтың құрылысы үшін де, соғыс үшін де шешуші маңызы бар мұнай мәселесін алсаңыз да; товарлар өткізу үшін керекті рыноктер туралы мәселені алсаңыз да, — дүниежүзілік капитализмнің өмір сүріп өркендеуі үшін бұл мәселенің өте үлкен маңызы бар, өйткені ол товарларды өткізу қамтамасыз етілмеген күнде товар өндіруге болмайды; империалистік кезеңнің өте сыйпатты белгісі болып табылатын шетке

капитал шығару ісі үшін керекті рыноктер туралы мәселені алсаңыз да; ақырында, товар өткізу рыноктеріне немесе шикізат рыноктеріне баратын жолдар туралы мәселені алсаңыз да, — осы негізгі мәселелердің бәрі негізгі бір проблемаға қарай, Англия мен Американың арасында дүниежүзілік гегемония үшін күресу проблемасына қарай итермелейді. Алып адыммен өсіп отырған капитализм елі болып табылатын Америка Қытайға болсын, отарларға болсын, Оңтүстік Америкаға болсын, Африкаға болсын, — қайда тұмсығын сұкса да, — ол Англияның бұрыннан бекініс жасалған позицияларының түріндегі үлкен кедергілерге тап болады.

Бұл, әрине, капитализм лагеріндегі: Америка мен Жапонияның, Англия мен Францияның, Франция мен Италияның, Германия мен Францияның және т. б. арасындағы басқа қайшылықтарды жоймайды. Бірақ мұның мәнісі — бұл қайшылықтар жұлдызы сөніп бара жатқан капиталистік Англия мен жұлдызы сәуле шашып келе жатқан капиталистік Американың арасындағы негізгі қайшылыққа бір бүйірімен келіп тіреледі.

Бұл негізгі қайшылық қандай қауіп туғызады? Оның соғыс қаупін туғызуы кәдік. Екі алып бірімен бірі соқтығысса, олар жер шарына сыйыспаса, олар дүниежүзілік гегемония туралы даулы мәселені соғысу жолымен шешу үшін күш сынасуға тырысады.

Бірінші ескеретін нәрсе осы.

Екінші қайшылық — империализм мен отарлардың арасындағы қайшылық. Бұл қайшылық бізде V конгрестің қарсаңында да болды. Бірақ ол тек кәзір шиеленіскен сыйпатта болып отыр. Ол кезде бұдан бір жыл бұрын болғанындай және кәзір болып отырға-

ындай қытайдың революциялық қозғалысының күшті дамуы жоқ еді, қытай жұмысшылары мен шаруаларының миллиондаған бұқарысының күшті серпілуі жоқ еді. Бірақ мұнымен ғана бітпейді. Ол кезде, Коминтерннің V конгресінің қарсаңында, Индияда нақ қазіргідей жұмысшы қозғалысы мен ұлт азаттығы күресінің мықтап күшеюі де жоқ еді. Бұл екі негізгі факт отарлар мен жартылай отарлар туралы мәселені қабырғасынан қояды.

Бұл қайшылықтың шиеленісуі қандай қауіп туғызады? Бұл қайшылықтың шиеленісуі отарларда ұлт азаттығы соғысын және империализмнің тарапынан интервенция болуының қаупін туғызады.

Бұл жағдайды да ескеру керек.

Ақырында, үшінші қайшылық — капиталистік дүние мен ССРО арасындағы қайшылық, бәсеңсімей отырған, қайта күшейіп отырған қайшылық. Егерде Коминтерннің V конгресінің қарсаңында екі дүниенің арасында, екі антиподтың арасында, Советтер дүниесі мен капитализм дүниесінің арасында біраз, шынында, тұрақсыз, бірақ азды-көпті ұзақ мерзімді теңбе-теңдік орнады деп айтуға болған болса, қазір біздің бұл теңбе-теңдік мерзімі аяқталып келе жатыр деп айтуға дәлеліміз толық.

Бұл қайшылықтың күшейіп отырғандығы соғыс интервенциясының қаупін туғызбай коймайтынын айтып жатудың қажеті жоқ.

VI конгресс бұл жағдайды да ескереді ғой деп ойлау керек.

Сонымен, бұл қайшылықтардың бәрі негізгі бір қауіпке — жаңа империалистік соғыстар мен интервенциялар қаупіне апарып соқпай қоймайды

Сондықтан жаңа империалистік соғыстар мен интервенциялар қаупі бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып табылады.

Жұмысшы табын алдандырудың және оның назарын соғыс қаупіне қарсы күресуден басқа жаққа аударудың ең бір жұртқа мәлім формасы кәзіргі буржуазиялық пацифизм мен оның Ұлттар лигасы, «бейбітшілікті» уағыздауы, соғысқа «тыйым салуы», «қарусыздану» туралы мылжың сөзі және т. б. болып табылады.

Көп адамдар империалистік пацифизм бейбітшіліктің құралы болып табылады деп ойлайды. Бұл түбірінен теріс. Империалистік пацифизм соғысқа әзірленудің және бұл әзірлікті бейбітшілік туралы фарисейлік сөздермен бүркеудің құралы болып табылады. Мұндай пацифизмсіз және оның құралынсыз, Ұлттар лигасынсыз кәзіргі жағдайларда соғыс әзірлеу мүмкін емес.

Империалистік пацифизм бар екен, ендеше соғыс болмайды деп ойлайтын аңқау адамдар бар. Бұл мүлдем дұрыс емес. Мұның керісінше, кімде-кім шындыққа жеткісі келсе, ол бұл қағыйданы теріс аударып, былай деп айтуға тиіс: империалистік пацифизм мен оның Ұлттар лигасы гүлденіп тұрғандығы себепті жаңа империалистік соғыстар мен интервенция кәміл болады.

Мұның бәрінде ең маңыздысы мынау: социал-демократия империалистік пацифизмді жұмысшы табының ішіне негізгі өткізуші болып табылады, — олай болса, ол жаңа соғыстар мен интервенцияны әзірлеу ісінде капитализмнің жұмысшы табы ішіндегі негізгі тірегі болып табылады.

Бірақ жаңа соғыстар әзірлеу үшін бір ғана пацифизм жеткіліксіз, егер тіпті ол пацифизмді социал-демократия сияқты үлкен күш қолдап отырса да, ол жеткіліксіз. Мұның үшін империализмнің орталықтарында бұқараны езіп-жаншудың басқа да кейбір құралдары керек. Империалистік тылды нығайтпайынша, империализмнің соғысуына болмайды. Жұмысшыларды езіп-жанышпайынша империалистік тылды нығайтуға болмайды. Нақ осының үшін фашизм бар.

Осыдан келіп капитализм елдерінде ішкі қайшылықтар, еңбек пен капиталдың арасындағы қайшылықтар шиеленісіп отыр.

Бір жағынан, жаңа соғыстарға ойдағыдай әзірленү үшін социал-демократия арқылы пацифизмді уағыздап отыру; екінші жағынан, сонсын соғысты интервенцияны неғұрлым ойдағыдай етіп жүргізу үшін тыл ішінде жұмысшы табын, тыл ішінде коммунистік партияларды фашистік әдістер қолдану тәртібімен езіп-жаншып отыру, — мінеки жаңа соғыстар әзірлеу жолы осы болып отыр.

Сондықтан коммунистік партиялардың міндеті мынау:

Біріншіден, барлық жағынан бірдей, экономикалық жағынан да, саяси жағынан да социал-демократияға қарсы қажырлы күрес жүргізіп отыру керек, соның ішінде жұмысшы табының көпшілігін коммунизм жағына қаратып алу мақсатымен буржуазиялық пацифизмді әшкерелеп отыру керек.

Екіншіден, соғыс қаупін тойтару үшін, немесе, соғыс бола қалған күнде, империалистік соғысты азамат соғысына айналдыру үшін, фашизмді талқандау үшін,

капитализмді қулату үшін, Совет өкіметін орнату үшін, отарларды құлдықтан құтқару үшін, дүние жүзіндегі тұңғыш Совет республикасын барынша қорғау ісін ұйымдастыру үшін озат елдердің жұмысшылары мен отарлардың еңбекші бұқарасының бірыңғай майданын құру керек.

VI конгрестің алдында тұрған негізгі проблемалар мен міндеттер осы.

Бұл проблемалар мен міндеттерді Коминтерн Атқару Комитеті ескеріп отыр; егер Коминтерннің VI конгресінің күн тәртібін қарап шықсаңыздар, бұған көздеріңіз жетуі қыйын емес.

2. КОМИНТЕРННІҢ ПРОГРАММАСЫ

Халықаралық жұмысшы қозғалысының негізгі проблемалары туралы мәселеге тығыз байланысты түрде Коминтерннің программасы туралы мәселе тұр.

Коминтерн программасының өте зор маңызы мынау: ол коммунистік қозғалыстың негізгі міндеттерін ғылми жолмен тұжырымдайды, бұл міндеттерді орындаудың негізгі жолдарын белгілейді, сөйтіп Коминтерн секциялары үшін мақсаттар мен құралдарды айқындап береді, ал мұнсыз сеніммен алға басу мүмкін болмас еді.

Коминтерн Атқару Комитетінің программалық комиссиясы тапсырған Коминтерн программасының жобасындағы ерекшеліктер туралы бірнеше сөз айтайын. Кем дегенде, мұндай жеті ерекшелікті атап көрсетуге болар еді:

1) Жоба белгілібір жеке ұлт компартиялары үшін программа беріп отырған жоқ, барлық компар-

тиялар үшін ортақ және негізгі нәрселерді қамтып, бұлардың бәрі үшін программа береді. Осыдан келіп, оның принциптік-теориялық сыйпаты бар.

2) Бұрын дағдыда программаны «цивилизациялы» ұлттарға беретін. Бұдан өзгеше, программаның жобасы дүние жүзінің барлық ұлттарын, ақ нәсілдерді де, қара нәсілдерді де, метрополияларды да, отарларды да еске алады. Осыдан келіп, оның бәрін қамтушы, терең интернационалдық сыйпаты бар.

3) Жоба қайсыбір елдің немесе дүние атрапының белгілібір капитализмін негізге алмайды, капитализмнің бүкіл дүниежүзілік системасын негізге алады, сөйтіп оған социалистік шаруашылықтың дүниежүзілік системасын қарама-қарсы қояды. Осыдан келіп, оның осыған дейін болып келген барлық программалардан өзгешелігі бар.

4) Жоба капитализм елдері дамуының әркелкілігіне сүйенеді және жеке елдерде социализмнің жеңу мүмкіндігі туралы қортынды жасайды, болашақта өзіне тартатын параллельді екі орталық — дүниежүзілік капитализмнің орталығы мен дүниежүзілік социализмнің орталығы құрылады дегенді айтады.

5) Жоба Европа Құрама Штаттары ұранының орнына дүниежүзілік социализм жолындағы күресінде өзін дүниежүзілік капиталистік системаға қарсы қоятын федерация құру ұранын — дамыған елдер мен отарлардың империалистік системадан шығып қалған және шығып қалып отырған совет республикаларының федерацияларын құру ұранын көтеріп отыр.

6) Социал-демократия капитализмнің жұмысшы табы ішіндегі негізгі тірегі екенін және коммунизмнің

бас дұшпаны екенін жоба атап көрсетеді, жұмысшы табының ішіндегі басқа ағымдардың бәрі (анархизм, анархо-синдикализм, гильдиялық социализм[55] және т. б.), шын мәнісінде, сол социал-демократизмнің бір түрі болып табылады деп табады.

7) Жоба пролетариаттың гегемониясын, ал одан соң пролетариат диктатурасын да қамтамасыз етудің бастапқы шарты ретінде Батыста да, Шығыста да коммунистік партияларды нығайтуды бірінші қатарға қояды.

Орталық Комитеттің пленумы Коминтерн программасының жобасын негізінен мақұлдады және жобаға жеке түзетулер енгізетін жолдастарды өз түзетулерін VI конгрестің программалық комиссиясына енгізуге міндеттеді.

Коминтерннің мәселелері жөнінде істің жайы осындай.

Енді біздің ішкі құрылысымыздың мәселелеріне көшейік.

II

ССРО-ДА СОЦИАЛИСТІК ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Кішкентай тарихи анықтама беруге рұқсат етіңіздер.

Быйылғы жылдың 1 январы қарсаңында бізде жай қандай еді? Партия документтерінен өздеріңіз білесіздер, быйылғы жылдың 1 январында бізде өткен жылғымен салыстырғанда 128 миллион пұт астық дефициті бар еді. Бұл жағдайдың себептері туралы мен көп

айтып жатпаймын: ол себептер баспасөз бетінде жарияланған белгілі партия документтерінде баяндалды. Қәзір біз үшін маңыздысы — бізде 128 миллион пұт астық дефицитінің болғандығы. Ал оның бержағында жол бұзылуына бар болғаны 2—3 ай уақыт қалып еді. Сонымен, біз екінің бірін қалауға: не кем астықтың орнын толтыруға және болашақ үшін астық дайындаудың бірқалыпты қарқынын белгілеуге, не болмаса біздің бүкіл халық шаруашылығымызды қалайда үлкен дағдарысқа ұшыратуға тиіс болдық.

Кем астықтың орнын толтыру үшін не істеу керек болды? Ең алдымен, астықтың бағасын көтеріп жіберген және елге аштық қаупін тудырған кулактармен жалдаптарға соққы беру керек болды. Екіншіден, астықты аудандарға көптеген товарларды апару керек болды. Ақырында, біздің барлық партия ұйымдарымызды тегіс жұмылдырып, істі өз бетімен қоя берушілікті практикадан аластап, — астық дайындау жөніндегі барлық жұмысымызда өзгеріс тудыру керек болды. Сонымен, біз төтенше шаралар қолдануға мәжбүр болдық. Қолданылған шаралар өзінің әсерін тигізді, біз марттың аяғына дейін 275 миллион пұт астық жиып ала алдық. Біз кем астықтың орнын толтырып қана қойғанымыз жоқ, біз жалпы шаруашылық дағдарыстың алдын алып қана қойғанымыз жоқ, біз астық дайындаудың өткен жылғы қарқынына жетіп қана қойғанымыз жоқ, егерде кейінгі айларда (апрель, май, июнь) астық дайындаудың бірқалыпты қарқынын сақтаған күнде дайындау дағдарысынан ешбір ауыртпалықсыз өтуге барлық мүмкіндіктеріміз болып еді.

Бірақ Украинаның оңтүстігінде және Солтүстік

Кавказдың бір бөлегінде күздік егістердің құрып кетуі нәтижесінде, Украина толығымен, Солтүстік Кавказдың бір бөлегі жабдықтаушы аудан болудан қалып қойды, сөйтіп Республиканы 20—30 миллион пұт астықтан айырды. Осы жағдай, біздің астықты артық жұмсауға жол беруімізбен қосылып, бізді басқа аудандарға қалайда қаттырақ қысым жасауға, сөйтіп шаруалардың сақтық қорларына тиюге мәжбүр етті, мұның өзі жағдайды нашарлатпай қоймады.

Егерде біз январьда — мартта шаруалардың **маневрлік** қорларына тиіп, 300 милион пұттай астық жыйнап ала білген болсақ, ал апрельде — июньде жүз миллион пұт та жыйнай алмадық, мұның себебі — егіннің қандай болып шығатыны әлі мәлім болмай тұрған жағдайларда шаруалардың **сақтық** қорларына тиюмізге тура келді. Ал, дегенмен қалайда астық жыйып алу керек болды. Осыдан келіп, төтенше шаралар тағыда қайталанды, әкімшілік озбырлығы жүргізілді, революциялық заң бұзылды, қора-қораны аралау, заңсыз тінту жүргізілді және т. б., бұлардың бәрі елдің саяси халін нашарлатып, байланыс ісіне қауіп туғызды.

Бұл — байланыстың үзілгендігі болды ма? Жоқ, бұл — байланыстың үзілгендігі болған жоқ. Бәлкім, бұл қайдағы бір болмашы нәрсе шығар? Жоқ, бұл болмашы нәрсе емес. Бұл жұмысшы табы мен шаруалардың байланысына туған қатер еді. Біздің партияның кейбір қызметкерлерінің болып қалған жағдайды байсалды түрде және асырып-көптірмей бағалауға табандылығы мен бекемдігі жетпегендігінің себебі де, асылында, осы.

Одан арғы жерде егіннің бітік шығатын түрі болғандығы және төтенше шаралардың там-тұм алынуы тыныштық орнатып, жағдайды жақсартты.

Біздің астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың мәнісі неде? Бұл қыйыншылықтардың негізі қайда? Бізде қәзір дәнді егістердің егіс көлемі соғысқа дейінгісімен шамалас болып отырғаны (бар болғаны 5 процент қана кем) факт емес пе? Біздің қәзір астықты соғысқа дейінгі уақыттағысына шамалас өндіріп отырғанымыз (5 миллиард пұттай, бар болғаны 200—300 миллион пұт кем) факт емес пе? Осы жағдайға қарамастан, біздің товарлы астықты соғысқа дейінгі уақыттағысынан екі есе кем өндіріп отырғанымыздың себебі не?

Мұның себебі — біздің ауыл шаруашылығымыздың бытырандылығы. Егерде бізде соғысқа дейін 16 миллиондай шаруалар шаруашылығы бар болған болса, қәзір бізде кемінде 24 миллион шаруалар шаруашылығы бар, оның бержағында шаруа үйлерінің және шаруа жері участоктерінің бұдан әрі ұсақтай беруінің тыйылмайтындай беталысы бар. Ал ұсақ шаруалар шаруашылығы деген не? Ол — товарлылығы неғұрлым кем, тиімділігі неғұрлым кем, өзіндік шаруашылық екендігі неғұрлым басым, товарлылығының бар болғаны 12—15 процент болатын тұтынушы шаруашылық. Оның бержағында бізде қалалар мен өнеркәсіп барынша өсуде, құрылыс өрістеуде және товарлы астықты керексіну орасан шапшаң артуда. Біздің астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізі міне осы.

Бұл жөнінде Ленин өзінің «Азық-түлік салығы туралы» сөзінде міне былай дейді:

«Егер шаруалар шаруашылығы мұнан да әрі дамый алатын болса, бұдан былай да жаңа жолға көшуді берік қамтамасыз ету керек, ал мұнан әрі көшу дегеніміз сөзсіз мынау болу керек: тиімділігі кем, неғұрлым мешеу, ұсақ, жеке-жеке бытыранды шаруалар шаруашылығы бірте-бірте бірігіп, қоғамдық, ірі егіншілік шаруашылығына ұйымдасатын болуға тиіс. Мұның бәрін социалистер қай кезде де осылай ұққан. Біздің коммунистік партия да бұған нақ осылай қарайды» (XXVI том, 299-бет).

Астық майданындағы қыйыншылықтарымыздың негізі, бақсақ, осы көрінеді.

Бұл халден құтылудың жолы қайсы?

Бұл халден құтылатын жол, біріншіден, ұсақ және орта шаруалар шаруашылығын көтеруде, оның егін шығымдылығын арттыру, еңбек өнімділігін арттыру ісінде оған барынша көмек көрсетіп отыруда. Соқаны плугпен ауыстыру керек, таза сортты тұқым беру керек, жер тыңайтқышпен жабдықтау керек, әртүрлі ұсақ машиналармен жабдықтау керек, тұтас селолармен шарт (контрактация) жасасып, жеке шаруалар шаруашылығын көптеген кооперация орындарымен қамту керек, — міне біздің міндетіміз осы. Ауылшаруашылық кооперациясы мен тұтас селолардың арасында шарт жасасудың ондай әдісі бар, ол: шаруаларды тұқыммен жабдықтау, сөйтіп егін шығымдылығы жөнінде жақсырақ нәтижелерге жету, шаруалардың астықты мемлекетке деркезінде тапсыруын қамтамасыз ету, мұның үшін оларға шартта белгіленген бағаның үстіне біраз қосымша ақы ретінде сыйлық беру және мемлекет пен шаруалардың арасында тұрақты өзара қатнас орнату мақсатын көздейді. Тәжрибеге қарағанда, бұл әдіс сезерліктей нәтиже беріп отыр.

Жеке шаруалар шаруашылығы өзін өзі сарқып болды, оны қолдаудың қажеті жоқ деп ойлайтын адамдар бар. Ол дұрыс емес, жолдастар. Ол адамдардың біздің партия жолына ешбір қатнас-байланысы жоқ.

Екінші жағынан, жалпы ауыл шаруашылығы жеке шаруалар шаруашылығымен басталады да, сонымен бітеді деп ойлайтын адамдар бар. Бұл да дұрыс емес. Ол былай тұрсын, ондай адамдар ленинизм негіздеріне қарсы шығып көрнеу күнәкар болады.

Бізге жеке шаруалар шаруашылығын жамандаушылардың да, дәріптеушілердің де керегі жоқ. Бізге керегі — жеке шаруалар шаруашылығынан алуға болатын нәрсенің максимумын ала білетін және сонымен бірге жеке шаруашылықты коллективизм жолына бірте-бірте көшіре білетін сергек саясатшылар.

Бұл халден құтылудың жолы, екіншіден, дербес ұсақ және орта шаруалар шаруашылықтарын жаңа техниканы негіз етіп, тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын негіз етіп жұмыс істейтін толық ерікті бірлестіктер болып табылатын ірі коллективтер мен серіктерге бірте-бірте біріктіруде.

Колхоздардың ұсақ шаруашылықтардан артықшылығы қандай? Артықшылығы мынадай: колхоздар ірі шаруашылық болып табылады және сондықтан оның ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін пайдалануға мүмкіндіктері бар, олар неғұрлым тиімді және тұрақты, олар неғұрлым өнімді және товарлы. Мынаны ұмытпау керек: колхоздардың товарлылығы 30 проценттен 35 процентке дейін жетеді, ал егіннің шығымдылығы оларда әрбір десятинасынан кейде 200 пұтқа дейін жетіп, одан да артық болып отыр.

Бұдан шығатын жол, ақырында, ескі совхоздарды жақсартуда және жаңа ірі совхоздарды жолға қоюда. Совхоздардың неғұрлым товарлы шаруашылық единицалар болып табылатындығын есте ұстау керек. Бізде товарлылығы 60 проценттен кем болмай отырған совхоздар бар.

Міндет — осы үш міндеттің үшеуін дұрыс ұштастыру және осы үш арна бойынша күшейте жұмыс жүргізу болып отыр.

Қәзіргі кезеңнің ерекшелігі мынау: ауыл шаруашылығы жөніндегі жұмысымыздың әлі де болса басты міндеті болып отырған міндетті — жеке ұсақ және орта шаруалар шаруашылығын өркендету жөніндегі бірінші міндетті орындау барлық міндетті тұтасымен орындауға кәзірдің өзінде-ақ жеткіліксіз болып отыр.

Кәзіргі кезеңнің ерекшелігі мынау: бірінші міндетті практикалық жаңа екі міндетпен, колхоздарды өркендету және совхоздар ісін жақсарту міндетімен толықтыру керек болып отыр.

Бірақ негізгі себептердің үстіне, біздің дайындау жөніндегі қыйыншылықтарымызды дайындау дағдарысына айналдырған өзіне тән өзгеше себептер, уақытша себептер тағы бар. Ол қандай себептер? Орталық Комитеттің пленумының қарары мұндай себептердің қатарына мыналарды қосады:

а) рыноктің теңбе-теңдігінің бұзылуы және өнеркәсіп товарларын ұсынумен салыстырғанда, шаруалардың тарапынан төлеу қабілеті күшті керексінудің тез артуының нәтижесінде ол бұзылудың шиеленісуі; ал оның себебі — бірнеше рет егіннің бітік шығуы нәтижесінде деревняның табысының артуы, әсіресе де-

ревняның ауқатты және кулак топтарының табысының артуы болып отыр;

б) ауыл шаруашылығының басқа өнімдерінің бағасымен салыстырғанда астық бағасының арақатнасының қолайсыз болуы; мұның өзі артық астықты өткізуге ынтаны кемітті, бірақ партия бұл жағдайды деревняның әлсіз шаруалар тобының мүдделеріне тиместен быйылғы көктемде өзгерте алмады;

в) жоспарлау жөніндегі басшылықтың қателері, ең алдымен товарларды деркезінде жеткізу және салық салу (деревняның дәулетті топтарына салықтың аз салынуы) жөніндегі, сонымен қатар астықтың дұрыс жұмсалмауы жөніндегі қателер;

г) дайындау ұйымдарының, партия және совет ұйымдарының кемшіліктері (бірыңғай майданның болмауы, белсенділіктің жоқтығы, істі өз бетімен қоя берушілікке бағыт алу);

д) революциялық заңды бұзушылық, әкімшілік озбырлық, қора-қораны аралау, жергілікті рыноктерді шінара жабу және т. б;

е) осы кемшіліктердің бәрін қала мен деревняның капиталистік элементтерінің (кулактардың, жалдаптардың) астық дайындауға кедергі жасау үшін және ел ішінде саяси жағдайды нашарлату үшін пайдалануы.

Егерде жалпы сыйпаттағы себептерді жою үшін бірнеше жыл уақыт керек болатын болса, астық дайындау дағдарысының қайталау мүмкіндігінің алдын алу үшін өзіне тән өзгеше, уақытша сыйпаттағы себептерді кәзір-ақ жоюға әбден болады.

Бұл өзіне тән өзгеше себептерді жою үшін не істеу керек?

Мұның үшін:

а) қора-қораны аралау, заңсыз тінту жүргізу және революциялық заңды басқа түрде де бұзушылық практикасын дереу жою керек;

б) азық-түлік салғыртын қайталаудың барлық және қандай да болса түрлерін, базарларды жабудың қандай да әрекеттерін дереу жойып, мемлекет тарапынан сауданы тәртіптеудің икемді формаларын қамтамасыз ету керек;

в) аудандарға және дәнді егістерге қарай өзгерте отырып, астықтың бағасын біраз көтеру керек;

г) астық дайындау аудандарына товарларды дұрыс жеткізу ісін ұйымдастыру керек;

д) астықпен жабдықтау ісін дұрыс ұйымдастырып, астықты артық жұмсауға жол бермеу керек;

е) міндетті түрде мемлекеттік астық резервін жасау керек.

Астықтың шығымы жақсы болып отырған қазіргі жағдайда осы шаралардың адал ниетпен, үздіксіз жүзеге асырылуы алдымыздағы астық дайындау науқанында қандай да болса төтенше шараларды қолдану қажеттігін жоятындай жағдай туғызуға тиіс.

Партияның кезектегі міндеті — осы шаралардың мүлтіксіз жүзеге асырылуын қадағалап отыру болып табылады.

Астық жөніндегі қиыншылықтарға байланысты біздің алдымызға байланыс туралы, жұмысшылар мен шаруалар одағының бұдан былайғы тағдыры туралы, бұл одақты нығайту құралдары туралы мәселе қойылды. Бізде енді байланыс жоқ, байланыс орнына байланыстың үзілгендігі бар деседі. Бұл, әрине, қоян жүрек қорқақтарға лайық келетін ақымақтық. Байла-

ыс жоқ болса, шаруа ертеңгі күнге сенуден қалады. Ол тек өзімен өзі болады, ол шаруа астығының негізгі дайындаушысы болып отырған Совет өкіметінің беріктігіне сенуден қалады, ол өзінің егіс көлемін кеміте бастайды және тағыда қора-қораны аралау, тінту және т. б. қайтадан басталады екен, астығымды тартып алады екен деп қорқып, егіс көлемін кеңейтуге кайткен күнде де бел байламайды.

Ал іс жүзінде бізде қалай болып отыр? Бізде барлық аудандарда жаздық егістің көлемі кеңейтіліп отыр. Астық өндіретін негізгі аудандарда шаруаның жаздық егіс көлемін 2 проценттен 15 және 20 процентке дейін кеңейткені факт. Шаруаның төтенше шаралар мәңгілік дегенге сенбейтіні, сондықтан оның астық бағасы артады деп есептеуіне барлық дәлелінің бар екені айқын ғой. Бұл неғылған байланыстың үзілгендігі? Бұл, әрине, бізде байланысқа қауіп жоқ немесе қауіп болмады деген сөз емес. Бірақ бұдан — байланыс үзілді деп қортынды шығару — естен айырылу және стихияның құлдығына түсу деген сөз.

Кейбір жолдастар байланысты нығайту үшін ауыр индустриядан гөрі жеңіл индустрияға (тоқыма) баса көңіл аудару керек деп ойлайды, тоқыма негізгі және бәрін қамтушы «байланыстыратын» өнеркәсіп болып табылады деп болжайды. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл мүлдем дұрыс емес!

Әрине, социалистік индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасында товар айналымын жасау үшін тоқыма өнеркәсібінің зор маңызы бар. Бірак осыған сүйеніп, тоқыма байланыс жасау үшін бәрін қамтушы негіз болады деп ойлау — өте орескел қате

істегендік болар еді. Шынында индустрия мен шаруалар шаруашылығының арасындағы байланыс шаруаның өз басының тұтынуы үшін керекті шыт жөнімен ғана болмайды, астық өндіруші болып табылатын шаруа үшін керекті металл жөнімен де, тұқым, жер тыңайтқыш, әртүрлі ауылшаруашылқ машиналары жөнімен де болады. Ауыр индустрия, машина жасау өндірісі өркендемейінше тоқыма өнеркәсібінің өзі өркендей алмайтынын және өмір сүре алмайтынын айтпасам да болады.

Байланыс керек болғанда таптарды сақтап, мәңгілік ету үшін керек емес. Байланыс бізге шаруаларды жұмысшы табына жақындату үшін, шаруаларды қайта тәрбиелеу үшін, оның дарашылдық психологиясын өзгерту үшін, оны коллективизм рухында қайта тәрбиелеу үшін, сөйтіп, социалистік қоғамның негізінде таптарды жоюды, құртуды әзірлеу үшін керек. Кімде-кім осыны түсінбесе немесе мойындағысы келмесе, — ол марксист емес, ол ленинші емес, — ол ілгері қарамай, кейінге қарайтын «шаруалар философы».

Ал шаруаны қалай қайта тәрбиелеу керек, қалай өзгерту керек? Оны бәрінен бұрын және ең алдымен жаңа техниканың негізінде ғана, коллективтік еңбектің негізінде ғана өзгертуге болады.

Бұл жөнінде Ленин міне былай дейді:

«Ұсақ егіншіні қайта тәрбиелеу, оның бүкіл психологиясы мен дағдыларын өзгерту ісі бірнеше ұрпақтарға созылатын іс. Тек материалдық база, техника, егін шаруашылығында тракторлар мен машиналарды көптеп қолдану, кең көлемде электрлендіру ісі ғана ұсақ егінші жөніндегі бұл мәселені шеше алады, былай-

айтқанда, оның барлық психологиясын сауықтыра алады не осы нәрсе ұсақ егіншіні түп негізінен және орасан шапшаң-клен қайта тәрбиелей алған болар еді» (XXVI том, 239-бет).

Әңгіме айқын: кімде-кім шаруалар шаруашылығын коллективтік еңбектің негізінде қайта құратын металл мен машиналарды ұмытып, байланысты тек тоқыма өнімімен ғана қамтамасыз етуге болады деп ойласа, ол таптарды мәңгілік етеді, ол пролетарлық революционер емес, «шаруалардың философы».

Ал Ленин тағы бір жерде міне былай дейді:

«Егер жерді қоғамдасып, коллективтесіп, серіктесіп, артельдесіп ұқсатудың артықшылықтарын шаруаларға іс жүзінде көрсете алса, егер серіктескен, артельдескен шаруашылықтың арқасында шаруаларға көмек көрсете алса, мемлекеттік өкіметті қолында ұстап отырған жұмысшы табы өз ісінің дұрыс екендігін шаруаларға тек сонда ғана шындап дәлелдейді, тек сонда ғана көп миллиондаған шаруалар бұқарасын мықтап, шындап өз жағына шығарып алады» (XXIV том, 579-бет).

Шаруалардың миллиондаған бұқарасын жұмысшы табының жағына, социализмнің жағына шын және берік тарту ісі міне осылай қамтамасыз етіледі.

Кейде: байланысты қамтамасыз ету үшін бізде бір ғана резерв, шаруаларға жеңілдіктер беру резерві ғана бар, деседі. Осыған сүйене отырып, үздіксіз жеңілдіктер беруімен жұмысшы табы өзін күшейтеді, деп болжап, кейде үздіксіз жеңілдіктер беру теориясын жасайды. Бұл дұрыс емес, жолдастар. Бұл мүлдем дұрыс емес! Мұндай теорияның барлық істі тек бүлдіруі ғана мүмкін. Бұл — үмітсіздік теориясы.

Байланысты нығайту үшін өзінің қарамағында жеңілдіктер беру резервінің үстіне, деревняда шаруашылық тірек пункттері (өркендеген кооперативтер, колхоздар, совхоздар) сияқты, сондай-ақ саяси тірек пункттер (кедейлердің арасында күшейте жүргізілетін жұмыс және кедейлердің қолдауының қамтамасыз етілуы) түріндегі толып жатқан басқа резервтердің болуы керек.

Орташа — ауытқушы тап. Егерде бізді кедейлер қолдамаса, егерде деревняда Совет өкіметінің жайы нашар болса, орташаның кулактар жағына қарай ауытқуы мүмкін. Мұның керісінше, егерде кедейлердің қолдауы қамтамасыз етілген болса, орташа Совет өкіметінің жағына қарай ауытқыйды деп сеніммен айтуға болады. Сондықтан кедейлердің арасында үздіксіз жұмыс жүргізу және кедейлерді тұқыммен де, арзан астықпен де қамтамасыз ету партияның кезектегі міндеті болып табылады.

2. ӨНЕРКӘСІП ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӨНІНДЕ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Енді біздің өнеркәсіпті техникалық интеллигенцияның жаңа кадрларымен қамтамасыз ету туралы мәселеге көшейік.

Әңгіме біздің өнеркәсіп жөніндегі қыйыншылықтарымыз туралы, Шахты ісіне байланысты айқындалған қыйыншылықтар туралы болып отыр.

Өнеркәсіпті жақсарту тұрғысынан қарағанда Шахты ісінің мәнісі неде? Шахты ісінің мәнісі мен мағнасы мынада: өнеркәсібімізді жұмысшы табының ісіне берілген мамандардың белгілі минимумымен қамтамасыз ету ісінде біз дәрменсіз болдық десек болады жә-

не мүлдем артта қалған, сөлекет артта қалған болып шықтық. Шахты ісінен шығатын сабақ мынау: жұмысшы табының ішінен социализм ісіне берілген және біздің социалистік өнеркәсібімізге техникалық жағынан басшылық ете алатын адамдардан жаңа техникалық интеллигенция құру, даярлау қарқынын күшейту керек.

Мұның мәнісі — советше ойламайтын немесе коммунист емес мамандарды, бірақ Совет өкіметімен бірігіп іс істесуге разы мамандарды аулақ тастаймыз деген сөз емес. Жоқ, олай деген сөз емес. Біздің өнеркәсібімізді құру ісінде Совет өкіметімен қоян-қолтық бірге болуға әзір отырған партияда жоқ мамандарды, партияда жоқ техниктерді біз бұдан былайғы жерде де барлық шаралармен, бар күшімізбен өзімізге тартып отырамыз. Олардың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан кәзір-ақ безуін немесе ол көзқарастарын дереу өзгертуін біз әсте талап етпейміз. Біз тек бір нәрсені ғана — олар өз еркімен рыйзашылық білдіргеннен кейін Совет өкіметімен адал бірге істесуін ғана талап етеміз.

Бірақ әңгіме мынада: ескі мамандардың ішінен Совет өкіметімен қоян-қолтық бірге болуға әзір тұрған ондай адамдар шамамен алғанда барған сайын кеміп бара жатыр. Әңгіме оларды жас мамандардан шыққан адамдармен ауыстырудың өте-мөте керек екенінде болып отыр. Сондықтан партия былай деп санайды: егерде күтпеген жаңа жағдайларға ұшырағымыз келмесе, жаңа мамандарды шапшаң қарқынмен даярлау керек және оларды жұмысшы табының адамдарынан, еңбекшілердің арасынан даярлау керек. Біздің өнеркәсібіміздің мұқтажын қанағаттандыра

алатын жаңа техникалық интеллигенцияны даярлау дегеннің мәнісі міне осы болады.

Фактыларға қарағанда, Оқу Халық Комиссариаты бұл маңызды міндетті атқара алмады. Өзімен өзі болып отырған және оның үстіне өндіріспен байланысы аз болып отырған Оқу Халық Комиссариаты енжарлық пен кертартпалыққа ұшырап отырған жағдайында бұл міндетті таяу арада атқара қояды деп болжауға біздің ешбір дәлеліміз жоқ. Сондықтан партия жаңа техникалық интеллигенцияны шапшаң даярлау қызметін үш халық комиссариатына — Оқу Халық Комиссариатына, Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советіне және Қатнас Жолдар Халық Комиссариатына бөліп беру керек деген қортындыға келді. Партия бұл жолды осындай өте маңызды істе жұмыстың керекті қарқынын қамтамасыз ете алатын неғұрлым мақсатқа қолайлы жол деп санайды. Осыдан келіп — бірнеше жоғары дәрежелі техникалық оқу орындары Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі мен Қатнас Жолдар Халық Комиссариатына берілді.

Әрине, мұның мәнісі — техникалық интеллигенцияның жаңа кадрларын шапшаң құрудың міндеті жоғары дәрежелі техникалық оқу орындарын тапсырумен бітеді деген сөз емес. Оқушыларды материалдық жағынан қамтамасыз етудің бұл арада өте маңызды роль атқаруға тиіс екені күмәнсіз. Сондықтан Совет өкіметі мынаны істеуге бел байлады: ол жаңа кадрлар даярлауға жұмсалатын шығынды өзінің үлес салмағы жағынан өнеркәсіптің күрделі құрылысына жұмсалатын шығындарға теңеді және бұл іске жылма-жыл 40 миллион сомнан астам қосымша қаражат бөліп отыруға ұйғарды.

III

ҚОРТЫНДЫ

Біздің әрқашан өз қыйыншылықтарымыз бен қатеерімізден үйреніп келгенімізді мойындау керек, жолэстар. Осы уақытқа дейін, қайткен күнде де, істің қайы былай болып келді: тарих қыйыншылықтар арылы, белгілібір дағдарыстар арқылы, белгілібір қаелеріміз арқылы бізді үйретіп, партиямызды шыңдаптырды.

1918 жылы, Шығыс майданындағы қыйыншылықарға байланысты, Колчакқа қарсы күрестегі сәтсізіктерімізге байланысты, біздер тұрақты жаяу әскерің керектігін ақыр-аяғында түсініп, оны іс жүзінде құрған кезімізде істің жайы осылай болды.

1919 жылы, Деникин майданындағы қыйыншылықгарға байланысты, біздің армияларымыздың тылына Мамонтовтың кенет шабуыл жасауына байланысты, біздер, күшті, тұрақты кавалерияның керектігін ақыраяғында түсініп, оны іс жүзінде құрған кезімізде істің жайы осылай болды.

Менің ойымша, қәзір бізде істің жайы сол жағдайға шамалас. Астық жөніндегі қыйыншылықтар біз үшін бекерге кетпейді. Бұл қыйыншылықтар большевиктерге қозғау салады және оларды ауыл шаруашылығын өркендетуге, әсіресе астық шаруашылығын өркендетуге мықтап кірісетін етеді. Бұл қыйыншылықтар болмаса, большевиктердің астық проблемасын шыңдап қолға алуы екіталай еді.

Шахты ісі және оған байланысты қыйыншылықтар туралы да осыны айту керек. Шахты ісінің сабақтары біздің партия үшін бекерге кетпейді және бекер-

ге кете алмайды. Менің ойымша, бұл сабактар бізді социалистік өнеркәсібімізді камтый алатын жаңа техникалык интеллигенцияны даярлау туралы мәселені кабыргасынан коятын етеді.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, жаңа техникалык интеллигенцияны даярлау проблемасын шешу ісінде біз кәзірдің өзінде бірінші рет үлкен кадам басып отырмыз. Бұл кадам акыргы кадам болмайды деп сенеміз. (Ұзак, ду кол шапалактау.)

„Ленинградская Правда" № 162,
14 июль, 1928 ж.

ЛЕНИНГРАД ОСОАВИАХИМЫНА[56]

Совет елін қорғауды нығайту ісі барлық еңбекшілердің ісі болып табылады.

Ленинград пролетарлары азамат соғысының ұрыстарында бірінші болды.

Ленинград пролетарлары Совет Одағын жұмысшы табының жауларынан қорғауды әзірлеу ісінде кәзіргі уақытта да ұйымшылдықтың, тәртіптіліктің, топтасқандықтың үлгісін көрсетуге тиіс.

Ленинград пролетарларының бұқаралық ұйымы болып табылатын Ленинград Осоавиахимының пролетариат диктатурасы елінің алдында өз борышын орындайтынына күмәнданбаймын.

И. Сталин

„Красная Газета“ (Ленинград) № 163, 15 июль, 1928 ж.

КУЙБЫШЕВ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Амансыз ба, Куйбышев жолдас!

Купер бүгін келді. Ертең әңгімелесеміз. Американдардың жоспары туралы оның не айтатынын көрерміз.

Купердің Днепрострой туралы 6-ншы есеп хатын оқыдым. Әрине, екінші жақтың айтатынын да тыңдау керек. Менің байқауымша (мен ә дегенде осылай ойлап қалдым), қанша айтқанмен, Купердікі дұрыс, Винтердікі дұрыс емес. Жалғастырушы құралдың Купер ұсынып отырған түрі (бұған Винтер қарсы шығып дауласты) бірден-бір қолайлы болып шыққандығының жалпы жұрт таныған фактысы, — міне осы фактының өзі Купердің даусына қалайда құлақ қойып отыру керек екендігін көрсетеді. Купердің 6-ншы хатын керек жерде талқылап, оны негізінен қабылдаған жақсы болар еді.

Өзіңнің жайың қалай? Томский сені зәбірлемекші болып жүр деп естіттім. Ол залым адам және бойын таза ұстау жағы да кем. Менің байқауымша, онікі дұрыс емес. Рационализация туралы сенің баяндамаң-

ңы оқыдым. Баяндама тәуір. Томский сенен тағы нені талап етеді?

Царицын трактор заводының және Питердегі трактор мастерскойларының жайы қалай? Нәтижелі болып шығады деп сенуге бола ма?

Қолыңды қысамын.

Сталин

31 август, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

И. И. СКВОРЦОВ-СТЕПАНОВ ЖОЛДАСТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ

Каза біздің арамыздан табанды, берік лениншіл, партиямыздың Орталык Комитетінің мүшесі Скворцов-Степанов жолдасты жұлып әкетті.

Скворцов-Степанов жолдас біздің катарымызда оңдаған жылдар бойына күресіп, профессионал революционердің өмірінде кездесетін барлык азаптарды көрді. Талай мыңдаған жолдастар оның көптен келе жаткан, калың жұртка мәлім әдебиетші-марксистердің бірі екенін жаксы біледі. Оның Октябрь күндеріне белсене катысушы болғанын да жаксы біледі. Акырында, оның лениндік партия бірлігі жолына, оның темірдей берік ұйымшылдығы жолына әбден берілген күрескер болғанын да жаксы біледі.

Скворцов-Степанов жолдас өзінің еңбекпен өткізген бүкіл жаркын өмірін пролетариат диктатурасының жеңіп шығу ісіне берді.

Скворцов-Степанов жолдастың бейнесі жұмысшы табының жүрегінде мәңгі сакталсын.

И. Сталин

„Правда" № 236,
9 октябрь, 1928 ж.

БК(б)П ІШІНДЕГІ ОҢШЫЛДЫҚ ҚАУІП ТУРАЛЫ

БК(б)П Москва Комитеті мен Москва Бақылау Комиссиясының пленумында сөйлеген сөз

19 октябрь 1928 ж.

Меніңше, жолдастар, өзіміз назар салып отырған ңшыл уклон туралы мәселені шешу үшін, бәрінен бұ ын ұсақ-түйектерден, жеке адамның басына байланысты мәселелерден, т. т. аулақ болуымыз керек.

Бізде, партия ішінде оңшыл, оппортунистік қауіп бар ма, мұндай қауіп үшін қолайлы объективтік жағдайлар бар ма; бұл қауіппен қалай күресу керек, — біздің алдымызда қазір міне осындай мәселелер тұр.

Бірақ, бұл мәселеге жабысқан және оның мәнін түсінуімізге бөгет болатын барлық ұсақ-түйектерден, ылас элементтерден ол мәселені тазартпасақ, онда біз оңшыл уклон жөніндегі бұл мәселені шеше алмаймыз.

Запольскийдің оңшыл уклон туралы мәселені кездейсоқ мәселе деп ойлауы дұрыс емес. Оның айтуынша, бұл жерде барлық әңгіме оңшыл уклонда емес, склока жасауда, жеке адамдардың жасап жүрген интригаларында, т. т. Ал, басқа күрестегі сияқты, мұнда да склоканың, жеке адамның басына байланысты интригалардың азынаулақ ролі болды-ақ делік. Бірақ, істің бәрін склокадан көру, оның аржағындағы мәсе-

лениң мәнін көрмеу — марксистік дұрыс жолдан таю болады.

Москва ұйымы сияқты күмәнсіз үлкен, көптен келе жатқан, ауызбірлігі күшті ұйымды бірнеше склочниктердің яки интригандардың әрекеті бастан-аяқ толқытып, онда мұндай қозғалыс туғызуы мүмкін емес. Жоқ, жолдастар, дүниеде мұндай керемет болмайды. Москва ұйымының күшін, қуатын мұндай жеңіл бағалауға болмайтынын айтпасам да белгілі. Мұнда басқа себептердің, склока мен интригаға түк қатысы жоқ терeңірек себептердің әсер еткені айқын.

Фрунтовтың пікірі де дұрыс емес; ол оңшылдық қауіптің бар екенін мойындаса да, бірақ оны байсалды іскер адамдардың шындап шұғылдануына татымайтын мәселе, деп есептейді. Оныңша оңшыл уклон туралы мәселе іскер адамдардың шұғылданатын мәселесі емес, айқайшылардың шұғылданатын мәселесі сияқты. Фрунтов күнбе-күнгі практикалық жұмысқа әбден шұғылданған, біздің дамуымыздың болашағын ойлауға уақыты жоқ, оның мұнысына әбден түсінем. Бірақ бұл — кейбір партия қызметкерлерінің өрісі тар және іскер практикашылдығын құрылысымыздың догматына айналдыруымыз керек, деген сөз емес. Пайдалы істеңдік — жақсы іс, бірақ жұмысының болашағынан айрылса және өзінің жұмысын партияның негізгі жолына бағындырмаса, ондай істеңдік кемістікке айналады. Шынында, оңшыл уклон туралы мәселе — біздің партияның негізгі жолы туралы мәселе екенін, партиямыздың XV съезде белгілеген даму жолы дұрыс па, теріс пе деген мәселе екенін түсіну қиын емес.

Кейбір жолдастар оңшыл уклон мәселесі талқыға салынғанда, мәселені оңшыл уклондағы адамдарға

парып тірейді, бұл жолдастардікі де дұрыс емес
)лар: бізге оңшылдарды яки ымырашылдарды көрсе-
іңдер, олардың атын атаңдар, біз олардың сазайын
арткызайык, дейді. Бұл — мәселені дұрыс қойғандық
мес. Әрине, жеке адамдар белгілі роль аткарады. Бі-
ақ, бұл арала әңгіме адамдардың қара басында емес,
нгіме партия ішінде оңшылдық қауіпті туғызатын
шарттарда, жағдайларда. Адамдарды шығарып тас-
тауға болады, бірақ мұнымен біз партиямыздың ішін-
дегі оңшылдық қауіптің тамырларына балта шаптық
деуге болмайды. Сондыктан көңіл коятын мәселе еке-
ні күмәнсіз бола тұрса да, адамдар туралы мәселені
шешумен іс бітпейді.

Осыған байланысты, Одессада 1919 жылдың аяғын-
да, 1920 жылдың басында, біздің әскерлер деникин-
шілдерді Украинадан қуып, Одесса ауданында Дени-
кин әскерінің қалған-құтқанын қыйратып жатқан кез-
де болған бір оқыйғаны еске түсірмей өтуге болмай-
ды. Қызыл әскерлердің бір бөлегі, Антантаны ұстап
алсақ соғыс бітеді деген сеніммен, әбден ызаланып,
Одессадан Антантаны іздепті ғой. (Д у к ү л к і.) Қы-
зыл әскерлер Одессадан Антанта өкілдерінің біреуін
ұстап алуы мүмкін еді, деп ойлауға болады. Бірақ,
мұнымен Антанта туралы мәселе, әрине, шешілмес еді,
өйткені Одесса ол кезде деникиншілдердің колындағы
ең ақыргы жер бола тұрса да, Антантаның тамыры
Одессада емес, оның тамыры дүниежүзілік капита-
лизмде еді.

Оңшыл уклон туралы мәселеде, әңгімені оңшыл
уклондағы адамдарға апарып тіреп, бұл уклонды ту-
ғызатын жағдайларды ұмытатын біздің кейбір жол-
дастар жөнінде де осыны айтуға болады.

Сондықтан біз бұл жерде, бәрінен бұрын, Ленин жолынан ауған оңшыл, сол сияқты «солшыл» (троцкийшіл) уклонды туғызатын жағдайлар туралы мәселені анықтап алуымыз керек.

Капитализм жағдайларында коммунизм ішіндегі оңшыл уклон дегеніміз коммунистердің бір бөлегінің марксизмнің революциялық жолынан социал-демократия жағына ауға бет алуы, бейімделуі болады, рас, әлі қалыптасып жетпеген, бәлкім, әлі түсініліп жетпеген болса да, әйтеуір соған бейімделуі болады. Коммунистердің белгілібір топтары сайлау күресінде «тап тапқа қарсы» деген ұранның мақсатқа дәл келетіндігін мойындамаса (Франция), немесе компартиядан дербес кандидатуралар ұсынылуына қарсы болса (Англия), немесе «солшыл» социал-демократиямен күресу мәселесін қатты қойғысы келмесе (Германия), тағысын-тағы сол сияқтыларды істесе, — мұның аты, компартиялардың ішінде коммунизмді социал-демократизмге бейімдеп үйлестіруге тырысатын адамдар бар деген сөз.

Капиталистік елдердің компартияларының ішіндегі оңшыл уклонның жеңуі — компартиялардың идея жүзінде қыйрауы, социал-демократизмнің орасан күшеюі болар еді. Ал социал-демократизмнің орасан күшеюі деген не? Ол — капитализмнің күшеюі, нығаюы, өйткені социал-демократия — капитализмнің жұмысшы табы ішіндегі басты тірегі.

Олай болса, капиталистік елдердің компартияларының ішіндегі оңшыл уклонның жеңуі капитализмнің сақталуына керекті жағдайларды өршітеді.

Капитализм құлатылған, бірақ оның тамырлары әлі жұлынбаған **советтік даму жағдайларында** коммунизм

ішіндегі оңшыл уклон дегеніміз коммунистердің бір бөлегінің партиямыздың сара жолынан буржуазиялық идеология жағына аууға бет алуы, бейімделуі болады, рас, әлі қалыптасып жетпеген, бәлкім, әлі түсініп жетпеген болса да, әйтеуір соған бейімделуі болады. Біздің коммунистердің кейбір топтары деревнядағы капиталистік элементтерге шабуыл жасау керектігіне карсы болып, партияны XV съездің карарларынан шегіндіруге тырысса; немесе индустрияландырудың кәзіргі даму каркынын еліміз үшін аса кауіпті санап, индустриямызды дамытпауды талап етсе; немесе желге кеткен акша деп есептеп, колхоздар мен совхоздарға акша шығару керек екеніне қарсы болса, немесе өзара сын аппаратымызды нашарлатады деп ойлап, өзара сын негізінде төрешілдікпен күресу керек екеніне карсы болса, немесе сыртқы сауда монополиясын бәсеңдетуді талап етсе, тағысын-тағы сол сыяқтыларды істесе, — мұның аты, партиямыздың катарында біздің социалистік құрылыс ісін, мүмкін, өздері де байқамастан, «советтік» буржуазияның тілегіне, кегіне бейімдеп үйлестіруге тырысатын адамдар бар деген сөз.

Біздің партия ішіндегі оңшыл уклонның жеңуі — біздің елімізде капиталистік элементтердің орасан күшеюі болар еді. Ал біздің елімізде капиталистік элементтердің күшеюі деген не? Мұның аты, пролетарлық диктатураның әлсіреуі және капитализмнің қайта орнау мүмкіншілігінің күшеюі деген сөз.

Олай болса, біздің партия ішіндегі оңшыл уклонның жеңуі — біздің елімізде капитализмнің **қайтадан орнауына** керекті жағдайлардың өршуі болар еді.

Бізде, біздің Совет елінде, капитализмнің қайта

орнауын (жаңғыруын) **мүмкін** ететін жағдайлар бар ма? Я, бар. Бұл ғажап нәрсе сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл факт, жолдастар. Біз капитализмді құлаттық, пролетариат диктатурасын орнаттық және социалистік өнеркәсібімізді, шаруа шаруашылығын онымен ұштастыра отырып, күшті қарқынмен дамытып жатырмыз. Бірақ біз капитализмнің тамырларын әлі жұлып алып тастағанымыз жоқ. Капитализмнің тамырлары қай жерде ұялап отыр? Оның тамырлары товарлы өндірісте, қаладағы, әсіресе деревнядағы ұсақ өндірісте ұялап отыр.

Капитализмнің күші, Ленин айтқандай, «**ұсақ өндірістің** күшінде. Өйткені дүние жүзінде ұсақ өндіріс әлі қалып отыр, амал не, тіпті өте көп қалып отыр, ал ұсақ өндіріс капитализм мен буржуазияны үнемі, күн сайын, сағат сайын, өздігінен және жаппай **туғызып** отырады» (қараңыз: XXV том, 173-бет).

Әрине, бізде ұсақ өндіріс өте көп және тіпті басым болып отырғандықтан, ол, әсіресе нэп жағдайында, капитализм мен буржуазияны үнемі және жаппай **туғызып** отыратын болғандықтан — капитализмнің қайта орнауын **мүмкін** ететін жағдайлар бізде бар.

Бізде, біздің Совет елінде, капитализмнің қайта орнау **мүмкіншілігін** құртуға, жоюға керекті құралдар, күштер бар ма? Я, бар. ССРО-да толық социалистік қоғам орнату **мүмкіндігі** туралы Ленин тезисінің дұрыс болуы да міне осыдан. Мұның үшін пролетариат диктатурасын берік ету керек, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын нығайту керек; елімізді индустрияландыру мақсатымен тұтқалы орындарымызды дамыту керек, индустрияның даму қарқынын тездету керек, елімізді электрлендіру керек, бүкіл халық шаруа-

шылығын жаңа техникалық базаға көшіру керек, шаруаларды жаппай кооперативке ұйымдастырып, олардың шаруашылықтарындағы егіннің шығымын арттыру керек, шаруалардың жеке шаруашылықтарын біртебірте қоғамдық шаруашылықтарға, коллективті шаруашылықтарға біріктіру керек, совхоздарды дамыту керек, қала мен деревняның капиталистік элементтерін тежеп, жеңу керек, тағысын-тағы сол сияқтыларды істеу керек.

Бұл жөнде Ленин міне былай дейді:

«Еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализмге негұрлым берігірек экономикалық база бар. Мұны есте сақтау қажет. Деревняның тұрмысын қаланың тұрмысымен салыстырып, зер салып бақылаған әрбір адам, капитализмнің тамырын жұлмағанымызды және ішкі дұшпанның іргесін, негізін жоймағанымызды біледі. Ішкі дұшпан ұсақ шаруашылыққа сүйенеді, оны әлсірету үшін бір құрал бар, ол құрал — еліміздің шаруашылығын, соның ішінде егіншілікті де, жаңа техникалық базаға, қазіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру. Мұндай база тек электр болып табылады. Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі, оның үстіне бүкіл елімізді электрлендіру деген сөз. Олай болмағанда еліміз ұсақ шаруалы ел болып қала береді, сондықтан біз мұны айқын ұғып алуымыз керек. Біз жержүзілік көлемде ғана емес, сонымен қатар еліміздің өз ішінде де капитализмге қарағанда анағұрлым әлсізбіз. Бұл барлығымызға белгілі. Біз мұны ұқтық, сондықтан біз істі шаруашылықтың базасын ұсақ шаруалы базадан ірі өнеркәсіпті базаға айналдыруға дейін жеткіземіз. Еліміз электрлендірілген кезде ғана, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және транспорт қазіргі заманның ірі өнеркәсіптік техникалық базасымен құралданған кезде ғана, тек сол кезде ғана біз түпкілікті жеңіп шығамыз» (XXVI том, 46—47-беттер).

Олай болса, біріншіден, біздің еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, капитализмнің тамырларын біз әлі жұлып тастамаған кезімізде, капита-

лизмнің экономикалық базасы коммунизмдікінен төрі берігірек. Кейде ағашты кескенмен, тамырлары жұлынбай қалып қоятын, күш жетпейтін реттер болады. Біздің елде капитализмнің қайта орнау **мүмкіншілігі** міне осыдан туады.

Олай болса, екіншіден, капитализмнің қайта орнау мүмкіншілігінен басқа бізде **социализмнің жеңу мүмкіншілігі** де бар, өйткені, **егер** елімізде электрлендіру жұмысын күшейтсек, **егер** өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, транспортқа кәзіргі замандағы ірі өнеркәсіптің техникалық базасын жасасақ, біз капитализмнің қайта орнау **мүмкіншілігін жоя аламыз,** капитализмнің тамырларын жұлып тастап, капитализмді түпкілікті жеңе аламыз. Біздің елде социализмнің жеңу **мүмкіншілігі** міне осыдан туады.

Олай болса, ақыр аяғында, деревня «өздігінен» қаланың соңына ереді деп, ауыл шаруашылығын стихиялы дамудың еркіне беріп, тек өнеркәсіпте ғана социализм құруға болмайды. Қалада социалистік өнеркәсіптің болуы деревняны социалистік жолмен қайта құрудың негізгі факторы. Бірақ, бұл әлі — осы фактор толық жеткілікті деген сөз емес. Социалистік қала шаруа деревнясын ақырына дейін соңына ерте алатын болу үшін, Ленин айтқандай, «еліміздің шаруашылығын, **соның ішінде егіншілікті** де*, жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру керек».

Лениннің бұл цитатасы оның «нэп бізге социалистік экономиканың іргесін орнату **мүмкіншілігін*** толық қамтамасыз етеді» деген екінші цитатасына қайшы

* Курсив менікі. **И. Ст.**

келмей ме? Жоқ, қайшы келмейді. Қайта, бұл екі цитата бір-бірімен толық қабысады. Ленин: нэп бізге социализмді даяр күйде бере қояды демейді, мүлде олай демейді. Ленин нэп бізге социалистік экономиканың іргесін орнату **мүмкіншілігін** қамтамасыз ететінін ғана айтады. Социализмді орнату **мүмкіншілігі** мен **оның шын орнауының** арасында зор айырма бар. Мүмкіншілікті шындықпен шатастыруға болмайды. Осы мүмкіншілікті шындыққа айналдыру үшін, міне сол үшін Ленин, социализмнің түпкілікті жеңу шарты есебінде, елді электрлендіруді, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, транспортқа осы замандағы ірі өнеркәсіптің техникалық базасын жасауды ұсынады.

Бірақ социализмді орнатудың бұл шартын бір — екі жылдың ішінде орындау мүмкін емес. Бір — екі жылдың ішінде елді индустрияландыру, күшті өнеркәсіп құру, миллиондаған шаруалар бұқарасын кооперативке ұйымдастыру, егіншілікке жаңа техникалық база жасау, шаруалардың жеке шаруашылықтарын ірі коллективтерге біріктіру, совхоздарды дамыту, қала мен деревняның капиталистік элементтерін тежеп, жеңіп шығу мүмкін емес. Мұның үшін пролетарлық диктатураның құрылыс жұмысын әлденеше жылдар бойына күшейте жүргізу керек. Мұның бәрі істелгенше, — ал оны бірден істей де алмайсың, — біз әлі ұсақ шаруалы ел бола тұрамыз, мұндай елде ұсақ өндіріс капитализм мен буржуазияны үнемі және жаппай туғызып отырады және мұндай елде капитализмнің қайта орнау қаупі күшінде қалады.

Біздің пролетариат ауасыз кеңістікте өмір сүрмейді, алуан-алуан түрі бар нағыз шын, реалдық тұрмыстың ішінде өмір сүреді, сондықтан ұсақ өндіріс негі-

зінен туатын буржуазиялық элементтер «Ұсақ буржуазиялық стихия арқылы пролетариатты барлық жағынан қоршап алады, оған осы стихияны сіндіреді, оны осы стихия арқылы бұзады, пролетариаттың ішінде ұсақбуржуазиялық тұрлаусыздық, бытырандылық, дарашылдық, әуестенуден қынжылуға көшу ауруларын үнемі қайта туғызып отырады» (Ленин, XXV том, 189-бет), сөйтіп, пролетариат пен оның партиясының ішіне белгілібір ауытқушылық, белгілібір тәлтіректеушілік енгізеді.

Біздің партия қатарындағы лениндік жолдан түрлі ауытқушылықтардың, уклондардың тамыры, негізі міне осында.

Міне сондықтан біздің партия ішіндегі оңшыл немесе «солшыл» уклон туралы мәселені түкке тұрмайтын мәселе деп қарауға болмайды.

Біздің партия ішіндегі оңшыл, ашықтан-ашық оппортунистік уклонның қаупі неде? Оның қаупі мынада: ол біздің дұшпандардың күшін, капитализмнің күшін жете бағаламайды, капитализмнің қайта орнау қаупін көрмейді, пролетариат диктатурасы жағдайларындағы тап күресінің тетігіне түсінбейді, сондықтан индустриямызды дамыту қарқынын бәсеңдетуді талап етіп, деревня мен қаланың капиталистік элементтеріне жеңілдік беруді талап етіп, колхоздар мен совхоздар туралы мәселені кейінге қалдыра тұруды талап етіп, сыртқы сауда монополиясын бәсеңдетуді талап етіп, тағысын-тағы сол сияқтыларды талап етіп, капитализмге жол беруге оп-оңай көне қояды.

Біздің партия ішінде оңшыл уклонның жеңуі, күмән жоқ, капитализмнің күшін еркіндетіп арттырар еді, пролетариаттың революциялық бағытын әлсіре-

тер еді және біздің елімізде капитализмнің қайта орнау мүмкіндігін күшейтер еді.

Біздің партия ішінде **«солшыл»** (троцкийшіл) уклонның қаупі неде? Оның қаупі мынада: ол біздің дұшпандардың күшін, капитализмнің күшін **асыра бағалайды**, тек капитализмнің қайта орнау мүмкіншілігін ғана көреді де, біздің елдің күшімен социализмді орнату мүмкіншілігін көрмейді, түңіліске түседі, біздің партияда термидорлық бар деген мылжыңмен жұбануға мәжбүр болады.

Лениннің «еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализмге неғұрлым берігірек экономикалық база бар» деген сөзінен «солшыл» уклон мынадай теріс қортынды шығарады: ССРО-да тегінде социализмді орнатуға болмайды, шаруалардан түк шықпайды, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жөніндегі идея күні озған идея, Батыста революция жеңіп, онан жәрдем келіп үлгірмесе, ССРО-дағы пролетариат диктатурасы құлауға немесе затымен өзгеруге тиіс, шаруалардан айрылысып болса да жүргізілетін асыра индустрияландырудың қыяли жоспары қабылданбаса, ол уақытта ССРО-да социализм ісін құрыған іске есептеуге болады дейді.

«Солшыл» уклон саясатындағы ұрыншақтық осыдан шығады. Саясат жөнінде «адам баласына бітпеген» қарғу осыдан шығады.

Біздің партия ішінде «солшыл» уклонның жеңуі, күмән жоқ, жұмысшы табын оның шаруалық базасынан айыруға апарып соғар еді, жұмысшы табының авангардын қалған жұмысшы бұқарасынан айырар еді, — олай болса, пролетариатты жеңіліске ұшыратар

еді және капитализмнің қайта орнауына керекті жағдайларды оңайлатар еді.

Көріп отырсыздар, бұл екі қауіптің екеуі де, «солшылы» да, оңшылы да, лениндік жолдан ауған бұл екі уклонның екеуі де, оңшылы да, «солшылы» да, екеуі екі жақтан келе тұрса да, бір нәтижеге соқтырады.

Бұл екі қауіптің қайсысы жаман? Менімше, екеуі де жаман.

Бұларға қарсы ойдағыдай күрес жүргізу тұрғысынан қарағанда, бұл екі уклонның арасындағы айырма сол — қазіргі кезде партияға оңшыл уклоннан гөрі «солшыл» уклон айқынырақ. «Солшыл» уклонға қарсы бізде бірнеше жылдан бері күшті күрес жүргізіліп келе жатыр, бұл жағдай партия үшін, әрине, босқа кеткен жоқ. «Солшыл», троцкийшіл уклонға қарсы күрес жылдарында партияның бірталай нәрсені үйренгені анық, сондықтан партияны «солшыл» сөздермен алдап кету оңай болмай қалды.

Оңшыл қауіпке келсек, ол бұрын да болған және осы күнде, былтырғы жылғы астық даярлау дағдарысымен байланысты ұсақбуржуазиялық стихия күшейгендіктен, бастарын айқынырақ көтеріп отыр, бұл оңшыл қауіп, менімше, біздің партияның белгілібір топтарына тым анық емес. Сондықтан біздің міндетіміз — «солшыл», троцкийшіл қауіпке қарсы күресті титтей де әлсіретпей жүргізе отырып, оңшыл уклонға қарсы күресті баса жүргізу және бұл уклонның қауіптілігі троцкийшілдіктің қауіптілігі сияқты партияға айқын болуы үшін барлық шараларды қолдану.

Оңшыл уклон туралы мәселе, егер ол біздің дамуымыздың **қиыншылықтары туралы** мәселемен байланысты болмаса, мүмкін, бізде қазіргідей қатаң түрде

қойылмас та еді. Бірақ оңшыл уклонның болуы біздің дамуымыздың қыйыншылықтарын шиеленістіреді және бұл қыйыншылықтарды жеңу ісіне кедергі жасайды, әңгіме міне осында. Оңшыл қауіп қыйыншылықтарды жеңу жолындағы күресті қыйындататын болғандықтан да, міне сондықтан да оңшыл қауіпті жеңу туралы мәселенің біз үшін айырықша маңызы бар.

Біздің қыйыншылықтарымыздың сыйпаты туралы бір-екі сөз. Біздің қыйыншылықтарымыз — әсте де тоқырау немесе кері кету қыйыншылықтары емес, мұны естен шығармау керек. Шаруашылық кері кеткен кезде немесе тоқырап тұрып қалған кезде қыйыншылықтар болады; мұндай кезде жұрт шаруашылықтың тоқырауының кеселін азайтуға немесе шаруашылықтың кері кетуінің терендей түсуін бәсеңдетуге тырысады. Біздің қыйыншылықтардың мұндай қыйыншылықтармен ешқандай қатысы жоқ. Біздің қыйыншылықтардың өзгеше сыйпаты — біздің қыйыншылықтар өрлеудің қыйыншылықтары, өсудің қыйыншылықтары. Бізде қыйыншылықтар туралы сөз болғанда, әдетте, өнеркәсіпті неше процент **көтеру**, егіс көлемін неше процент **арттыру**, егіннің түсімін неше пұт **арттыру**, тағысын-тағы сол сыяқтылар жайында сөз болады. Біздің қыйыншылықтарымыз кері кетудің немесе тоқыраудың қыйыншылықтары болмай, өрлеудің қыйыншылықтары болғандықтан да, дәл сондықтан да бұл қыйыншылықтар партия үшін пәлендей ерекше қауіпті болмауға тиіс.

Бірақ, не дегенмен де, қыйыншылықтың аты қыйыншылық. Қыйыншылықтарды жеңу үшін барлық күшті сала қыймылдау керек, табандылық, ұстамды-

лық керек, бірақ мұндай табандылық, ұстамдылық жұрттың бәрінде бірдей жеткілікті бола бермейді, мұның себебі, мүмкін шаршағандықтан, шалдыққандықтан болар, не болмаса күрессіз, абыржымай, тыныш тұруды артық көргендіктен болар, — міне осыдан барып ауытқушылық, тәлтіректеушілік туады, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге бой ұрушылық туады, индустрияның даму қарқынын кеміту туралы, капиталистік элементтерге жеңілдік беру туралы, колхоздар мен совхоздарды керексіз деп тану, қысқасы күнбе-күнгі жұмыстың дағдылы, тыныш жағдайының шегінен шығатын істердің бәрін теріс деп тану туралы әңгімелер туады.

Бірақ алдымызда тұрған қыйыншылықтарды жеңбейінше, біз алға баса алмаймыз. Ал, қыйыншылықтарды жеңу үшін, бәрінен бұрын, оңшыл қауіпті жығу керек, қыйыншылықтармен күресу ісіне бөгет жасайтын, партияның қыйыншылықтарды жеңу үшін күреске ұмтылған жігерін қайтаруға тырысатын оңшыл уклонды жеңу керек.

Әңгіме, әрине, оңшыл уклонға қарсы сөз жүзіндегі, қағаз жүзіндегі күрес туралы емес, нағыз шын күрес туралы болып отыр. Біздің партия ішінде, поптардың кейде «салауат» айтқаны сыяқты, ұжданын ақтау үшін, оңшыл қауіпке қарсы күрес жарыялаудан тартынбайтын, бірақ оңшыл уклонмен күресті мықтап жолға қою, бұл уклонды іс жүзінде жеңу жөнінде ешбір, тіпті ешқандай шара қолданбайтын адамдар бар. Мұндай ағым, бізде оңшыл, ашық оппортунистік уклонға **ымырашылдық** ету ағымы, деп аталады. Мұндай ымырашылдықпен күресу оңшыл уклонға қарсы, оңшылдық қауіпке қарсы жалпы күрестің негізгі бір

бөлегі екенін түсіну қиын емес. Өйткені оппортунистерді қанатының астына қорғалататын ымырашылдықпен үнемі күресіп отырмаған жерде, оңшыл, оппортунистік уклонды жеңу мүмкін емес.

Оңшыл уклонды туғызушылар туралы мәселе — істі шешетін болмаса да, сөзсіз көңіл бөлуге болатын мәселе. Өткен жылғы астық дайындау дағдарысы кезінде партиямыздың төменгі ұйымдарында оңшылдық қауіпті туғызушылармен кездескен реттер болды, онда болыстардағы, селолардағы бірсыпыра коммунистер кулак элементтерімен байланыс жасауға бет алып, партияның саясатына қарсы шыққан еді. Мұндай элементтердің быйыл көктемде партиядан аласталғаны өздеріңізге мәлім; партиямыздың Орталық Комитетінің быйылғы февраль ішіндегі белгілі документінде бұл туралы әдейі көрсетіліп отыр.

Бірақ біздің партия ішінде мұндай элементтер қалған жоқ деу дұрыс болмас еді. Егерде жоғарырақ шығып, уездік, губерниялық партия ұйымдарына барып, совет, кооператив аппаратын жақсылап қарасаңыз, одан оңшылдық қауіпті туғызушыларды және оңшылдық қауіпке ымырашылдық етушілікті қыйналмай-ақ табар едіңіз. Біздің партия, совет аппаратындағы бірсыпыра қызметкерлердің жіберген «хаттарында», «мәлімдемелерінде» және басқа документтерінде оңшыл уклонға бұйрегі бұрғандықтың ап-айқын көрінгені жұртқа мәлім. Өздеріңе мәлім, бұл хаттар мен документтер туралы Орталық Комитеттің июль пленумының стенограммасында айтылды.

Егерде онан да жоғары көтеріліп, Орталық Комитеттің мүшелері жөнінде мәселе қоятын болсақ, мойынға алу керек, Орталық Комитеттің құрамы ішінде

де оңшылдық қауіпке ымырашылық ететін кейбір элементтер бар, рас, мұндайлар өте аз, бірақ бар. Орталық Комитеттің июль пленумының стенограммасы бұған толық дәлел.

Ал Саяси Бюрода қалай? Саяси Бюрода қандай болса да уклон бар ма? Біздің Саяси Бюрода оңшыл уклон да, солшыл уклон да, оларға ымырашылдық етушілер де жоқ. Бұл жерде мұны мейлінше кесіп айту керек. Партияға жақсылық ойламайтын адамдардың және түрлі оппозиционерлердің біздің Орталық Комитеттің Саяси Бюросында оңшыл уклон немесе оған ымырашылдық ету бар деп тарататын өсектерін тастайтұғын уақыт жетті.

Москва ұйымында немесе оның жоғарғы жағында, Москва комитетінде, ауыткушылық, тәлтіректеушілік болды ма? Я, болды. Мұнда тәлтіректеушілік, ауыткушылық болмады деу кәзір ақымақтық болар еді. Пеньковтың адал сөзі бұған айқын дәлел. Пеньков Москва ұйымы мен Москва комитетінде елеусіз адам емес. Ол біздің партия саясатының бірсыпыра аса маңызды мәселелеріндегі өзінің қателерін тура, ашық мойнына алды, мұны бәріңіз де естіттіңіздер. Бірақ бұл, әрине, Москва комитеті түгелімен ауыткушылыкқа түсті деген сөз емес. Жоқ, олай деген сөз емес. Москва комитетінің быйыл октябрьде Москва ұйымының мүшелеріне арнап шығарған үндеуі сыякты документ, күмән жоқ, Москва комитеті өзінің кейбір мүшелерінің ауыткуын жеңе алғандығын көрсетеді. Москва Комитетінің басшы ұйткысының бұл халді түпкілікті түзей алатынына шүбәланбаймын.

Москва ұйымының кейбір басшыларының қателері

мен ауытқушылықтарын жою туралы мәселе қойып, бұл істі аудандық ұйымдардың қолға алғанына кейбір жолдастар рыйза емес. Бұл сыякты наразылыкты немен ақтауға болатынын мен білмеймін. Москва ұйымының аудандық активтері қателер мен ауытқушылыктарды жоюды талап етіп, өз пікірін айтса, оның не жамандығы бар? Біздің жұмысымыз төменнен көтерілген өзара сын ұранымен жүріп келе жатқан жоқ па? Өзара сын партияның және жалпы пролетариаттың төмендегілерінің белсенділігін күшейтетіні факт емес пе? Егер аудандық активтер өздеріне сай дәрежеде болып шықса, онда мұның қандай оғаштығы немесе қандай қаупі бар?

Орталық Комитеттің бұл іске қатысуы дұрыс болды ма? Менінше, Орталық Комитеттің мұнысы дұрыс болды. Аудандық ұйым қарсы тұрған аудан басшыларының біреуін Орталық Комитет орнынан алу мәселесін көтерсе, Берзин мұны Орталық Комитеттің қатты кеткендігі деп ойлайды. Бұл мүлде дұрыс емес. Мен Берзинге 1919 жылдың немесе 1920 жылдың кейбір оқыйғаларын ескерте алар едім; сол кезде Орталық Комитеттің партия жолы жөнінде кейбір, менінше, онша үлкен емес қателер жіберген кейбір мүшелеріне, Лениннің ұсынысы бойынша, үлгі боларлық жаза берілді, олардың біреуі Түркстанға жіберілді, екіншісі Орталық Комитеттің құрамынан шығарылуға аз-ақ қалған еді.

Лениннің бұлай етуі дұрыс па еді? Менінше, оның мұнысы әбден дұрыс еді. Орталық Комитеттің жайы ол кезде қазіргідей емес еді. Орталық Комитеттің жарма-жары ол кезде Троцкийге ерді, ал Орталық Комитеттің өзінің жайы тұрақты емес еді. Қазір Орталық

Комитеттің қолданатын шаралары ондағыдан көп жұмсақ. Неге? Мүмкін, біз Лениннен гөрі рақымшылдырақ болғымыз келетін шығар? Жоқ, әңгіме онда емес. Орталық Комитеттің жайы бұл күнде ол кездегіден анағұрлым тұрақты, сондықтан Орталық Комитеттің қазір жұмсағырақ шара қолдануға мүмкіншіліктері бар, әңгіме осында.

Сахаровтың Орталық Комитет бұл іске кеш араласты, деуі де дұрыс емес. Дұрыс болмайтын себебі — Орталық Комитеттің бұл іске, шынында, осы жылдың февралынан бастап араласқанын ол, шамасы, білмейді. Көңілі болса Сахаров бұған көзін жеткізе алады. Рас, Орталық Комитеттің араласуы бірден ойдағыдай нәтиже бермеді. Бірақ бұл жөнде Орталық Комитетті айыптау өрескел болар еді.

Қортындылар:

1) оңшылдық қауіп — біздің партияда үлкен қауіп, өйткені оның тамыры біздің елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайда жатыр;

2) бізде қыйыншылықтардың болғандығы оңшыл уклонның қаупін күшейте түседі, оңшыл уклонды және оған ымырашылдық етуді жеңбей, ол қыйыншылықтарды жеңу мүмкін емес;

3) Москва ұйымында ауытқушылық пен тәлтіректеушілік болды, табансыздық элементтері болды;

4) Москва комитетінің ұйтқысы Орталық Комитеттің, аудандық активтердің жәрдемімен ауытқушылықты жоюға барлық керекті шараларды істеді;

5) Москва комитетінің мұнан бұрын байқалған кәтелерді жеңе алатындығына күмән болмау керек;

6) міндет — ішкі күресті жою, Москва ұйымын бір-

ыңғай біріктіру, өзара сынды өрістете түсу негізінде ұялардың қайта сайлауын ойдағыдай өткізу. (Қол шапалақтау.)

„Правда“ № 247,
23 октябрь, 1928 ж.

Ш. ЖОЛДАСҚА ЖАУАП

Ш. жолдас!

Сіздің хатыңызды алдым, бірақ Сізбен ешбір келісе алмайтындығымды айтуға тиіспін.

1) Әзірге біз ұсақ шаруалы ел болып қалып отырғанда, бізде капитализмнің қайта орнау қаупі өмір сүреді дегенді Лениннің цитаталарынан айқын көруге болады. Сіз Лениннің бұл айтқандарын «ССРО-да болып отырған қазіргі дәуірге қолдануға болмайды» дейсіз. Неге? деген сұрау туады. Біз әлі де болса ұсақ шаруалы ел болып қалып отырғанымыз жоқ па?

Әрине, бізде социалистік өнеркәсіп дамып отырған жағдайда және коллективтік шаруашылықтың түрлері деревняда етек ала бастаған жағдайда, капитализмді қайта орнату әрекеттері де азая береді. Бұл факт. Бірақ бұдан біз ұсақ шаруалы ел болудан кеттік деп қарауымызға бола ма? ССРО-да социалистік шаруашылықтың формалары соншалықты дамыды, сондықтан оны ұсақ шаруашылықты ел деп санауға болмайды деуге бола ма? Әрине, болмайды.

Ал бұдан нені аңғаруға болады? Бұдан бір ғана нәрсені аңғаруға болады — бізде капитализмнің қай-

* — Осы томның 247 — 265-беттерін қараңыз. Ред.

сөйтіп шаруалардан қол үзу арқылы индустрияландыру жөніндегі өзінің қыяли жоспарын жүргізбекші болады деп тура айтамын. Менің сөзімде (егер Сіз оны оқыған болсаңыз) былай делінген: «біздің партия ішінде «солшыл» уклонның жеңуі жұмысшы табын оның шаруалар базасынан қол үзуге, жұмысшы табының авангардын қалған жұмысшы бұқарасынан қол үздіруге, — демек, пролетариаттың жеңілуіне алып келген болар еді, сөйтіп капитализмнің қайта орнау жағдайын жеңілдеткен болар еді». Сіз, әрине, әңгіме тек индустрияландырудың қарқыны туралы ғана болып отырмағанын түсінерсіз.

Меніңше, бұл арада жалпы алғанда троцкизмге қарсы айтылғандардың ішіндегі ең негізділері айтылған.

Әрине, менің сөзімде, оңшыл уклонға қарағанда, «солшыл» уклон туралы аз айтылады. Оның себебі: менің сөзімнің тақырыбы оңшыл уклон туралы мәселе, мен сөзімнің басында оны ескерттім де, сондықтан мұның өзі МК мен МБК-ның біріккен пленумының күн тәртібіне толық сәйкес келеді. Бірақ бір нәрсені мойындамауға болмайды: бұған қарамастан, менің сөзімде троцкизм туралы барлық негізділері, жалпы алғанда троцкизмнің, бір жағынан, ленинизмнен айырмасы, екінші жағынан, оңшыл уклоннан айырмасы айтылған.

Сізді қанағаттандыру үшін оңшыл уклонға арналған сөзімде троцкизм туралы тағыда не айту керек?

3) Біздің Саяси Бюрода оңшыл да, «солшыл» да уклон жоқ немесе олармен ымырашылдар да жоқ деп айтқан менің мәлімдемем Сізді қанағаттандырмайтын көрінеді. Менің мұндай мәлімдеме жасауыма не-

гіздерім болды ма? Я, болды. Неге? Неге десеңіз, Орталық Комитеттің Москва ұйымы мүшелеріне арнап жазған үндеуінің текстін Саяси Бюрода қабылдарда Саяси Бюроның бар мүшелерінің ішінен бір де қарсы дауыс болған жоқ. Бұл жақсы ма, әлде жаман ба? Меніңше, жақсы. Саяси Бюроның 1928 жылғы октябрьдегі халін сыйпаттағанда осындай фактыларды елемеуге бола ма? Әрине, болмайды.

Коммунистік сәлеммен *И. Сталин*

27 октябрь, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ЛЕНИН КОМСОМОЛЫНА

БЛКЖО-ның онжылдық мерекесі күніне арналған құттықтау

Ленин комсомолына оның онжылдық мерекесі күні сәлем жолдаймын!

Ленин комсомолы біздің революциямыздың жас резерві болып табылады және бола да бермек. Ондаған және жүздеген мың жұмысшы-шаруа өкілдерінің тамаша жас ұрпақтары комсомол қатарында тәрбиеленді, революциялық рухта шыңдалып, біздің партияға, біздің Советтерге, біздің кәсіпшілер одағымызға, біздің Қызыл Армиямызға, біздің Қызыл Флотқа, біздің кооперацияға, біздің мәдени ұйымдарға келіп құйылып, большевиктердің қарт гвардиясының орнын басты.

Комсомолдың мұндай қыйын мәселені жеңіп шығуының себебі — ол өзінің жұмысын партия басшылығымен жүргізді, ол өзінің игілікті ісінде жалпы алғанда оқуды, әсіресе лениндік оқуды, күнделікті практикалық жұмыспен байланыстыра білді, ол жұмысшы мен жұмысшы әйелдердің, шаруа мен шаруа әйелдердің жас ұрпақтарын интернационалдық рухта тәрбиелей білді, ол қарт және жас ленишілдер ара-

сында, қарт және жас гвардия арасында бәріне бірдей ортақ тіл таба білді, ол өзінің барлық жұмысын пролетариаттың диктатурасы мен социалистік құрылыстың жеңу мүдделеріне бағындыра білді.

Сондықтан да комсомол Ленин туын жоғары ұстай білді.

Комсомол біздің және халықаралық пролетариат алдындағы өзінің борышын бұдан былай да орындай алады деп сенеміз.

Біздің партиямыздың екі миллиондық резерві — Ленин комсомолына сәлем!

Комсомол ұрпағы жасасын!

И. Сталин

„Правда" № 252,
28 октябрь, 1928 ж.

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА[57]

Жұмысшы әйелдерге және қала мен деревняның барлық еңбекші әйелдеріне туысқандық сәлем!

Олардың қанауды, езушілікті, теңсіздікті, қараңғылықты, мәдениетсіздікті жою жолындағы күрестерінде табысқа жетулеріне тілектеспін!

Жұмысшы табының басшылығы арқасында барлық еңбекшілермен бірыңғай майдан құрып — капитализмді жою үшін, пролетариат диктатурасын нығайту үшін, жаңа социалистік қоғам орнату үшін алға ұмтылыңдар!

И. Сталин

„Правда" № 267,
17 ноябрь, 1928 ж.

ЕЛІМІЗДІ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БК(б)П-ДАҒЫ ОҢШЫЛ УКЛОН ТУРАЛЫ

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында сөйленген сөз[53]

19 ноябрь, 1928 ж.

Жолдастар, мен Саяси Бюроның тезистерінде қойылған негізгі үш мәселе жөнінде сөйлеймін.

Елімізді индустрияландыру туралы және индустрияландыру ісіндегі басшы фактор — өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісін дамыту туралы, бұл дамудың қарқынын мүмкіндігінше тездету туралы мәселе жөнінде сөйлеймін.

Сонсоң бізде ауыл шаруашылығы даму қарқынының индустрия даму қарқынынан тым артта қалып отырғандығы туралы мәселе жөнінде және сондықтан қазіргі жағдайда біздің ішкі саясатымыздағы ең күрделі мәселе болып отырған ауыл шаруашылығы туралы мәселе, әсіресе астық проблемасы туралы мәселе, жаңа техника негізінде ауыл шаруашылығын қалай көтеріп, қайта құру керек екендігі туралы мәселе жөнінде сөйлеймін.

Ақырында, үшінші мәселе — партия жолынан тайған уклондар жөніндегі мәселе, екі майданда бірдей күрес жүргізу туралы және қазіргі жағдайда бізде

ең басты қауіп болып отырған оңшылдық қауіп, оңшыл уклон туралы мәселе жөнінде сөйлеймін.

I

ИНДУСТРИЯНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Біздің тезистеріміздің негізгі пункті — жалпы индустрияның, әсіресе өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің тез қарқынмен дамуы елімізді индустрияландыру ісінің негізгі өзегі мен кілті болып табылады, біздің бүкіл халық шаруашылығын социалистік даму негізінде қайта құру ісінің негізгі өзегі мен кілті болып табылады деген ереже.

Ал индустрияның тез қарқынмен дамуы дегеніміз не? Бұл — өнеркәсіпке күрделі қаржыларды көбірек жұмсау деген сөз. Ал мұның өзі біздің барлық жоспарларымыздың, бюджеттік жоспарымыздың да, бюджеттен тыс жоспарымыздың да шұғыл болуына әкеп соғады. Шынында да соңғы үш жылдың ішінде, қайта құру дәуірінің ішінде, болған біздің бақылау цифрларының ерекше белгісі — бізде олардың жасалуы да, жүзеге асырылуы да шұғыл болып келді. Біздің бақылау цифрларын алсаңыз да, біздің бюджеттік белгіленген жоспарларымызды алып қарасаңыз да, біздің партиялық жолдастармен — партия ұйымдарында жұмыс істейтіндерімен болсын, біздің совет, шаруашылық және кооперативтік құрылысымызды басқаратындарымен болсын — әңгімелессеңіз де — осылардың барлығынан да айырықша бір нәрсе — жоспарларымыздың шұғылдығы көрініп тұрады.

Жоспарлардың осындай шұғыл болуының бізге

жалпы алғанда керегі бар ма? — деген сұрау туады. Шұғыл істемей-ақ қоюға болмай ма? Жұмысты бұдан гөрі жайырақ қарқынмен, бұдан гөрі «тынышырақ» жағдайда істеуге болмай ма? Индустрияны дамыту жөнінде біздің алып отырған тез қарқынымыз Саяси Бюро мен Халық Комиссарлары Советі мүшелерінің мінездерінің тынышсыздығынан болып отырған жоқ па екен?

Әрине, олай емес! Саяси Бюро мен Халық Комиссарлары Советінде салмақты және байсалды адамдар отыр. Сыртқы және ішкі жағдайларға көңіл бөлмей, жалпы айтқанда, әрине, біз істі бұдан гөрі жайырақ қарқынмен жүргізе алған болар едік. Бірақ әңгіме мынада болып отыр: біріншіден, сыртқы және ішкі жағдайларға көңіл бөлмеуге болмайды және, екіншіден, егер өзімізді қоршап отырған жағдайға сүйенетін болсақ, онда өнеркәсібімізді тез қарқынмен дамытуға бізді нақ осының өзі, осы жағдай, мәжбүр етіп отырғандығын мойындамауға болмайды.

Өнеркәсіпті тез қарқынмен дамытуға бізді мәжбүр етіп отырған осы жағдайды, сыртқы және ішкі халіміздің осы жағдайларын, қарастыруға көшуге рұқсат етіңіздер.

Сыртқы жағдайлар. Біз техникасы адам айтқысыз артта қалған елде өкімет басына келдік. Бізде аздыкөпті болсын жаңа техникаға негізделген азын-аулақ ірі өнеркәсіп орындарымен қатар, қазіргі замандағы табыстардың тұрғысынан қарағанда техникасы ешбір сынды көтере алмайтын жүздеген, мыңдаған фабрикалар мен заводтар бар. Ал оның бержағында біздің айналамызда толып жатқан капиталистік елдер бар, біздің елге қарағанда олардың анағұрлым өркени-

ген, анағұрлым жаңа өнеркәсіптік техникасы бар. Капиталистік елдерге қараңыздаршы, сонда сіздер онда техниканың тек алға басып қана қоймай, сонымен қатар өнеркәсіптік техниканың ескі формаларын басып озып, алға қарай зымырап бара жатқанын көресіздер. Сөйтіп былай болып шығып отыр: бір жағынан, біздің елде ең алдыңғы қатардағы Совет қоғамы және бүкіл дүние жүзінде ең алдыңғы қатардағы өкімет, Совет өкіметі болып отыр, екінші жағынан, социализм мен Совет өкіметінің базасы болуға тиісті өнеркәсіптің техникасы бізде тым артта қалып отыр. Осындай қайшылық болып отырғанда біздің елде социализмнің түпкілікті жеңіп шығуын қамтамасыз етуге болады деп ойлайсыздар ма?

Бұл қайшылықты жою үшін не істеу керек? Бұл үшін ілгері дамыған капиталистік елдердің алдыңғы қатардағы техникасын қуып жетіп, басып озу қажет. Саяси жаңа қоғам, Совет қоғамын орнату жөнінде біз алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді қуып жетіп, басып оздық. Бұл жақсы. Бірақ бұл аз. Біздің елде социализмнің түпкілікті жеңіп шығуын қамтамасыз ету үшін бұл елдерді енді техника-экономика жағынан да қуып жетіп, басып озу керек. Не біз мұны істейміз, не бізді құлатады.

Бұл тек социализм орнату тұрғысынан ғана дұрыс болып қоймайды. Бұл сонымен қатар капиталистік қоршау жағдайында еліміздің тәуелсіздігін қорғау тұрғысынан да дұрыс болып шығады. Қорғаныс үшін жеткілікті өнеркәсіптік база болмайынша, еліміздің тәуелсіздігін қорғап қалу мүмкін емес. Өнеркәсіптің жоғарғы дәрежедегі техникасына қол жетпей тұрып, мұндай өнеркәсіп базасын орнату мүмкін емес.

Индустриының тез қарқынмен дамуы бізге осы үшін керек және бізді бұған осы жағдай мәжбүр етіп отыр.

Еліміздің техникалық-экономикалық артта қалғандығын біз ойлап шығарғанымыз жоқ. Бұл артта қалғандық — ғасыр бойы келе жатқан, еліміздің бүкіл тарихы бізге мұра етіп қалдырып кеткен артта қалғандық. Бұл артта қалғандықтың өзі бұрын да, революцияға дейінгі дәуірде де, кейін де, революциядан кейінгі дәуірде де, сор болып келді. Батыстағы неғұрлым ілгері дамыған елдермен істес болған кезінде Ұлы Пётр армияны жабдықтау үшін және елдің қорғанысын күшейту үшін жанталаса заводтар мен фабрикалар салдырған-ды, ол кезде оның мұнысы артта қалғандықтың шеңберінен шығу үшін өзінше әрекет жасағандық еді. Алайда, бұрынғы таптардың бірде-бірінің, феодалдық аристократияның да, буржуазияның да еліміздің артта қалғандығын жою міндетін шеше алмағандығы толық түсінікті. Ол ол ма, бұл таптардың бұл міндетті шеше алмағандығы былай тұрсын, олар керек десе оны, бұл міндетті, белгілібір қанағаттанарлық түрде қоюға да қабілетсіз болды. Еліміздің ғасыр бойы келе жатқан артта қалғандығын тек социалистік құрылысты ойдағыдай жүргізу негізінде ғана жоюға болады. Ал оны өз диктатурасын орнатып, елді басқару ісін өз қолына алып отырған пролетариат қана жоя алады.

Еліміздің артта қалғандығын біз ойлап шығарғанымыз жоқ, оны бізге еліміздің бүкіл тарихы мұра етіп қалдырып кеткен, сондықтан біз ол үшін жауап бере алмаймыз және жауап беруге тиіс емеспіз деп өзімізді жұбатсақ, ақымақтық болар еді. Бұл дұрыс

емес, жолдастар. Біз өкімет басына келгендіктен және елімізді социализм негізінде қайта құру міндетін өз мойнымызға алғандықтан барлығына да, жаманына да, жақсысына да жауап береміз және жауап беруге тиіспіз. Біз дәл барлығына жауап беретін болғандықтан да біз өзіміздің техникалық-экономикалық артта қалғандығымызды жоюға тиіспіз. Егер алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді шынымен қуып жетіп, басып озғымыз келсе, біз мұны міндетті түрде істеуге тиіспіз. Ал мұны тек біз, большевиктер ғана істей аламыз. Нақ осы міндетті жүзеге асыру үшін біз индустриямызды ұдайы тез қарқынмен дамытып отыруға тиіспіз. Индустриямызды кәзірдің өзінде-ақ біздің тез қарқынмен дамытып отырғандығымызды кәзір жұрттың бәрі біледі.

Алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді техника-экономика жағынан қуып жетіп, басып озу мәселесі, — бұл мәселе біз, большевиктер үшін ешқандай жаңалық немесе күтпеген нәрсе емес. Бұл мәселе бізде 1917 жылы-ақ, Октябрь революциясының алдындағы дәуірде-ақ, қойылған болатын. Бұл мәселені Ленин 1917 жылы сентябрьде-ақ, Октябрь революциясының қарсаңында, империалистік соғыс дәуірінде, «Төніп келе жатқан апат және оған қарсы қалай күресу керек» деген кітапшасында қойған болатын.

Бұл жөнінде Ленин былай деген болатын:

«Революцияның істеген ісі: Россия бірнеше айдың ішінде өзінің **саяси** құрылысы жағынан алдыңғы қатардағы елдерді қуып жетті. Бірақ бұл аз. Соғыс қатал нәрсе, ол мәселені аяусыз қатты қояды: не өлімге рыйза болу керек, не алдыңғы қатардағы елдерді **экономика** жағынан да қуып жетіп, басып озу керек... Не өлімге рыйза болу керек, не жан аямай алға ұмтылу керек. Тарих мәселені осылайша қойып отыр» (XXI том, 191-бет).

Біздің техникалық-экономикалық артта қалғандығымызды жою туралы мәселені Ленин осылайша қатаң қойған болатын.

Ленин мұның бәрін Октябрь революциясының қарсаңында, пролетариат өкіметті алмай тұрған дәуірде, большевиктердің қолында өкімет билігі де, социализацияланған өнеркәсіп те, миллиондаған шаруаларды қамтыйтын кең таралған кооперация да, колхоздар да, совхоздар да болмаған кезде жазған болатын. Кәзірде, біз өзіміздің техникалық-экономикалық артта қалғандығымызды мүлде жою үшін белгілібір күрделі нәрселерге ие болып отырған кезде, Лениннің бұл айтқан сөздерін шамалап былайша өзгертіп айтқан болар едік:

«Біз пролетариат диктатурасын орнатып, алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді **саяси** жағынан қуып жетіп, **басып оздық.** Бірақ бұл аз. Біз пролетариат диктатурасын, өзіміздің социализацияланған өнеркәсібімізді, транспортымызды, кредит системасын, т. т., кооперацияны, колхоздарды, совхоздарды, т. т. алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді **экономика** жағынан да қуып жетіп, **басып озу** үшін пайдалануға тиіспіз».

Егер бізде, айталық, дәл Германиядағы сыяқты өркендеген өнеркәсіп пен өркендеген техника болса, егер индустрияның бүкіл халық шаруашылығындағы үлес салмағы, мәселен, дәл Германиядағы сыяқты жоғары болған болса, индустрияны тез қарқынмен дамыту мәселесі бізде дәл кәзіргідей шұғыл қойылмаған болар еді. **Мұндай жағдай болған күнде** біз капиталистік елдерден қалып қоямыз деп қорықпай-ақ, оларды бір-ақ сермеп басып озатындығымызды

біле отырып, индустрияны кәзіргіден гөрі жәй карқынмен дамыта алар едік. Бірақ ондай жағдай болса, бізде кәзіргі болып отырғандай техникалық-экономикалық елеулі артта қалушылық болмаған болар еді. Мәселе дәл мынада болып отыр: бұл жөнінде біз Германиядан артта қалып отырмыз және біз оны техника-экономика жағынан әлі де ешбір қуып жеткеніміз жоқ.

Егер біз пролетариат диктатурасының **бірден-бір** ғана елі емес, пролетариат диктатурасы **елдерінің** бірі болған болсақ, егер пролетариат диктатурасы тек біздің елде ғана болып қоймай, сонымен қатар басқа, айталық, Германия мен Франция сыяқты, неғұрлым алдыңғы қатардағы елдерде де болған болса, индустрияны тез қарқынмен дамыту мәселесі мұндай шұғыл қойылмаған болар еді.

Мұндай жағдай болған күнде капиталистік қоршау біз үшін кәзіргісіндей елеулі қауіп бола алмаған болар еді, еліміздің экономикалық тәуелсіздігі туралы мәселе, әлбетте, кейінгі қатарға шығып қалған болар еді, біз неғұрлым ілгері дамыған пролетарлық мемлекеттердің системасына қосылған болар едік, біз оларды шикізатпен және азық-түлік өнімдерімен жабдықтай отырып, олардан өзіміздің өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымызды ұрықтандыру үшін машиналар алған болар едік, демек, біз индустриямызды кәзіргіден гөрі жәй қарқынмен дамыта алар едік. Бірақ, бізде мұндай жағдайдың әлі жоқ екендігін және біздің әлі де болса пролетариат диктатурасының **бірден-бір** ғана елі екендігімізді, бізді капиталистік елдердің қоршап отырғандығын, олардың көбі техника-

экономика жағынан бізден әлдеқайда ілгері жатқандығын сіздер жақсы білесіздер.

Сондықтан да алдыңғы қатардағы елдерді экономика жағынан қуып жетіп, басып озу мәселесін Ленин дамуымыздың өмірі мен өлімінің мәселесі етіп қойған болатын.

Индустриямызды тез қарқынмен дамытуға бізді мәжбүр етіп отырған **сыртқы** жағдайлар осындай.

Ішкі жағдайлар. Бірақ сыртқы жағдайлардан басқа, біздің бүкіл халық шаруашылығының басты негізі болып отырған индустриямызды тез қарқынмен дамытуға мәжбүр етіп отырған ішкі жағдайлар да бар. Мен біздің егін шаруашылығының, оның техникасының, оның мәдениетінің тым артта қалғандығын айтып тұрмын. Мен біздің елде бытыраңқы және мүлде артта қалған өндірісі бар ұсақ товар өндірушілердің басым көпшілік екендігін айтып тұрмын, олармен салыстырғанда біздің социалистік ірі өнеркәсібіміз теңіз ортасындағы арал сияқты, оның үстіне негізі күн санап ұлғайып келе жатқан арал сияқты болып көрінеді, бірақ әлі де болса теңіз ортасындағы арал болып көрінеді.

Бізде дағдыда индустрия дегеніміз — бүкіл халық шаруашылығының, оның ішінде ауыл шаруашылығының да, басты негізі болып табылады, индустрия дегеніміз — артта қалған, бытыраңқы егіншілікті коллективтік негізде қайта құруға мүмкіншілік беретін кілт болып табылады деседі. Бұл өте дұрыс. Сондықтан біз бұдан бір минут те кейін шегінбеуге тиіспіз. Сонымен қатар, егер индустрия бас негіз болып табылатын болса, ауыл шаруашылығы индустрия өнімін сіңіріп отыратын рынок ретінде де, шикізат пен

азық-түлік беріп тұрушы ретінде де, халық шаруашылығының керегі үшін жабдықтар әкелуге қажетті экспорт қорының шығар бұлағы ретінде де индустрияның даму негізі болып табылатындығын да естен шығармау керек. Ауыл шаруашылығын мүлде артта қалған техника жағдайында қалдыра отырып, индустрияны ауылшаруашылық қорымен қамтамасыз етпей тұрып, ауыл шаруашылығын қайта құрмай тұрып, оны индустрияның қатарына қарай итермелемей тұрып, индустрияны алға бастыруға бола ма? Жоқ, болмайды.

Осыдан келіп — ауыл шаруашылығын жаңа техникалық негізде қайта құру ісін тездетіп, алға бастыру үшін қажетті өндіріс құралдарымен және өндіріс құрал-жабдықтарымен ауыл шаруашылығын барынша қамтамасыз ету міндеті қойылады. Бірақ бұл міндетті іске асыру үшін индустриямызды тез қарқынмен дамыту қажет. Әрине, біріккен және бір орталыққа бағынған социалистік өнеркәсіпті қайта құрудан гөрі, бытыраңқы, шашылып жатқан ауыл шаруашылығын қайта құру анағұрлым қыйын іс. Алайда бұл міндет алдымызда тұрғандықтан біз оны шешуге тиіспіз. Ал өнеркәсіпті тез қарқынмен дамыту негізінде болмаса, оны басқаша шешу мүмкін емес.

Совет өкіметі мен социалистік құрылысты шексіз, яғни тым ұзақ уақыт бойы әртүрлі екі негізге, ең ірі, біріккен социалистік өнеркәсіп негізі мен ең бытыраңқы, артта қалған ұсақ товарлы шаруа шаруашылығының негізіне сүйей беруге болмайды. Ауыл шаруашылығын социалистік өнеркәсіптің қатарына тарта отырып, оны бірте-бірте, ұдайы және табандылықпен жаңа техникалық негізге, ірі өндіріс негізіне көшіру

керек. Не біз бұл міндетті шешеміз, — онда біздің елде социализмнің түпкілікті жеңуі қамтамасыз етіледі, не біз бұл міндеттен кейін шегінеміз, бұл міндетті шеше алмаймыз, — онда капитализмге қалайда қайта оралып келу мүмкін.

Бұл жөнінде Ленин былай дейді:

«Еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализмге неғұрлым берігірек экономикалық база бар. Мұны есте сақтау қажет. Деревняның тұрмысын қаланың тұрмысымен салыстырып, зер салып бақылаған әрбір адам, капитализмнің тамырын жұлмағанымызды және ішкі дұшпанның іргесін, негізін жоймағанымызды біледі. Ішкі дұшпан ұсақ шаруашылыққа сүйенеді, оны әлсірету үшін бір құрал бар, ол құрал — еліміздің шаруашылығын, соның ішінде егіншілікті де, жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру. Мұндай база тек электр болып табылады. Коммунизм дегеніміз — Совет өкіметі, оның үстіне бүкіл елімізді электрлендіру деген сөз» (XXVI том, 46-бет).

Көріп отырсыздар, елді электрлендіру дегенде Ленин жеке электр станцияларын жеке-дара салуды айтып отырған жоқ, «еліміздің шаруашылығын, **соның ішінде егіншілікті де***, жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің», қалай болған күнде де, тікелей болсын, жанамалап болсын, электрлендіру ісімен байланысы бар «ірі өндірістің техникалық базасына» біртелеп «көшіруді» айтып отыр.

Ленин бұл сөзді Советтердің VIII съезінде 1920 жылы декабрьде, нэпті қолданардың дәл алдында, айтқан болатын, Ленин бұл сөзінде электрлендірудің атақты жоспарын, яғни Гоэлро жоспарын негіздеген болатын. Кейбір жолдастар осыған сүйеніп, бұл

* Курсив менікі. И. Ст.

цитатада айтылған ереже кәзіргі жағдайға қолдануға келмейді деседі. Неге? — деп сұрауға болады. Неге десеңіз, онан бері көп заман өтті деседі. Әрине, онан бері көп заман өткені рас. Кәзір бізде өркендеген социалистік өнеркәсіп бар, толып жатқан колхоздарымыз бар, бізде ескі және жаңа совхоздар бар, бізде өркендеген кооперативтік көптеген ұйымдар бар, бізде шаруа шаруашылықтарына ақы алып қызмет ететін пункттер бар, кәзірде біз байланыс жасаудың жаңа формасы ретінде контрактация әдісін қолданып отырмыз, сөйтіп біз ауыл шаруашылығын біртіндеп жаңа техника негізіне көшіру үшін осы құралдардың бәрін және басқа да бірсыпыра құралдарды іске жұмсай аламыз. Мұның бәрі рас. Бірақ сонымен қатар, осының барлығына қарамастан, біздің әлі де ұсақ шаруалы, ұсақ өндірісі басым ел күйінде қалып отырғандығымыз да рас. Ал мұның өзі — негізгі нәрсе. Сондықтан бұл негізгі нәрсе өмір сүріп отырғанда Лениннің — «еліміз әзірге ұсақ шаруалы ел болып отырғанда, Россияда капитализмнің экономикалық базасы коммунизмнен гөрі берігірек», демек, капитализмнің қайта орнау қаупі бос сөз емес, дейтін тезисі күшінде қалады.

Ленин нэпті қолданғаннан кейін (март — апрель 1921 ж.) жазылған «Азық-түлік салығы туралы» деген кітапшасының жоспарында бұдан гөрі ашықтау етіп, нақ осыны айтқан болатын:

«Е г е р 10—20 жылдан кейін электрлендіру болса, онда ұсақ егіншінің жекешілдігі және **о н ы ң** жергілікті товар айналысында еркімен сауда жасауы титтей де қауіпті емес. **Е г е р** электрлендіру болмаса, **бәрібір** капитализмге қайта қайтып келетіндігіміз сөзсіз».

Онан соң сол еңбегінде былай деген болатын:

«Шаруалармен 10—20 жылдай дұрыс қарым-қатнас орнатсақ (өсіп келе жатқан пролетарлық революциялар ұзақ уақытқа созылған күннің өзінде де) жержүзілік көлемде жеңуіміз қамтамасыз етілген болады, әйтпесе 20—40 жыл бойы ақгвардиялық террордың азабын тартатын боламыз» (XXVI том, 313-бет).

Міне Ленин мәселені осылайша қатаң қояды: не электрлендіру керек, яғни «еліміздің шаруашылығын, соның ішінде егіншілікті де, жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына көшіру» керек, не капитализмге қайта оралып келеміз дейді.

«Шаруалармен дұрыс қарым-қатнас жасау» туралы мәселені Ленин міне осылайша түсінеді.

Бұл арада мәселе шаруаны әлпештеп, осы әлпештеу арқылы онымен дұрыс қарым-қатнас жасалады екен деп ойлауда емес, өйткені әлпештеумен алысқа бара алмайсың, мәселе шаруаның өз шаруашылығын «жаңа техникалық базаға, кәзіргі замандағы ірі өндірістің техникалық базасына» көшіруіне көмектесуде болып отыр, өйткені шаруаларды қайыршылықтан құтқарудың негізгі жолы осында.

Ал индустриямызды, ең алдымен өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін тез қарқынмен дамытпай тұрып, еліміздің шаруашылығын жаңа техникалық базаға көшіру мүмкін емес.

Индустриямызды тез қарқынмен дамытуға бізді мәжбүр етіп отырған ішкі жағдайлар осындай.

Біздің халық шаруашылығының бақылау цифрларының шұғыл болуы міне осындайлық сыртқы және ішкі жағдайларға негізделіп отыр.

Біздің шаруашылық жоспарларымыздың, бюджет-

тік жоспарымыздың да, бюджеттен тыс жоспарымыздың да, шұғыл болып отырғандығының, күрделі құрылыс ісіне, индустрияның тез қарқынмен дамуын қамтамасыз ету мақсатымен, елеулі қаржылар салуды тілеп отырғандығының негізі осында жатыр.

Мұның өзі тезистерде айтылды ма, тезистердің қай жерінде айтылды? — деп сұрауы мүмкін. (Дауыс: «Я, мұның өзі қайда айтылған?».) Бұл туралы 1928/29 жылғы өнеркәсіпке салынған күрделі қаржылардың тезистерде келтірілген сомасы айтады. Біздің тезистеріміз бақылау цифрлары туралы тезистер деп аталады гой. Солай емес пе, жолдастар? (Дауыс: «Солай».) Міне бұл тезистерде біздің 1928/29 жылы күрделі жұмыстарға арнап өнеркәсіпке 1 650 миллион сом жұмсайтындығымыз айтылған. Басқаша айтқанда, біз былтырғыға қарағанда осы жылы өнеркәсіпке 330 миллион сом артық жұмсағалы отырмыз.

Сонымен, біз индустрияның тек даму қарқынын сақтап қана отырғанымыз жоқ, оның үстіне, өнеркәсіпке былтырғыдан да көп қаржы жұмсап, яғни өнеркәсіптегі күрделі жұмысты абсолюттік жағынан да, относительдік жағынан да жоғары көтеріп, бір адым ілгері басып отырмыз.

Халық шаруашылығының бақылау цифрлары туралы тезистердің тетігі осында. Ал кейбір жолдастар нақ түйедей нәрсені көрмей кетіп отыр. Бақылау цифрлары туралы тезистерді ұсақ-түйек жөнінде оңнан да, солдан да сынның астына алып, ал ең маңызды нәрсені көрмей кетіп отыр.

II

АСТЫҚ ПРОБЛЕМАСЫ

Мен осы уақытқа дейін тезистердің бірінші негізгі мәселесі туралы, индустрияның даму қарқыны туралы айттым. Енді екінші негізгі мәселеге, астық проблемасы туралы мәселеге көшейік. Тезистердің айрықша бір белгісі — олар жалпы алғанда ауыл шаруашылығын, жеке алғанда астық шаруашылығын дамыту проблемасын баса көрсетеді. Тезистердің бұл бағыты дұрыс па? Меніңше, дұрыс. Июль пленумының өзінде-ақ біздің халық шаруашылығының дамуындағы ең нәзік жер жалпы алғанда ауыл шаруашылығының, жеке алғанда астық шаруашылығының тым артта қалғандығы болып табылады делінген болатын.

Бізде ауыл шаруашылығының өнеркәсіптен артта қалғандығы туралы айта келіп, бұл жағдайға қынжылу, әрине, орынсыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсіптен қашанда артта қалып келді және артта қала бермек. Мұның өзі біздің жағдайда өте дұрыс, өйткені бізде өнеркәсіп барынша шоғырланып, ал ауыл шаруашылығы мейлінше бытыраңқы болып отыр. Бытыраңқы ауыл шаруашылығынан гөрі біріккен өнеркәсіптің жылдамырақ дамитындығы түсінікті. Сөз арасында айта кету керек, өнеркәсіптің ауыл шаруашылығы жөніндегі басшылық ролінің өзі осыдан келіп шығады. Сондықтан ауыл шаруашылығының өнеркәсіптен әдеттегі артта қалуы астық туралы проблема қою үшін дәлел бола алмайды.

Ауыл шаруашылығының, әсіресе астық шаруашылығының проблемасы ауыл шаруашылығының индустриядан әдеттегі артта қалуы оның даму қарқыны-

ның **тым** артта қалуына айналған кезде ғана күн тәртібіне қойылады. Халық шаруашылығының қазіргі жағдайының айрықша бір белгісі — бізде астық шаруашылығының даму қарқыны индустрияның даму қарқынынан факт жүзінде **тым** артта қалып отыр, өсіп келе жатқан қалалар мен өнеркәсіп пункттерінің тарапынан товарлы астықты керексінушілік орасан өсіп отырған кезде осылай болып отыр. Жағдай осылай болып отырғанда міндет — индустрияның даму қарқынын астық шаруашылығының даму қарқыны дәрежесіне дейін **төмендету** емес (бұл барлық нәрселерді шатастырып, дамуды кері кетірген болар еді), қайта астық шаруашылығының дамуын индустрияның даму қарқынына жеткізіп, астық шаруашылығының даму қарқынын бүкіл халық шаруашылығының, өнеркәсіптің де, ауыл шаруашылығының да тез алға басуын қамтамасыз ететін дәрежеге **көтеру** болып табылады.

Не біз бұл міндетті шешеміз, сонда астық проблемасы да шешіледі, не біз оны шеше алмаймыз, онда социалистік қала мен ұсақбуржуазиялық деревняның арасында ажырасушылық тумай қоймайды.

Бізде мәселе осылай қойылып отыр, жолдастар. Астық проблемасының мән-жайы осындай.

Мұның өзі бізде астық шаруашылығының дамуында «тоқыраушылық» болып отыр немесе тіпті «кері кетушілік» болып отыр дегенді көрсете ме? Фрумкин өзінің екінші хатында мәселені нақ осылай қояды, бұл хатты біз бүгін оның талап етуі бойынша Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелеріне таратып бердік. Бұл хатта ол біздің ауыл шаруашылығымызда «тоқыраушылық» бар деп тіке айтады. Ол былай дейді: «Біз кері кетушілік туралы баспасөзде жаза

алмаймыз және жазуға да тиісті емеспіз, алайда біз бұл артта қалушылықтың кері кетушілікпен тең екендігін партияның өз ішінде жасырмауға тиіспіз».

Фрумкиннің бұл айтқаны дұрыс па? Әрине, дұрыс емес! Біз, Саяси Бюро мүшелері, мұндай пікірге мүлде қарсымыз, ал Саяси Бюроның тезистері астық шаруашылығының хал-жайы туралы мәселені бұлайша суреттеуге мүлде жанаспайды.

Расында да, кері кетушілік дегеніміз не және ол ауыл шаруашылығында қалай байқалады? Кері кетушілік болса, сірә, ауыл шаруашылығы кері кетіп, төмендеуге тиіс, шаруашылық етудің жаңа формаларынан оның ортағасырлық формаларына қарай беттеуге тиіс. Кері кетушілік болса, шаруалар, айталық, үш нәубетті егістен жерді бос қалдырып тыңайтатын шаруашылыққа көшуге тиіс, плуг пен машиналардан соқаға, тазартылған, таза сортты тұқымнан тазартылмаған, шығымсыз тұқымға, егіншіліктің қәзіргі мәдениетінен төменгі мәдениетке, т. т. және сондайларға көшуге тиіс. Ал бізде қәзір мұндай фактылар бар ма? Шаруалардың ондаған және жүздеген мың үй болып жыл сайын үш нәубетті егістен төрт нәубетті және онан да көп нәубетті егіске, шығымсыз тұқымнан таза сортты тұқымға, соқадан плуг пен машиналарға, егіншіліктің төменгі мәдениетінен оның жоғарғы мәдениетіне көшіп отырғандығы барлық жұртқа мәлім емес пе? Осындай кері кетушілік бола ма екен?

Фрумкин жалпы алғанда өзінің көзқарасын негіздеу үшін Саяси Бюро мүшелерінің кейбіреулерінің етегіне жармасуды жақсы көреді. Бухарин өзінің

«Экономистің заметкалары» деген мақаласында «нақ осыны» айтып отыр деп дәлелдеу үшін оның бұл арада да Бухариннің етегіне жармасуға тырысуы толық мүмкін нәрсе. Бірақ Бухарин тіпті де «нақ осыны» айтып отырған жоқ. Бухарин өзінің мақаласында кері кетушіліктің мүмкіндігі немесе оның қаупі туралы дерексіз, теориялық мәселе қойды. Жалпылап айтқанда, мәселені бұлайша қою әбден мүмкін және заңды нәрсе. Ал Фрумкин не істеп отыр? Ол кері кетушіліктің мүмкіндігі туралы абстрактылы мәселені ауыл шаруашылығының кері кетушілік фактысына айналдырады. Сөйтіп ол мұны астық шаруашылығының хал-жағдайына анализ жасау деп атайды! Мұның өзі адам күлерлік нәрсе емес пе, жолдастар?

Егер Совет өкіметі өзінің өмір сүруінің он бірінші жылында ауыл шаруашылығын кері кетушілікке жеткізген болса, онда Совет өкіметі жақсы-ақ екен! Онда мұндай өкіметті қолдау керек емес, қайта қуып шығу керек болар еді. Егер ол ауыл шаруашылығын кері кетушілікке жеткізген болса, мұндай өкіметті жұмысшылардың өздері-ақ әлдеқашан қуып шыққан болар еді. Ауыл шаруашылығының кері кетушілігін ұйқтап жатып, түсінде көретін түрлі-түсті буржуазияшыл мамандар кері кетушілік туралы бізге көп айтып жүр. Бір кезде кері кетушілік туралы бізге Троцкий де безектеген болатын. Фрумкин мұндай шүбәлі жолға түседі ғой деп мен күтпеген едім.

Фрумкин кері кетушілік туралы өзінің пікірін немен дәлелдейді? Ол мұны, ең алдымен, бізде биыл былтырғыға қарағанда дәнді егіс көлемінің азайғандығымен дәлелдейді. Бұл фактыны немен түсіндіруге болады? Мүмкін, Совет өкіметінің саясатынан деп тү-

сіндіруге болатын шығар? Әрине, олай түсіндіруге болмайды. Бұл фактының болып отырған себебі — Украинаның далалық өңірінде және жартылай Солтүстік Кавказда күздік егіс апатқа ұшырады, быйылғы жылғы жазда Украинаның сол өңірінде құрғақшылық болды. Егер күн райының осындайлық қолайсыз жағдайлары болмаса, — ал ауыл шаруашылығы бүтіндей осы жағдайларға байланысты, — бізде быйылғы жылы дәнді егістің көлемі, ең кемінде, былтырғыдан миллион десятина артық болған болар еді.

Сонсоң, ол өзінің пікірін бізде быйылғы жылы астықтың жалпы өнімінің былтырғыдан аз-ақ артық (70 миллион пұт артық) болып, ал бидай мен қарабидайдың 200 миллион пұт аз болып отырғандығымен дәлелдейді. Ал мұның бәрін немен түсіндіруге болады? Тағыда сол құрғақшылық және күзгі егістің суықтан үсіп кету құбылыстары арқылы түсіндіруге болады. Егер ауа райының осындайлық қолайсыз жағдайлары болмаса, бізде быйылғы жылы астықтың жалпы өнімі былтырғыдан 300 миллион пұт артық болған болар еді. Белгілібір аудандардың егіні үшін шешуші маңызы бар құрғақшылық, суықтың түсуі, т. т. сыяқты факторларды қалайша есепке алмауға болады?

Қәзірде біз егіс көлемін 7 процент кеңейту, егіннің шығымын 3 процент көтеру және дәнді егістердің жалпы өнімін, шамада, 10 процент көбейту міндетін қойып отырмыз. Бұл міндеттерді орындау жөнінде біздің барлық шараларды қолданатындығымызға күмән болуы мүмкін емес. Алайда, осындай шаралар қолдансақ та, біздің белгілібір аудандарда шінара егін шықпай қалатын жағдайға, суыққа немесе құр-

ғақшылыққа ұшырауымыз ғажап емес, оның бержағында, бұл жағдайлардың дәнді астықтың жалпы өнімінің біздің жоспарларымыздағыдан немесе тіпті быйылғы жылғы жалпы өніммен де біраз кемуіне әкеліп соғуы мүмкін. Ал бұдан: ауыл шаруашылығы «кері кетіп» барады, бұл «кері кетушілікке» Совет өкіметінің саясаты кіналы, біз шаруаны шаруашылыққа ынталанудан «қалдырдық», біз оны шаруашылық жөніндегі болашағынан «айырдық» деген қорытынды туа ма?

Бұдан бірнеше жыл бұрын Троцкий нақ осындай қате жіберген болатын, ол «жаңбырдың» ауыл шаруашылығы үшін маңызы жоқ деген болатын. Орталық Комитет мүшелерінің орасан көпшілігінің қолдауымен Рыков оған қарсы шыққан болатын. Енді нақ сол қатені Фрумкин қайталап отыр, ол ауыл шаруашылығы үшін шешуші маңызы бар ауа райы жағдайларын ескермейді, барлығын біздің партия саясатына әкеп үйе салуға тырысады.

Жалпы ауыл шаруашылығының, әсіресе астық шаруашылығының даму қарқынын көтеру үшін қандай жолдар мен әдістер қолдану қажет?

Мұндай жолдар немесе арналар үшеу:

а) жеке кедей-орташа шаруашылықтардың егін шығымын көтеріп, егіс көлемдерін ұлғайту;

б) колхоздарды бұдан былай да дамыту;

в) ескі совхоздарды кеңейтіп, жаңа совхоздарды дамыту.

Бұл туралы июль пленумының қарарында да айтылған болатын. Тезистер июль пленумында айтылғандарды қайталайды, бірақ мәселені неғұрлым нақтылы етіп қояды, бұл іске белгілі қаржылар жұмсау

мағнасында айтқанда мәселені цифр арқылы көрсетеді. Фрумкин ілік тағу үшін бұл арада да сылтау тауып отыр. Ол былай деп ойлайды: егер бірінші орынға жеке шаруа қойылып, екінші және үшінші орынға — колхоздар мен совхоздар қойылатын болса, онда мұның өзі оның көзқарасының жеңгендігінің дәл өзі болып шығады. Мұның өзі адам күлерлік нәрсе, жолдастар. Егер іске ауыл шаруашылығының белгілібір формаларының үлес салмағы тұрғысынан қарайтын болсақ, онда бірінші орынға жеке шаруашылықты қою керек екендігі түсінікті, өйткені ол колхоздар мен совхоздарға қарағанда товарлы астықты алты есе дерлік көп береді. Ал егер іске шаруашылықтың түрпаты жағынан қарайтын болсақ, бізге шаруашылықтың ең жақын формалары қайсысы болады деген тұрғыдан қарайтын болсақ, онда бірінші орынға, жеке шаруа шаруашылығымен салыстырғанда, ауыл шаруашылығының жоғарғы түрпаты болып табылатын колхоздар мен совхоздарды қою керек. Бұл екі көзқарастың екеуінің де біз қолдануға жарайтын көзқарас екендігін тағыда дәлелдеп жату керек пе?

Жұмысымызды осы үш арнаның барлығында бірдей ойдағыдай жүргізу үшін, ауыл шаруашылығының, ең алдымен, астық шаруашылығының даму қарқынын іс жүзінде тездету үшін не істеу керек?

Бұл үшін, ең алдымен, біздің партия кадрларының көңлін ауыл шаруашылығына аударып, астық проблемасының нақтылы мәселелерімен шұғылдандыру қажет. **Жалпы** ауыл шаруашылығы туралы жалпылама бос сөз бен сандырақты қойып, ақырында, түрлі аудандардың түрліше жағдайларына сәйкестіре оты-

рып, астық шаруашылығын көтеру жөнінде **практикалық** шаралар белгілеуге көшу керек. Сөзден іске көшетін уақыт жетті, сөйтіп, ақырында: жеке кедей-орташа шаруашылықтардың егін шығымдылығын көтеру мен егіс көлемін кеңейту ісін **қалай** істеу керек, колхоздар мен совхоздарды бұдан былай **қалай** жақсартып, дамыту керек, шаруаларды жақсы тұқымдармен, асыл тұқымды малмен қамтамасыз ету жөнінде колхоздар мен совхоздардың шаруаларға көмек беруін **қалай** ұйымдастыру керек, ақы алып қызмет ететін пункттер арқылы машина және басқа құралдар жөнінде шаруаларға көмек беруді **қалай** ұйымдастыру керек, контрактация жұмысын және жалпы ауылшаруашылық кооперация жұмысын **қалай** кеңейтіп, жақсарту керек деген нақтылы мәселемен, т. т. және т. с. шұғылданатын уақыт жетті. (Дауыс: «Бұл практикашылдық».) Мұндай практикашылдық бізге өте қажет, өйткені біз мұнсыз астық проблемасын шешу жөніндегі аса зор маңызды істі жалпы ауыл шаруашылығы туралы бос мылжың сөзбен жоққа шығаруымыз ғажап емес.

Орталық Комитет біздің басты-басты астықты аудандардағы негізгі қызметкерлеріміздің ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі мәселе бойынша нақтылы баяндамаларын Халық Комиссарлары Советі мен Саяси Бюрода тыңдау жұмысын ұйымдастыру міндетін қойып отыр. Осы пленумда сіздер Солтүстік Кавказда астық проблемасын шешу жолдары туралы Андреев жолдастың баяндамасын тыңдайсыздар. Меніңше, бұдан былайғы жерде бізге осы сияқты баяндамаларды ретімен Украинадан, Қаратопырақты Орталық Облыстан, Поволжьеден, Сибирьден, т. т. тың-

дауға тура келеді. Партияның көңлін астық проблемасына қарай аударып, ақырында, біздің партия кадрларын астық проблемасына байланысты мәселелерді нақтылы етіп қоя алатын жолға салу үшін мұның өзі барынша қажет нәрсе.

Екіншіден, біздің деревнядағы партия қызметкерлері өздерінің практикалық жұмыстарында орташаларды кулактардан барынша айыра біліп, олардың бәрін бір жерге үйіп-төкпейтін және кулакты ұратын соққыны орташаға тигізбейтін қалге жету қажет. Ақырында, осы сияқты қателер деп аталатындарды жоятын уақыт жетті. Мысалға жеке салық жөніндегі мәселені алсақ та болады. Бізде шаруа үйлерінің көп дегенде 2 — 3 процентіне, яғни кулактардың ең бай тобына жеке салық салу туралы Саяси Бюроның қаулысы мен тиісті заң бар. Ал іс жүзінде не болып жатыр? Бізде шаруалардың 10—12 процентіне, тіпті онан да көп процентіне салық салып, сонымен, шаруалардың орташаларына да кесірін тигізіп отырған бірсыпыра аудандар бар. Бұл қылмысқа тыйым салатын уақыт жеткен жоқ па?

Ал енді осындай және осы сияқты сорақылықты жою үшін нақтылы шаралар белгілеудің орнына, біздің қымбатты «сыншылар» «кулактардың ең бай тобы» деген сөздерді «кулактардың ең күшті тобы» немесе «кулактардың ең жоғарғы тобы» деген сөздермен алмастыруды ұсынып, сөз таластырумен болып жүр. Сірә бұл сөздерді бәрібір емес деп түсінетін болар! Бізде 5 процентке жуық кулактар бар екендігі дәлелденген болатын. Заң бойынша жеке салық ретінде шаруа үйлерінің тек 2 — 3 проценті ғана, яғни кулактардың ең бай тобы ғана салық төлейтіндігі дә-

лелденген болатын. Бұл заңның практикада бірсыпыра аудандарда бұзылып жүргендігі де дәлелденді. Ал «сыншылар» бұл жағдайларды жою үшін нақтылы шаралар қолданудың орнына сөз жүзінде ғана сынға салып, мұнымен істі титтей де өзгерте алмайтындығын түсінгісі келмейді. Бұлар — әріп кемірушілердің дәл өзі! (Дауыс: «Кулактардың барлығына да жеке салық салуды ұсынады».) Олай болғанда 2—3 процентке жеке салық салу туралы заңның жойылуын талап ету керек. Алайда жеке салық салу жөніндегі заңның жойылуын бірде-біреудің талап еткендігін мен естігенім жоқ. Жеке салықты өз бетімен көбейтудегі мақсат — жергілікті бюджетті толықтыру болып табылады деседі. Бірақ жергілікті бюджетті заңды бұзу арқылы, партияның директиваларын бұзу арқылы толықтыруға болмайды. Бізде партия өмір сүріп отыр, ол әлі жойылған жоқ. Совет өкіметі өмір сүріп отыр, ол әлі жойылған жоқ. Ал егер жергілікті бюджет үшін қаражат жетпейтін болса, онда заңдарды бұзбай-ақ, партияның нұсқауларын бұзбай-ақ, жергілікті бюджет туралы мәселе қою керек.

Онан соң жеке кедей-орташа шаруашылықтарға жағдай жасау ісін бұдан былай да дамыта беру кажет. Астық бағасының қазірдің өзінде-ақ жоғарылауы, революциялық заңдылықтың практикада жүзеге асуы, контрактация арқылы кедей-орташа шаруашылықтарға практикалық көмек көрсетілуі, т. т. шаруаның шаруашылыққа ынталы болуын едәуір күшейтеді. Фрумкиннің ойынша: біз шаруаның шаруашылық болашағын алып қойып, бұл ынталы болуды жойып жіберген сияқтымыз немесе жойып жіберуге таяу көрінеміз. Әрине, бұл бос сөз. Егер бұл дұрыс бола-

тын болса, онда жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасының байланысы, одағы, турасын айтқанда не нәрсеге сүйенулі? — міне бұл түсініксіз. Бұл одақты тек моральдық одақ деп ойлауға болмайды ғой. Ақырында, жұмысшы табы мен шаруалар одағының есеп бойынша құрылған одақ екендігін, екі таптың да мүдделерін көздейтін одақ екендігін, жұмысшылар мен шаруалардың негізгі бұқарасының, яғни екі жақтың да пайдасын көздейтін, таптық одағы екендігін түсіну керек қой. Егер біз шаруаларды шаруашылықтың болашағынан айырып, шаруалардың шаруашылыққа ынталы болуын жойған болсақ немесе жоюға жақындасақ, онда бізде байланыстың болмайтындығы, жұмысшы табы мен шаруалар одағының болмайтындығы түсінікті. Бұл арада әңгіме кедей-орташа бұқараның шаруашылыққа ынталы болуын «туғызу» немесе оған «мүмкіншілік беру» туралы емес, қайта бұл ынтаны жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасының өзара пайдасы үшін күшейтіп, онан да әрі дамыту туралы болуы керек екені айқын нәрсе. Халық шаруашылығының бақылау цифрлары жөніндегі тезистер нақ осы туралы айтады.

Ақырында, деревняны товарлармен жабдықтау жұмысын күшейту қажет. Мен бұл арада тұтыну товарларын да және, әсіресе, ауылшаруашылық өнімдері өндірісін жоғары көтеретін өндірістік сыйпаты бар товарларды да (машиналар, жер тыңайтатын нәрселер, т. т.) айтып тұрмын. Бұл жөнінде бізде барлығы бірдей кемеліне келіп тұр деп айтуға болмайды. Сіздер білесіздер, товар тапшылығының болуы әлі тіпті де жойыла қойған жоқ және, сірә, бізде тез арада

жойыла қоймас та. Партиямыздың кейбір топтарында — біз кәзірдің өзінде-ақ товар тапшылығын жоя аламыз деген қыял бар. Амал не, бұл дұрыс емес. Мына жағдайларды ескеру керек: товар тапшылығының болуы, біріншіден, жұмысшылар мен шаруалардың хал-ауқатының көтерілуі мен товар алуға шамасы келетін керексінудің мықтап өсуіне байланысты, өйткені товар өндірісі жыл сайын өсіп келеді, бірақ бұл товарлар керексінудің бәрін қанағаттандыра алмай отыр; ал, екіншіден, өнеркәсіпті қайта құрудың кәзіргі дәуіріне байланысты болып отыр.

Өнеркәсіпті қайта құру дегеніміз қаржыларды тұтыну құрал-жабдықтарының өндіріс саласынан өндіріс құрал-жабдықтарының өндіріс саласына қарай ығыстыру деген сөз болып табылады. Мұнсыз өнеркәсіпті айта қаларлықтай етіп, әсіресе біздің совет жағдайларында, қайта құруға болмайды және қайта құрылуы мүмкін де емес. Ал бұл не деген сөз? Бұл — жаңа кәсіпорындарын құру жұмысына ақша жұмсалып отыр, қалалар мен жаңа тұтынушылардың саны өсіп келеді, ал жаңа кәсіпорындары тек 3 — 4 жылдан кейін ғана көптеген жаңа товарлар бере алады деген сөз. Бұл жағдайдың товар тапшылығын жою ісіне қолайлы бола алмайтындығын түсіну қиын емес.

Бұдан — біз қол қусырып қарап отыруға тиіспіз, товар тапшылығына қарағанда өзіміздің дәрменсіз екенімізді мойындауға тиіспіз деген қортынды шыға ма? Жоқ, ондай қортынды шықпайды. Шындығына келгенде, товар тапшылығын әлсіретіп, бәсеңдету үшін біз нақтылы шаралар қолдана аламыз, қолдануға тиіспіз де. Мұны істеуге болады, мұны біз дереу іс-

теуге тиіспіз. Бұл үшін өнеркәсіптің ауылшаруашылық өндірісін көтеру ісіне тікелей байланысы бар салаларын (Сталинград трактор заводы, Ростов ауылшаруашылық машина өндірісі, Воронеж триер заводы, т. т. және т. с.) күшейту ісін қолға алу керек. Сонсоң, бұл үшін өнеркәсіптің, көпшілік қолды жетімсіз товарларды (шұға, әйнек, шеге, т. т.) көбейту ісіне байланысы бар салаларын, мүмкіндігінше, күшейту қажет. Т. т. және т. с.

Кубяк халық шаруашылығының бақылау цифрлары бойынша жеке шаруа шаруашылығына қаржы былтырғыға қарағанда биыл аз беріледі деді. Меніңше, бұл дұрыс емес. Біздің биылғы жылы шаруаларға контрактация ретінде 300 миллион сомға жуық (былтырғыға қарағанда 100 миллиондай артық) кредит беріп отырғандығымызды Кубяк, сірә, есептемейтін болу керек. Егер бұл жағдайды есептейтін болсақ, — ал оны есептемеуге болмайды, — онда біз жеке шаруа шаруашылығын дамытуға биылғы жылы, былтырғыға қарағанда, көп беріп отырмыз. Ескі, жаңа совхоздар мен колхоздарға келетін болсақ, онда бұл іске биылғы жылы 300 миллион сомға жуық (былтырғыға қарағанда 150 миллион сом артық) қаржы жұмсалынады.

Колхоздарға, совхоздарға және контрактация әдісіне ерекше көңіл бөлу керек. Бұл нәрселерді тек товарлы астық жөніндегі қорларымызды күшейту құралы деп қана карауға болмайды. Сонымен бірге олар жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасының арасындағы **байланыстың жаңа формасы** болып табылады.

Контрактацияның әдісі туралы бізде жеткілікті

айтылды, сондықтан мен бұл туралы көп айтып жатпаймын. Жаппай контрактациялау әдісі жеке шаруа шаруашылықтарының күшін біріктіру ісін жеңілдететіндігі, мемлекет пен шаруалардың арасындағы карым-катнастарға тұрақтылық элементін енгізетіні және, сөйтіп, қала мен деревня арасындағы байланысты нығайтатындығы жұрттың бәріне түсінікті.

Мен колхоздардың және әсіресе совхоздардың жаңа техника негізінде ауыл шаруашылығын қайта құру ісін жеңілдететін, шаруалардың ой-санасында революция жасайтын және олардың тоғышарлықтан, ескіліктен құтылуына көмектесетін күш болып табылатындығына сіздердің көңілдеріңізді аударғым келеді. Біздің астықты аудандарда тракторлардың, ірі ауылшаруашылық машиналар мен трактор колонналарының пайда болуы айналадағы шаруалардың шаруашылықтарына әсерін тигізбей қоймайды. Айналадағы шаруаларға тұқым, машина, трактор жөнінде көрсетілген көмекті шаруалар сөзсіз бағалайды және олар мұны өздерін ауыл шаруалығын ойдағыдай жоғары көтерудің даңғыл жолына шығаруға тырысып отырған Совет мемлекетінің күші мен қуатының белгісі деп есептейді. Біз бұл жағдайды осы уақытқа дейін есепке алмай келдік және, бәлкім, әлі де жеткілікті түрде есепке алмай жүрміз. Бірақ меніңше, астық проблемасын шешу және байланысты өзінің жаңа формаларында нығайту ісінде кәзіргі уақытта колхоздар мен совхоздардың беретін және бере алатын нәтижелерінің ішіндегі ең бастысы осы.

Астық проблемасын шешу ісіндегі біздің жұмысымыздың тиісті жолдары мен тәсілдері жалпы алғанда осындай.

III

УКЛОНДАРҒА ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЫМЫРАЛАСУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ

Енді тезистеріміздің үшінші негізгі мәселесіне, Ленин жолынан ауған уклондар туралы мәселеге көшейік.

Біздің елде ұсақ өндірістің басым болуы, ұсақ өндірістен капиталистік элементтердің өсіп шығуы, біздің партияны ұсақбуржуазиялық стихияның қоршап отырғандығы, ақырында, партиямыздың кейбір звеноларының бұл стихияға шалдығып отырғандығы — уклондардың әлеуметтік негізі болып табылады

Уклондардың әлеуметтік негізі жалпы алғанда міне осындай.

Бұлардың бәрінің, осы уклондардың, ұсақбуржуазиялық сыйпаты бар.

Бұл арада бәрінен бұрын сөз болып отырған оңшыл уклонның мәнісі не? Ол қалай қарай сүйрейді? Ол буржуазиялық идеологияға икемделу жолына, біздің саясатымызды «совет» буржуазиясының талғауы мен тілегіне икемделу жолына сүйрейді.

Егер оңшыл уклон біздің партия ішінде жеңетін болса, онда оның бізге қандай қаупі бар? Онда бұл біздің партияның идеялық талқандалуы, капиталистік элементтердің ерік алуы, капитализмнің қайта орнау немесе, Ленин айтқандай, «капитализмге қайта оралу» мүмкіншіліктерінің көбеюі болады.

Оңшыл уклонға қарай беталыс ең алдымен қайда жатыр? Біздің советтік және шаруашылық, кооперативтік және кәсіпшілік аппараттарда, сонымен қатар

партия аппаратында, әсіресе оның төменгі деревнялық звеноларында жатыр.

Бізде партия мүшелерінің ішінде оңшыл уклонды жақтайтын адамдар бар ма? Сөзсіз бар. Рыков Днепрстрой құрылысына қарсы шыққан Шатуновский жөнінде мысал келтірді. Шатуновскийдің оңшыл уклонға, ашық оппортунизмге қарай ауған уклонға салынғандығында күмән болуы мүмкін емес. Бірақ сонда да, менінше, оңшыл уклонды сыйпаттау үшін, оның бет-бейнесін сыйпаттау үшін Шатуновский онша колайлы емес. Менінше, бұл арада бірінші орынды Фрумкинге беру керек. (Күлкі.) Мен бұл арада оның бірінші хатын (июнь, 1928 ж.) және сонсон оның, осында Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелеріне таратылып берілген (ноябрь, 1928 ж.) екінші хатын айтып тұрмын.

Осы екі хаттың екеуін де карастырып көрейік. Бірінші хаттың «негізгі қағыйдаларын» алайық.

1) **«Деревня, кедейлердің азғана бөлегінен басқасы, бізге қарсы пыйғылда».** Бұл дұрыс па? Әрине, дұрыс емес. Егер бұл дұрыс болған болса, онда бізде байланыстың орны да қалмаған болар еді. Ал июнь айынан бері (хат июнь айында жазылған) жарты жылға жуық уақыт өтті, ал жұмысшы табы мен шаруалардың негізгі бұқарасының арасындағы байланыс бар екенін және ол байланыстың нығайып келе жатқандығын соқыр емес адамдардың бәрі біледі. Мұндайлық сыйымсыз нәрсені Фрумкин не үшін жазады? Партияны қорқытып, оны оңшыл уклон жөнінде көнгіш ету үшін жазады.

2) **«Соңғы уақытта алған бағыт орташалардың негізгі бұқарасын қара түңғыйыққа, болашақсыздық-**

ка әкеп соқты». Бұл дұрыс па? Тіпті де дұрыс емес. Егер бізде биылғы жылы жаппай түрде орташалардың негізгі бұқарасы шаруашылық жағынан қара түңғыйыққа және болашақсыздыққа ұшыраған болса, онда орташаның астық өндірісінің басты-басты аудандарының барлығында жазғы егісті көбейтпейтіндігі айқын. Бізде жазғы егіс апрель — май айларында болады. Ал Фрумкиннің хаты июнь айында жазылған. Бізде, Совет өкіметі тұсында, астық азық-түлігін негізгі дайындаушы кім? Мемлекет және онымен байланысты кооперация болып табылады. Егер орташалар бұқарасы шаруашылық жөнінде болашақсыздыққа ұшыраған болса, егер олар Совет өкіметімен «байланысын үзіп» тұрған болса, онда олардың негізгі астық дайындаушы болып отырған мемлекеттің мүддесі үшін жазғы егісті көбейтпейтіндігі айқын. Фрумкиннің айтып отырғаны барынша сыйымсыз нәрсе. Фрумкин бұл арада да партияны болашақсыздықтың «құбыжықтары» арқылы қорқытып, партияны өзінің, Фрумкиннің, көзқарасына көнгіш етуге тырысады.

3) **«XIV және XV съездерге қайтып келу керек».** Бұл арада XV съезді беталды қабаттастыруы ешбір қиысынға келмейді, бұл күмәнсіз нәрсе. Бұл арада әңгіме XV съезде емес, — XIV съезге қайтып келудің деген ұранда болып отыр. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — «кулакқа қарсы шабуылды күшейтуден бастарту» деген сөз (XV съездің қарарын қараңыз). Мұны мен XIV съезді жамандау үшін айтып тұрғаным жоқ. Мұны айтып тұрған себебім: Фрумкин XIV съезге қайтып келуге шақыру арқылы партиямыздың XIV съезден XV съезге дейін алға қарай жасаған қадамын бекер дейді, сөйтіп, бұл қадамды бе-

кер дей отырып, ол партияны кейін сүйрейді. Орталық Комитеттің июльдегі пленумында бұл туралы айтылған болатын. Пленум өзінің қарарында тура былай деген болатын: XV съездің — «кулактарға қарсы шабуыл бұдан былай да дамытылсын» — деген қарарын елемеуге тырысқан адамдар «біздің елдегі буржуазиялық бағыттарды жақтаушылар» болып табылады. Фрумкинге тіке айтайын, Саяси Бюро июль пленумы қарарының бұл пунктін тұжырымдаған кезде, ол Фрумкинді және оның бірінші хатын айтқан болатын.

4) **«Коллективтенуге баратын кедейлерге барынша көмек көрсету»**. Коллективтенуге баратын кедейлерге немесе тіпті оған бармайтын кедейлерге де біз қашан да болса күштеріміз бен мүмкіншіліктерімізге карай көмек көрсетіп келдік. Мұның ешқандай жаңалығы жоқ. XIV съезге қарағанда XV съездің қарарларындағы жаңалық мұнда емес, XV съездің колхоз қозғалысын барынша дамыту мәселесін күн тәртібіндегі ең маңызды мәселелердің бірі деп қойғандығында болып отыр. Фрумкин коллективтенуге баратын кедейлерге барынша көмек көрсету туралы айту арқылы, шынында, колхоз қозғалысын барынша дамыту туралы XV съезд қойған партия міндетінен түрлі сылтауларды айтып, бойын алып қашады. Шынына келгенде Фрумкин колхоздар ұйымдастыру арқылы деревняда социалистік секторды күшейту жөніндегі жұмысты қызу жүргізуге қарсы.

5) **«Совхоздарды екпінмен және қатты екпінмен кеңейтпеу керек»**. Ескі совхоздарды кеңейтіп, жаңа совхоздарды ұйымдастыру жөнінде күрделі жұмысты біздің жаңа ғана жүргізе бастағанымызды Фрумкин-

нің білмеуі мүмкін емес. Біздің бұл үшін белгілі бір резервтер бола қалған күнде берілуге тиісті қаржымызды бұл іске біздің жинаулысыз да қаржы беріп отырғандығымызды Фрумкиннің білмеуі мүмкін емес. Бұл арада «экономия және қатты ешлдік» деген сөздер жұртты «шошыту» үшін және өзінің совхоздарға қандай да болсын елеулі түрде көмектесу келмейтіндігін бүркемелеу үшін келтіріліп отыр. Шынында келгенде Фрумкин бұл арада совхоздар ұйымдастыру арқылы деревняда социалистік секторды күшейтуге қарсы шығып отыр.

Енді Фрумкиннің осы ерекшеліктерінің барін жыйнаңыздар, сонда сіздер оңшыл уклонды сыйпаттайтын бір құшақ нәрсені көресіздер.

Фрумкиннің екінші хатына көшейік. Бірінші хаттан екінші хаттың қандай айырмасы бар? Айырмасы — екінші хат бірінші хаттың қателерін тереңдете түседі. Бірінші хатта орта шаруаның болашақсыздығы туралы айтылған еді. Ал екінші хатта ауыл шаруашылығының «кері кетушілігі» туралы айтылып отыр. Бірінші хатта кулакқа қарсы шабуылды бәсеңдету мағнасында XIV съезге қайтып келу туралы айтылған еді. Ал екінші хатта «біз кулак шаруашылықтарының өндірісіне кедергі жасамауға тиіспіз» деліпіп отыр. Бірінші хатта өнеркәсіп туралы ешнәрсе айтылмаған еді. Ал екінші хат өнеркәсіптік құрылысқа азырақ қаржы беру жөнінде «теория» дамытып отыр. Оның бержағында, екі хатта бір жерден шығатын екі пункт бар: колхоздар мен совхоздар жөніндегі пункттер, — екі хаттың екеуінде де Фрумкин колхоздар мен совхоздарды өркендетуге қарсы шығады.

Екінші хаттың бірінші хаттағы қателерді тереңдету болып табылатындығы айқын.

«Кері кетушілік» теориясы туралы мен айтып өттім. Бұл теория Совет өкіметінің күйреуі туралы ніқайлауға дайын тұрған буржуазияшыл идеологтардың ойлап шығарған нәрсесі екендігінде күмән болуы мүмкін емес. Фрумкин Финанс Халық Комиссариатының төңірегінде шоғырланып жүрген буржуазияшыл мамандардың қорқытуына көніп, енді, партияны солшыл уклон жөнінде кеңшілік етпей келіп, партияны оң қорқытуға тырысып жүр. Колхоздар мен совхоздар жөнінде де жеткілікті түрде айтылды. Сонымен айтылған нәрсені қайталап жатудың қажеті жоқ. Енді қалған екі пунктті: кулак шаруашылығы туралы және өнеркәсіпке күрделі қаржы салу туралы пункттерді қарап көрейік.

Кулак шаруашылығы туралы. Фрумкин: «біз кулак шаруашылықтарының өндірісіне кедергі жасамауға тиіспіз» дейді. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — кулактың өз қанаушы шаруашылығын өркендетуіне кедергі жасамау деген сөз. Ал кулактың өз қанаушы шаруашылығын өркендетуіне кедергі жасамау дегеніміздің мәнісі не? Мұның мәнісі — деревнядағы капитализмге жол беру, оны ырқына жіберу, оған ерік беру деген сөз. Француз либералдарының: «лессе фер, лессе пассе» деген ескі ұраны, яғни буржуазияның өз ісін істеуіне кедергі жасамаңдар, буржуазияның еркімен ілгері басуына кедергі жасамаңдар деген ұраны болып шығады.

Бұл ұранды француз буржуазиялық революциясы кезінде, буржуазияға қысым көрсетіп, оның дамуына жол бермеген феодалдық өкіметке қарсы күрес жүр-

ғізілген кезде, ескі француз либералдары ұсынған болатын. Сонымен біз — «капиталистік элементтерді барған сайын қатты тежеу» (бақылау цифрлары туралы тезистерді қараңыз) керек деген **социалистік** ұраннан, — деревняда капитализм дамуын бөгемеу керек деген **буржуазиялық-либералдық** ұранға көшуге тиіс боламыз. Бұл не деген сөз, бізді большевиктерден буржуазияшыл либералдарға айналады деп жүрсіз бе? Фрумкиннің осындай буржуазиялық-либералдық ұраны мен партия жолының арасында қандай байланыс болмақ?

(Ф р у м к и н: «Сталин жолдас, басқа пункттерді де оқыңыз».) Мен бүкіл пунктті оқыйын: «Біз кулак шаруашылықтарының да өндірісіне кедергі жасамауға тиіспіз, **сонымен қатар олардың кіріптарлық қанауына қарсы күресуге тиіспіз**». Құрметті Фрумкин, сонда сіз бұл сөйлемнің екінші жартысы істі нашарлатпай, жақсартады деп ойлайсыз ба? Кіріптарлық қанауға қарсы күрес дегеніміздің мәнісі не? Кіріптарлық қанауға қарсы күрес деген ұран — буржуазиялық революцияның феодалдық-крепостниктік немесе жартылай феодалдық қанау әдістеріне қарсы қолданған ұраны ғой. Буржуазиялық революция жасауға бара жатқанда біз бұл ұранды шынында да ұсынған болатынбыз, бірақ қанаудың өзіміз жоюға тырысқан кіріптарлық формасы мен қанаудың кіріптарлық емес, «прогрестік» деп аталатын формасының арасына айырма қойған болатынбыз, өйткені буржуазиялық тәртіптер күшінде қалып отырғандықтан қанаудың соңғы формасын біз ол кезде тежеп те, жойып та жібере алмадық. Бірақ біз ол кезде буржуазиялық-демократиялық революция жасағалы жүрген болатын-

быз. Ал кәзір бізде, егер қателеспесем, социалистік революция болып отыр, мұның өзі қанаудың барлық формаларын, оның ішінде қанаудың «прогрестік» формаларын да, жоюға беттеп отыр және беттемей тұра алмайды. Сіз не талап еткіңіз келеді, біз өзіміз дамытып, алға бастырып отырған социалистік революциядан сырт айналып кері кетіп, буржуазиялық революцияның ұрандарына қайтып келуіміз керек пе? Мұндай сандырақты қалай айтуға болады?

Сонсон. Кулак шаруашылығына кедергі жасамау дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — кулакқа ерік беру деген сөз. Ал оған ерік беру дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі — оған өкімет билігін беру деген сөз. Францияның буржуазиялық либералдары феодал өкіметінен буржуазияның дамуына кедергі жасамауды талап еткен кезде, олар мұны буржуазияға өкімет билігін беру жөнінде нақтылы талаптар қойып көрсеткен болатын. Олардың мұнысы дұрыс та еді. Ойдағыдай даму үшін буржуазияның өкімет билігі болуға тиіс. Демек, егер дәйекті болғыңыз келсе, онда: кулакты өкімет билігіне жіберіңіз деу керек. Өйткені мынаны түсіну керек қой: кулактан өкімет билігін тартып алып, оны жұмысшы табының қолына жыйнай отырып, кулак шаруашылығын тежемеуге болмайды. Фрумкиннің екінші хатын оқығанда міне осындай қортындылар шығады.

Өнеркәсіптің күрделі құрылысы туралы. Бақылау цифрларын талқылағанда бізде үш түрлі цифр болды: Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советі 825 миллион сом талап етті, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясы 75 миллион сом берді, ал Финанс Халық Комиссариаты тек 650 миллион сом ғана беруге көн-

ді. Бұл мәселе жөнінде партиямыздың Орталық Комитеті қандай қаулы алды? Ол 800 миллион сом белгіледі, яғни Финанс Халық Комиссариатының бермек болғанынан 150 миллион сом артық. Финанс Халық Комиссариатының бұдан аз бергеніне, әрине, ешбір таңдануға болмайды: Финанс Халық Комиссариатының сараңдығы жұрттың бәріне мәлім, ол сараң болмай тұра алмайды. Бірақ қазірде мәселе мұнда болып отырған жоқ. Мәселе мынада болып отыр: Фрумкин 650 миллион сом деген цифрды сараңдықтан қорғап отырған жоқ, «мүмкіншіліктер туралы» жаңадан ойлап шығарылған теория негізінде қорғап отыр, ол өзінің екінші хатында және Финанс Халық Комиссариатының баспасөз органында шыққан арнаулы мақаласында — **егер Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советіне күрделі құрылысқа 650 миллион сомнан артық беретін болсақ, онда біз шаруашылығымыздың халін сөзсіз нашарлатамыз** деген болатын. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — индустрияны өркендетудің қазіргі қарқынын сақтауға Фрумкин қарсы болып отыр деген сөз, бұл қарқынды төмендету біздің бүкіл халық шаруашылығының халін шын нашарлататындығын, анығында, ол түсінбей отыр деген сөз.

Енді Фрумкиннің екінші хатындағы осы екі пунктті, кулак шаруашылығы туралы пункт пен өнеркәсіптің күрделі құрылысы туралы пунктті біріктіріңіздер, бұған «кері кетушілік» теориясын қосыңыздар, — сонда оңшыл уклонның нағыз сыйқын көресіздер.

Оңшыл уклон дегеніміз не және оның сыйқы қандай, мұны білгілеріңіз келе ме? Фрумкиннің екі хатын да оқыңыздар, оларды зерттеп көріңіздер, ақылға салыңыздар.

Оңшыл уклонның сыйқы жөніндегі істің жайы осындай.

Бірақ тезистерде тек оңшыл уклон туралы ғана айтылып қоймайды. Оларда «солшыл» уклон дейтін туралы да айтылған. «Солшыл» уклон дегеніміз не? Бізде «солшыл» уклон дейтін партия ішінде шынымен бар ма? Біздің тезистерде айтылғандай, біздің партия ішінде орташаға қарсы беталыс, асыра индустрияландыру беталысы, т. т. бар ма? Я, бар. Мұндай беталыстар қайда апарып соғады? Олар троцкизмге қарай ауған уклонға апарып соғады. Бұл туралы июльдегі пленум да айтқан болатын. Мен июльдегі пленумның астық дайындау саясаты жөніндегі белгілі қарарын айтып тұрмын, ол қарарда екі майданда бірдей күрес жүргізу туралы: XV съезден кейін қарай сүйрейтіндерге қарсы, — бұлар оңшылдар, — және төтенше шараларды партияның өнебойы қолданатын бағытына айналдырғысы келетіндерге қарсы, — бұлар «солшылдар», троцкизмге қарай беталыс, — күрес жүргізу туралы айтылған.

Біздің партия ішінде троцкизм элементтерінің және троцкистік идеологияға қарай беталыстың бар екендігі айқын. Партияның XV съезінің алдында болған айтыс кезінде төрт мыңға жуық адам біздің платформаға қарсы дауыс берген болу керек. (Д а у ы с: «Он мың».) Меніңше, егер он мың адам қарсы дауыс берген болса, онда троцкизмге тілектес жыйырма мыңдай партия мүшелері мүлде дауыс берген жок, өйткені олар жыйналысқа келген жоқ. Бұлар партия қатарында қалған және, сірә, троцкистік идеологиядан әлі де құтыла қоймаған кәдімгі троцкистік элементтер. Сонымен қатар, меніңше, троцкистердің кейіннен

троцкистік ұйымнан қол үзіп, партияға қайтып келген бір бөлегі троцкистік идеологиямен әлі қоштасып үлгірген жоқ, сірә, бұлар да өз көзқарастарын партия мүшелерінің арасына таратқысы келетін болу керек. Ақырында, партиямыздың кейбір ұйымдарында троцкистік идеологияның біраз жанданған фактысын көріп отырмыз. Осының бәрін бірге қоссаңыздар, сонда сіздер партия ішінде троцкизмге қарай ауған уклонды көру үшін барлық керекті элементтерді табасыздар.

Бұл түсінікті де: ұсақбуржуазиялық стихия болып отырғанда және бұл стихия партиямызға әсер етіп отырғанда бізде партия ішінде троцкистік беталыстың болмауы мүмкін емес. Троцкистер кадрларын тұтқынға алып немесе партиядан шығару — бір баска. Троцкизмнің идеологиясын құрту — бір басқа. Бұл қыйынырақ соғады. Сондықтан біз: оңшыл уклон болған жерде, «солшыл» уклон да болуға тиіс дейміз. «Солшыл» уклон оңшыл уклонның көлеңкесі болып табылады. Ленин шақырымпаздар жөнінде былай деген болатын: «солшылдар» дегеніміз — меньшевиктердің, тек өңі айналған меньшевиктердің дәл өзі. Бұл өте дұрыс. Қәзіргі «солшылдар» туралы да дәл осыны айту керек. Троцкизмге қарай ауған адамдар, — бұлар, расында, оңшылдардың, тек өңі айналған оңшылдардың, «солшылдық» құрғақ сөздерді бүркеніп жүрген оңшылдардың дәл өзі.

Екі майданда бірдей күрес жүргізу, оңшыл уклонға да, «солшыл» уклонға да қарсы күрес жүргізу осыдан келіп шығады.

Былай деуі мүмкін: егер «солшыл» уклон расында оңшыл оппортунистік уклонның дәл өзі болатын

болса, онда бұлардың арасында қандай айырма бар және бұл арада шынында да екі майдан қалай болмақ? Расында да, егер оңшылдар жеңе қалған күнде капитализмнің қайта орнау мүмкіншіліктері көбейетін болса, ал «солшылдар» жеңе қалған күнде де осындай нәтиже келіп шығатын болса, онда бұлардың арасында қандай айырма бар және бұлардың біреулерін оңшылдар, екінші біреулерін — «солшылдар» деп неге атайды? Ал егер бұлардың арасында айырма болатын болса, ол қандай айырма? Екі уклонның да әлеуметтік негізі бір екендігі, бұлардың екеуінің де ұсақбуржуазиялық уклон екендігі бекер ме? Егер жеңе қалған күнде бұл екі уклонның екеуінің де бір нәтижеге әкеп соғатындығы бекер ме? Олай болса, бұлардың арасында қандай айырма бар?

Айырма мынада — олардың платформалары әртүрлі, талаптары әртүрлі, әдіс-тәсілдері әртүрлі.

Мәселен, егер оңшылдар: **«Днепростройды құрып керегі жоқ еді»** дейтін болса, «солшылдар», мұның керісінше: **«Бізге бір Днепрострой дегеніңіз не, бізге жыл сайын бір Днепростройдан беріңіз»** (күлкі) деп қарсы шығады, — осылай болғандықтан, сірә, айырма бар деп тану керек.

Егер оңшылдар: **«Құлаққа тиме, оның еркімен дамуына мүмкіндік бер»** дейтін болса, «солшылдар», мұның керісінше: **«Тек құлақты ғана соққылап қоймай, сонымен қатар орташаны да соққыла, неге десеңіз құлақ қандай болса, ол да сондай жеке меншік иесі болып табылады»** деп қарсы шығады, — осылай болғандықтан, сірә, айырма бар деп тану керек.

Егер оңшылдар: **«Қиыншылықтар басталды, тайсалатын уақыт жеткен жоқ па»** дейтін болса, «сол-

шылдар, мұның керісінше: **«Бізге қыйыншылық деген не, біз сіздердің қыйыншылықтарыңызға пысқырмаймыз да, — барлық күшті сала алға ұмтылу керек»** (күлкі) деп қарсы шығады, — осылай болғандықтан, сірә, айырма бар деп тану керек.

«Солшылдардың» айырықша платформасы мен айырықша тәсілдерінің сыйпаты осындай. «Солшылдардың» түкке тұргысыз «солшыл» құрғақ сөздерді пайдаланып, кейде жұмысшылардың бір бөлегін алдап өз жағына шығарып ала алатындығын және, өздерінің, «солшылдардың» әлеуметтік негіздері оңшылдардікімен бірдей екендігін бүкіл дүние жүзі біле тұрса да, өздерін оңшылдардың ең батыл жауы етіп кәрсете алатындығын, турасын айтқанда, осымен түсіндіруге болады, сондықтан олар Ленин жолына қарсы күрес жүргізу үшін оңшылдармен жиі келісімге келіп, одақтасып отырады.

Біздің, лениншілердің, екі майданда бірдей күрес жүргізуге — оңшыл уклонға да, «солшыл» уклонға да қарсы күрес жүргізуге міндетті болатын себебіміз осы.

Ал егер троцкистік беталыс «солшыл» уклон болатын болса, онда бұдан — «солшылдар» ленинизмнен де солшыл болып отыр деген қортынды шықпай ма? Жоқ, ондай қортынды шықпайды. Ленинизм дүниежүзілік жұмысшы қозғалысындағы **ең солшыл** (тырнақшасыз айтқанда) ағым болып табылады. Біз, лениншілдер, II Интернационалға империалистік соғыс басталмай тұрған дәуірде социал-демократтардың ең солшыл фракциясы болып кірдік. Біз II Интернационалда қалғанымыз жоқ және біз II Интернационалдың жікке бөлінуін уағыздадық, өйткені біз нақ сол ең солшыл фракция болдық, сондықтан марксизмді

сатып кеткен ұсақ-буржуазияшыл опасыздармен, социал-пацифистермен және социал-шовинистермен бір партияда тұрғымыз келмеді.

Бұл тактика мен бұл идеология кейін келе бүкіл дүние жүзіндегі большевиктік партиялардың негізіне айналды. Біз, лениншілдер, өз партиямызда — тырнақшасыз айтқанда **бірден-бір** солшылдармыз. Сондықтан біз, лениншілдер, өз партиямыз ішінде «солшылдар» да емеспіз, оңшылдар да емеспіз. Біз — марксистердің-лениншілдердің партиясымыз. Сондықтан біз өз партиямызда өзіміз ашықтан-ашық оппортунистік уклонистер деп атап жүргендерге ғана қарсы күресіп қоймай, сонымен қатар, өзінің оңшыл, оппортунистік жаратылысын түкке тұрғысыз, «солшыл» құрғақ сөздермен бүркемелеп, марксизмнен де гөрі «солшыл», ленинизмнен де гөрі солшыл болғысы келетіндерге де қарсы күресеміз.

Троцкистік беталыстан әлі құтыла қоймаған адамдарды «солшыл» деп атағанда, мұның өзін кекесін ретінде түсіну керек екендігін жұрттың бәрі түсінеді. Ленин «солшыл коммунистерді» солшыл деп кейде тырнақшаға алып, кейде тырнақшасыз атаған болатын. Алайда, Лениннің оларды солшыл деп кекеп атағандығын, мұнымен олардың тек сөз жүзінде ғана, көрер-көзге ғана солшыл болып, ал іс жүзінде ұсақбуржуазиялық оңшыл беталыс болып табылатындығын баса көрсеткендігін жұрттың бәрі түсінеді.

Олар күні кеше еліміздің антисоветтік жіктерімен тікелей және қолма-қол топтасып, ашық оппортунистік элементтермен тұтас бір антилениндік одақ болып бірігіп отырғанда, троцкистік элементтердің қандай солшылдығы (тырнақшасыз айтқанда) туралы сөз бол-

мақ? Бізде күні кеше «солшылдар» мен оңшылдар лениндік партияға қарсы ашықтан-ашық одақ жасап, бұл одақты буржуазиялық элементтердің қолдағандығы факт емес пе? Егер олардың әлеуметтік негіздері бір болмаса, егер олардың оппортунистік жаратылысы бір болмаса, олардың, «солшылдар» мен оңшылдардың, біртұтас одаққа бірігіп алмайтындығын осының өзі көрсетіп отырған жоқ па? Троцкистердің одағы бұдан бір жыл бұрын тарады. Оңшылдардың бір бөлегі, Шатуновский сияқтылары, одақтан кетіп қалды. Демек, бұдан былайғы жерде оңшыл одақшылар нақ оңшылдар ретінде бой көрсетіп, ал «солшылдар» өздерінің оңшылдығын «солшыл» құрғақ сөздермен бүркейтін болады. Бірақ, «солшылдар» мен оңшылдардың бір бірін қайтадан тауып алмайтындығына қандай кепілдік бар? (К ү л к і.) Бұл арада ешқандай кепілдіктің жоқ екендігі және болуы мүмкін емес екендігі айқын.

Егер біз екі майданда бірдей күрес жүргізу ұранын қолдайтын болсақ, мұның өзі — біздің тарапымыздан партиямызда **центризмнің** болуы қажет деп жарияланғандығымыз болып шықпай ма? Екі майданда бірдей күрес жүргізу дегеніміздің мәнісі не? Мұның өзі центризм емес пе? Өздеріңіз білесіздер, троцкистер істі нақ осылай етіп көрсетеді: «солшылдар» бар, олар мына «біздер» — троцкистерміз, «нағыз лениншілдерміз»; «оңшылдар» бар, олар — барлық басқа қалғандары; ақырында, «центристер» бар, олар «солшылдар» мен оңшылдардың арасында ауытқып жүреді дейді. Біздің партияға мұндай көз қарасты дұрыс деп санауға бола ма? Әрине, болмайды. Барлық ұғым атаулыны шатастырған адамдар, марксизмнен әлде-

қашан қол үзген адамдар ғана осылай дей алады. Соғысқа дейінгі дәуірдегі, пролетарлық және ұсақ-буржуазиялық мүдделерді **одақтастырушы** партия болған социал-демократиялық партия мен революцияшыл пролетариаттың **құрыштай берік** партиясы болып отырған коммунистік партияның арасындағы **принциптік айырманы** көрмейтін және түсінбейтін адамдар ғана осылай деп айта алады.

Центризмді кеңістік ұғым деп қарауға болмайды: айталық, бір жерде оңшылдар отыр, екіншібір жерде — «солшылдар» отыр, ал ортасында — центристер отыр деп қарауға болмайды. Центризм дегеніміз — саяси ұғым. Центризмнің идеологиясы — **жалпы бір партияның құрамында отырып** икемделу идеологиясы, пролетариат мүдделерін ұсақ буржуазияның мүдделеріне бағындыру идеологиясы болып табылады. Бұл идеология — ленинизмге әрі жат, әрі қарсы идеология.

Центризм — соғысқа дейінгі дәуірдегі II Интернационал үшін табиғи нәрсе болып табылады. Онда оңшылдар да (көпшілігі) болды, солшылдар да (тырнақшасыз айтқанда) болды және центристер де болды, центристердің бүкіл саясаты — оңшылдардың оппортунизмін солшыл құрғақ сөздермен боямалап, солшылдарды оңшылдарға бағындыру болды.

Сол кезде негізгі ұйтқысы большевиктер болған солшылдардың саясатының мәнісі не еді? Оның мәнісі — центристерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу, оңшылдармен ажырасу жолында күрес жүргізу (әсіресе империалистік соғыс басталғаннан кейін) және шын солшыл, шын пролетарлық элементтерден революциялық жаңа Интернационал ұйымдастыру еді.

Сол кезде II Интернационалдың ішіндегі күштер не себепті осылайша бөлінді және оның ішінде большевиктер неліктен мұндай саясат қолданды? Неге десеңіз, ол кезде II Интернационал ұсақбуржуазияшыл социал-пацифистердің, социал-шовинистердің пайдасы үшін пролетарлық және ұсақбуржуазиялық мүдделерді одақтастырушы партия болды. Неге десеңіз, большевиктер ол кезде қарудың бәрін пролетарлық элементтерді ұсақ буржуазияның мүдделеріне бағындыруға тырысқан центристерге қарсы жұмсамай тұра алмады. Неге десеңіз, большевиктер ол кезде жікке бөліну идеясын уағыздауға міндетті болды, өйткені мұнсыз пролетарлар өзінің құрыштай берік революцияшыл-марксистік партиясын ұйымдастыра алмаған болар еді.

Біздің коммунистік партия ішінде күштердің жіктелуі де нақ жаңағыдай, сондықтан большевиктер соғысқа дейінгі дәуірдегі II Интернационал партияларында қандай саясат қолданса, коммунистік партияда да нақ сондай саясат қолданылуға тиіс деуге бола ма? Әрине, болмайды. Бұлай деуге болмайды, өйткені бұлай деу — пролетарлық және ұсақбуржуазиялық элементтерді одақтастырушы партия болып отырған социал-демократия мен революцияшыл пролетариаттың құрыштай берік коммунистік партиясының арасындағы принциптік айырманы түсінбегендік болып шығар еді. Онда (социал-демократияда) партияның таптық түпкі негізі біртүрлі еді. Мұнда (коммунистерде) партияның түпкі негізі екіншітүрлі болып отыр. Онда (социал-демократияда) центризм табиғи нәрсе еді, өйткені әртүрлі мүдделерді одақтастырушы партия центристерсіз тұра алмайды, сондықтан больше-

виктер жікке бөліну бағытын жүргізуге міндетті болды. Мұнда (коммунистерде) центризмнің негізі жоқ және мұның өзі лениндік партиялықпен сыйыса алмайды, өйткені коммунистік партия әртүрлі таптық элементтерді одақтастырушы партия емес, пролетариаттың құрыштай берік партиясы болып табылады.

Ал біздің партиядағы үстем күш дүниежүзілік жұмысшы қозғалысының ең солшыл ағымы (ленишілдер) болып табылады, сондықтан біздің партияда жікке бөлінуді жақтайтын саясаттың ленинизм тұрғысынан қарағанда ешбір дәлелі жоқ және болуы да мүмкін емес. (Д а у ы с: «Бізде партия ішінде жікке бөлінушіліктің болуы мүмкін бе, жоқ па?».) Мәселе — жікке бөлінудің мүмкін екендігі туралы болып отырған жоқ, біздің құрыштай берік лениндік партияда жікке бөліну саясатының ленинизм тұрғысынан қарағанда дәлелді бола алмайтындығы туралы болып отыр.

Бұл принциптік айырманы түсінбеген адам ленинизмге қайшы келеді, ленинизмнен қол үзеді.

Сондықтан да, менінше, біздің партия саясатын, екі майданда да күрес жүргізу саясатын центризм саясаты болып табылады деп тек ақылынан адасқан адамдар ғана және марксизмнен әбден жұрдай болған адамдар ғана айта алады.

Ленин қашанда партиямыздың ішінде «солшыл» уклондарға да, нағыз меньшевиктік уклондарға да қарсы екі майданда бірдей күрес жүргізіп отырды. Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасын қараңыз, біздің партия тарихын қараңыз, сонда сіздер біздің партияның екі уклонға да — оңшыл уклонға да, «солшыл» уклонға

да қарсы күресте өсіп, нығайғандығын түсінесіздер. Бір жағынан, шақырымпаздар мен «солшыл» коммунистерге қарсы күрес жүргізу, екінші жағынан, Октябрь революциясына дейін де, Октябрь революциясы кезінде де, онан кейін де ашық оппортунистік уклонға қарсы күрес жүргізу — біздің партияның өзінің даму жолында өткен кезеңдері міне осындай болды. Лениннің біз ашық оппортунизмге де, «солшыл» доктринерлерге де қарсы күрес жүргізуге тиіспіз деген сөздері жұрттың бәріне мәлім.

Бұдан Ленин центрист еді, ол центризм саясатын жүргізді деген қортынды шыға ма? Әрине, ондай қортынды шықпайды.

Ал онда біздің оңшыл және «солшыл» уклонистер дегеніміз кім?

Оңшыл уклонға келетін болсақ, онда бұл, әрине, соғысқа дейінгі дәуірдегі социал-демократтардың оппортунизмі емес. Оппортунизмге қарай ауған уклонның бәрі оппортунизм бола бермейді. Бір кезде уклон деген ұғымды Лениннің қалай түсіндіргенін біз білеміз. Оңға қарай ауған уклон дегеніміз — әлі оппортунизмге айнала қоймаған, әлі де түзетуге болатын нәрсе. Сондықтан оңға қарай ауған уклонды әбден толысқан оппортунизммен бірдей деп санауға болмайды.

«Солшыл» уклонға келетін болсақ, онда мұның өзі соғысқа дейінгі дәуірдегі II Интернационалдағы нағыз солшылдарға, яғни большевиктерге қарама-қарсы тұрған бағыт болып табылады. «Солшыл» уклонистердің тырнақшасыз солшыл бола алмайтындығы былай тұрсын, олар, шынына келгенде, оңшыл уклонистердің дәл өзі, булардың, алайда барлық айырма-

сы — олар өздерінің шын жаратылысын санасыздықтан «солшыл» құрғақ сөздермен бүркемелейді. «Солшыл» уклонистер мен біздің партияда бірден-бір солшыл (тырнақшасыз айтқанда) болып отырған нағыз лениншілдердің арасындағы айырманың қаншалықты терең екендігін көрмеу партияға қарсы жасаған қылмыс болып шығар еді. (Дауыс: «Уклондарды жария ету ше?».) Егер уклондарға қарсы ашық күрес жүргізу — уклондарды жария ету болатын болса, онда Лениннің оларды әлдеқашан «жария» еткендігін мойындау керек.

Олар, осы уклонистер, оңшылдар да, «солшылдар» да, пролетарлық емес жіктердің түрлі-түсті элементтерінен, ұсақбуржуазиялық стихияның партияға әсер етуін және партияның кейбір звеноларының ыдырауын көрсететін элементтерден құралады. Басқа партиялардан келіп кірген адамдардың бір бөлегі; партияда троцкистік беталысты жақтайтын адамдар; партияда бір кезде болған фракциялардың қалдықтары; мемлекеттік, шаруашылық, кооперативтік аппаратта, кәсіпшілер одағы аппаратында төрешілдікке салынып келе жатқан (және төрешілдікке салынып болған), осы аппараттардың нағыз буржуазиялық элементтерімен ауыз жаласып жүрген кейбір партия мүшелері; біздің деревнялық ұйымдарымыздағы, кулактармен шүйіркелесіп жүрген, партияның ауқатты мүшелері, т. т. және т. с., — лениндік жолдан ауған уклондардың қорек алып отыратын негізі болып табылады. Бұл элементтердің нағыз солшыл және нағыз лениндік ешбір сыйпат ала алмайтындығы айқын. Олар тек ашық оппортунистік уклонды ғана, немесе өзінің оппортуниз-

мін солшыл құрғақ сөздермен бүркемелейтін «солшыл» уклон дейтінді ғана мәпелеп өсіре алады.

Сондықтан екі майданда бірдей күресу — партиямыздың бірден-бір дұрыс саясаты болып табылады.

Сонсоң. Оңшыл уклонға карсы күрестің негізгі әдісі бізде кең жүргізілетін идеологиялық күрес әдісі болуға тиіс деп тезистерде дұрыс айтылған ба? Меніңше, дұрыс айтылған. Бұл арада троцкизмге карсы күрес тәжрибесін еске түсірсе жақсы болар еді. Оған карсы күресті біз неден бастадық? Мүмкін, ұйымдастыру қортындыларынан бастаган болармыз? Әрине, жоқ! Мұны біз идеологиялық күрестен бастадық. Бұл күрес бізде 1918 жылдан 1925 жылға дейін жүргізілді. Біздің партия және Коминтерннің V конгресі 1924 жылдың өзінде-ақ троцкизмді ұсақбуржуазиялық уклон деп бағалап, қарар шығарған болатын. Бірақта Троцкий бізде Орталық Комитетте де, Саяси Бюрода да отырды. Бұл факт па, жоқ па? Факт. Демек, біз Троцкий мен троцкистердің Орталық Комитеттің құрамында калуына «көніп» келдік. Партияның басшы органдарының құрамында олардың болуына біз неге рұқсат еттік? Неге десеңіз, ол кезде троцкистер, партиямен алауыз болғандығына қарамастан, Орталық Комитеттің каулыларына бағынып, өздерін әдеппен ұстады. Ұйымдастыру қортындыларын белгілібір кең көлемде біз қашан қолдана бастадық? Троцкистер фракцияға ұйымдасып, өздерінің фракциялық орталығын құрғаннан кейін ғана, өз фракциясын жаңа партияға айналдырып, жұртты антисоветтік демонстрацияларға шақырғаннан кейін ғана қолдана бастадық.

Меніңше, оңшыл уклонға қарсы күресте де біз осы жолмен жүруге тиіспіз. Оңшыл уклонды әзірге пар-

тияда оның күшейіп келе жатқандығына қарамастан, қалыптасқан және белгілібір формаға келген нәрсе деп қарауға болмайды. Ол тек енді-енді ғана қалыптасып, белгілібір формаға айналып келеді. Оншыл уклонистерде фракция бар ма? Менінше, жоқ. Оларды біздің партия қаулыларына бағынбайды деуге бола ма? Менінше, оларды бұл үшін кіналауға әзірге біздің дәлеліміз жоқ. Оншыл уклонистер қалайда өз алдына фракция болып ұйымдасады деп айтуға бола ма? Мен бұған шүбәлімін. Осыдан келіп: оншыл уклонға қарсы күрестің негізгі әдісі **кәзіргі кезеңде** бізде кең жүргізілетін идеологиялық күрестің әдісі болуға тиіс деген қортынды туады. Бұл өте-мөте дұрыс қортынды, өйткені біздің партия мүшелерінің кейбіреулерінің арасында — оншыл уклонға қарсы күресті идеологиялық күрестен бастамай, ұйымдастыру қортындыларынан бастау керек дейтін кері бағыт бар. Олар тура былай дейді: сен бізге оншылдардың 10 немесе 20 адамын бер, біз оларды кірпік қаққанша жүндей түтеміз, сөйтіп оншыл уклонды жоямыз. Менінше, мұндай пікір дұрыс емес және қауіпті нәрсе, жолдастар. Атап айтқанда мұндай пікірлерге салынып, ауытқымай, оншыл уклонға қарсы күресті дұрыс жолға қою үшін, міне нақ осылай істеу үшін — оншыл уклонға қарсы біздің күресіміздің негізгі әдісі **кәзіргі кезенде** идеологиялық күрес болып табылады деп ашық және батыл айту керек.

Бұдан — біз ұйымдастыру қортындылары атаулының бәрін шығарып тастаймыз деген қортынды шыға ма? Жоқ, ондай қортынды шықпайды. Бірақ бұдан, әрине, ұйымдастыру қортындылары бұл арада бағынышты роль атқаруға тиіс деген қортынды туатыны

күмәнсіз, сондықтан егер оңшыл уклонистер тарапынан партия қаулыларын бұзу фактылары жоқ болса, онда біз оларды белгілібір басшы ұйымдар мен мекемелерден шығарып тастамауға тиіспіз. (Дауыс: «Москва практикасы қалай?».)

Менінше, москвалық басшы жолдастардың ішінде оңшылдар болған жоқ. Онда оңшыл пікірдегілерге дұрыс қарамаушылық болды. Бәрінен де гөрі — онда ымырашылдық беталыс болды деуге болады. Бірақ Москва комитетінде оңшыл уклон болды деп мен айта алмаймын. (Дауыс: «Ал ұйымдастыру күресі болды ма?».)

Ұйымдастыру күресі болды, бірақ ол бағыныңқы орын алды. Оның болған себебі, өзара сын негізінде Москва бойынша қайта сайлау жүріп жатыр, ал аудандық активтердің өз секретарьларын ауыстыруға правосы бар. (Күлкі.) (Дауыс: «Секретарьларды қайта сайлау бізде жарияланды ма?».) Секретарьларды қайта сайлауға ешкім тыйым салған жоқ. Орталық Комитеттің июньдегі үндеуі бар, ол үндеуде: қай секретарьды болсын, қай комитетті болсын ауыстыруға төменгі ұйымдарға право берілмесе, өзара сынды өркендету ісі бос жаңғырыққа айналуы мүмкін деп тіке айтылған. Мұндай үндеуге қарсы сіздер не айтпақсыздар? (Дауыс: «Партия конференциясына дейін бе?».) Я, партия конференциясына дейін де болса қайтеді.

Мен кейбір жолдастардың жүзінен авгурлық күлкі көріп тұрмын. Бұл жақсы емес, жолдастар. Мен сіздердің кейбіреулеріңіздің оңшыл уклонды жақтайтын адамдардың бәрін де тезірек орнынан алып тастауды қатты тілейтіндеріңізді көріп тұрмын. Бірақ мұның өзі

мәселені шешкендік емес, қымбатты жолдастар. Әрине, оңшыл уклон туралы, оңшылдық қауіп туралы және оған қарсы күрес жүргізу туралы кең, жақсы ойланған түсінік науқанын жүргізуден гөрі орындарынан алып тастау оңай. Бірақ ең оңай нәрсені ең жақсы нәрсе деп бағалауға болмайды. Оңшылдық қауіпке қарсы кең түрде түсінік науқанын ұйымдастырып көріңіздерші, бұл үшін уақытты аямай көріңіздерші, сонда сіздер науқан неғұрлым кең, неғұрлым терең болған сайын, соғұрлым оңшыл уклонның халі нашарлай түсетінін көресіздер. Сондықтан да мен оңшыл уклонға қарсы күресіміздің орталығы — идеологиялық күрес болуға тиіс деп ойлаймын.

Москва комитетіне келетін болсақ, онда БК(б)П Москва Комитеті мен Москва Бақылау Комиссиясының пленумында Углановтың өзінің қортынды сөзінде айтқанына тағы не қосуға болатынын мен білмеймін. Ол тіке былай деді:

«Егер аздап тарихты еске түсіретін болсақ, 1921 жылы Ленинградта менің Зиновьевке қарсы қалай күрескенімді еске түсіретін болсақ, онда «қырғын» бұдан біраз ірілеу болған еді. Онда біз жеңіп шықтық, неге десеңіз біздікі дұрыс еді. Қазірде біз соққы жедік, неге десеңіз біз қателестік. Мұның пайдасы болмақ».

Кезінде Зиновьевке қарсы қалай күрескен болса, қазірде Угланов нақ солай күрескен болып шығып отыр. Соңғы уақытта ол, атап айтқанда, кімге қарсы күресті? Сірә, Орталық Комитеттің саясатына қарсы күрескен болар. Онан басқа кімге қарсы күреспек? Бұл күрестің қандай негізде жүргізілуі мүмкін? Сірә,

оңшыл уклонмен ымыраға келу негізінде жүргізілген болу керек.

Сондықтан лениндік жолдан ауған уклондар мен ымыраласуға қарсы, әсіресе оңшыл уклонмен ымыраласуға қарсы күрестің қажет екендігін партиямыздың кезектегі міндетінің бірі деп тезистер әбден дұрыс атап көрсетеді.

Ақырында, ең соңғы мәселеге келейік. Тезистерде оңшыл уклонға қарсы күрестің қажет екендігін қазіргі уақыт үшін біз ерекше баса көрсетуге тиіспіз делінген. Мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — оңшылдық қауіп қазіргі уақытта біздің партиядағы басты қауіп болып табылады деген сөз. Троцкистік бағалыстарға қарсы күрес, оның үстіне өте қатты күрес, бізде ондаған жыл бойы жүргізіліп келеді. Бұл күрестің нәтижесінде троцкизмнің негізгі кадрлары талқандалды. Ашық оппортунистік уклонға қарсы күрес соңғы уақытта дәл осындай желел жүргізілді деп айтуға болмайды. Оның онша желел жүргізілмеген себебі — оңшыл уклон бізде астық дайындау жөнінде болған қыйыншылықтарымызға байланысты өсіп шыққан ұсақбуржуазиялық стихияның күшеюіне қарай күшейіп, өршіп отырып, әлі де қалыптасу, белгілібір формаға келу дәуірінде болды. Сондықтан негізгі соққы оңшыл уклонға қарсы бағытталуға тиіс.

Жолдастар, сөзімді аяқтай келіп, мен тағыда бір фактыны көрсеткім келеді, ол туралы бұл арада айтылған жоқ және, менің ойымша, оның әжептеуір маңызы бар. Біз, Саяси Бюро мүшелері, сіздерге бақылау цифрлары туралы өз тезистерімізді ұсындық. Мен өз сөзімде бұл тезистерді сөзсіз дұрыс тезистер деп қорғадым. Бұл тезистерге енгізілуі мүмкін жеке түзе-

тулер туралы мен айтып та тұрғаным жоқ. Бірақ олардың негізінен дұрыс екендігінде және лениндік жолды біздің дұрыс жүргізуімізді қамтамасыз ететіндігінде — бұл жөнінде ешбір күмән болуы мүмкін емес. Сонымен қатар мен сіздерге бұл тезистерді біздің Саяси Бюрода бірауыздан қабылдағанымызды хабарлауға тиіспін. Менінше, партиямызға әртүрлі қас адамдар, партиямыздың дұшпандары мен жаулары кез келген жерде біздің арамызға жиі таратып жүрген лақаптарға қарағанда бұл фактының белгілі маңызы бар. Мен бұл арада, бізде, Саяси Бюрода, оңшыл уклон, «солшыл» уклон, ымырашылдық және қайдағы бір пәлелер бар дейтін лақаптарды айтып тұрмын. Бұл тезистер Саяси Бюрода біздің бәріміздің бірауызды екеніміздің тағыда бір, жүзінші немесе жүз бірінші дәлелі болатын болсын.

Мен бұл тезистерді осы пленумның да негізінен бірауыздан қабылдауын тілеген болар едім. (Қол шапалақтау.)

„Правда" № 273,
24 ноябрь, 1928 ж.

„КАТУШКА“ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА, СМОЛЕНСКІ ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ ЯРЦЕВО ФАБРИКАСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА[59]

Советтердің сайлау науқанын жақсы өткізу жөнінде жарыс ұйымдастыру мәселесінде сіздің бастамаңызды құттықтаймын.

Советтердің — жұмысшы табы диктатурасы органдарының — сайлауы жұмысшылардың өздерінің төл мәселесі болуға тиіс.

Сіздердің сайлау науқанына қатысуыңыз өз қалаңыздағы қалалық Советтердің сайлауын тиісті дәрежеде, большевикше өткізумен аяқталмайды.

Сайлау науқанын деревняда өткізуге тікелей қатысу міндеті анағұрлым ауыр, бірақ әлгіденгіден кем емес керекті міндет болып табылады. Советтер сайлауының нәтижелі болуы көбінесе қаланың жұмысшы табы, деревняның батрактары, кедейлері, науқанға қаншалықты қатысатынына, оның барысына өзінің ықпалын қаншалықты тигізетініне; орташаларды өз соңынан ертіп, кулактарды екінші қатарға ығыстырып шығарып, соңымен, деревняда жұм[illegible]бының басшылығын қаншалықты қамтамасыз ететініне байла-

нысты болады. Сондықтан сайлау науқанына кең түрде қатысуға жұмысшыларды аттандыратын сіздер бастаған шақыру жыйынының үлкен маңызы бар.

Сіздердің табысқа жетуіңізді тілеймін.

И. Сталин

„Правда" № 274,
25 ноябрь, 1928 ж

„КРАСНЫЙ ПРОФИНТЕРН“ ЗАВОДЫНЫҢ ЖҮМЫСШЫЛАРЫНА

Бежица қаласы

«Красный Профинтерн» заводының жұмысшыларына туысқандық сәлем. «Қатушка» мен Ярцево фабрикасы жұмысшыларының шақыруын қабылдағандарыңыз жөнінде сіздерді құттықтаймын. Советтердің сайлау науқанын өткізуде табысқа жетулеріңізді тілеймін. Сіздердің заводыңызға баруға мүмкіншілігім болмағанына ғапу етулеріңізді сұраймын.

29 ноябрь, 1928 ж. *И. Сталин*

„Правда“ № 278,
30 ноябрь, 1928 ж.

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚЫЗЫЛ АРМИЯСЫНЫҢ ФРУНЗЕ АТЫНДАҒЫ СОҒЫС АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА

Фрунзе атындағы Соғыс Академиясына, оның онжылдық мерекесі күні, шын жүрегімнен сәлемімді жолдаймын.

Оның табысты болып, бұдан былай да гүлдене беруіне тілектеспін.

Сталин

„Правда" № 286, 9 декабрь, 1928 ж.

ГЕРМАН КОМПАРТИЯСЫНДАҒЫ ОҢШЫЛДЫҚ ҚАУІП ТУРАЛЫ

КИАК Презадиумында сөйленген сөз
19 декабрь, 1928 ж.

Жолдастар! Молотов жолдас БК(б)П делегациясының көзқарасын осында бұрын баяндады, сондықтан маған тек бірнеше ғана сөз айтуға тура келеді. Мен жарыссөздер үстінде ашылған үш мәселені қозғағым келеді, оның өзінде де жеңіл-желпі ғана қозғағым келеді.

Бұл мәселелер: капиталистік тұрақтау проблемасы, нашарлап бара жатқан тұрақтауға байланысты пролетариаттың таптық ұрыстарының проблемасы және герман компартиясының проблемасы.

Мен осы үш мәселенің бәрі жөнінде де Эмбер-Дро мен Серраның, — олардың екеуінің де қорқақ оппортунизмнің батпағына түскенін қынжылып айтуға тиістімін. Рас, Эмбер-Дро әзір формалды мәселелер жөнінде ғана сөйледі. Бірақ мен КИАК Саяси секретариатының герман компартиясындағы оңшылдар мен ымырашылдар туралы мәселе талқыланған мәжілісіндегі оның принципті сөзін айтып тұрмын. Менің ойымша, дәл осы сөз КИАК Президиумі азшылығының осы мәжлісте ұстаған позициясының идеологиялық негізі

болып табылады. Сондықтан Эмбер-Дроның КИАК Саяси секретариатының мәжілісіндегі принципті сөзі жөнінде үндемей өтуге болмайды.

Мен Эмбер-Дро мен Серраның қорқақ оппортунизм батпағына түскенін айттым. Бұл не деген сөз? Бұл — ашық оппортунизмнен басқа, өзінің нағыз әлпетін көрсетуден қорқатын тағыда бүркемеленген оппортунизм бар деген сөз. Мұның өзі оңшыл уклон жөнінде нақ ымырашылдық жасайтын оппортунизм болып табылады. Ымырашылдық дегеніміз қорқақ оппортунизм. Мен, қайталап айтамын, біздің екі жолдас та қорқақ оппортунизмнің батпағына түскенін қынжылып айтуға тиіспін.

Мұны бірнеше фактылармен көрсетуге рұқсат етіңіз.

I

КАПИТАЛИСТІК ТҰРАҚТАУ ПРОБЛЕМАСЫ

Коминтерн мынаған сүйенеді: қазіргі капиталистік тұрақтау — уақытша, осал, солқылдақ, шірік тұрақтау болып табылады, мұның өзі капиталистік дағдарыстың бұдан әрі даму барысында барған сайын нашарлай түспек.

Мұның өзі капиталистік техника мен рационализацияның өсіп отырған жалпыға белгілі фактысына титтей де қайшы келмейді. Оның үстіне, дәл осы өсу негізінде тұрақтаудың іштей шіріктігі мен тірексіздігі күшейеді.

Ал Эмбер-Дро КИАК Саяси секретариатындағы өзінің сөзінде бізге не айтты? Ол онда тұрақтаудың солқылдақтығы мен осалдығын турадан-тура бекерге шы-

ғарады. Ол өзінің сөзінде: «шірік, солқылдақ, т. т. тұрақтау деген жалпы түрлаусыз тұжырымды VI Дүниежүзілік Конгресс факт жүзінде сөкті» деп тура айтты. VI конгрестің үшінші дәуір туралы белгілі тезисінде тұрақтаудың солқылдақтығы туралы бір де сөз жоқ деп ол тура айтты. Эмбер-Дроның булай деуін дұрыс деп есептеуге бола ма? Жоқ, болмайды, өйткені Коминтернің VI конгресі Эмбер-Дроның өз сөзінде айтып отырған нәрсесіне қарама-қарсы нәрсені айтады. Коминтернің VI конгресі үшінші дәуір туралы абзацта тура былай дейді:

«Бұл дәуір (яғни үшінші дәуір. **И. Ст.**) капиталистік тұрақтаудың қайшылықтарының бұдан әрі өсуі арқылы капиталистік **тұрақтаудың бұдан әрі нашарлауына*** және капитализмнің жалпы дағдарысының шұғыл шиеленісуіне сөзсіз алып келеді»[6].

«Тұрақтаудың бұдан әрі нашарлауы»... дегенге көңіл аударыңыз. Бұл не деген сөз? Бұл — тұрақтау қазірдің өзінде солқылдақ және осал, ол үшінші дәуір жағдайларында бұдан әрі нашарлайды деген сөз. Ал Эмбер-Дро тұрақтаудың солқылдақтығы мен шіріктігі туралы айтып отырған, жұмысшы табының қазіргі күресінің капиталистік тұрақтауды жегідей жеп, ірітіп-шірітетіндігі туралы айтып отырған жұрттың бәрін, оның ішінде герман компартиясын да, келемеждеп отыр. Эмбер-Дро кімді келемеждеп отыр? Әрине, VI конгрестің қарарларын келемеждеп отыр.

Демек, Эмбер-Дро Коминтернің VI конгресінің қарарларын қорғауды сылтауратып, сонымен, тұрақтауды оппортунистерше түсініп, іс жүзінде әлгі қарарларды ревизиялап отыр.

---

* Курсив менікі. **И. Ст.**

Әңгіме мәселенің формалды жағынан осылай болып отыр.

Енді мәселені мән жағынан талдауға көшейік. Егер кәзіргі тұрақтауды солқылдақ деп те, шірік деп те, осал деп те атауға болмайтын болса, онда сайып келгенде оның өзі қандай тұрақтау? Бір ғана нәрсе қалады — оны берік, тым болмағанда нығайып келе жатқан тұрақтау деп мойындау керек. Бірақ егер біз капитализмнің нығайып келе жатқан тұрақтауын көріп отырсақ, онда дүние жүзі капитализмінің шиеленісіп, терендеп келе жатқан дағдарыс дегеннің мәнісі не? Капиталистік дағдарыстың терендеуіне бұл арада орын қалмайтындығы түсінікті емес пе? Эмбер-Дроның нақ өзіне тән қайшылықтарына шырмалып отырғандығы айқын емес пе?

Онан соң. Ленин империализм жағдайларында капитализм дамуының екі жақты процесі болатындығын: бір жағынан, кейбір елдерде капитализмнің өсетінін, екінші жағынан, басқа елдерде капитализмнің шіритіндігін айтқан болатын. Лениннің бұл тезисі дұрыс па? Ал, егер ол дұрыс болса, капиталистік тұрақтаудың шірік болмай коймайтындығы айқын емес пе?

Ақырында, жұрттың бәріне белгілі бірсыпыра фактылар туралы бірнеше сөз.

Біздің қолымызда товарларды өткізу рыноктары үшін, капитал шығаратын рыноктар үшін империалистік топтардың жанталасып шайқасулары сияқты фактылар бар.

Біздің қолымызда капиталистік елдерде қару-жарақтардың орасан өсуі, жаңадан соғыс одақтарын жасау, жаңа империалистік соғыстарға көрер көзге әзірлену сияқты фактылар бар.

Біздің қолымызда басқа мемлекеттердің бәрін өзінің ықпалына тартуға ұмтылып отырған екі алыптың арасында, Америка мен Англия арасында, қайшылықтардың шиеленісуі сияқты фактылар бар.

Ақырында, біздің қолымызда Совет Одағының өмір сүруі, Совет Одағының құрылыстың барлық салаларында, экономикалық салада да, мәдени-саяси салада да, өсуі мен жетістіктері сияқты фактылар бар; Совет Одағының бір ғана өмір сүруінің өзі, оның өсуі туралы айтпағанның өзінде-ақ, дүние жүзі капитализмінің нағыз негіздерін нашарлатып, ірітіп-шірітеді.

Марксистер, ленинshілдер, коммунистер осының бәрінен кейін капиталистік тұрақтау дегеніміз солқылдақ және шірік тұрақтау емес, ол оқиғаның барысы арқылы жыл санап, күн санап нашарламайды деп қалай айта алады?

Эмбер-Дро, оның ізінше Серра да, өздерінің қандай батпаққа түскенін аңғара ма?

Эмбер-Дро мен Серраның қалған қателері әлгі қатемен байланысты.

II

ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ТАПТЫҚ ҰРЫСТАРЫНЫҢ ПРОБЛЕМАСЫ

Эмбер-Droның капиталистік елдерде пролетариаттың таптық ұрыстары туралы, олардың сыйпаты туралы, олардың маңызы туралы мәселе жөніндегі позициясы да қате. Эмбер-Дроның Саяси секретариат мәжілісіндегі сөзінен: жұмысшы табы күресінің, оның капиталистермен стихиялық шайқасуларының негізінде қорғаныстық қана сыйпаты бар, коммунистік пар-

тиялардың бұл күреске басшылығы кәзіргі бар реформистік кәсіпшілер одақтары шеңберлерінде ғана болуға тиіс дегендік шығады.

Осы дұрыс па? Жоқ, дұрыс емес. Бұлай деу — оқыйғалардың соңынан сүйретілу деген сөз. Эмбер-Дро кәзір жұмысшы табы күресінің нашарлап отырған тұрақтаудың негізінде болып отырғандығын, жұмысшы табы ұрысының әрдайым бетпе-бет ұрыстар сыйпаты, капиталистерге қарсы шабуыл жасау және тікелей шабуыл жасау сыйпаты бар екендігін ұмытады. Эмбер-Дро жұмысшы табының соңғы дәуірдегі ұрыстарынан ешбір жаңалық көрмейді. Ол тіпті Лодзьдегі жалпы ереуіл, еңбек жағдайларын жақсарту үшін Францияда, Чехословакияда, Германияда болған экономикалық ереуілдер, Германияда металлистердің локаутіне т. т. және т. с. қарсы ұрыстарда пролетариат күштерін мықтап жұмылдыру сыяқты фактыларды көрмейді.

Осы және осылар сыяқты фактылар нені көрсетеді, олар нені білдіреді? Олар капиталистік елдердің ішінде жұмысшы қозғалысының жаңа революциялық өрлеуі алғышарттарының өсіп келе жатқанын көрсетеді. Эмбер-Дро мен Серраның көрмей, байқамай отырған және ілгері емес, кейін қарап дағдыланған жолдастардың жалпы алғанда ешқашан да байқамайтын жаңалығы осы болады.

Ал ілгері емес, кейін қарау деген сөз не? Мұның мәнісі — оқыйғалардың соңынан сүйретілу, оқыйғалардан жаңа нәрсені көрмеу, кенеттікке кез болу деген сөз. Мұның мәнісі — коммунистік партиялардың жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролінен бастарту деген сөз. Герман компартиясы басшылығының

1923 жылғы революция кезінде құлаған жері нақ осы болатын. Сондықтан кімде-кім 1923 жылғы қателерді қайталағысы келмесе, ол адам коммунистердің ойын оятып, оларды алға ұмтылдыруы тиіс, ол адам бұқараны болашақ ұрыстарға әзірлеуі тиіс, ол адам коммунистік партиялар оқыйғалардың соңында қалмау үшін, жұмысшы табы кенеттікке кез болмау үшін барлық шараны қолдануы тиіс.

Эмбер-Дро мен Серраның бұл туралы ұмытуы өте ғажап нәрсе.

Рур ұрыстары дәуірінде герман коммунистері ұйымдаспаған жұмысшылардың кәсіпшілер одақтарында ұйымдасқандардан революцияшылырақ болып шыққандығын дәлелдеді. Эмбер-Дро бұған ызаланып, бұлай болуы мүмкін емес дейді. Ғажап нәрсе! Неге бұлай болуы мүмкін емес? Рурда миллионға жуық жұмысшылар бар. Олардың екі жүз мыңға жуығы кәсіпшілер одақтарына ұйымдасқан. Кәсіпшілер одақтарын капиталистердің табымен барлық жолмен байланысты бюрократ-реформистер басқарады. Егер ұйымдаспаған жұмысшылар ұйымдасқандардан революцияшылырақ болып шықса, мұнда таңданарлық не бар? Ал басқаша болу мүмкін бе?

Мен Россиядағы революциялық қозғалыс тарихынан анағұрлым «таңданарлық» фактыларды айтып бере алар едім. Бізде бұқара өздерінің коммунист көсемдерінен (кейбіреулерінен) революцияшылырақ болып шыққаны әрдәйім-ақ болды. Бұл — орыс большевиктерінің бәріне әбден мәлім. Ленин бұқараны үйретумен қатар **бұқарадан үйрену** де керек дегенде, ол дәл осыған сүйенген болатын. Бұл фактыларға таңданбау керек, қайта Эмбер-Дроның революциялық

практика саласынан осы жәй нәрселерді түсінбейтіндігіне таңдану керек.

Серра туралы да дәл осыны айту керек. Ол герман коммунистерінің локауттанған металлистерді ұйымдастыру үшін күресте кәзіргі бар кәсіпшілер одақтарының шеңберлерінен шыққандығын және осы шеңберлерді нашарлатқанын мақұлдамайды. Ол мұны Профинтерн IV конгресінің қаулыларын[51] бұзғандық деп табады. Ол Профинтерн коммунистерге тек кәсіпшілер одақтары ішінде жұмыс істеуді көрсетті деп сендіреді. Бұл бос мылжың, жолдастар! Профинтерн мұндай ешнәрсе көрсеткен емес. Бұлай деу — компартияны пролетариаттың таптық ұрыстарын енжарлықпен қараушы роліне түсіру деген сөз. Бұлай деу — компартияның жұмысшы қозғалысындағы басшылық ролі идеясын құрту деген сөз.

Герман коммунистерінің еңбегі атап айтқанда дәл мынада: олар «кәсіпшілер одақтары шеңберлері» туралы мылжыңнан қорықпады, сөйтіп кәсіпшілер бюрократтарының тілектеріне қарсы ұйымдаспаған жұмысшылардың күресін ұйымдастыра отырып, әлгі шеңберлерден аттап өтті. Герман коммунистерінің еңбегі атап айтқанда дәл мынада: олар ұйымдаспаған жұмысшылар күресі мен ұйымының жаңа формаларын іздеп, оларды тапты. Мүмкін, олар мұның үстінде бірсыпыра болмашы қателер істеген болар. Бірақ жаңа іс қатесіз ешуақытта болмайды. Біздің реформистік кәсіпшілер одақтарында жұмыс жүргізуге тиістілігімізден, егер тек бұл кәсіпшілер одақтары бұқаралық ұйымдар болатын болса, — мұнан біздің өзіміздің көпшілік жұмысымызды реформистік кәсіпшілер одақтарындағы жұмыспен тежеуге тиіспіз, біздің бұл

одақтардың мөлшерлері мен талаптарының құлы болуға тиіспіз деген ұғым тіпті де тумайды. Егер реформистік басшылық капитализммен қосылып кететін болса (Коминтерн VI конгресі мен Профинтерн IV конгресінің қарарларын қараңыз), ал жұмысшы табы капитализмге карсы күрес жүргізетін болса, онда компартия басқарып отырған жұмысшы табының күресі кәсіпшілер одақтарының өмір сүріп отырған шеңберлерін бірқатар бұзбай-ақ бола алады деуге бола ма? Әрине, оппортунизмге түспейінше бұлай деуге болмайды. Сондықтан кәсіпшілер одақтарының капиталистерге сатылған сұмырайларының тілегіне қарсы жұмысшы табының қосалқы бұқаралық бірлестіктерін құру қажет болып шығатын жағдайды толық көз алдыңа елестетуге болады. Біз мұндай жағдайды Америкадан кәзірдің өзінде көріп отырмыз. Мәселенің Германияда да осыған келетіні толығынан мүмкін нәрсе.

III
ГЕРМАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ПРОБЛЕМАСЫ

Ұйымшыл, ынтымақты, ішкі темір тәртібі бар герман компартиясы бола ма не құрып біте ме, — мәселе осылай қойылып отыр, жолдастар. Әңгіме тек оңшылдар немесе ымырашылдар туралы ғана болып отырған жоқ, герман компартиясының өмір сүруі туралы да болып отыр. Герман компартиясы өмір сүріп отыр. Бірақ герман компартиясымен қатар оның ішінде және екі күш өмір сүріп отыр, олар партияны іштен ірітіп, оның өмір сүруіне қауіп туғызып отыр. Бұл біріншіден, оңшылдар фракциясы, бұл фракция компар-

тия ішінде өзінің орталығы бар, өзінің баспасөз органдары бар антилениндік жаңа партия ұйымдастырып, күн санап компартияның тәртібін бұзуда. Бұл, екіншіден, ымырашылдар тобы, ол топ өзінің ауытқулары арқылы оңшылдардың фракциясын күшейтуде.

Мен оңшылдар фракциясының марксизм-ленинизмнен қол үзіп, Коминтернге қарсы жанталасқан күрес жүргізіп отырғандығын дәлелдеп жатпаймын. Бұл әлдеқашан-ақ дәлелденілген. Мен VI конгрестің оңшылдармен үнемі күресу туралы белгілі қаулысын ымырашылдар тобының бұзып отырғандығын да дәлелдеп жатпаймын. Бұл да әлдеқашан дәлелденілген. Қазір әңгіме герман компартиясындағы мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге болмайтындығы туралы болып отыр. Әңгіме оңшылдардың атмосфераны социал-демократиялық идеялық қоқыспен уландырып, партия тәртібінің жәй негіздерінің өзін үнемі бұзып отырған, ал ымырашылдар оңшылдардың диірменіне су құйып отырған кездегі «тәртіптерге» бұдан әрі төзуге болмайтындығы туралы болып отыр, — мұның өзі Коминтернге қарсы шығу және марксизм-ленинизмнің жәй талаптарын бұзу деген сөз.

Партия мен Коминтерн өз қатарларынан троцкистерді қуып шығуға мәжбүр болған кезде, троцкизммен күрестің соңғы кезеңінде БК(б)П-да болған жағдай сияқты (бәлкім одан да жаман) жағдай туып отыр. Қазір мұны жұрттың бәрі көріп отыр. Мұны Эмбер-Дро мен Серра көрмей отыр немесе көрмегенсіп отыр. Мұның мәнісі — олар герман компартиясын толық іріту арқылы болса да оңшылдарды да, ымырашылдарды да қолдауға әзір деген сөз.

Оңшылдарды шығаруға қарсы шығып, Эмбер-Дро

мен Серра VI конгрестің оңшыл уклондарды идеологиялық күрес негізінде жеңу керек екендігі туралы белгілі қаулысына сүйенеді. Бұл өте дұрыс. Бірақ бұл жолдастар: VI конгресс қаулыларының коммунистік партиялардың оңшылдық қауіпке қарсы күресін идеологиялық негіздегі шаралармен тіпті де тежемейтіндігін ұмытып отыр. Лениндік бағыттан ауа жайылғандармен идеологиялық жолмен күресудің шаралары туралы айта келіп, Коминтерннің VI конгресі Бухариннің баяндамасы бойынша өзінің қарарында сонымен қатар былай дейді:

«Партия ішіндегі темір тәртіпті барынша нығайтуды, азшылықтың көпшілікке **сөзсіз бағынуы, төменгі** органдардың, ал сонымен бірге басқа да партиялық ұйымдардың (парламенттегі фракция, кәсіпшілер одақтарындағы фракция, баспасөз, т. т.) **басшы партиялық орталықтарға сөзсіз бағынуын** теріске шығармайтыны былай тұрсын, қайта оларды көздейді»*[62].

Коминтерннің VI конгресі қарарларының осы тезисі туралы Эмбер-Дро мен Серраның ұмытып отырғандығы өте ғажап нәрсе. Ымырашылдардың бәрі, өздерін ымырашылдармыз деп есептейтіндер де, осы атақтан бастартып отырғандар да VI конгрестің қарарына өздерінің сүйенулерінде Коммунистік Интернационалдың осы маңызды тезисі туралы үнемі ұмытатындығы өте ғажап нәрсе.

Егер партия ішіндегі темір тәртіпті барынша нығайтудың орнына, біз герман компартиясында тәртіп атаулыны оңшылдар тарапынан да, аздап кейбір ымырашылдар тарапынан даең дөрекілікпен бұзушылық-

* Курсив менікі. И. Ст.

тын соракы фактыларын көріп отырсақ, қалай ету керек? Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге бола ма?

Егер төменгі органдардың, кәсіпшілер одақтарындағы фракциялардың және партия баспасөзінің кейбір органдарының басшы партия орталығына сөзсіз бағынуының орнына, біз герман компартиясында Коминтерн VI конгресінің осы талабын оңшылдар тарапынан және аздап кейбір ымырашылдар тарапынан ең дөрекілікпен бұзушылықтың сорақы фактыларын көріп отырсақ, қалай ету керек?

Мұндай жағдайға бұдан әрі төзуге бола ма?

Коминтерн қатарына алудың II конгресс бекіткен шарттары[63] сіздерге мәлім. Мен 21 шарт туралы айтып тұрмын. Бұл шарттардың бірінші пунктінде былай делінген: «күнделікті және күнделікті емес баспасөз және партиялық баспаның бәрі, осы кезеңде партияның түгелдей жария немесе жария еместігіне қарамастан, **партияның Орталық Комитетіне түгелдей бағынатын*** болуға тиіс». Оңшыл фракцияның өз қарамағында екі баспасөз органы бар екенін сіздер білесіздер. Осы баспасөз органдары герман компартиясының Орталық Комитетіне бағынудың қандайы туралы болсын есіткісі де келмейтінін сіздер білесіздер. Осындай тәртіпсіздікке бұдан әрі төзуге бола ма? деген сұрақ туады.

21 шарттың 12-пунктінде партия «неғұрлым орталықты түрде ұйымдасқан» болуға тиіс, партияда «әскери тәртіппен шектесіп жататын темір тәртіп үстем»* болуға тиіс екендігі туралы айтылады. Герман компартиясындағы оңшылдар өздеріне меншікті фракциялық тәртіптен басқасын, темір тәртіпті де, қандай

* Курсив менікі. И. Ст.

болмасын басқа тәртіпті де, мойындағысы келмейтінін сіздер білесіздер. Бұл тәртіпсіздікке бұдан әрі төзуге бола ма? деген сұрақ туады.

Немесе, мүмкін, сіздер Коминтерннің II когресі бекіткен шарттар оңшылдар үшін міндетті емес дерсіздер?

Эмбер-Дро мен Серра осында Коммунистік Интернационалдың қарарларын бұзушы жалған адамдар туралы айқайлайды. Қәзір біз Коммунистік Интернационалдың түп негіздерін нағыз (жалған емес) бұзушыларды оңшылдардың арасынан көріп отырмыз. Олар неге үндемейді? Коминтерн қарарларын сөз жүзінде қорғауды сылтауратып, олардың оңшылдарды қорғауды және осы қарарларды ревизиялауды өткізгісі келіп отырғандығынан емес пе?

Серраның мәлімдемесі ерекше қызғылықты. Ол оңшылдарға қарсымын, ымырашылдарға, т. т. қарсымын деп ант-су ішіп, қарғанады. Бірақ ол бұдан қандай қортынды жасайды? Сіздер оңшылдар мен ымырашылдарға қарсы күресу туралы қортынды жасайды деп ойлайсыздар ма? Тіпті де олай емес! Будан ол герман компартиясының Орталық Комитетінің кәзіргі Саяси бюросын, оның пікірінше, қайта құру керектігі туралы өте-мөте ғажап қортынды жасайды.

Сіздер тек ойлап көріңіздерші. ГКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы оңшылдық қауіппен және ымырашылдардың ауытқуларымен үзілді-кесілді күрес жүргізіп отыр; Серра оңшылдармен және ымырашылдармен күресуді жақтайды; **сондықтан** Серра оңшылдар мен ымырашылдарға тимеуді, оңшылдар мен ымырашылдарға қарсы күресті әлсіретуді, ГКП Ор-

талық Комитетінің Саяси Бюросы құрамын өзгертуді ұсынады. Осы да «қортынды» деп аталады!

Егер мен осында оның осы мәселедегі позициясы ақты қара, қараны ақ деп түсіндіруге тырысатын провинциялық адвокаттардың позициясын еске түсіреді деп ашып айтсам, Серра мені кешірер. Мұны бізде оппортунистік элементтерді адвокаттарша қорғау деп атайды.

Серра ГКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросын қайта құруды, яғни одан біреулерді шығарып, басқа біреулерді енгізуді, оларды басқалармен ауыстыруды ұсынады. Серра кімдермен ауыстыруды тура және ашық неге айтпайды. (Серра: «Коминтерн VI конгресі ауыстырғысы келген адамдармен».) Бірақ VI конгресс ымырашылдарды ақтауды тіпті де ұсынған жоқ. Қайта, ол ымырашылдармен үнемі күрес жүргізуге біздерді міндеттейді. Ал осы міндеттемені ымырашылдардың орындамағандығынан да, дәл сондықтан да VI конгрестен кейін КИАК Президиумының оңшылдар мен ымырашылдар туралы 1928 жылғы 6 октябрьдегі белгілі қарары шықты. Серра VI конгрестің қарарларын бірден-бір түсіндіруші ролін өзіне алуды ойлайды. Серраның мұндай талабын ешқандай ретте де негізді деп есептеуге болмайды. VI конгрестің қарарларын түсіндіруші Коминтерн Атқару Комитеті және оның Президиумы болып табылады. Мен Серраның КИАК Президиумының 6 октябрьдегі қарарына, бұл туралы оның тура айтпағанмен, қосылмайтындығын көріп отырмын.

Ал қортынды қандай? Қортынды біреу: Эмбер-Дро мен Серраның герман компартиясы туралы мәселеде-

гі позициясы — ГКП мен Коминтернге қарсы оңшылдарды қорқақтықпен адвокаттарша қорғау болып табылады.

IV

ГКП МЕН БК(б)П-ДАҒЫ ОҢШЫЛДАР

Мен бүгін кейбір шешендердің сөзінен герман ымырашылдарының кейбіреулері өздерін ақтау үшін БК(б)П Орталық Комитетінің ноябрь пленумында оңшыл элементтермен күресудің әдістері туралы мәселе жайында менің сөйлеген сөзімді* дәлелге келтіретіндігін білдім. Жұртқа мәлім, мен өзімнің сөзімде (ол жарияланды): БК(б)П ішіндегі оңшылдық қауіппен күресудің **кәзіргі** даму **сатысында** күрестің **негізгі** әдісі идеологиялық күрес болып табылады, бірақ бұл жеке жағдайларда ұйымдастыру қортындыларын қолдануды жоққа шығармайды деген болатынмын. Мен бұл тезисті БК(б)П-дағы оңшылдар әлі ұйымдасып қалыптасқан жоқ, жік немесе фракция болып табылмайды және БК(б)П Орталық Комитетінің қарарларын бұзған жері не орындамаған жері әлі бірде-бір болған емес деп негіздеген болатынмын. Мен өзімнің сөзімде, егер оңшылдар фракциялық күрес позициясына көшіп, БК(б)П Орталық Комитеті қарарларын бұза бастайтын болса, онда 1927 жылы троцкистер жөнінде қалай істелген болса, олар жөнінде де солай істелетін болады деген болатынмын. Түсінікті шығар. Осыдан кейін оңшылдар күрестің фракциялық әдістеріне **кәзірдің өзінде көшіп**, ГКП Орталық Комитетінің

* Осы томның 273—326-беттерін қараңыз. *Ред.*

қарарларын үнемі бұзып отырған **Германиядағы** оңшылдар пайдасына дәлел ретінде, немесе ымырашылдар оңшылдардың **фракциясынан** әлі қол үзбеген, шамасы, қол үзгісі келмейтін **Германиядағы** ымырашылдардың пайдасына дәлел ретінде менің сөзіме сүйену ақмақтық емес пе? Менің ойымша, бұл сүйенуден өткен ақымақтықты ойлап табуға болмайды. БК(б)П-дағы оңшылдардың жағдайы мен ГКП-дағы олардың жағдайы арасында болып отырған айырмашылықтың бүкіл тұңғыйығын логикадан қол үзген адамдар ғана түсіне алмайды.

Шынында да. БК(б)П-дағы оңшылдар әлі фракция болып табылмайды және олар БК(б)П Орталық Комитетінің қарарларын, сөз жоқ, әдеппен орындап жүр. Германиядағы оңшылдардың, оның керісінше, фракциялық орталық бастаған фракциясы кәзірдің өзінде бар және ГКП Орталық Комитетінің қарарларын үнемі аяққа басып жүр. **Кәзіргі кезеңде** оңшылдармен күресу әдістерінің осы екі партияда бірдей болуы мүмкін еместігі айқын емес пе?

Онан соң. Біздің ССР Одағында БК(б)П-дағы оңшылдық қауіпті қоректендіріп, қоздыра алатын ұйымдасқан және елеулі күш ретінде социал-демократия жоқ. Германияда, оның керісінше, компартиямен қатар герман компартиясындағы оңшыл уклонды қоректендіріп, оны объективті түрде өзінің агентурасына айналдырып отырған кәдімгідей күшті және айтарлықтай мықты ұйымдасқан социал-демократиялық партия өмір сүріп отыр. ССР Одағы мен Германиядағы халдің бүкіл айырмашылығын тек соқырлар ғана байқамайтыны айқын емес пе?

Ақырында, тағыда бір жағдай. Біздің партия мень-

шевиктерге қарсы орасан қатты ұрыстарда өсіп, шынықты, оның бержағында бұл ұрыстар бірнеше жылдар бойына оларға қарсы тура азамат соғысы түрінде жүргізілді. Біздің, большевиктердің, Октябрьде меньшевиктер мен эсерлерді контрреволюциялық империалистік буржуазияның сол қанаты ретінде құлатқанымызды ұмытпаңыз. Айтқандайын, еш жерде, дүние жүзіндегі компартиялардың бірде-бірінде ашық оппортунизмге қарсы күресу дәстүрінің БК(б)П-дағыдай дәрежеде күшті еместігі осыдан. Кәдімгі ымырашылдық ауытқулар орын тепкен Москва ұйымы туралы, әсіресе Москва комитеті туралы еске түсірсек те жетеді, Москваның партияда бар жұмысшыларының бір қыймылмен-ақ небәрі екі ай ішінде Москва комитетінің бағытын түзегені туралы еске түсірсек те жетеді, — ашық оппортунизмге қарсы күрес дәстүрінің біздің партияда қаншалықты күшті екендігін түсіну үшін осының бәрін еске түсіру әбден жеткілікті.

Герман компартиясы туралы дәл осыны айтуға бола ма? Амал не, мұны айтуға болмайды десем, сіздер менімен сөзсіз келісерсіздер. Оның үстіне Германиядағы компартияның ГКП-дағы оңшылдық қауіпті көректендіріп отырған социал-демократиялық дәстүрлерден әлі тіпті де тазармағанын біз бекер дей алмаймыз.

БК(б)П мен ГКП-дағы оңшылдық қауіппен күресу әдістерінің өзгешеліктерін амалсыз туғызатын жағдай өзгешеліктері туралы көрсететін Германиядағы жағдайлар мен ССР Одағындағы жағдайлар дегендеріңіз осы болады.

Марксистің жәй сезгіштігінен айрылған адамдар ғана осы оңай нәрсені түсіне алмайды.

БК(б)П Орталық Комитеті ноябрь пленумінің қарарды[64] жазу жөніндегі комиссиясында бір топ жолдастар тарапынан қарардың негізгі ережелерін Коминтерннің басқа секцияларына да, оның ішінде герман секциясына да қолдану жайында ұсыныс болғанды. Біз ГКП-дағы оңшылдық қауіппен күресу жағдайларының БК(б)П-дағы күрес жағдайларынан күрделі өзгешеліктері барлығын айтып, бұл ұсынысты қабылдамай тастағанбыз.

V

ЖАБЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚ ХАТТЫҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ

ҚИАК комиссиялары ұсынған қарарлардың жобалары жайында екі ауыз сөз. Серра бұл жобаларда провинциялық қарарлардың сыйпаты бар деп есептейді. Неге? деген сұрақ туады. Неге десеңіз, баксақ, ашық хаттың жобасында оңшылдық қауіпті туғызатын саяси жағдайды талдау жоқ екен.

Мұның өзі ерсі, жолдастар. Мұндай талдау біздің VI конгрестің қарарларында бар. Оны қайталау керек пе? Менің ойымша, қайталаудың керегі жоқ. Турасын айтқанда, VI конгрестің қарарларын үнемі бұзып отырған, сондықтан шығарылуға жататын оңшылдар туралы және оңшылдарға қарсы күрес жүргізбей отырған, сондықтан елеулі ескерту жасалуға лайықты ымырашылдар туралы қысқа қарар алумен біз қанағаттана алған болар едік.

Алайда, егер біз қысқа қарар алумен тынбаған

болсақ, оның себебі — оңшыл уклонның мәнін жұмысшыларға түсіндіру, Брандлерлер мен Тальгеймерлердің шын бет-әлпетін оларға көрсету үшін, олардың өткен кезде кім болғанын, қазір кім екенін жұмысшыларға көрсету үшін, оларды түзеуге үміттеніп, оларды Коминтерннің ұзақ уақыт қалай аяп келгенін көрсету үшін, олардың өз арасында болуына коммунистердің ұзақ уақыт қалай шыдап келгендігін, ал Коминтерннің құрамында мұндай адамдардың болуына бұдан әрі неге төзуге болмайтындығын көрсету үшін қажет болды.

Алғаш ойлағаннан гөрі қарар жобасының бірсыпыра көлемді болып шығуының себебі осы.

Қарардың осы жобаларына БК(б)П делегациясының қосылатындығын Молотов жолдас бұрын осында айтты. Мен Молотов жолдастың айтқанын тек қайталай аламын.

"Большевик" № 23 — 24,
1928 ж.

КУШТЫСЕВКЕ ЖАУАП

Куштысев жолдас!

Сіздің 11. XII. 28 ж. жазған хатыңызды алдым.

Сіздің сұрағыңыз сырт көрінісінен дұрыс болып көрінуі мүмкін. Шынына келгенде ол ешбір сынауға тұрмайды. Ленин — «Совет өкіметі, оның үстіне электрлендіру дегеніміз коммунизм болып табылады» — дегенде ол мұнымен коммунизм тұсында қандай болмасын бір саяси өкімет болады дегенді де, біз елді электрлендіруді елеулі түрде қолға алғандықтан осымен коммунизмді қазірдің өзінде жүзеге асырдық дегенді де айтқысы келмейтіндігін түсіну қиын емес.

Мұндай мәлімдемені жасай отырып, Лениннің не айтқысы келді? Ол, меніңше, коммунизмге қарай жылжу үшін бір ғана Совет өкіметінің жеткіліксіз екендігін, коммунизмге қарай жылжу үшін Совет өкіметі бүкіл халық шаруашылығын ірі өндіріске аударып, елді электрлендіруге тиіс екендігін, коммунизмге жету үшін Совет өкіметі осы жолмен жүруге әзір екендігін ғана айтқысы келді. Лениннің нақыл сөзі тек Совет өкіметінің коммунизмге жету жолында электрлендіру арқылы жылжуға әзірлігін ғана көрсетеді.

Біз өз республикамыздың социалистік республика екенін жиі айтамыз. Мұның өзі — біз қазірдің өзінде социализмді жүзеге асырдық, таптарды жойдық, мемлекетті құрттық (өйткені жүзеге асқан социализм дегеніміз мемлекеттің құруы болып табылады) деген сөз бе? Немесе мұның өзі — социализм тұсында таптар, мемлекет, т. т. әлі өмір сүретін болады деген сөз бе? Әрине, олай деген сөз емес. Онда өз республикамызды социалистік республика деп атауға біздің правомыз бар ма? Әрине, бар. Қандай тұрғыдан? Социализмді жүзеге асыруға, таптарды, т. т. құртуға біздің бел байлағандығымыз және біздің әзірлігіміз тұрғысынан.

Мүмкін, Сіз, Куштысев жолдас, бұл жөнінде Лениннің пікірін тыңдауға қарсы болмассыз? Егер қарсы болмасаңыз, онда тыңдаңыз:

> «Россияның экономикасы туралы мәселені ойлағанда, бұл экономиканың өтпелі сипатын бекер деуші адам әлі болмаған сияқты. Социалистік Совет республикасы деген сөз экономикалық жаңа тәртіптерді социалистік тәртіптер деп танушылықты тіпті де көрсетпейтінін, қайта Совет өкіметінің социализмге өтуді жүзеге асыруға бел байлағандығын көрсететіндігін бізде бірде-бір коммунист бекер демеген сияқты» (XXII том, 513-бет).

Түсінікті болар.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

28 декабрь, 1928 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ЖЕТЕР ЖЕРІНЕ ЖЕТТІ

Троцкистік жасырын ұйым туралы мәселені барынша айқын қоюдың қажеттігі оның соңғы кездегі барлық ісінен туып отыр, мұның өзі партия мен Совет өкіметін троцкистерге, партияның XV съезге дейін қарағанынан гөрі, **принципті түрде басқаша** қарауға мәжбүр етіп отыр.

Троцкистердің 1927 жылғы 7 ноябрьде көшеге шығып бой көрсету троцкистік ұйымның **партиялылықтан қол үзуі былай тұрсын, тіпті советтік режимнен де қол үзе бастағанын** көрсеткен бұрылыс кезеңі болды.

Осы көшеге шығудың алдында антипартиялық және антисоветтік бірсыпыра әрекеттер болды: жыйылыс үшін мемлекеттік үйді (МВТУ) күшпен басып алу, жасырын баспаханалар ұйымдастыру, т. т. Алайда XV съезге дейін партия троцкистік ұйым жөнінде түрлі шаралар қолданып келді, бұл шаралар партия басшылығының троцкистерді түзеуді көздегенін, олардың өз қателерін мойындауын көздегенін, партиялық жолға қайтып келуін көздегенін дәлелдейді. Бірнеше жылдар бойы, 1923 жылғы айтыстан бастап, партия

осы бағытты, — көбінесе, идеологиялық күрес бағытын шыдамдылықпен жүргізіп келді. Ал тіпті партияның XV съезінде де троцкистердің «тактикалық сыйпатты алауыздықтардан программалық сыйпатты алауыздықтарға көшкеніне, Лениннің көзқарастарын ревизиялап, меньшевизмнің позициясына ауып кеткеніне» (XV съездің қарары)[65] қарамастан троцкистік ұйымға қарсы дәл әлгіндей шаралар туралы сөз болды.

XV съезден бергі өткен бір жыл троцкистердің белсенді қайраткерлерін партиядан шығарған XV съездің қарарының дұрыстығын көрсетті. Троцкистер 1928 жылдың ішінде астыртын антипартиялық топтан астыртын антисоветтік ұйымға өзінің айналуын аяқтады. Совет өкіметі органдарын 1928 жыл ішінде осы астыртын антисоветтік ұйымның қайраткерлері жөнінде жазалау шараларын қолдануға мәжбүр еткен жаңа нәрсе осында.

Өз мүшелерінің саны жағынан болмашы болғанмен, бірақ дегенмен өзінің баспаханалары, өзінің комитеттері бар, антисоветтік стачкалар ұйымдастыруға әрекеттенетін, өз жақтастарын пролетариат диктатурасы органдарына қарсы азамат соғысына әзірлеуге ауып кетіп отырған астыртын антисоветтік ұйымның пролетариат диктатурасы елінде өмір сүруіне пролетариат диктатурасының өкімет органдары рұқсат ете алмайды. Бірақ бір кезде партия ішінде фракция болған, ал кәзір астыртын антисоветтік ұйым болып отырған троцкистер дәл осыған дейін барып, жетер жеріне жетті.

Ел ішіндегі антисоветтік, меньшевиктік нәрсенің бәрі, осының бәрі троцкистерге ниеттестік білдіріп, кәзір троцкистердің төңірегіне топталып отырғандығы түсінікті.

Троцкистердің БҚ(б)П-ға қарсы күресінің өз логикасы болды, сондықтан осы логика троцкистерді антисоветтік лагерьге алып келді. Троцкий 1928 жылдың январь айында өзінің пікірлестеріне, өздерін ССР Одағына қарсы қоймай, БҚ(б)П басшыларын соққылауға кеңес беруден бастады. Біракта Троцкий күрес логикасы нәтижесінде БҚ(б)П басшыларына қарсы, пролетариат диктатурасының басшы күшіне қарсы өзінің соққыларын пролетариат диктатурасының өзіне қарсы, ССР Одағына қарсы, біздің бүкіл советтік жұртшылыққа қарсы бағыттады.

Троцкистер елдегі басшы партия мен Совет өкіметі органдарын жұмысшы табы алдында барлық жолдар арқылы қаралауға әрекеттенді. Троцкий шет елге жіберілген, ренегат Масловтың баспасөз органында жариялануы былай тұрсын, тіпті ақгвардияшылдар органдарында да («Руль»[66] және басқалар) жарияланған 21. X. 1928 ж. директивалық хатында: ССР Одағында өмір сүріп отырған құрылыс «жаңа түрдегі керенскийшілдік» деп антисоветтік жала мәлімдемелер жасады, стачка ұйымдастыруға, коллективтік шарттар жасау науқанын бұзуға шақырады, сөйтіп шынына келгенде өз кадрларын жаңа азамат соғысының болу мүмкіндігіне әзірлейді.

Басқа троцкистер азамат соғысына әзірлену мәселесінде «ешнәрсеге де, жазылған және жазылмаған уставтардың қандайына болса да тоқтамау» керек деп тура айтып жүр.

Қызыл Армияға және оның басшыларына тағылып жүрген жала — троцкистердің жасырын және шетелдік ренегат баспасөзде таратып жүрген, ал ол арқылы шет елдегі ақгвардияшыл баспасөзде тарап жүрген

жала троцкистердің халықаралық буржуазияны тура Совет мемлекетіне айдап салудан шіміріккейтінін дәлелдейді. Қызыл Армия және оның басшылары бұл документтерде болашақ бонапарттық төңкеріс жасайтын армия ретінде суреттеледі. Оның үстіне троцкистік ұйым, бір жағынан, Коминтерннің секцияларын жарықшақтауға, барлық жерде өз фракциясын құрып, Коминтерн қатарын іритуге әрекеттеніп отыр, екінші жағынан — Совет мемлекетіне жау элементтерді ССР Одағына онсыз да айдап салып отыр.

Троцкистік шығармалардың революциялық бос сөздері троцкистік үндеулердің контрреволюциялық мәнін ендігі жерде бүркей алмайтын болып отыр. Ленин партияның X съезінде Кронштадт бүлігіне байланысты тіпті «ақгвардияшылдардың өзі Россияда пролетариат революциясының тірегін әлсірету, құлату үшін коммунистерге және тіпті олардан да «солшылырақ» коммунистер түріне боялуға ұмтылып отыр және бояла алады» деп партияны сақтандырған болатын. Бүлік сәтсіздікке ұшырай қалған жағдайда өзін бейнебір болмашы ғана түзеулермен Совет өкіметін жақтаушы етіп көрсетіп, меньшевиктердің Кронштадт бүлікшілерін, эсерлер мен ақгвардияшылдарды факт жүзінде итермелеу және қолдау үшін БК(б)П ішіндегі алауыздықтарды қалай пайдаланып отырған мысалын Ленин сол кездің өзінде-ақ келтірген болатын[67]. Троцкистердің астыртын ұйымы пролетариат диктатурасына жау элементтердің бәрін қазіргі уақытта өз төңірегіне шоғырландырып отырған бүркемелі ұйым екенін толығынан дәлелдеді. Советтік режимге қарсы күресінде меньшевиктер партиясының ССР Одағында бір кезде орындаған ролін троцкистік ұйым қазір іс жүзінде орындап отыр.

Троцкистік ұйымның **зиянкестік** жұмысы Совет өкіметі органдары тарапынан осы антисоветтік ұйымға қарсы аяусыз күрес жүргізуді талап етеді. Ерекше мемлекеттік саяси басқарманың осы антисоветтік ұйымды жою үшін соңғы уақытта қолданған шараларын (қамау, жер аудару) осымен түсіндіруге болады.

Сірә, БК(б)П ішіндегі бұрынғы троцкистік оппозиция мен БК(б)П-дан тыс қазіргі троцкистік астыртын ұйым арасында **кәзірдің өзінде өткелсіз тұңғыйық жатқандығы** жөнінде партия мүшелерінің бәрі бірдей өзіне онша анық есеп бермейтін сияқты. Ал шындығында осы айқын шындықты түсінетін, ақылға салатын уақыт жетті. Сондықтан астыртын троцкистік ұйым қайраткерлеріне партияның кейбір мүшелерінің кейде жасап отырған «либералдық» көзқарасы мүлде кешірімсіз нәрсе. Мұны партияның барлық мүшелері түсінуі қажет. Оның үстіне, жасырын троцкистік ұйымның антисоветтік ұйым екенін, пролетариат диктатурасына жау ұйым екенін бүкіл елге, жұмысшылар мен шаруалардың қалың тобына түсіндіру қажет.

Өздерінің басшылары және астыртын троцкистік антисоветтік ұйымның ісі туғызған осы жаңа жағдайды жарты жолда тұрған троцкистер де ойланып көрсін.

Екінің бірі: не БК(б)П-ға қарсы, ССР Одағындағы пролетариат диктатурасына қарсы троцкистік астыртын антисоветтік ұйыммен болсын, не троцкистердің антисоветтік астыртын ұйымынан толық қол үзіп, бұл ұйымды қандай түрде болса да қолдаудан толық бастартсын.

Бірінші рет басылып отыр

БУХАРИН ТОБЫ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ ОҢШЫЛ УКЛОН

БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісінде 1929 жылғы январьдың аяғы мен февральдың бас кезінде сөйленген сөздерден

(Қысқаша жазылып алынған)

Жолдастар! Біздің партияда Бухарин, Томский, Рыков енген ерекше Бухарин тобы құрылған фактысын, қаншалықты қайғылы болғанмен, атап көрсетуге тура келеді. Бұл топтың барлығы туралы партияға бұрын ештеме белгілі емес-ті, — бухаринишілдер мұндай топтың болу фактысын партиядан мұқият жасырып келген. Бірақ кәзір мұның өзі белгілі және айқын болып отыр.

Бұл топтың, оның мәлімдемесіне қарағанда, өзінің ерекше платформасы бар, мұны ол партияның саясатына қарама-карсы қояды. Ол, біріншіден, — партияның кәзіргі саясатына қарсы — индустрия дамуының кәзіргі қарқыны «апатқа ұшырататын» қарқын деп сендірмек болып, біздің индустрияның қарқынын төмендетуді талап етеді. Ол, екіншіден, — бұл да партияның саясатына қарсы — колхоздар мен совхоздар біздің ауыл шаруашылығымыздың дамуында елеулі роль атқармайды және атқара алмайды деп, совхоздар мен колхоздар құрылысын доғаруды талап етеді. Ол, үшіншіден, — бұл да партия саясатына қарсы —

мемлекеттің тәртіптеуші ролі сауданың өсуіне мүмкіндік бермейді деп, жеке саудаға толық бостандық беріп, мемлекеттің сауда саласындағы тәртіптеуші ролінен бастартуды талап етеді.

Басқаша айтқанда, Бухарин тобы — қала мен деревняның капиталистік элементтерін жою үшін емес, қайта олардың еркін дамуы үшін күресетін оңшыл-уклондық, капитулянттық топ болып табылады.

Сонымен қатар Бухарин тобы кулактар жөніндегі төтенше шараларға, кулактарға «шамадан тыс» салықтар салуға қарсы шығады, партия осы шараларды қолданып, шынында «шаруаларды соғыстық-феодалдық түрде қанау» саясатын жүргізіп отыр деп партияны арсыздықпен айыптайды. Осы күлкілі айыптаудың Бухаринге керек болған себебі: кулактарды өз қорғауына алып, мұнымен қатар еңбекші шаруалар мен кулактарды араластырып, ешбір айырмасыз қарау үшін керек болды.

Бухарин тобы осы топтың платформасы рухында партиядан өз саясатын негізімен өзгертуін талап етеді. Сонсоң ол: егер партия саясаты өзгермейтін болса, онда Бухарин, Рыков, Томскийдің отставкаға кететінін мәлімдейді.

Орталық Комитет Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының осы біріккен мәжілісінде болған жарыссөздердің барысында анықталған фактылар осындай.

Оның үстіне, топтың тапсыруы бойынша Бухариннің партияға және оның Орталық Комитетіне қарсы бухариншілдер мен троцкистердің одағын ұйымдастыру үшін Каменевпен құпия келіссөздер жүргізгені анықталды. Біздің партияның Орталық Комитетінде өз

платформасының жеңуіне сенбей, бухариншілдердің партия Орталық Комитетінен жасырын осындай одақ ұйымдастыру керек деп есептегені анық.

Бізде бұрын алауыздықтар болды ма? Я, болды. Алауыздықтардың бірінші тұтануы бізде Орталық Комитеттің июль пленумы алдында байқалды (1928 ж.). Алауыздықтар сол мәселелер жөнінде: индустрияның даму қарқыны туралы, совхоздар мен колхоздар туралы, жеке сауданың толық еркіндігі туралы, кулактарға қарсы төтенше шаралар туралы мәселелер жөнінде болды. Алайда мәселе онда осы мәселелердің барлығы жөнінде пленумда бірыңғай және жалпы қарар қабылдаумен тынған-ды. Онда біз бәріміз Бухарин және оның жақтастары өздерінің қателерінен бас тартты, сөйтіп алауыздықтар жалпы қарар қабылдаумен жабылды деп есептегенбіз. Саяси Бюроның бірауыздылығы туралы және онда алауыздықтардың жоқтығы туралы Саяси Бюроның барлық мүшелері қол қойған (1928 жылғы июльде) белгілі мәлімдеме де осы негізде туған болатын.

Алауыздықтардың екінші тұтануы бізде Орталық Комитеттің ноябрь пленумы алдында байқалды. Бухариннің «Экономистің мақалалары» деген мақаласы Саяси Бюрода онша жайбарақаттық емес екендігін, ең болмағанда, Саяси Бюро мүшелерінің бірі Орталық Комитеттің бағытын қайта қарауға немесе «жөндеуге» әрекеттеніп жүргендігін айқын түрде көрсетті. Біздер үшін, Саяси Бюро мүшелерінің көпшілігі үшін «Экономистің мақалаларының» индустрияның даму қарқынын баяулатуды және деревнядағы біздің саясатымызды Фрумкиннің әйгілі хаты рухында өзгертуді көздеген антипартиялық эклектикалық мақала екен-

дігіне қалайда шүбә болған жоқ. Бұған Рыков, Бухарин және Томскийдің отставкаға шығуы туралы мәселені қосу керек. Мәселе былай болды: Рыков, Бухарин және Томский сонда бақылау цифрлары туралы қарар жазу жөніндегі комиссияға келіп, өздерінің отставкаға кететіндігін мәлімдеді. Алайда бақылау цифрлары жөніндегі комиссияның жұмыстары барысында алауыздықтардың бәрі белгілі бір дәрежеде жайғастырылған болатын: индустрияның осы күнгі даму қарқыны сақталған болатын, совхоз-колхоз құрылысын бұдан әрі де өркендету ісі мақұлданған болатын, кулактарға максимум салық салу сақталған болатын, мемлекеттің сауда саласындағы тәртіптеу ролі де сақталған болатын, «шаруаларды соғыстық-феодалдық түрде қанау» саясаты жөнінде партияны күлкілі түрде айыптау комиссия мүшелерінің жаппай күлкісі арқылы бекерге шығарылған болатын, үшеуі отставкасын қайтып алған болатын. Ақырында келіп — бақылау цифрлары туралы Саяси Бюро мүшелерінің бәрі қабылдаған жалпы қарар алынған болатын. Ақырында келіп — Саяси Бюро ішінде алауыздықтар жоқтығын, ауызбірлік барлығын Орталық Комитеттің ноябрь пленумында да, одан тыс та Саяси Бюро мүшлерінің бәрі ресми түрде мәлімдеді деп Саяси Бюро белгілі қарарын алған болатын.

Бухарин, Рыков және Томскийдің сырт көрініс үшін ғана бірыңғай қарарға дауыс беріп отырғандығын, олардың партиямен алауыздықтары жөніндегі өздерінің ерекше пункттерін өздерінде қалдырып отырғандығын, Бухарин мен Томскийдің ВЦСПС-те, Коминтерінде, «Правдада» жұмыс істеуден іс жүзінде шымен бастартатындығын, Каменевтің архивында Ор-

талық Комитет ішінде партияға қарсы троцкистермен одақтасуға әрекеттеніп отырған, өз платформасы бар ерекше топ барлығын айқын көрсететін бір «хат» бар екендігін сол кезде білге білуге болды ма?

Әрине, білуге болмады.

Қазір алауыздықтардың бар екендігі және алауыздықтардың елеулі екендігі жұрттың бәрі үшін түсінікті. Фрумкиннің дақпы Бухаринге маза бермей жүрген сықты. Лениннің Бухарин «саясатта масқара тұрақсыз»[68] деп 1916 жылдың өзінде Шляпниковқа жазғаны мың мәрте дұрыс болып шықты. Қазір осы тұрақсыздық Бухариннен оның тобының мүшелеріне жұқты.

Бухариншілдердің негізгі сорлылығы мынада — оларда кулакка жеңілдік беру және оған ерік беру ісі біздің астық жөніндегі және түрлі басқа қиыншылықтарымызды шешудің құралы деп сенетіндік, нанатындық бар. Олардың ойынша, егер кулакка жеңілдік берсек, оның қанаушылық ниеттерін тежемейтін болсақ, оған еркіндік, т. т. беретін болсақ, онда қиыншылықтар жойылатын болады, елдің саяси халі жақсаратын болады. Кулактың құтқарушылық ролiне бухариншілдердің осы аңқаулық сенімінің тіпті сынауға да тұрмайтын күлкілі бос мылжың екендігі айтпай-ақ түсінікті. Бухариншілдердің сорлылығы мынада — олар тап күресінің түйінін түсінбейді, кулак деген еңбекшілердің қас дұшпаны екенін, біздің барлық құрылысымыздың қас дұшпаны екенін түсінбейді. Олар кулакка жеңілдік, еркіндік беру саясаты деген еліміздің бүкіл саяси халін нашарлату, елде капиталистік элементтердің үміттерін көтеру, өзіміздің деревня кедейлерінен ажырайтындығымыз, ор-

ташаны адастыру, еліміздің жұмысшы табынан қол үзу болып табылатынын түсінбейді. Олар кулакқа жеңілдік берудің ешқандайының біздің астық жөніндегі қыйыншылықтарымызды жеңілдете алмайтындығын түсінбейді, өйткені дайындау бағалары және астық базарын мемлекет органдары тәртіптеуі болып тұрғанда кулак астығын бәрібір өз еркімен бермейді, ал егер Совет құрылысын, пролетариат диктатурасын шайқалтқымыз келмесе, біз сауданы мемлекеттің тәртіптеу саясатынан бастарта алмаймыз. Бухариншілдердің сорлылығы мынада — олар осы оңай және жәй нәрселерді түсінбейді. Мен капиталистік элементтерге еркіндік беру саясатының лениндік саясат пен ленинизм негіздерімен теория жағынан да, саясат жағынан да мүлде сыйыспайтындығы туралы айтып та тұрғаным жоқ.

Мұның бәрі жақсы, ал құтылу жолы қандай, Бухарин тобының жарыққа шығуына байланысты қандай шара қолдану керек? деуі мүмкін жолдастардың. Туып отырған жағдайдан құтылу жолы жөнінде жолдастардың көпшілігі айтты да. Жолдастардың көпшілігі жыйылыстың табандылық көрсетіп, Бухарин мен Томскийдің отставкасын үзілді-кесілді қабылдамауды талап етеді (Рыков өз отставкасын бұрын қайтып алды). Жолдастардың көпшілігі Орталық Комитеттің Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының біріккен мәжілісі Бухарин, Томский және Рыковтың оңшыл оппортунистік, капитулянттық платформасын айыптауды, Бухариннің және оның тобының троцкистермен антипартиялық одақ жасауға әрекеттенуін айыптауды талап етеді. Мен осы ұсыныстарға түгелдей қосыламын.

Бухариншілдер мұндай қарарға риза емес. Олар партия уставына қарсы, өздеріне фракциялық жіктердің бостандығын қамтамасыз етуді тілейді. Олар партияның төл міндеттеріне қарсы шығып, партия мен Орталық Комитеттің қарарларын бұзуға өздеріне еркіндіктің қамтамасыз етілуін тілейді. Қандай негізге сүйеніп? деген сұрақ туады.

Оларша былай болып шығады: егер Орталық Комитеттің қарарларын партияның қатардағы мүшелері орындамайтын болса, оларды партия занының барлық қаталдығымен жазалау керек; егер Орталық Комитеттің қарарларын, басшы деп аталатындар, айталық, Саяси Бюро мүшелері бұзатын болса, онда оларды жазалау былай тұрсын, тіпті жәй сынауға да болмайды, өйткені олар мұндай ретте сынды «талқылау» деп бағалайды.

Партияның бұл жалған көзқарасқа түсе алмайтындығы түсінікті. Егер біз басшылар үшін бір заң, ал партия ішіндегі «жәй халық» үшін бір заң шығаратын болсақ, онда бізде партиядан да, партиялық тәртіптен де ешнәрсе қалмайды.

«Талқылауға» наразылық жасайды. Бірақ бұл наразылықтар өрескіл-ақ. Егер Бухарин «Экономистің мақалалары» сияқты антипартиялық ерсі мақала жазуға праволы болса, онда партия мүшелерінің мұндай мақаланы сынауға онан сайын правосы бар. Егер Бухарин мен Томский Орталық Комитеттің қаулысын бұзуға өздеріне право берсе, өздеріне жүктелген орында қызмет істеуден қарысып бастартса, онда партия мүшелерінің олардың мұндай мінез-құлқын сынауға онан сайын правосы бар. Егер бұл «талқылау» болып аталатын болса, онда олар өзара сын, партия ішіндегі

демократия, т. т. ұранын өздерінің калай ұғынатынын біздерге түсіндірсінші.

Орталық Комитеттің Томский мен Бухарин жөнінде істеп отырғанынан гөрі, Ленин болса калайда жұмсақтық жасаған болар еді, деседі. Бұл мүлде дұрыс емес. Қазір мәселе былай болып отыр: Саяси Бюроның екі мүшесі партияның оларға берген қызметінде калудан қарысып бастартып, Орталық Комитеттің карарларын үнемі бұзып отыр, ал партияның Орталық Комитеті, оларды жазалаудың орнына, оларды өздерінің қызметтерінде калу жөнінде міне екі ай бойы үгіттеп келеді. Ал мұндай реттерде Лениннің калай істегенін еске түсіріңізші. Ленин жолдастың Томский тарапынан болған кішкентай бір қате үшін оны Түркстанға қуып жібергені естеріңізде жоқ па.

Томский. Зиновьевтің және аздап сенің де игілікті көмегіңмен.

Сталин. Егер сен Ленинді өзінің көзі жетпеген нәрсеге сендіруге болатын еді дегенді айтқың келіп отырса, онда мұның өзі тек күлкі туғызуы мүмкін... Екінші фактыны, мысалы, Шляпников жөніндегі фактыны еске түсіріңізші: Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советі ұясында Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советі каулысының бір жобасын оның сынағаны үшін Ленин оны Орталық Комитет құрамынан шығаруды ұсынған болатын.

Орталық Комитеттің каулыларын Бухарин мен Томскийдің сорақы бұзатын және партияға карсы жаңа оппортунистік платформаны көрер көзге құратын қазіргі қылмыстарының Томский мен Шляпниковтың жоғарыда көрсетілген реттегі кіналарынан гөрі сан рет жаман екенлігін кім теріске шығара алады? Алай-

да Орталық Комитет олардың біреуін Орталық Комитеттен шығаруды немесе қайдағыбір Түркстанға командировкаға жіберуді талап етіп отырған жоқ, қайта, әрине, олардың партиялық емес бағыттарын, ал кейде тура антипартиялық бағыттарын әшкерелей отырып, олардың өз орындарында қалуына көзін жеткізуге әрекет жасаумен канағаттанып отыр. Сіздерге енді қандай жұмсақтық керек?

Біз, Орталық Комитет көпшілігі, — бухариншілдер жөнінде тым либералдық, төзімділік жасап отырмыз, біз сонымен мүмкін, олардың фракциялық антипартиялық «жұмысын» еріксізден қуаттап отырмыз деп айту дұрысырақ болмай ма?

Осы либерализмді жоятын уақыт жеткен жоқ па?

Мен осы жыйылыс мүшелері көпшілігінің ұсынысын мақұлдауды, сөйтіп кезекті мәселелерге көшуді ұсынамын.

Бірінші рет басылып отыр

БИЛЛЬ-БЕЛОЦЕРКОВСКИЙГЕ ЖАУАП

Билль-Белоцерковский жолдас!

Өте кешігіп жазып отырмын. Бірақ ештен кеш жақсы.

1) Мен көркем әдебиетте (демек, театрда да) «оңшылдар» мен «солшылдар» бар деп мәселе қоюдың өзін дұрыс емес деп есептеймін. Осы кезде біздің елімізде айтылып жүрген «оңшыл» немесе «солшыл» деген ұғым партиялық, тікелей — ішкіпартиялық ұғым. «Оңшылдар» немесе «солшылдар» деген — бұлар таза партиялық жолдан белгілібір жаққа ауа жайылған адамдар. Сондықтан бұл ұғымдарды көркем әдебиет, театр және басқа сияқты партиялық емес және ешбір салыстыруға келмейтін кең салаға қолдану ерсі болған болар еді. Бұл ұғымдардың көркем әдебиеттегі кейбір партиялық (коммунистік) үйірмелерге қолданылынуы мүмкін. Мұндай үйірмелердің ішінде «оңшылдар» мен «солшылдар» болуы мүмкін. Бірақ оларды көркем әдебиеттің қазіргі өсу кезеңінде тіпті антисоветтік және тікелей контрреволюциялыққа дейін нешетүрлі ағымдар атаулының бәрі болып отырған кезде көркем әдебиетте қолдану — бүкіл ұғым атау-

лыны кері айналдыру деген сөз. Көркем әдебиетте таптық түрдегі ұғымдарды, немесе тіпті «советтік», «антисоветтік», «революциялық», «антиреволюциялық» және басқа ұғымдарды қолдану барлығынан да гөрі дұрысырақ болған болар еді.

2) Бұл айтылғандардан кейін менің «головановшылдықты»[29] «оңшыл» қауіп деп те, «солшыл» қауіп деп те есептей алмайтыным өзінен өзі айқын, — мұның өзі партиялық ағымдардан тыс жатыр. «Головановшылдық» деген антисоветтік құбылыс болып табылады. Бұдан, әрине, Головановтың өзі түзеле алмайды, ол өзінің қателерінен арыла алмайды, тіпті ол өз қателерімен қоштасуға әзір болғанның өзінде де оны қуғындау және өшіктіру керек, сөйтіп оны шет елге кетуге мәжбүр ету керек деген қортынды тумайды.

Немесе, мәселен, Булгаковтың «Қашуын» «солшылдық» та, «оңшылдық» та қауіптің көрінісі деп санауға болмайды. «Қашу» антисоветтік эмигрантшылардың кейбір топтарына, сүйіспеншілік көрсету болмағанның өзінде, аяныш туғызу әрекеті — демек, ақгвардиялық істі ақтау немесе жартылай ақтау әрекеті. «Қашу», осы күнгі түрінде, антисоветтік құбылыс болып табылады.

Алайда, егер Булгаков өзінің сегіз түсіне тағыда бір немесе екі түс қосса, онда ССРО-дағы азамат соғысының ішкі әлеуметтік тетігін суреттесе, одан жүрг әлгі адамдардың бәрі, өзінше «адал» Серафимдер мен приват-доценттердің бәрі, Россиядан большевиктердің ілікшілдігі бойынша емес, қайта олардың халық мойнында отырғандығы себепті (өздерінің «адалдығына» қарамастан) қуылғандығын түсінетін болса; қанаудың мұндай «адал» жақтаушыларын қуып жіберу арқылы

большевиктердің жұмысшылар мен шаруа тілегін іс жүзіне асырғанын, ал сондықтан әбден дұрыс істегенін түсінетін болса, «Қашуды» жұртқа көрсетуге мен ешбір қарсы болмас едім.

3) Булгаковтың пьесасын сахнаға осыншама неге жиі қояды? Неге десеңіз, мүмкін, көрсетуге жарайтын өз пьесаларымыз жетіспейтін шығар. Балықсыз отырғандарға тіпті «Турбиндардың күндері» де — балық болмақ. Әрине, «сынау» және пролетарлық емес әдебиет жөнінде тыйым салуды талап ету өте оңай. Бірақ ең оңай нәрсені ең жақсы деп те есептеуге болмайды. Әңгіме тыйым салуда емес, қайта ескі және жаңа пролетарлық емес заттарды жарыс ретінде, оны ауыстыруға жарайтын нағыз, тамаша, көркем советтік қасиеті бар пьеса жазу арқылы бірден-бірге сахнадан қууда болып отыр. Ал жарыс — әрі зор, әрі күрделі іс, өйткені біздің пролетарлық көркем әдебиетті тек жарыс жағдайында ғана қалыптастырып, әбден тазартуға болады.

«Турбиндардың күндері» пьесасының өзін алатын болсақ, оның өзі оншалықты жаман емес, өйткені оның залалынан пайдасы көбірек. Бұл пьесаны көрушілердің есінде қалатын негізгі әсер — большевиктер үшін қолайлы әсер екенін ұмытпаңыз: «егер тіпті Турбиндар сияқты адамдар да, өз ісінің түпкілікті ұтылғанын мойындап, құралдарын тастауға, халық еркіне көнуге мәжбүр болса, — демек, большевиктер жеңдірмейді, оларға, большевиктерге, қарсы ешнәрсе істеуге болмайды деген сөз». «Турбиндардың күндері» — большевизмнің барлық жеңімпаз күшінің демонстрациясы болып табылады.

Әрине, автор бұл демонстрацияда ешбір «айыпты емес». Бірақ онда біздің қандай ісіміз бар?

4) Свидерский жолдастың толып жатқан жерлерде ешбір ақылға сыймайтын қателіктер мен бұрмалау жіберіп жүргені рас. Бірақ реперткомның да өз ісінде, басқа жөнінен болғанымен де, жаңағылардан кем соқпайтын қате жіберіп отырғаны рас. Шынында буржуазиялық камералық театрда неге екені белгісіз тоқтаусыз түрде қойылып отыратын «Құрең арал», «Теңдестердің заговоры» және басқа осы сияқты қоқыстарды есіңізге түсіріңізші.

5) «Либерализм» туралы «өсекті» алатын болсақ, бұл туралы ең жақсысы айтпай-ақ қоялық — «өсек» айтуды Москвадағы саудагер-бәйбішелерге беріңіз.

И. Сталин

2 февраль, 1929 ж.

Бірінші рет басылып отыр

„КРАСНЫЙ ТРЕУГОЛЬНИКТІҢ“ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ

Құрметті жолдастар, «Красный Треугольниктің» жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері! «Красный Треугольниктің» 7 сағаттық жұмыс күніне көшуімен байланысты менің достық сәлемімді қабыл алыңыздар.

Сіздердің аға-інілеріңіз бен апа-қарындастарыңыз капиталистік елдерде 10—12—14 сағат жұмыс істейді. Біздер, біздің жұмысшы-шаруа мемлекетінің жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ендігі жерде күніне 7 сағат жұмыс істейтін боламыз.

ССРО-ның жұмысшылары бүкіл жер жүзі жұмысшы табының алдыңғы қатарында тұрғанын жұрттың бәрі білетін болсын!

Біздің туымыз — социализм құрылысының туы — барлық елдердің жұмысшыларының туы болатын болсын!

Сіздердің салтанаттарыңызға қатысу үшін баруға мүмкіндігім болмады, ол үшін кешірім сұраймын.

2 февраль, 1929 ж. *И. Сталин*

„Ленинградская Правда“ № 28, 3 февраль, 1929 ж.

ПРОСКУРОВКА ТЕЛЕГРАММА БІРІНШІ ЧЕРВОНО-КАЗАК ПОЛКІНІҢ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНЕ, БАСТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ[70]

Қызыл кавалерия дивизиясының Бірінші червоно-казак полкінің қызылəскерлеріне, бастық қызметкерлері мен саяси қызметкерлеріне туысқандық сəлем. Жұмыстарыңызда жəне жұмысшылар мен шаруалардың душпандарын жеңу ісінде табысты болуларыңызға тілектестігімді білдіремін.

Сталин

22 февраль, 1929 ж.

Бірінші рет басылып отыр

„СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ГАЗЕТАҒА" ҚҮТТЫҚТАУ

«Сельскохозяйственная Газетаға»[71] сәлем жолдап, шын тілектестігімді білдіремін! Ауыл шаруашылығы дамуының мәселелерін марксистік-лениндік теорияның негізінде шешу мен жазу ісінде оның табысты болуына тілектеспін.

Газет біздің ауыл шаруашылығымызды социалистік жолмен қайта құрудың қиын істерін алға бастырушы актив қызметкерлерді — құрылысшыларды ұйымдастырушы орталыққа айнала алады деп сенеміз.

И. Сталин

„Сельскохозяйственная Газета"
№1, 1 март, 1929 ж.

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ЛЕНИНИЗМ

Мешков, Ковальчук және басқа жолдастарға жауап

Сіздердің хаттарыңызды алдым. Бұлар осы тақырып жөнінде соңғы айлар ішінде маған басқа жолдастардан келген бірсыпыра хаттарға да ұқсайды. Алайда, мен дәл сіздерге жауап беруге ұйғардым, өйткені сіздер мәселені дөрекілеу қойғансыздар, сөйтіп айқындыққа жетуге жәрдем еткенсіздер. Рас, сіздер өз хаттарыңызда қойылған мәселелерді теріс шешкенсіздер, бірақ бұл бір басқа әңгіме — бұл жөнінде төменде айтамыз.

Іске кіріселік.

1. «ҰЛТ» ДЕГЕН ҰҒЫМ

Орыс маркснстерінің көптен бері-ақ ұлт жөнінде өз теориясы бар. Бұл теория бойынша ұлт дегеніміз адамдардың тарихи түрде қалыптасқан тұрақты тұтастығы болып табылады, мұның өзі негізгі төрт белгінің тұтастығы негізінде пайда болған, атап айтқанда: тіл тұтастығы, территория тұтасығы, экономикалық өмір тұтастығы және ұлт мәдениетінің ерекше өзгеше-

діктері тұтастығы арқылы көрінетін психикалық құрылыс тұтастығы негізінде пайда болған. Жалпыға мәлім, бұл теорияны біздің партия ішінде жұрттың бәрі мойындайды.

Сіздердің хаттарыңызға қарағанда, сіздер бұл теорияны жеткіліксіз деп есептейсіздер. Сондықтан сіздер ұлттың төрт белгісіне бесінші белгіні, атап айтқанда: өзінің жеке ұлттық мемлекетінің болуын қосуды ұсынасыздар. Сіздер бұл бесінші белгі болмайынша ұлт болмайды және болуы да мүмкін емес деп есептейсіздер.

Менінше, сіздердің ұсынып отырған «ұлт» ұғымының жаңа, бесінші белгісі бар схема — мүлде қате және теория жағынан да, практика-саясат жағынан да дәлелденуі мүмкін емес.

Сіздердің схемаларыңыз бойынша ұлт деп тек өзінің жеке, басқалардан өзгеше, мемлекеті бар ұлттарды ғана есептеуге тура келген болар еді, ал дербес мемлекеті жоқ барлық езілген ұлттарды ұлт қатарынан өшіріп тастауға тура келген болар еді; онымен қатар езілген ұлттардың ұлттық езгіге қарсы күресін, отар халықтардың империализмге қарсы күресін «ұлт қозғалысы», «ұлттық-азаттық қозғалыс» ұғымынан шығарып тастауға тура келген болар еді.

Ол ол ма. Сіздердің схемаларыңыз бойынша, былай деуге тура келер еді:

а) ирландар тек «Ирландық еркін мемлекет» құрылғаннан кейін ғана ұлт болды, ал оған дейін олар ұлт болған емес;

б) норвегтер Норвегияның Швециядан бөлінгеніне

дейін ұлт болған емес, тек осындай бөліністен кейін ғана ұлт болды;

в) украиндар Украинаның патшалық Россияның құрамына кіріп тұрған кезінде ұлт болған емес; олар Орталық рада мен гетман Скоропадский тұсында Советтік Россиядан бөлініп шыққан кезден кейін ғана ұлт болды, ал олар өздерінің Украиндық Советтік республикасын басқа Совет республикаларымен бірге Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктірген кезде қайтадан ұлт болудан қалды.

Мұндай мысалдарды сансыз көп келтіруге болар еді.

Мұндай сорақы қортындыларға келтіретін схеманың ғылыми схема бола алмайтыны анық нәрсе.

Практика — саясат жағынан сіздердің схемаларыңыз ұлттық, империалистік езгіні ақтауға сөзсіз әкеліп соғады, өйткені бұл езушілер езілген және толық праволы емес ұлттарды, өздерінің жеке ұлттық мемлекеті жоқ ұлттарды нағыз ұлттар деп мүлде есептемейді, сондықтан бұл жағдай оларға бұл ұлттарды езуге право береді деп есептейді.

Сіздердің схемаларыңыз совет ұлттары өздерінің ұлттық Советтік республикаларын Советтік Социалистік Республикалар Одағына біріктіргеннен кейін ұлт болудан қалды деп дәлелдейтін біздің Советтік республикалардағы буржуазияшыл ұлтшылдарды ақтауға әкеліп соғады, мен мұны айтып та отырғаным жоқ.

Орыс марксистік ұлт теориясын «толықтыру» және «түзету» туралы мәселенің жайы осылай.

Қалғаны бір ғана нәрсе: орыс марксистік ұлт теориясы бірден-бір дұрыс теория болып табылады деп тану керек.

2. ҰЛТТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Сіздердің елеулі қателеріңіздің бірі мынада: сіздер қазіргі кезде өмір сүруші ұлттардың бәрін бір жерге үйіп-төгесіздер де, олардың арасындағы принциптік айырманы көрмейсіздер.

Дүниеде әртүрлі ұлт болады. Капитализм өрлеген заманда дамыған ұлттар бар; ол кезде буржуазия феодализмді және феодалдық бытыраңдылықты қыйрата отырып, ұлтты біртұтас етіп құрастырып, біріктіреді. Бұл — «қазіргі заманғы» делінетін ұлттар.

Сіздер ұлттар капитализмнен де бұрын пайда болып, өмір сүрді дейсіздер. Бірақ капитализмнен бұрын, феодализм дәуірінде, елдер жеке дербес князьдіктерге бөлініп жатқан кезде, бұл князьдіктер ұлттық қатнастар арқылы бір бірімен байланыспағаны былай тұрсын, қайта мұндай қатнастардың қажеттігін мүлдем мойындамай жүрген кезде, ұлттар қалай пайда болып, өмір сүруші еді? Сіздердің қате пікірлеріңізге қарсы, капиталистік дәуірге дейін ұлттар болған емес және болуы да мүмкін емес, өйткені ол кезде ұлттық рыноктер болған жоқ еді, экономикалық та, мәдени де ұлттық орталық болған жоқ еді, демек, белгілібір халықтың шаруашылық бытырандылығын жоятын және бұл халықтың сол кезге дейін шашырап жүрген бөлімдерін ұлттық тұтастыққа тартатын факторлар болған жоқ еді.

Әрине, ұлт элементтері — тіл, территория, мәдениет тұтастығы, т. т. — аспаннан түсе қалған жоқ, қайта капитализмге дейінгі дәуірде-ақ бірте-бірте жасалып отырды. Бірақ бұл элементтер ұрықтанып келе жатқан жағдайда болды және ең мықтағанда болашақ-

та белгілі қолайлы жағдайлар тұсында ұлт болып құрала аларлық мағнадағы мүмкіншілік қана болып табылатын-ды. Мүмкіншілік тек өзінің ұлттық рыногі бар, өзінің экономикалық және мәдени орталықтары бар капитализмнің өрлеу дәуірінде ғана нақты іске айналды.

Осыған байланысты ұлттың пайда болу мәселесі жөнінде Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократияға қарсы қалай күреседі?» деген кітапшасында айтқан тамаша сөздерін атап өту жөн болады. Ұлттық байланыстар мен ұлттық бірлікті ру байланыстарынан туғызатын халықшыл Михайловскиймен айтыса келіп, Ленин былай дейді:

«Демек, ұлттық байланыстар дегеніміз ру байланыстарының жалғасы мен қосылуы екен ғой! Михайловский мырза өзінің қоғам тарихы туралы түсінігін, сірә, гимназистерге оқытылатын балалар ертегісінен алған болу керек. Қоғамдық тарихта — дейді бұл жазылған доктринасымақ — алдымен семья болды, мұның өзі қоғам атаулының ұясы болып табылады..., сонан кейін семья өсе келе тайпаға, ал тайпа өсе келе мемлекетке айналды дейді. Егер Михайловский мырза бұл баланың шатпағын кеудесін керіп қайталай беретін болса, мұның өзі, — басқаларының барлығын былай қойғанда, — оның тым болмаса орыс тарихының барысы туралы да ешбір түсінігінің жоқ екенін ғана көрсетеді. Егер арғы замангы Русь елінің рушылдық тұрмысы туралы сөз етсек, — орта ғасырлардың өзінде-ақ, Москва патшалығы тұсында, бұл ру байланыстары болған жоқ, яғни мемлекет мүлдем ру одақтарына емес, жергілікті одақтарға негізделді: помещиктер мен монастырьлар өздеріне шаруаларды әр жақтан алып отырды, сөйтіп осы жолмен құралған қауымдар нағыз территориялық одақтар болды. Бірақ сөзді шын мағнасында алатын болсақ, ол кезде ұлт байланыстары туралы айта қою екіталай: мемлекет бөлек-бөлек «жерлерге» бөлінді, кей жерлерде тіпті бұрынғы автономияның нақтылы ізін, басқару ісіндегі ерекшеліктерін, қайсыбір уақыттарда өзінің бөлек әскерін (жергілікті боярлар соғысқа өз полктарымен шығып отырды), ерекше межелі шекараларын, т. с.

[illegible] (қараңыз 1 том, 73—75 беттер)*.

«Қазіргі заманғы» делінетін ұлттардың пайда болуы жөніндегі әңгіменің жайы осындай.

Буржуазия және оның ұлтшыл партиялары бұл дәуірде мұндай ұлттардың негізгі бастаушы күші болды және бола бермек. «Ұлттың бірлігі» үшін ұлт ішінде таптық татулық орнату; өз ұлтының территориясын басқа ұлттық территорияларды басып алу арқылы кеңейту; басқа ұлттарға сенімсіздік және өшпенділік туғызу, аз ұлттарды жаншу; империализммен біріккен майдан құру, — бұл ұлттардың идеялық және әлеуметтік-саяси сыйқы міне осындай.

Мұндай ұлттарды буржуазиялық ұлттар деп сипаттау керек болады. Мәселен, француз, ағылшын, итальян, солтүстік-америкалық ұлттары және осылар тәрізді басқа ұлттар осындай ұлт болып табылады. Россиядағы орыс, украин, татар, армян, грузин және басқа ұлттар да біздің елімізде пролетариат диктатурасы мен Совет құрылысы орнағанға дейін жапатұлай буржуазиялық ұлт болды.

Мұндай ұлттардың тағдыры капитализм тағдырымен байланысты болғаны, капитализм құлағаннан

кейін мұндай ұлттардың да төрден таюға тиіс болғаны айқын нәрсе.

Міне сондықтан да Сталиннің «Марксизм және ұлт мәселесі» деген кітапшасы... «ұлт жәй ғана тарихи категория емес, белгілібір заманның, өрлеп келе жатқан капитализм заманының, тарихи категориясы», «ұлт қозғалысының, өзінің түпкі мәнінде буржуазиялық қозғалыстың, тағдыры буржуазияның тағдырымен табиғи байланысты», «ұлт қозғалысының түпкілікті құлауы буржуазия құлағанда ғана мүмкін болады», «тек социализм дәурен сүргенде ғана толық бейбітшілік орнай алады»[23] дегенде жаңағыдай буржуазиялық ұлттарды айтып отыр.

Буржуазиялық ұлттар жөніндегі әңгіменің жайы осындай.

Бірақ дүниеде басқа да ұлттар бар. Бұлар — жаңа, советтік ұлттар, Россияда капитализмді құлатқаннан кейін, буржуазияны және оның ұлтшыл партияларын жойғаннан кейін, Советтік құрылысты орнатқаннан кейін ескі, буржуазиялық ұлттардың негізінде дамып, қалыптасқан ұлттар.

Жұмысшы табы және оның интернационалдық партиясы осы жаңа ұлттарды біріктіретін және оларға басшылық ететін күш болып табылады. Социализмнің жеңімпаз құрылыс мақсаты жолында капитализм қалдықтарын жою үшін ұлт ішінде жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын жасау; ұлттар мен аз ұлттардың тең праволы және еркін дамуы мақсаты жолында ұлттық езгінің қалдықтарын жою; халықтар арасында достық орнату және интернационализмді нығайту мақсаты жолында ұлтшылдықтың қалдықтарын жою; басып алушылық саясаты мен басқыншылық со-

ғыстарға қарсы күресте, империализмге карсы күресте барлық езілген және толық праволы емес халықтармен біртұтас майдан құру, — жаңағы ұлттардың рухани және әлеуметтік-саяси бейнесі міне осындай.

Мұндай ұлттарды социалистік ұлттар деп сыйпаттау керек болады.

Бұл жаңа ұлттар капитализмді жою нәтижесінде ескі, буржуазиялық ұлттардың негізінде, — оларды социализм рухында түгелдей қайта тәрбиелеу жолымен пайда болып, дамыды. Совет Одағындағы кәзіргі социалистік ұлттар — орыс, украин, белорусс, татар, башқұрт, өзбек, қазақ, азербайжан, грузин, армян және басқа ұлттар — ескі Россиядағы осындай ескі, буржуазиялық ұлттардан өзінің таптық құрамы мен рухани бейнесі жағынан да, өздерінің әлеуметтік-саяси мүдделері мен тілектері жағынан да мүлде өзгеше екенін ешкім теріс дей алмайды.

Тарихқа белгілі ұлттардың екі түрі міне осындай.

Ұлттардың тағдырын, бұл ретте ескі, буржуазиялық ұлттардың тағдырын, — капитализм тағдырымен байланыстыруды сіздер мақұл көрмейсіздер. Капитализмнің жойылуымен байланысты ескі, буржуазиялық ұлттар да жойылады деген тезисті сіздер мақұл көрмейсіздер. Ал онда, турасын айтқанда, бұл ұлттардың тағдырын, егер капитализм тағдырымен байланыстыруға болмайтын болса, не нәрсемен байланыстыруға болады? Капитализмнің жойылуымен байланысты соның өзінен туған буржуазиялық ұлттардың да жойылуға тиісті екенін түсіну қыйын ба? Сіздер ескі буржуазиялық ұлттар совет құрылысы тұсында да, пролетариат диктатурасы тұсында да өмір сүріп, дамый бе-

реді деп ойлап жүрген жоқсыздар ма? Енді осы ғана жетпей жүр еді...

Сіздер капитализм тұсында өмір сүруші ұлттарды жою жалпы алғанда ұлттарды жою, ұлт атаулының бәрін жою болып табылады деп қауіптенесіздер. Неге, қандай негізге сүйенесіздер? Буржуазиялық ұлттардан басқа тағыда өзге ұлттардың, социалистік ұлттардың, буржуазиялық ұлттың қайсысынан болса да анағұрлым топтасқан және өмірге икемді ұлттардың бар екені сіздерге қалайша белгісіз?

Сіздердің қателеріңіз дәл мынада: сіздер буржуазиялық ұлттардан басқа өзге ұлттарды көрмейсіздер, — демек, сіздер ескі, буржуазиялық ұлттардың қыйратылған орнында пайда болған, Совет Одағындағы социалистік ұлттардың құралуының бүтіндей бір дәуірін көрмегенсіздер.

Әңгіме дәл мынада: буржуазиялық ұлттарды жою — жалпы алғанда ұлт атаулыны жою емес, тек қана буржуазиялық ұлттарды жою деген сөз. Ескі, буржуазиялық ұлттардың қыйратылған орнында жаңа, социалистік ұлттар пайда болып, дамыйды, бұлар буржуазиялық ұлттың қайсысынан болса да анағұрлым топтасқан, өйткені бұлар буржуазиялық ұлттарды жегідей жейтін, ымыраға келмейтін таптық қайшылықтардан мүлдем таза, сондықтан буржуазиялық ұлттың қайсысынан болса да анағұрлым жалпы халықтық ұлт болып табылады.

3. ҰЛТТАР МЕН ҰЛТ ТІЛДЕРІНІҢ БОЛАШАҒЫ

Социализмнің бір елде жеңу дәуірі мен социализмнің дүниежүзілік көлемде жеңу дәуірі арасына бірдей белгі қою арқылы, социализмнің тек дүниежүзілік

көлемде жеңуі тұсында ғана емес, сонымен қатар социализмнің бір елде жеңуі тұсында да ұлттық айырмашылықтар мен ұлт тілдерінің жоғалуы, ұлттардың қосылуы және біртұтас жалпыға ортақ тілдің жасалуы әрі мүмкін, әрі қажет дегенді айтып, сіздер елеулі қате жасап отырсыздар. Бұл арада сіздер әралуан нәрселерді: «ұлттық езгіні жоюды» «ұлттық айырмашылықтарды жоюмен», «ұлттық мемлекеттік межелерді жоюды» «ұлттардың жоғалуымен», «ұлттардың қосылуымен» шатастырып отырсыздар.

Бұл әртүрлі ұғымдарды шатастыру марксистер үшін мүлдем кешірімсіз нәрсе екенін атап көрсетпеуге болмайды. Бізде, біздің елде, ұлттық езгі деген әлдеқашан-ақ жойылды, бірақ бұдан ұлттық айырмашылықтар жоғалды және біздің еліміздің ұлттары жойылды деген ұғым мүлде тумайды. Бізде, біздің елімізде, ұлттық мемлекеттік межелер шекаралық қорғанысымен, баж салығымен бірге әлдеқашан-ақ жойылды, бірақ бұдан ұлттар қәзірдің өзінде-ақ қосылып болды, ұлт тілдері жоғалды, бұл тілдердің орнына біздің барлық ұлттарымызға ортақ белгілібір тіл пайда болды деген ұғым мүлде тумайды.

Сіздер менің Шығыс халықтары Коммунистік университетінде сөйлеген сөзіме (1925 ж.)[74] рыйза емес көрінесіздер; онда мен социализмнің **бір елде**, мәселен — біздің елімізде, жеңуі тұсында ұлт тілдері жойылады, ұлттар қосылып кетеді, сөйтіп ұлт тілдерінің орнына жалпыға ортақ бір тіл болады деген тезисті дұрыс деп есептемеген едім.

Сіздер менің мұндай мәлімдемем Лениннің: социализм мақсаты адамзаттың ұсақ мемлекеттерге бөлінуін және ұлттардың оқшаулануы атаулының бәрін

жою ғана емес, ұлттарды жақындастыру ғана емес, сонымен қатар оларды қосу болып табылады деген белгілі тезисіне қайшы келеді деп есептейсіздер.

Сіздер, одан соң, мұның өзі Лениннің: социализмнің дүниежүзілік көлемде жеңуі тұсында ұлттық айырмашылықтар мен ұлт тілдері жоғала бастайды, мұндай жеңістен кейін ұлт тілдерінің орнына жалпыға ортақ бір тіл пайда бола бастайды деген басқа тезисіне де қайшы келеді деп есептейсіздер.

Бұлай деп ойлау мүлдем теріс, жолдастар. Бұл — қатты адасқандық.

«Социализмнің бір елде жеңуі» мен «социализмнің бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңуі» сияқты әртүрлі құбылыстарды шатастыру және бір жерге үйіп-төгу марксистер үшін кешірімсіз екенін мен жоғарыда-ақ айтып өттім. Бұл әртүрлі құбылыстардың мүлдем әртүрлі екі заманды, бір-бірінен тек уақыт (мұның өзі де өте маңызды нәрсе) жағынан ғана емес, сонымен қатар өзінің нағыз мәні жағынан да өзгеше заманды сыйпаттайтынын ұмытуға болмайды.

Ұлттық сенімсіздік, ұлттық оқшауланушылық, ұлттық араздық, ұлттық қақтығыстар, әрине, ұлттық қыңыратшылдықтың қайдағы бір «іштен жаралған» сезімі арқылы пайда болып, өршіп отырмайды, империализмнің өзге ұлттарды бағындырып алуға талпынуы арқылы және бұл ұлттардың ұлттық құлдыққа ұшырау қауіпінен қорқуы арқылы пайда болып, өршіп отырады. Әзірге дүниежүзілік империализм өмір сүріп тұрғанда бұл талпынушылық пен қорқушылық та өмір сүре береді, — демек, елдердің орасан көпшілігінде ұлттық сенімсіздік те, ұлттық оқшауланушылық та, ұлттық араздық та, ұлттық қақтығыстар да өмір

сүре береді. Бір елде социализмнің жеңуі мен империализмнің жойылуы елдердің көпшілігінде империализм мен ұлттық езгінің жойылғандығын көрсетеді деп айтуға бола ма? Айтуға болмайтыны анық. Ал бұдан туатын қортынды — социализмнің бір елде жеңуі, мұның өзі дүниежүзілік империализмді ойсырата әлсірететініне қарамастан, дүние жүзіндегі ұлттар мн ұлт тілдерінің жалпы біртұтас болып қосылуы үшін қажетті жағдайларды жасамайды және жасай алмайды да.

Социализмнің бүкіл дүниежүзілік көлемде жеңу дәуірі социализмнің бір елде жеңу дәуірінен ең алдымен мына өзгешеліктен байқалады: ол империализмді барлық елдерде жояды, өзге ұлттарды бағындырып алуға талпынушылықты да, ұлттық құлдыққа ұшыраушылық қаупінен қорқушылықты да жояды, ұлттық сенімсіздік пен ұлттық араздықты түп-тамырымен жояды, ұлттарды дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың біртұтас системасына біріктіреді, сонымен барлық ұлттардың біртұтас болып бірте-бірте қосылуы үшін қажетті нақты жағдайларды жасайды.

Бұл екі дәуірдің арасындағы негізгі айырмашылық міне осындай.

Ал бұдан туатын қортынды — бұл әралуан екі дәуірді шатастыру және оларды бір жерге үйіп-төгу, — кешіргісіз қате жасағандық болады. Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетінде сөйлеген менің сөзімді алайық. Онда былай делінген:

«Социализм дәуірінде басқа тілдердің бәрі құрып бітумен бірге, жалпы адам баласының бір тілінің жасалуы туралы сөз қылып жүр (мәселен, Каутский). Мен барлығын бірдей қамтыйтын біртұтас тіл болады дейтін бұл теорияға онша сенбеймін. Тіпті тәжрибенің өзі мұндай теорияны жақтамай, қайта оған қарсы болып отыр. Осы уақытқа дейін былай болып келді: социалис-

тік революция тілдердің санын кемітпеді, қайта көбейтіп отырды, өйткені ол адам баласының ең төменгілерін сілкіндіріп және оларды саяси майданға шығарып, бұрын белгісіз болған немесе аз белгілі болған толып жатқан жаңа ұлттарды жаңа өмірге оятады. Бұрынғы патшалық Россияда ең кемінде 50 ұлт пен ұлттық топ бар деп кім ойлаған? Алайда, Октябрь революциясы, ескі бұғауларды үзіп және толып жатқан ұмыт болған халықтар мен аз халықтарды жарыққа шығарып, оларға жаңа өмір, жаңа даму берді»[75].

Бұл цитатадан көрінетіні — мен Каутский тектес адамдарға қарсы сөйлегенмін, өйткені ол (яғни Каутский) ұлт мәселесінде әрқашан дилетант болды және солай болып қалды да, ол ұлттардың даму жолын түсінбейді, ұлт тұрақтылығының орасан зор күші туралы ешнәрсе білмейді, ол социализмнің жеңісінен көп бұрын, буржуазиялық-демократиялық тәртіп тұсында-ақ ұлттардың қосылуы мүмкін деп есептейді, ол Чехиядағы немістердің ассимиляциялау «жұмысын» жағымпаздықпен мақтай келіп, чехтар түгелдей дерлік немістенді, чехтардың ұлт боларлық болашағы жоқ деген ұшқалақ пікір айтады.

Бұл цитатадан, одан кейін, көрінетіні — мен өзімнің сөйлеген сөзімде социализмнің **дүниежүзілік көлемде** жеңу дәуірі туралы емес, тек социализмнің **бір елде** жеңу дәуірі туралы айттым. Бұл арада мен социализмнің бір елде жеңу дәуірі ұлттардың және ұлт тілдерінің қосылуы үшін қажетті жағдайларды жасай алмайды, қайта, бұл дәуір бұрынғы кезде патша империализмі тарапынан езілген, ал қазіргі кезде совет революциясы нәтижесінде ұлттық езгіден азат болған ұлттардың өркендеуі мен гүлденуі үшін қолайлы жағдай жасайды дегенді айттым (және соны айтудамын).

Бұл цитатадан, ақырында, көрінетіні — сіздер әртүрлі екі тарихи дәуір арасындағы аса зор айырманы

байқамадыңыздар, осының салдарынан Сталин сөзінің мәнін түсінбедіңіздер және осылардың барлығының нәтижесінде өз қателеріңіздің шырмауына оралып, әбден шатастыңыздар.

Социализмнің дүниежүзілік көлемде жеңуінен кейін ұлттардың жоғалуы мен қосылуы туралы Ленин тезистеріне көшелік.

Ленин тезистерінің бірі мынау, мұның өзі Лениннің «Социалистік революция және ұлттардың өзін өзі билеу правосы» деген 1916 жылы басылған мақаласынан алынды, мұның өзі неге екені белгісіз сіздердің хаттарыңызда түгел келтірілмеген:

«Социализм мақсаты адамзаттың ұсақ мемлекеттерге бөлінуін және ұлттардың оқшаулануы атаулының бәрін жою ғана емес, ұлттарды жақындастыру ғана емес, сонымен қатар оларды қосу болып табылады... Адамзат таптарды жою ісіне тек езілген халық диктатурасының өтпелі дәуірі арқылы ғана жете алады, дәл сол сияқты адамзат ұлттардың сөзсіз қосылу ісіне де тек барлық езілген халықтардың толық азат болуының, яғни олардың бөлініп шығу бостандығының өтпелі дәуірі арқылы ғана жете алады» (қараңыз: XIX том, 40-бет[78]).

Ал Лениннің екінші бір тезисі мынау, мұны да сіздер толық келтірмегенсіздер.

«Әзірге халықтар мен елдер арасында ұлттық және мемлекеттік айырмашылықтар жойылмай тұрғанда, — ал бұл айырмашылықтар әлі де, тіпті бүкіл дүниежүзілік көлемде пролетариат диктатурасы іс жүзіне асқаннан кейін де өте-мөте көп уақытқа дейін болады, — барлық елдердің коммунистік жұмысшы қозғалысының интернационалдық тактикасының бірлігі әралуандықты жоюды емес, ұлттық айырмашылықтарды жоюды емес (мұның өзі қазіргі кезең үшін бос қиял), коммунизмнің негізгі принциптерін (Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасы) дұрыс қолдана білуді талап етеді, мұның өзі бұл принциптерді жеке реттерде түр жағынан дұрыс өзгерте білуі, оларды ұлттық және

ұлттық-мемлекеттік айырмашылықтарға бейімдеп қолдана білуі керек» (қараңыз: XXV том, 227-бет).

Бұл цитатаның Лениннің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген 1920 жылы, яғни социалистік революцияның бір елдегі жеңісінен кейін социализмнің біздің елдегі жеңісінен кейін басылып шыққан кітапшасынан алынғанын атап өту керек.

Бұл цитаталардан көрінетіні: ұлттық айырмашылықтардың жоғалуы мен ұлттардың қосылу процесін Ленин социализмнің бір елде жеңу дәуіріне емес, қайта түгелдей пролетариат диктатурасының бүкіл дүниежүзілік көлемде іс жүзіне асуынан кейінгі дәуірге жатқызады, яғни социализмнің барлық елдерде жеңу дәуіріне, дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың іргесі әбден қаланатын дәуірге жатқызады.

Бұл цитаталардан, одан соң, көрінетіні: ұлттық айырмашылықтардың жоғалу процесін социализмнің бір елде, біздің елде, жеңу дәуіріне жатқызғысы келетін әрекетті Ленин «бос қыял» деп сыйпаттайды.

Бұл цитаталардан, одан кейін, көрінетіні: Шығыс еңбекшілерінің Коммунистік университетіндегі өзінің сөйлеген сөзінде социализмнің бір елде, біздің елімізде, жеңу дәуірінде ұлттық айырмашылықтар мен ұлт тілдерінің жоғалу мүмкіндігін мойындамаған Сталин пікірі сөзсіз дұрыс болып шықты, ал Сталиннің тезисіне тура қарама-қарсы бір нәрсені жақтаған сіздердің пікірлеріңіз сөзсіз теріс болып шықты.

Бұл цитаталардан, ақырында, көрінетіні: социализм жеңісінің әртүрлі екі дәуірін шатастырып, сіздер Ленинді түсінбегенсіздер, Лениннің ұлт мәселесінде ұстаған жолын бұрмалағансыздар, сөйтіп осының сал-

дарынан, өз еріктеріңізден тыс, ленинизмнен айрылысу жолына түскенсіздер.

Ұлттық айырмашылықтардың жойылуы және ұлт тілдерінің жоғалуы дүниежүзілік империализм жеңілгеннен кейін дереу, бір соққымен, былайша айтқанда, жоғарыдан декрет беру арқылы болады деп ойлау дұрыс болмаған болар еді. Мұндай көзқарастан қате ешнәрсе жоқ. Ұлттарды жоғарыдан декрет беру арқылы, зорлау арқылы қосуға әрекет жасау — империалистерге жәрдем еткендік, ұлттарды азат ету ісін бүлдіргендік, ұлттардың бірлестігі мен туысқандығын ұйымдастыру ісін жерге көмгендік болар еді. Мұндай саясат ассимиляциялау саясатымен бірдей болар еді.

Ассимиляциялау саясаты халыққа қарсы, контрреволюциялық саясат, зиянды саясат ретінде марксизм-ленинизм қорынан сөзсіз шығарылып тасталатыны сіздерге, әрине, мәлім.

Сонымен қатар, әрине, ұлттар мен ұлт тілдері ассимиляциялау саясатына қарсылық білдіру жағынан өте-мөте тұрақты және аса зор күшті келетіні де жұртқа мәлім. Түркі ассимиляторлары, — барлық ассимиляторлардың ішіндегі ең рақымсыздары, — жүздеген жылдар бойы балқандық ұлттарды аяусыз зәбірлеп, жаншып келді, бірақ олар ол ұлттарды жойып жібере алмағаны былай тұрсын, қайта өздері тізе бүгуге мәжбүр болды. Патша-орыс орысшылдандырушылары мен неміс-пруссак германдандырушылары да қатандық жағынан түркі ассимиляторларынан онша қала қойған жоқ, олар, жүздеген жыл бойы армян мен грузин ұлттарын пәршалап, аяусыз зәбірлеп, қырғынға ұшыратып келген парсы мен түркі ассимиляторлары сияқты, жүзден аса жыл бойы поляк ұлтын

пәршалап, аяусыз зәбірлеп келді, бірақ олар бұл ұлттарды жойып жібере алмағаны былай тұрсын, қайта — керісінше — өздері тізе бүгуге мәжбүр болды.

Дүниежүзілік империализм жеңілісінен тікелей кейін ұлттардың даму тұрғысынан алғанда оқиғалардың ықтыймал барысын дұрыс болжау үшін осы жағдайлардың бәрін ескеру қажет.

Пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік диктатурасы дәуірінің алғашқы кезеңі ұлттар мен ұлттық тілдердің жоғалуының бастамасы, жалпыға ортақ тілдің қалыптасуының бастамасы болады деп ойлау қателескендік болар еді. Қайта, бірінші кезең, мұның тұсында ұлттық езу түпкілікті жойылатын кезең — бұрын езілген ұлттар мен ұлт тілдерінің өсуі мен гүлдену кезеңі болады, ұлттардың тең праволы болуын орнату кезеңі, ұлттық өзара сенімсіздікті жою кезеңі, ұлттар арасында интернационалдық байланыстарды жөндеу мен нығайту кезеңі болады.

Пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік диктатурасы дәуірінің екінші кезеңінде ғана, — дүниежүзілік капиталистік шаруашылық орнына біртұтас дүниежүзілік социалистік шаруашылықтың қалыптасу шамасына қарай, — тек осы кезеңде ғана жалпыға ортақ тіл тәрізді бір нәрсе қалыптаса бастайды, өйткені тек осы кезеңде ғана ұлттар өзінің ұлттық тілдерімен қатар ұлтаралық ортақ бір тілдің — әрі байланыстардың қолайлы болуы үшін, әрі экономикалық, мәдени және саяси бірлестіктің қолайлы болуы үшін — қажеттігін сезе бастайды. Олай болса, бұл кезеңде ұлт тілдері мен ұлтаралық ортақ тіл қатарласа жүріп отырады. Мүмкін, алдымен барлық ұлттар үшін ортақ бір тілі бар дүниежүзілік экономикалық бір орталық болмай,

қайта ұлттардың жеке топтары үшін бірнеше өңірде экономикалық орталық құрылар, мұндағы ұлттардың әрбір тобы үшін ортақ жеке тілі болар, ал тек содан кейін ғана бұл орталықтар социалистік шаруашылықтың барлық ұлттар үшін ортақ бір тілі бар жалпы дүниежүзілік бір орталығына бірігеді.

Пролетариаттың бүкіл дүниежүзілік диктатурасы дәуірінің келесі кезеңінде, шаруашылықтың дүниежүзілік социалистік системасы жеткілікті дәрежеде нығайып, социализм халықтар тұрмысына енген кезде, жалпыға ортақ тілдің ұлт тілдеріне қарағандағы артықшылықтарына ұлттардың практика жүзінде көзі әбден жеткен кезде, — ұлттық айырмашылықтар мен тілдер жоғала бастайды, өз орнын барлық жұртқа ортақ дүниежүзілік тілге береді.

Меніңше, ұлттар болашағының шамалап айтқандағы сыйпаты, ұлттардың болашқта қосылу жолдарындағы дамуының сыйпаты міне осындай.

4. ПАРТИЯНЫҢ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

Сіздердің қателеріңіздің бірі мынада: сіздер ұлт мәселесін қоғамның әлеуметтік-саяси дамуы туралы жалпы мәселенің бөлімі, нақ осы жалпы мәселеге бағынышты бөлімі деп қарамай, қайта бейнебір өзімен өзі болатын және тұрақты, тарихтың өн бойында өзінің бағыты мен сыйпатын негізінен алғанда өзгертпейтін нәрсе деп қарайсыздар. Сондықтан сіздер әрбір марксист көретін нәрсені көрмейсіздер, атап айтқанда: ұлт мәселесінің сыйпаты әрқашан бірдей бола бермейтінін; ұлттық қозғалыстың сыйпаты мен мін-

деттері революция дамуының әртүрлі дәуірлеріне байланысты өзгеріп отыратынын көрмейсіздер.

Логикалық тұрғыдан қарағанда осы себептер бойынша, турасын айтқанда, мынадай ренішті факты да болып отыр: сіздер революция дамуының әртүрлі дәуірлерін оп-оңай шатастырып, бір жерге үйіп-төгесіздер; дамудың әртүрлі кезеңдерінде революция сыйпаты мен міндеттерінің өзгеруі ұлт мәселесінің сыйпаты мен міндеттерінде тиісті өзгерістер туғызатынын, осыған байланысты партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясаты да өзгеретінін түсінбейсіздер; демек, партияның ұлт мәселесі жөніндегі революция дамуының бір кезеңімен байланысты саясатын бұл дәуірден зорлықпен ажыратып алып, екінші бір дәуірге беталды қондыра салуға болмайтынын түсінбейсіздер.

Орыс марксистері әрқашан мынадай ережеге сүйеніп отырды: ұлт мәселесі революция дамуы туралы жалпы мәселенің бөлімі болып табылады; революцияның әртүрлі кезеңдерінде ұлт мәселесі өзіне революцияның әрбір белгілі тарихи кезеңдегі сыйпатына сәйкес келетін міндеттер алады, осыған байланысты партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясаты да өзгеріп отырады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс алдындағы дәуірде, тарихтың өзі Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияны кезекте тұрған міндет ретінде көтерген кезде, орыс марксистері ұлт мәселесін шешу ісін Россиядағы демократиялық төңкерістің тағдырымен байланыстырды. Біздің партия патша өкіметін құлату, феодализм қалдықтарын жою және елді толық демократияландыру — ұлт мәселесінің капитализм жағдайларындағы болуы мүмкін ең жақсы шешімі деп есептеді.

Партияның бұл дәуірдегі саясаты осындай еді.

Лениннің ұлт мәселесі жөніндегі белгілі мақалалары, соның ішінде «Ұлт мәселесі жөніндегі сын мақалалар» деген мақаласы осы дәуірге жатады, онда Ленин былай дейді:

«... мен ұлт мәселесінің бір ғана шешімі бар дегенді кесіп айтамын, өйткені капитализм дүниесінде жалпы алғанда осындай ғана шешім болуы мүмкін, ал бұл шешім — дәйекті демократизм. Бұған дәлел ретінде мен, мысал үшін, Швейцарияны аламын» (қараңыз: XVII том, 150-бет[77]).

Сталиннің «Марксизм және ұлт мәселесі» деген кітапшасы да осы дәуірге жатады, онда, мәселен, былай делінген:

«Ұлт қозғалысының түпкілікті құлауы буржуазия құлағанда ғана мүмкін болады. Тек социализм дәурен сүргенде ғана толық бейбітшілік орнай алады. Бірақ ұлттық күресті минимумға жеткізу, оны тамырынан бәсендету, оны пролетариатқа барынша зиянсыз ету — капитализм шеңберінде де мүмкін. Швейцария мен Американы мысалға алсаңыз да осыны көрсетеді. Бұл үшін елді демократияландыру керек және ұлттардың емін-еркін дамуына мүмкіншілік беру керек»[78].

Келесі дәуірде, бірінші дүниежүзілік соғыс дәуірінде, екі империалистік одақ арасындағы ұзаққа созылған соғыс дүниежүзілік империализмнің қуатын әлсіреткен кезде, капитализмнің дүниежүзілік системасының дағдарысы ақырғы шегіне дейін жеткен кезде, «метрополиялардың» жұмысшы табымен қатар азаттық қозғалысқа отар және тәуелді елдер де кіріскен кезде, ұлт мәселесі ұлт-отар мәселесіне айналған кезде, алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің жұмысшы табы мен отар және тәуелді елдердің езілген халықтарының біртұтас майданы нақты күшке айнала бастаған кезде, демек, **социалистік** революция күн тәртібінің мәселесі болып қойылған кезде, — орыс маркс-

истері енді өткен дәуірдің саястымен қанағаттана алмайтын болды, сондықтан олар ұлт-отар мәселесінің шешімін социалистік төңкерістің тағдырымен байланыстыруды қажет деп тапты.

Партия былай деп есептеді: капитал өкіметін құлату мен пролетариат диктатурасын ұйымдастыру, империалистік әскерлерді отар және тәуелді елдердің жерінен қуып шығу, бұл елдер үшін бөлініп шығу, өздерінің ұлттық мемлекеттерін ұйымдастыру правосын қамтамасыз ету, ұлттық араздық пен ұлтшылдықты жойып, халықтар арасында интернационалдық байланыстарды нығайту, біртұтас социалистік халық шаруашылығын ұйымдастыру, осы негізге сүйену арқылы халықтардың туысқандық бірлестігін орнату, — кәзіргі жағдайларда ұлт-отар мәселесі шешімінің ең жақсысы болып табылады.

Партияның бұл дәуірдегі саясаты осындай еді.

Бұл дәуір өзінің толық күшіне әлі онша еніп болған жоқ, өйткені ол тек жаңа ғана басталды, бірақ, күмән жоқ, ол әлі де өзінің шешуші сөзін айтады...

Біздің елдегі революция дамуының кәзіргі дәуірі және партияның кәзіргі саясаты туралы мәселе айрықша қойылып отыр.

Біздің еліміздің капитализмді құлатуға даяр тұрған әзірге **бірден-бір** ел болып шыққанын атап көрсету керек болады. Ал ол шынында да капитализмді құлатты, пролетариат диктатурасын орнатты.

Демек, пролетариат диктатурасын **дүниежүзілік көлемде** орнатуға дейін және — әсіресе — социализмнің **барлық елдерде** де жеңіп шығуына дейін, — әзірге әлі де алыс жатыр.

Одан соң, өздерінің ескі демократиялық салттары-

нан әлдеқашан-ақ бастартқан буржуазия өкіметін құлатысымен-ақ біздің «елді толық демократияландыру» міндетін де жол-жөнекей шешкенімізді, ұлттық езгі системасын жойғанымызды, сөйтіп біздің елімізде ұлттардың тең праволы болуын іс жүзіне асырғанымызды атап көрсету керек болады.

Жұртқа мәлім, бұл шаралар ұлтшылдық пен ұлттық араздықты жою үшін, халықтар арасында сенім орнату үшін ең жақсы құрал болды.

Ақырында, ұлттық езуді жою ісі біздің еліміздегі бұрынғы кезде езілген ұлттардың ұлттық өркендеуіне, олардың ұлттық мәдениетінің өсуіне, біздің еліміз халықтарының арасында достық интернационалдық қатнастарды нығайтуға және олардың арасында социалистік құрылыс ісі жөнінде бірлестік орнатуға әкеліп жеткізгенін атап көрсету керек болады.

Бұл өркендеген ұлттардың ендігі жерде буржуазия басқаратын ескі, буржуазиялық ұлт емес, қайта ескі ұлттардың қыйратылған орнында пайда болған және еңбекшілер бұқарасының интернационалдық партиясы басқаратын жаңа, социалистік ұлт екендігін есте ұстау керек.

Осыған байланысты партия біздің еліміздің өркендеген ұлттарына жәрдем беруді — аяғынан тік тұрып, өрлеуіне, өзінің ұлттық мәдениетін жандандырып, дамытуына; мектеп, театр және басқа мәдени мекемелерді ана тілінде жүргізуіне; партия, кәсіпшілер одағы, кооператив, мемлекет, шаруашылық аппараттарын ұлттандыруға, яғни құрамы жағынан ұлттық етуге, өзінің, ұлттық партия және совет кадрларын өсіруге және партияның осындай саясатына кедергі жасағысы келетін элементтердің, — рас, ондайлар онша

көп емес, — бәрін ауыздықтап отыруға жәрдем беруді қажет деп тапты.

Мұның мәнісі — партия еліміздегі халықтардың ұлттық мәдениеттерінің дамуы мен гүлденуін қолдап отыр және қолдайды да; партия біздің жаңа, социалистік ұлттардың нығая беру ісін қуаттайды; партия антилениндік элементтер атаулының бәріне қарсы шығып, бұл істі өзінің қорғауына, қамқорлығына алады.

Сіздердің хаттарыңыздан біздің партияның мұндай саясатын сіздердің мақұлдамайтындарыңыз көрінеді. Мұның себебі, біріншіден, сіздер жаңа, социалистік ұлттарды ескі, буржуазиялық ұлттармен шатастырып отырсыздар және біздің жаңа советтік ұлттардың ұлттық мәдениеттері өзінің **мазмұны** жағынан социалистік мәдениет болып табылатындығын түсінбей отырсыздар. Мұның себебі, екіншіден, сіздер — қатты айтылса ғапу етерсіздер, — ленинизм мәселелері жағынан мықтап ақсаулысыздар, ал ұлт мәселесінің жайын мүлдем нашар білесіздер.

Ең болмаса мына төмендегідей жәй ғана нәрсеге назар аударыңыздаршы. Бәріміз де біздің елімізде мәдениет революциясының қажеттігі туралы айтудамыз. Егер, бостан-бос тілмарлыққа салынып мылжыңдамай, бұл іске мұқыят қарайтын болсақ, бұл бағытта ең болмаса алғашқы адымды аттау қажет: ең алдымен еліміздің барлық азаматтары үшін, ұлттық айырмашылығына қарамастан, бастауыш білім алуды — одан кейін орташа білім алуды — міндетті ету керек. Мұнсыз, мәдениет революциясы деген туралы айтуды былай қойғанда, біздің еліміздің ешқандай мәдени дамуы да мүмкін емес екені анық. Ол ол ма: мұнсыз бізде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының шын мә-

нісінде өркендеуі де, біздің еліміздің берік қорғанысы да болмайды.

Ал егер сауатсыздықтың проценті біздің еліміз бойынша әлі де өте-мөте жоғары екенін, біздің еліміздегі ұлттардың бірсыпырасында сауатсыздар 80—90 процент болып отырғанын ескерсек, жаңағы айтылғандардың бәрін қалай істеу керек?

Бұл үшін бүкіл елімізде ана тілінде оқытатын мектептерді мейлінше молайту қажет, оларды ана тілін білетін оқытушылар кадрларымен камтамасыз ету керек.

Бұл үшін басқару аппараттарының бәрін, партия және кәсіпшілер аппараттарынан бастап мемлекеттік және шаруашылық аппараттарға дейін, ұлттандыру керек, яғни құрамы жағынан ұлттық ету керек.

Бұл үшін баспасөз, театр, кино және басқа мәдени мекемелерді ана тілінде өрістету керек.

Неге ана тілінде? — деп сұрар. Неге десеңіз, халықтың миллиондаған бұқарасы мәдени, саяси және шаруашылық жағынан даму ісінде тек ана тілінде, ұлт тілінде ғана ойдағыдай өсе алады.

Осы айтылғандардың бәрінен кейін, менің байқауымша, ұлт мәселесі жөнінде кәзіргі кезде біздің елімізде жүргізіліп отырған саясаттан басқа ешқандай өзге саясатты лениншілдердің жүргізе алмайтынын, егер олар, әрине, лениншілдер болып қалғысы келетін болса, түсіну енді онша қыйын бола қоймас.

Солай емес пе?

Ал онда, осымен тоқталық.

Мен сіздердің барлық сұрауларыңыз бен күмән нәрселеріңізге жауап бердім деп ойлаймын.

Коммунистік сәлеммен *И. Сталин*

18 март, 1929 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ЕСКЕРТУЛЕР

1 И. В. Сталин өзінің Сибирьге барған кезінде, онда 1928 жылғы 15 январьдан 6 февральға дейін болып, бұл өлкенің негізгі астықты аудандарын аралады. И. В. Сталин Новосибирскіде БК(б)П Сибирь өлкелік комитетінің бюро мәжілісіне, БК(б)П округтік комитеттерінің бюро мәжілістеріне және Барнаул, Бийскі, Рубцовка, Омскі округтік партия ұйымдары активтерінің Советтер мен дайындаушы ұйымдардың өкілдерімен бас қосқан кеңестеріне қатысты. И. В. Сталин жүргізген саяси және ұйымдастыру шараларының арқасында, Сибирьдің партия ұйымдары астық дайындау жоспарының орындалуын қамтамасыз етті. — *1*.

2 Қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар, 4-басылуы, 24-том, 51-бет. — *9*.

3 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 24-том, 465-бет. — *9*.

4 БК(б)П XV съезі 1927 жылғы 2—19 декабрьде Москвада болып өтті. Съезд Орталық Комитеттің саяси және ұйымдастыру есебін, Орталық тексеру комиссиясының, Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының, Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының есептерін, халық шаруашылығын дамытудың бесжыл-

лық жоспарын жасау жөніндегі нұсқауларды, деревнядағы жұмыс туралы баяндаманы талқылады, оппозиция туралы мәселе жөнінде съезд комиссиясының баяндамасын тыңдады және партияның орталық мекемелерін сайлады. И. В. Сталин 3 декабрьде БК(б)П Орталық Комитетінің саяси есебі жөнінде баяндама жасап, 7 декабрьде қортынды сөз сөйледі. Съезд 12 декабрьде И. В. Сталинді Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының жұмысы туралы баяндама бойынша қарар жазатын комиссияға сайлады. Съезд партия Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру жолын ұнатып, оған бейбітшілік саясаты мен ССРО-ның қорғанпаздығын нығайту саясатын бұдан былай да іске асырып отыруды, елімізді социалистік жолмен индустрияландыру ісін басым қарқынмен жүргізе беруді, қала мен деревняда социалистік секторды ұлғайтып, нығайта беруді және халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді жоюға бет бұруды тапсырды. Съезд ССРО халық шаруашылығының бірінші бесжылдық жоспарын жасау туралы нұсқау берді. Съезд ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін барынша үдету туралы қарар шығарды, колхоздар мен совхоздарды ұлғайтудың жоспарын белгіледі және ауыл шаруашылығын коллективтендіру жолындағы күрес әдістері туралы нұсқаулар берді. БК(б)П XV съезі — партияның тарихынан коллективтендіру съезі болып орын алды. Съезд оппозиция туралы қабылдаған, троцкистік-зиновьевтік одақты жоюға бағытталған өз қарарларында: партия мен оппозицияның арасындағы алауыздықтар программалық түрге енді, троцкистік оппозиция антисоветтік күрес жолына түсті деп атап көрсетті де, троцкистік оппозицияның қатарында болу және оның көзқарасын насихаттау большевиктік партияның қатарында болумен сыйыспайтын нәрсе деп жарылады. Съезд Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығару туралы БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен жиналысының (1927 ж. ноябрь) қаулысын мақұллап, троцкистік-зиновьевтік одақтың белсенді қайраткерлерінің бәрін партиядан шығаруға қаулы етті. (БК(б)П XV съезі туралы қараныз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 275—276-беттер. Съездің қарарлары мен қаулыларын қараныз: «БК(б)П — съездердің, конфе-

ренциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 222—262 беттер). — *10*

5 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім,1941, 251-бет. — *10*

6 Әңгіме троцкистік-зиновьевтік оппозициялық одақ партияны душар еткен айтыс туралы болып отыр. Жалпыпартиялық айтысты 1927 жылғы октябрьде, БК(б)П XV съезінен екі ай бұрын, партияның Орталық Комитеті жарыялаған болатын. Айтыс туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 272-бет. — *14*.

7 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 255-бет. — *17*.

8 БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумы Орталық тексеру комиссиясы мүшелерінің қатысуымен 1928 жылғы 6—11 апрельде болып өтті. Пленум сол жылғы астық дайындау мәселесін және 1928/29 жылдардағы астық дайындау науқанын ұйымдастыру мәселесін, Шахты ісіне байланысты байқалған кемшіліктерді жоюдың практикалық шаралары туралы Саяси Бюро комиссиясының баяндамасын, БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросы мен пленумының 1928 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылады. И. В. Сталин пленумның 10 апрельдегі мәжілісінде Саяси Бюро комиссиясының баяндамасы бойынша сөз сөйледі және Шахты ісі туралы, шаруашылық құрылысының кемшіліктеріне қарсы күресті практикалық міндеттер туралы қарарды біржола редакциялап шығу үшін құрылған комиссияға сайланды. Пленум жергілікті орындардың жұмысындағы кемшіліктерге қарсы күресті күшейту мақсатымен және орталық органдардың басшылық ету практикасын жақсарту мақсатымен жыл сайын жергілікті орындарға Орталық Комитет мүшелерін, Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшелерін және басқа да басшы қызметкерлерді командировкаға жіберіп тұру жөнінде ерекше қаулы алды. БК(б)П Орталық

Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының қаулыларын қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 263—276-беттер). — *30.*

9 Бұл арада Донбастың Шахты ауданы мен басқа да аудандарында буржуазиялық мамандардың контрреволюциялық ұйымының жасаған зиянкестік әрекеті жайында айтылып отыр. Бұл ұйым 1928 жылдың басында әйгіленді. Шахты ісі туралы осы томның 39, 58 — 71-беттерін қараңыз. Мұнымен бірге қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 279-бет. — *30.*

10 **«Жұмысшы-Шаруа Инспекциясының Листогі»** 1928 жылғы 15 марттан 1933 жылғы 28 ноябрьге дейін «Правда» газетінде дүркін-дүркін басылып тұрды. «ЖШИ Листогі» бюрократизмге қарсы күреске еңбекшілердің қалың бұқарасын тартуды өзінің мақсаты етіп алға қойды. — ***36.***

11 **«Комсомольская Правда»** — күнделікті газет, БЛКЖО Орталық Комитеті мен Москва комитетінің органы; 1925 жылғы 24 майдан бері шығып келеді. — *36.*

12 В. И. Ленин. Партияның XI съезінде жасалатын саяси баяндаманың жоспары туралы В. М. Молотовқа хат (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 207-бет). — *40.*

13 1919 жылғы 18 — 23 мартта Москвада болып өткен, РК(б)П VIII съезі партияның орта шаруалар жөніндегі жаңа саясатын — орташалармен берік одақ жасау саясатын — белгіледі. В. И. Ленин бұл саясаттың негізін деревнядағы жұмыс туралы деген баяндамасында көрсетіп берді. (Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIV том, 158—175-беттер. РК(б)П VIII съезі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 222—225-беттер). — *53.*

14 Бұл арада ССРО Халық Шаруашылығы Жоғарғы Советінің «Өнеркәсіп орындарын басқаруды ұйымдастыру туралы» 1926 жылғы 29 марттағы 33-номерлі нұсқауы және оған қосымша «Металл мен электротехникалық өнеркәсібінде завод-

тың техникалық директорының праволары мен міндеттері туралы жалпы ереже» жайында айтылып отыр. — *64*.

15 БЛКЖО-ның Бүкілодақтық VIII съезі 1928 жылғы 5 майдан 16 майға дейін Москвада болып өтті. Съезде талқыланған мәселелер: социалистік құрылыстың қортындылары мен келешегі және жастарға коммунистік тәрбие беру міндеттері; БЛКЖО Орталық Комитеті мен Орталық тексеру комиссиясының есептері; Жастардың Коммунистік Интернационалындағы БЛКЖО делегациясының есебі; халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарына байланысты жастардың еңбегі мен білімі туралы; БЛКЖО-ның балалар арасындағы жұмысы туралы және басқа мәселелер. И. В. Сталин 16 майда съездің қортынды мәжілісінде сөз сөйледі. — *73*.

16 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитетінің барлық ұлт компартияларының Орталық Комитеттеріне, БК(б)П Орталық Комитетінің бюроларына, БК(б)П өлкелік комитеттеріне, обкомдарына, губкомдарына, окружкомдарына, укомдарына жіберілген үндеуі жайында — «Деревняны социалистік жолмен қайта құрайық. (Деревнядағы жұмыстарды басқаратын бөлімдердің негізгі міндеттері)» деген үндеу жайында айтылып отыр. Бұл үндеу БК(б)П Орталық Комитетінің секретары В. М. Молотовтың қолы қойылып, 1928 жылғы 16 майда «Правда» газетінің 112-номерінде жарияланды. — *82*.

17 1918 жылы, Я. М. Свердловтың бастамасы бойынша, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің жанынан үгіт-насихат қызметкерлерінің қысқа мерзімді курсы ұйымдастырылған болатын, бұл курс 1919 жылғы январьда Совет жұмысының мектебі болып аталды. Осы мектептің негізінде, РК(б)П VIII съезінің қаулысы бойынша, совет және партия жұмысының Орталық мектебі құрылған-ды. Совет және партия жұмысының Орталық мектебі 1919 жылдың екінші жартысында Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университет болып қайта құрылды. Свердлов университетінің онжылдығы 1928 жылғы 28 майда мерекеленді. — *89*.

18 БК(б)П XIV съезі 1925 жылғы 18 декабрьден 31 декабрьге дейін Москвада болып өтті. Съезде И. В. Сталин Орталық Комитеттің саяси есебін жасады. Съезд ССРО-да социализм орнатудың негізі ретінде елді социалистік жолмен индустрияландыру үшін күресуді партияның негізгі міндеті етіп алға қойды. Съезд кулактарға қарсы күресу үшін кедейлерге сүйене отырып, жұмысшы табы мен орташының одағын бұдан былай да нығайта беру қажет екендігін өзінің қарарларында атап көрсетті. Съезд егін шаруашылығының мәдениетін арттыру және кооперацияның жәрдемімен шаруалардың неғұрлым қалың бұқарасын социалистік құрылыстың арнасына тарту жолымен ауыл шаруашылығын қолдап, ілгері бастыру қажеттігін атап көрсетті. (Съездің қарарлары мен қаулыларын қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 47—90-беттер. БК(б)П XIV съезі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 263—266-беттер). — *102*.

19 Бұл арада Коминтерннің 1922 жылғы 5 ноябрьде — 5 декабрьде болып өткен IV конгресінде В. И. Лениннің «Россия революциясының бес жылдығы және дүниежүзілік революцияның болашағы» деген тақырыпта жасаған баяндамасы айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 342—355-беттер). — *10*

20 Бұл арада Коминтерннің 1921 жылғы 22 июньнен 12 июльге дейін болып өткен III конгресінде В. И. Лениннің «РКП-ның тактикасы туралы» жасаған баяндамасы айтылып отыр (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 450—465-беттер). — *106*

21 Бұл арада БК(б)П Орталық Комитетінің 1928 жылғы 3 июньде «Правда» газетінің 128-номерінде жарияланған «Партияның барлық мүшелеріне, барлық жұмысшыларға» деген үндеуі айтылып отыр (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 807—809-беттер). — *109*.

22 В. И. Ленин «Питирим Сорокиннің бағалы мойындаулары» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXIII том, 294-бет). — *112*.

23 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 292-бет. — *115*.

24 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIV том, 164-бет. — *118*.

25 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIV том, 127-бет. — *123*.

26 «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 307, 309-беттер. — *123*

27 БК(б)П Москва губерниялық XVI конференциясы 1927 жылғы 20—28 ноябрьде болды. И. В. Сталин 23 ноябрьде конференцияның таңертеңгі мәжілісінде «Партия мен оппозиция» деген тақырыпта сөз сөйледі (қараңыз: Шығармалар, 10-том, қазақша 280—298-беттер). — *125*.

28 «Капиталдың» немісше бірінші басылуына ұран ретінде жазылған алғысөзде Дантенің «Құдірет комедиясынан» Маркстің келтірген сөздері цитатаға алынып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1948, 412-бет). — *126*.

29 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 223-бет. — *128*.

30 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 263—269-бет. — *130*.

31 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 248-бет. — *132*.

32 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 251-бет. — *132*.

33 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 242-бет. — *133*.

34 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», I бөлім, 1941, 307-бет. — *139*.

35 К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, I том, 1948, 215-бет). — *140*.

36 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 7-том, қазақша 210-бет. — *141*.

37 Қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 275-бет. — *144*

38 **«Биржевка»** — «Биржевые Ведомости» — 1880 жылдан бастап Петербургте шығып тұрған тоғышарлық буржуазиялық газет. Газеттің принципсіздігі мен сатылғыштығы оның атын жалпы есімге айналдырып жіберді. Бұл газетті Петроград Советінің Соғыс-революциялық комитеті 1917 жылғы октябрьдің аяқ кезінде жапты. — *149*.

39 БК(б)П Орталық Комитетінің 1928 жылғы 4 — 12 июльде болған пленумы Коминтерннің алдағы VI конгресінің мәселелері туралы информациялық баяндаманы тыңдап, оны еске алды да, Коминтерн программасының жобасын негізінен ұнатты. Пленум мына мәселелер жөнінде: жалпы шаруашылық жағдайға байланысты астық дайындау саясаты туралы, жаңа (астықты) совхоздар ұйымдастыру туралы, жаңа мамандарды даярлау ісін жақсарту туралы қарарлар қабылдады. И. В. Сталин пленумның 5, 9 және 11 июльдегі мәжіліс-

терінде сөз сөйледі, бұл сөздері осы томда жарияланып отыр. (БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қарарларын қараңыз: «БК(б)П—съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 277—286-беттер.). —*153*.

40 Коммунистік Интернационал программасының жобасын, БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы 1928 жылғы июльде талқылаған жобаны программа комиссиясы жасаған, бұл комиссия Коминтерннің V конгресінде (июнь — июль, 1924 ж.) құрылған болатын. Комиссияның құрамында И. В. Сталин болып, программаның жобасын жасауға басшылық етті. 1928 жылғы 25 майда КИАК программа комиссиясы қабылдаған және БК(б)П Орталық Комитетінің июль пленумы ұнатқан бұл жоба Коминтерн программасының негізі болды, программа Коммунистік Интернационалдың VI конгресінде (июль — сентябрь, 1928 ж.) бекітілді. Программаның жобасы туралы осы томның 224—226-беттерін қараңыз. — *155*.

41 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXII том, 435 — 468-беттер. — *161*.

42 1919 жылғы 21 мартта Венгрияда Совет республикасы жарияланды. Венгрия совет республикасы өз өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ ауыр жағдайда болды. Ел терең финанс, азық-түлік дағдарысына ұшырады, ішкі контрреволюциямен және Советтік Венгрияға қарсы экономикалық қоршау жасаған және соғыс интервенциясын ұйымдастырған Антантамен күрес жүргізді. Венгрия республикасының үкімет құрамына кірген венгр социал-демократтары тыл мен майданды әлсірететін сатқындық жұмыстар жүргізді, Совет өкіметін құлату туралы Антанта агенттерімен келіссөздер жасады. Венгрия революциясын ішкі контрреволюция мен интервенттердің біріккен күші 1919 жылғы августа басып тастады. — *162*.

43 Бұл арада Германияда 1923 жылғы күзде болған терең революциялық кризис жайында айтылып отыр. Қуатты революциялық қозғалыстың нәтижесінде Саксония мен Тюрин-

гияда жұмысшы үкіметтері құрылды, Гамбургте жұмысшылардың қарулы көтерілісі болды. Германиядағы 1923 жылғы революция жеңіліске ұшырады. — *163.*

41 В. И. Ленин. «Аграрлық мәселе жөніндегі тезистердің алғашқы желісі» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 266—278-беттер). — *165.*

42 Қараңыз: «Коммунистік Интернационал программасының жобасы». М. — Л., 1928, 52-бет. Мұнымен бірге қараңыз: В. И. Ленин Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 5, 190-беттер. — *169.*

43 Коминтерннің VI конгресі 1928 жылғы 17 июльде — 1 сентябрьде Москвада болды. Конгресс Коминтерн Атқару Комитетінің қызметі туралы есепті, Жастардың Коммунистік Интернационалы Атқару Комитеті мен Интернационалдық Бақылау Комиссиясының есептерін, империалистік соғыстардың болу қаупімен күресу шараларын, Коммунистік Интернационалдың программасын, отар елдер мен жартылай отар елдердегі революциялық қозғалыс туралы мәселені, ССРО-дағы экономикалық жағдай мен БК(б)П-дағы жағдайды талқылады, Коминтерннің уставын бекітті. Конгресс капитализмнің ішкі қайшылықтарының өсіп отырғандығын, бұл қайшылықтардың капитализм тұрақтауын әлсіретуге әкеп соғатындығын және капитализмдегі жалпы дағдарысты қатты шиеленістіретіндігін көрсетті. Конгресс Коммунистік Интернационалдың жұмысшы табы күресінің жаңа жағдайларынан туып отырған міндеттерін белгіледі. Конгресс Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен БК(б)П-дағы жағдай туралы қарарында ССРО-дағы социалистік құрылыстың табыстарын, бұл табыстардың халықаралық пролетариаттың революциялық позицияларын нығайтудағы маңызын атап көрсетті және бүкіл дүние жүзі еңбекшілерін Совет Одағын қорғауға шақырды. И. В. Сталин конгрестің президиумына, программа комиссиясына және халықаралық жағдай мен Коммунистік Интернационалдың міндеттері туралы тезистер жазатын саяси комиссияға сайланды. — *172.*

47 Қараңыз: «РСФСР Советтері съездерінің қаулы-қарарлары», М., 1939, 225-бет. — *182*

48 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 274-бет. — *184*.

49 **«Беднота»** («Кедейлер») — күнделікті газет, БК(б)П Орталық Комитетінің Органы; 1918 жылғы марттан 1931 жылғы январьға дейін Москвада шығып тұрды. — *185*.

50 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXVII том, 192-бет. — *193*

51 **«Красная Газета»** («Қызыл Газет») — күнделікті газет; 1918 жылғы январьдан 1939 жылғы февральға дейін Ленинградтың жұмысшы, шаруа және қызылармияшы депутаттарының Советі шығарып тұрды. — *199*.

52 Жергілікті экономикалық кеңестер жайында айтылып отыр; мұндай кеңестер 1921 — 1923 жылдары Советтердің атқару комитеттерінің жанында болған. — *205*.

53 **«Нижнее Поволжье»** («Төменгі Еділ») — ай сайын шығып тұрған журнал; 1924 жылдан бастап Нижняя Волга облыстық және Саратов губерниялық жоспарлау комиссиялары Саратовта, ал 1926 жылдан бастап Саратов губерниялық және өлкелік жоспарлау комиссиялары шығарып тұрды. 1932 жылғы августан 1933 жылға дейін журналды өлкелік жоспарлау комиссиясы Сталинградта шығарып тұрды. — *211*.

54 Хлебоцентр — дәнді және майлы өсімдіктерді өндіру, өңдеу және өткізу жөніндегі ауылшаруашылық кооперациясының Бүкілроссиялық орталық одағы; 1926 жылдан 1931 жылға дейін өмір сүрді. — *214*.

55 Гильдиялық социализм — социал-демократиялық реформизм ішіндегі, марксизмге мейлінше қас ағым; бұл ағым 900-шы жылдары Англияда пайда болды. Гильдиялық социализм мемлекеттің таптық сыйпатын, тап күресін және пролетариат диктатурасын мойындамайды, жұмысшыларды, интеллигенттер мен техниктерді ұлт өнеркәсібі гильдияларының

федерациясына біріктіруді және оларды буржуазиялық мемлекеттің шеңберінде өнеркәсіпті басқаратын органдарға айналдыруды уағыздайды. Гильдиялық социализм күрестің революциялық әдістерін теріске шығара отырып, жұмысшы табын әрекетсіздікке ұшыратады және оны буржуазияға толық бағындырады. — *226*.

56 Бұл үндеуді «қорғаныс апталығына» байланысты И. В. Сталин жазған болатын, бұл апталық Совет одағында 1928 жылғы 15 июльден 22 июльге дейін жүргізілген еді. — *243*

57 Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің Бүкілроссиялық бірінші съезі 1918 жылғы 16 — 21 ноябрьде Москвада болып өтті. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдерге саяси білім беру ісін ұйымдастыру үшін, оларды социалистік құрылыс ісіне белсене қатыстыру үшін съезді РК(б)П Орталық Комитеті шақырған болатын. Съезге 1 147 делегат әйел қатысты. 19 ноябрьде съезде В. И. Ленин сөз сөйледі. (Съезд туралы және оның маңызы туралы қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIII том, 285—286-беттер және И. В. Сталин. Шығармалар, 5-том, қазақша 387—390-беттер.). — *272*.

58 БК(б)П Орталық Комитетінің Орталық бақылау комиссиясы мен Орталық тексеру комиссиясының мүшелері қатысқан пленумы 1928 жылғы 16 ноябрьден 24 ноябрьге дейін болып өтті. Пленум халық шаруашылығының 1928/29 жылдарға арналған бақылау цифрларын қарады, сонымен қатар талқыланған мәселелер: 7 сағаттық жұмыс күнінің алғашқы қортындылары мен келешекте жүргізілуі туралы мәселе, жұмысшылар алу және партияның өсуін жөнге салу мәселесі, БК(б)П Солтүстік Кавказ өлкелік комитетінің деревнядағы жұмыс туралы және егін шаруашылығын көтерудің шаралары туралы баяндамасы. И. В. Сталин пленумның 19 ноябрьдегі мәжілісінде күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Елімізді индустрияландыру туралы және БК(б)П-дағы оңшыл уклон туралы» сөз сөйледі. 20 ноябрьде пленум И. В. Сталинді халық шаруашылығының 1928/29 жылғы ба-

қылау цифрлары туралы қарарды редакциялайтын комиссияға сайлады. (БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қарарларын қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 287—310-беттер.) — *273*.

59 1928 жылы 21 ноябрьде Смоленскідегі «Катушка» тігін фабрикасында Советтердің сайлауын ойдағыдай өткізу үшін губерниялық жарыс ұйымдастыруға арналған митинг болды. Бұл митингіде жұмысшылар Советтердің сайлауына жұмысшылар мен олардың семья мүшелерін түгел қатыстыруды қамтамасыз етуге, сайлау алдындағы шақыру митингісін ұйымдастыруға қарар алып, Ярцево тоқыма фабрикасының және Смоленск, Брянск, Калуга губернияларындағы басқа да фабрикалар мен заводтардың жұмысшыларына үндеу жіберді. Жұмысшылар И. В. Сталин мен М. И. Калининге хат жазып, бұл хатында И. В. Сталин мен М. И. Калининді сайлау алдындағы шақыру митингісінің құрметті председательдері етіп сайлағандықтары туралы хабарлады және Советтердің сайлауын ойдағыдай өткізу жөніндегі жарысты ұйымдастыру туралы мәселе жайында нұсқау берулерін сұрады. — *327*.

60 Қараңыз: «Коминтерн VI конгресінің стенографиялық есебі. 6-кітап. Тезистер, қарарлар, қаулылар, үндеулер», М. — Л., 1929, 57-бет. — *333*.

61 Кәсіпшілер одақтары Қызыл Интернационалының VI конгресі 1928 жылғы 17 марттан 3 апрельге дейін Москвада болып өтті. Конгресте талқыланған мәселелер: халықаралық кәсіпшілер қозғалысының қортындылары мен кезекті міндеттері; кәсіпшілер қозғалысындағы жұмысшы жастар туралы; ұйымдастыру мәселесі; фашизм мен сары одақтарға қарсы күресу шаралары туралы; отар елдер мен жартылай отар елдердегі кәсіпшілер қозғалысы, т. б. Конгресс өзінің қарарларында былай деп атап көрсетті: капитализм тұрақтауы барған сайын әлсірей түскен жағдайда тап күресі өсіп, шиеленісіп отыр, сондықтан Кәсіпшілер Интернационалының бүкіл жұмысы бұқараны өз жағына тартуды және

капиталға қарсы олардың күресіне басшылық етуді көздеп жүргізілуге тиіс. Конгресс Кәсіпшілер Интернационалының басты міндеті — реформистік кәсіпшілер одактарын өзіне қаратып алу және реформист басшылардың карсылықтарына қарамастан стачкаларға басшылық ету деп көрсетті. Конгресс ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қарарында революцияшыл кәсіпшілер одақтары пролетариаттың қалың топтарын кәсіпшілер ұйымдарына тарту жөнінде күнбе-күн жұмыс жүргізуге тиіс деп атап көрсетті. — ***338***

62 Қараңыз: «Коминтерн VI конгресінің стенографиялық есебі. 6-кітап. Тезистер, қарарлар, қаулылар, үндеулер». М.—Л., 1929, 80-бет. — ***341***.

63 Бұл арада Коминтерн II конгресінің 1920 жылғы 6 августа бекітілген «Коммунистік Интернационалға алудың шарттары» деген қарары айтылып отыр. Арнаулы комиссияда талқыланған және конгрестің қарауына ұсынылған бұл қарардың тезистерін В. И. Ленин жазған болатын (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXV том, 279—284-беттер). — ***342***.

64 Бұл арада «Халық шаруашылығының 1928/29 жылғы бақылау цифрлары туралы» қарар жайында айтылып отыр; бұл қарарды И. В. Сталиннің басшылығымен БК(б)П Орталық Комитеті ноябрь пленумының комиссиясы жазған және 1928 жылғы 24 ноябрьдегі пленум мәжілісінде қабылданған болатын. Пленум қарардың қортынды бөлімінде күресті екі майданда бірдей жүргізу қажет екендігін көрсетіп, БК(б)П ішіндегі ең басты қауіпке — оңшылдық қауіпке карсы күресудің әдістерін белгілеп берді (қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 296—297-беттер). — ***348***.

65 Партияның XV съезінің «Оппозиция туралы» қарарын қараңыз: «БК(б)П — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 259—261-беттер. — ***353***.

66 «Руль» — ак эмигрант кадеттердің газеті; 1920 жылғы ноябрьден 1931 жылғы октябрьге дейін Берлинде шығып тұрды. — *354.*

67 В. И. Ленин. «Партияның бірлігі туралы РК(б)П X съезі қарарының алғашқы жобасы» (қараңыз: Шығармалар, 3-басылуы, XXVI том, 259—260-беттер). — *355.*

68 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 3-басылуы, XXIX том, 229-бет. — *361.*

69 «Головановшылдық» театр қызметкерлерінің бір бөлегінің ескі буржуазиялық салтты және жұмыс әдістерін совет театрына көшіруге тырысқан әрекеттерінен білінді. 1926—1928 жылдары Үлкен театрдың дирижер Голованов бастаған бір топ артистері қалың еңбекшілердің өскен тілектеріне және социалистік құрылыстың міндеттеріне сәйкес репертуарды жаңартуға, жаңа репертуар жасауға қарсы шыққан болатын. Бұл топ өзін театр коллективіне қарсы қойып, жас артист күштерін жоғарылатудан бастартты. Совет театраларының жұмысын қайта құру жөнінде партияның қолданған шаралары «головановшылдықты» жою ісін қамтамасыз етті. — *367.*

70 И. В. Сталиннің құттықтау телеграммасы Проскуровтағы кавалериялық қызыл дивизияның Бірінші червоно-казак полкінің қызыләскерлеріне, бастық қызметкерлері мен саяси қызметкерлеріне Қызыл Армияның онбір жылдық мерекесі күні жіберілген болатын. — *371.*

71 **«Сельскохозяйственная Газета»** («Ауылшаруашылық Газеті») — күнделікті газет, ССРО Халық Комиссарлары Советінің органы. 1929 жылғы 1 марттан 1930 жылғы 29 январьға дейін шығып тұрды, кейіннен «Социалистическое Земледелие» газеті болып қайта құрылды. — *372.*

72 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 1-том, қазақша 154—155-беттер. — *378*

73 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 2-том, қазақша 340, 349-беттер. — *379*.

74 И. В. Сталин. «Шығыс халықтары университетінің саяси міндеттері туралы» (қараңыз: Шығармалар, 7-том, қазақша 142—161-беттер). — *382*.

75 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 7-том, қазақша 148-бет. — *385*.

76 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 22-том, 135—136-беттер. — *386*

77 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 20-том, 23-бет. — *392*.

78 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 2-том, қазақша 349-бет. — *392*.

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(1928 — март 1929)

1928

7 январь. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград обкомының секретары С. М. Кировпен әңгімеleседі.

10 январь. И. В. Сталин өндірісті жақсарту мәселесі жөнінде Тверь мақта-мата тресі басқармасының председателімен әңгімелеседі.

11 январь. И. В. Сталин өнеркәсіптің жұмысы мен коллективтік договорлар туралы Брянскі губернасының партия және совет органдарының өкілдерімен әңгімелеседі.

13 январь. И. В. Сталин ауылшаруашылық кооперациясы Одағының, Хлебоцентрдің, Хлебопродуктының және ССРО Сауда халық комиссариатының өкілдерімен әңгімелеседі.

15 январь. И. В. Сталин Сибирь өлкесінде астық дайындау ісінің барысы қанағатанғысыз болғандықтан Сибирьге жүріп кетеді.

18 январь. И. В. Сталин Новосибирскі қаласында БК(б)П Сибирь өлкелік комитетінің дайын-

даушы ұйымдардың өкілдерімен бас қосқан бюро мәжілісіне қатысады.

22 январь. И. В. Сталин Барнауыл қаласында астық дайындау жоспарының орындалуы туралы мәселе жөнінде БК(б)П Барнаул ұйымы активінің Бийскі және Рубцовка округтік партия ұйымдары өкілдерімен бас қосқан кеңесін өткізеді.

23 январь. И. В. Сталин БК(б)П Рубцовка округтік комитетінің бюро мәжілісінде округ бойынша астық дайындаудың барысы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

27 — 28 январь. И. В. Сталин БК(б)П Омскі округтік комитетінің бюро мәжілісінде астық дайындау мәселесін талқылауға қатысады.

6 февраль. И. В. Сталин Сибирьге барған сапарынан Москваға қайтып келеді.

9 — 25 февраль. И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің IX пленумының жұмыстарына қатысады.

10 февраль. И. В. Сталин БК(б)П Нижегород губкомының секретары А. А. Ждановпен әңгімеleседі.

13 февраль. И. В. Сталин БК(б)П-ның барлық ұйымдарына — «Дайындау науқанының алғашқы қортындылары және партияның алдағы міндеттері» жөнінде хат жазады.

23 февраль. И. В. Сталиннің Қызыл Армияның онжылдығына арнаған құттықтауы «Красная Звезда» газетінің 46-номерінде жарияланды.

25 февраль.	И. В. Сталин Москва Советі пленумының Қызыл Армияның онжылдығына арналған салтанатты мәжілісінде «Қызыл Армияның үш өзгешелігі туралы» сөз сөйлейді.
26 февраль.	И. В. Сталин Москва гарнизоны әскерлерінің Қызыл Армияның онжылдығы құрметіне Москвада Қызыл алаңда болған парадына және еңбекшілердің демонстрациясына қатысады
	И. В. Сталин Қызыл Армияның онжылдығына арналған, революцияшыл Россия художниктері Ассоциациясының (РРХА) көрмесінде болады.
21 март.	И. В. Сталин «Правда» газеті мен «Большевик» журналы редакцияларының қызметкерлерімен әңгімелеседі.
	И. В. Сталин астық дайындау мәселесі жөнінде БК(б)П Омск округтік комитетінің секретарымен әңгімелеседі.
28 март.	И. В. Сталин аудандастыру мәселесі жөнінде БК(б)П Сталинград губкомы мен губаткомының өкілдерімен әңгімелеседі.
6 — 11 апрель.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының жұмысына басшылық етеді.
10 апрель.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясы біріккен пленумының мәжілісінде Шахты ісіне байланысты байқалған кемшіліктерді жою жөніндегі практикалық шаралар туралы Орталық Комитет Саяси Бюросы комиссиясы-

ның баяндамасы бойынша сөз сөйлейді. Пленум И. В. Сталинді осы мәселе жөніндегі қарарды біржола редакциялау үшін құрылған комиссияға сайлайды.

13 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Москва ұйымы активінің жиналысында «Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының апрельдегі біріккен пленумының жұмыстары туралы» баяндама жасайды.

30 апрель. И. В. Сталин Кострома қаласының жұмысшыларына Костромада В. И. Ленинге ескерткіш орнатылуына байланысты 1928 жылғы 1 майда құттықтау жазады.

1 май. И. В. Сталин Москвадағы Қызыл аланда Москва гарнизоны әскерлерінің бірінші май парадына және еңбекшілердің демонстрациясына қатысады.

9 май. И. В. Сталин Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университет студенттерінің делегациясын қабылдайды.

И. В. Сталин металл өнеркәсібін қайта құру мәселесі жөнінде ССРО Халық шаруашылығының жоғарғы советінің жанындағы Главметалл басқармасының бастығымен әңгімелеседі.

16 май. И. В. Сталин БЛКЖО VIII съезінде сөз сөйлейді.

26 май. И. В. Сталин «Комсомольская Правда» газетінің үшжылдық мерекесіне байланысты оған құттықтау жазады. Бұл құттықтау 1928 жылғы 27 майда «Комсомольская Правданың» 122-номерінде жарияланды.

27 май. И. В. Сталиннің Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің онжылдық мерекесіне байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 122-номерінде жарияланды.

28 май. И. В. Сталин Москвадағы Үлкен театрда Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің онжылдық мерекесіне арналған салтанатты мәжіліске қатысады.

И. В. Сталин астық майданындағы жағдай туралы қызыл профессорлар Институтының, Коммунистік академияның және Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің студенттерімен әңгімелеседі.

30 май. И. В. Сталин БК(б)П Тула, Смоленскі, Ярославль және Владимирскі губкомдарының секретарьларын қабылдайды.

8 июнь. И. В. Сталин Слепковтың өзара сын туралы тезистері жөнінде Комакадемия жанындағы партия құрылысы үйірмесінің мүшелеріне хат жазады

12 июнь. И. В. Сталин: «Ленин және орташамен одақтасу туралы мәселе. С. жолдасқа жауап» деген мақала жазады. Мақала 1928 жылғы июльде «Правда» газетінің 152-номерінде жарияланды.

20 июнь. И. В. Сталин: «Орталық Комитеттің Саяси Бюросының мүшелеріне. Фрумкинге жауап. (Фрумкиннің 1928 жылғы 15 июньдегі хаты жөнінде)» деген хат жазады.

26 июнь. И. В. Сталиннің «Өзара сын ұранын бұрмалауға қарсы» деген мақаласы «Правда» газетінің 146-номерінде жарияланды.

4 — 12 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.

5 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде «Коминтерн программасы туралы» сөз сөйлейді

9 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде «Индустриялаңдыру және астық проблемасы туралы» сөз сөйлейді.

11 июль И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде «Жұмысшылар мен шаруалардың байланысы туралы және совхоздар туралы» сөз сөйлейді.

13 июль. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград ұйымы активінің жыйналысында «БК(б)П Орталық Комитетінің июль пленумының қортындылары туралы» баяндама жасайды.

15 июль. И. В. Сталиннің «қорғаныс апталығына» байланысты, «Ленинград Осоавиахимына» үндеуі «Красная Газетаның» (Ленинград) 163-номерінде жарыяланды.

17 июль. И. В. Сталин Коминтерннің VI конгресінің мәжілісінде конгресс президиумының мүшесі болып сайланады.

И. В. Сталин Коминтерн VI конгресіндегі БК(б)П делегациясының мәжілісіне қатысады және делегацияның бюросына сайланады.

19 июль. И. В. Сталин Коминтерннің VI конгресінде Коминтерн программасын жазатын комиссияға сайланады.

30 июль. — И. В. Сталин Коминтерннің VI конгресінің мәжілісінде халықаралық жағдай мен Коммунистік Интернационалдың міндеттері туралы тезистер жазатын саяси комиссияға сайланады.

31 август. — И. В. Сталин В. В. Куйбышевке хат жазады.

1 сентябрь. — И. В. Сталин Коминтерннің VI конгресінің мәжілісінде Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.

3 сентябрь. — И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитетінің пленум мәжілісінде ҚИАҚ Президиумының құрамына сайланады.

9 октябрь. — И. В. Сталиннің «И. И. Скворцов-Степанов жолдасты еске түсіру» деп жазған некрологі «Правда» газетінің 235-номерінде жарияланды.

12 октябрь. — И. В. Сталин И. И. Скворцов-Степановты жерлеуге қатысады.

19 октябрь. — И. В. Сталин БК(б)П Москва Комитеті мен Москва Бақылау Комиссиясының пленумында «БК(б)П ішіндегі оңшылдық қауіп туралы» сөз сөйлейді.

27 октябрь. — И. В. Сталин «Ш. жолдасқа жауап» жазады.

И. В. Сталин теміржолшылар одағы Орталық Комитетінің председателін қабылдайды.

28 октябрь. — И. В. Сталиннің БЛКЖО-ның онжылдығына байланысты «Ленин комсомолына» құттықтауы «Правда» газетінің 252-номерінде жарияланды.

30 октябрь — И. В. Сталин ВЦСПС жанындағы студенттердің Орталық бюросының өкілдерін қабылдайды.

6 ноябрь. — И. В. Сталин Москва Советінің Улы Октябрь социалистік революциясының онбір жылдығына арналған салтанатты мәжілісіне қатысады.

7 ноябрь. — И. В. Сталин Москвадағы Қызыл алаңда Москва гарнизоны әскерлерінің парадына және еңбекшілердің демонстрациясына қатысады.

16—24 ноябрь. — И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.

17 ноябрь. — И. В. Сталиннің «Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің бірінші съезінің онжылдығына» арналған құттықтауы «Правда» газетінің 267-номерінде жарияланды.

19 ноябрь. — И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде «Елімізді индустрияландыру туралы және БК(б)П-дағы оңшыл уклон туралы» сөз сөйлейді.

20 ноябрь. — И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде ССРО халық шаруашылығының 1928/29 жылғы бақылау цифрлары туралы қарарды редакциялау үшін құрылған комиссияға сайланады.

25 ноябрь. — Советтерді сайлау науқанын ойдағыдай өткізу жөніндегі жарыстың ұйымдастырылуына байланысты, И. В. Сталиннің «Катушка» фабрикасы мен Смоленск губерниясындағы Ярцево фабрикасы жұмысшыларына жазған

хаты «Правда» газетінің 274-номерінде жарияланды.

26 ноябрь. И. В. Сталин БК(б)П Москва қалалық ұйымының аудандық комитеттерінің секретарьларын қабылдайды.

27 ноябрь. И. В. Сталин басшы комсомол қызметкерлерін қабылдайды.

29 ноябрь. И. В. Сталин Советтерді сайлау науқанын өткізуге байланысты «Красный Профинтерн» заводының (Бежица қаласы) жұмысшыларына құттықтау жазды. Бұл құттықтау 1928 жылғы 30 ноябрьде «Правда» газетінің 278-номерінде жарияланды.

4 декабрь. И. В. Сталин жұмысшы-шаруа тілшілерінің делегациясымен әңгімелеседі.

9 декабрь. И. В. Сталиннің Фрунзе атындағы Соғыс Академиясының онжылдығына байланысты оған жазған құттықтауы «Правда» газетінің 286-номерінде жарияланды.

12 декабрь И. В. Сталин «Известия» газетінің қызметкерлерімен әңгімелеседі.

19 декабрь И. В. Сталин Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мәжілісінде «Герман компартиясындағы оңшылдық қауіп туралы» сөз сөйлейді.

И. В. Сталин аудандастыру мәселесі жөнінде Коми облысының басшы қызметкерлерімен әңгімелеседі.

28 декабрь. И. В. Сталин «Куштысевке жауап» жазады.

1929

Январьдың аяғы, февральдың басы. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының біріккен мәжілісінде — «Бухарин тобы және біздің партиядағы оңшыл уклон» деген тақырыпта сөз сөйлейді.

2 февраль. И. В. Сталин «Билль-Белоцерковскийге жауап» жазады.

И. В. Сталин «Красный Треугольник» заводының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне жеті сағаттық жұмыс күніне көшуге байланысты құттықтау жазды. Бұл құттықтау 1929 жылы 3 февральда «Ленинградская Правда» газетінің 28-номерінде жарияланды.

12 февраль. И. В. Сталин украин жазушыларының делегациясымен әңгімелеседі.

22 февраль. И. В. Сталин Проскуровтағы Бірінші червоно-казак полкінің қызыләскерлеріне, бастық қызметкерлері мен саяси қызметкерлеріне Қызыл Армияның онбір жылдығына байланысты құттықтау телеграмма жібереді.

1 март. И. В. Сталиннің «Сельскохозяйственная Газетаның» жарыққа шығуына байланысты жазған құттықтауы осы газеттің бірінші номерінде жарияланды.

14 март. И. В. Сталин Ленинград облыстық II партия конференциясында БК(б)П Ленинград обкомының мүшесі болып сайланады.

18 март. И. В. Сталин «Ұлт мәселесі және ленинизм.

Мешков, Ковальчук және басқа жолдас тарға жауап» деген еңбегін жазады.

30 март. И. В. Сталин М. И. Калининнің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитеті мен ССРО Орталық Атқару Комитетінің председателі қызметінде болғанына он жыл толуына байланысты, оны құрметтеуге арналған мәжіліске — ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Бүкілроссиялық Атқару Комитеті Президиумдарының, ССРО және РСФСР Халық Комиссарлары Советтерінің біріккен мәжілісіне қатысады.

МАЗМҰНЫ

	Беті
Алғысөз	VII
АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУДІҢ КЕЛЕШЕГІ ТУРАЛЫ. *1928 ж. январьда Сибирьдің түрлі аудандарында сөйленген сөздерден (Қысқаша жазылып алынған)*	1
ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ. *БК(б)П-ның барлық ұйымдарына*	11
ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА ҚҰТТЫҚТАУ . . .	23
ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ ҮШ ӨЗГЕШЕЛІГІ ТУРАЛЫ. *Москва Советінің Қызыл Армияның онжылдығына арналған салтанатты пленумында сөйленген сөз 25 февраль, 1928 ж.*	24
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ ПЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АПРЕЛЬДЕГІ БІРІККЕН ПЛЕНУМЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫ ТУРАЛЫ. *БК(б)П Москва ұйымы активінің жыйналысында жасалған баяндама 13 апрель, 1928 ж.*	30—71
I. Өзара сын туралы	31
II. Астық дайындау мәселесі	43

III. Шахты ісі 58
IV. Жалпы қортынды 70

КОСТРОМА ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА ҚҰТТЫҚТАУ 72

БЛКЖО VIII СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН сөз *16 май, 1928 ж.* 73—86

I. Жұмысшы табының жауынгерлік әзірлігін нығайтындар 74
II. Төменнен бұқаралық сын ұйымдастырыңдар 78
III. Жастар ғылымды меңгеруге тиіс . . . 82

„КОМСОМОЛЬСКАЯ ПРАВДАҒА". *Үшжылдық мерекесіне* 87

СВЕРДЛОВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ. *Онжылдық мерекесіне* . . 89

АСТЫҚ МАЙДАНЫНДА. *Қызыл профессорлар институтының, Коммунистік Академияның және Свердлов университетінің студенттерімен өткізген әңгімеден 28 май, 1928 ж.* 91

КОМАКАДЕМИЯ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯ ҚҰРЫЛЫСЫ ҮЙІРМЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ 108

ЛЕНИН ЖӘНЕ ОРТАШАМЕН ОДАҚТАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ. *С, жолдасқа жауап* 112

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ. *Фрумкинге жауап. (Фрумкиннің 1928 ж. 15 июньдегі хаты жөнінде* 127

ӨЗАРА СЫН ҰРАНЫН БҰРМАЛАУҒА ҚАРСЫ 140

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ *4 – 12 июль, 1928 ж.* . . . . 153—217

Коминтерн программасы туралы, *1928 жылғы 5 июльде сөйленген сөз* 155
Индустрияландыру және астық проблемасы туралы. *1928 ж. 9 июльде сөйленген сөз* . . 173
Жұмысшылар мен шаруалардың байланысы туралы және совхоздар туралы. *1928 ж. 11 июльде сөйленген сөзден* 208

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ИЮЛЬ ПЛЕНУМЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ. *БК(б)П-ның Ленинград ұйымы активінің жыйналысында жасалған баяндама 13 июль, 1928 ж.* . . . . 218—242

I. Коминтерн мәселелері . . . . 219—226

1. Коминтерннің VI конгресінің негізгі проблемалары 219
2. Коминтерннің программасы 224

II. ССРО-да социалистік құрылыс мәселелері . . 226—240

1. Астық дайындау саясаты туралы мәселе . . . 226
2. Өнеркәсіп құрылысы жөнінде кадрлар даярлау мәселесі 238

III. Қортынды 241

ЛЕНИНГРАД ОСОАВИАХИМЫНА 243

КУЙБЫШЕВ ЖОЛДАСҚА ХАТ 244

И. И. СКВОРЦОВ-СТЕПАНОВ ЖОЛДАСТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ . . 246

БК(б)П ІШІНДЕГІ ОҢШЫЛДЫҚ ҚАУІП ТУРАЛЫ. *БК(б)П Москва Комитеті мен Москва Бақылау Комиссиясының пленумында сөйленген сөз 19 октябрь, 1928 ж.* 247

Ш. ЖОЛДАСҚА ЖАУАП 266

ЛЕНИН КОМСОМОЛЫНА. *БЛКЖО-ның онжылдық мерекесі күніне арналған құттықтау* 270

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРДІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНІҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА 272

ЕЛІМІЗДІ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БК(б)П-ДАҒЫ ОҢШЫЛ УКЛОН ТУРАЛЫ. *БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында сөйленген сөз 19 ноябрь, 1928 ж.* . . . . 273—326

I. Индустрияның даму қарқыны туралы мәселе 274
II. Астық проблемасы 287
III. Уклондарға және олармен ымыраласушылыққа қарсы күрес Туралы 301

„КАТУШКА“ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА, СМОЛЕНСКІ ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ ЯРЦЕВО ФАБРИКАСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА . . 327

„КРАСНЫЙ ПРОФИНТЕРН“ ЗАВОДЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА *Бежица қаласы* 329

ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚЫЗЫЛ АРМИЯСЫНЫҢ ФРУНЗЕ АТЫНДАҒЫ СОҒЫС АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫНА . . 330

ГЕРМАН КОМПАРТИЯСЫНДАҒЫ ОҢШЫЛДЫҚ ҚАУІП ТУРАЛЫ. *ҚИАҚ Президиумында сөйленген сөз 19 декабрь, 1928 ж.* . . . . 331—349

I. Қапиталистік тұрақтау проблемасы 332
II. Пролетариаттың таптық ұрыстарының проблемасы 335
III. Герман компартиясының проблемасы . . . 339
IV. ГКП мен БК(б)П-дағы оңшылдар 345
V. Жабық және ашық хаттың жобасы туралы . . 348

КУШТЫСЕВКЕ ЖАУАП 350

ЖЕТЕР ЖЕРІНЕ ЖЕТТІ 352

БУХАРИН ТОБЫ ЖӘНЕ БІЗДІҢ ПАРТИЯДАҒЫ ОҢШЫЛ УКЛОН. *БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросы мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен мәжілісінде 1929 жылғы январьдың аяғы мен февральдың бас кезінде сөйленген сөздерден (Қысқаша жазылып алынған)* 357

БИЛЛЬ-БЕЛОЦЕРКОВСКИЙГЕ ЖАУАП 366

„КРАСНЫЙ ТРЕУГОЛЬНИКТІҢ" ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІНЕ 370

ПРОСКУРОВКА ТЕЛЕГРАММА БІРІНШІ ЧЕРВОНО-КАЗАК ПОЛКІНІҢ ҚЫЗЫЛӘСКЕРЛЕРІНЕ, БАСТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ 371

„СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННАЯ ГАЗЕТАҒА" ҚҰТТЫҚТАУ 372

ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ЛЕНИНИЗМ. *Мешков, Ковальчук және басқа жолдастарға жауап* . . . . 373—396

1. «Ұлт» деген ұғым 373
2. Ұлттардың пайда болуы мен дамуы 376
3. Ұлттар мен ұлт тілдерінің болашағы . . . 381
4. Партияның ұлт мәселесі жөніндегі саясаты 390

Ескертулер 397

Өмірбаян хроникасы (1928 — март 1929) 413

Тираж 38 тысяч экз.
Сдано в набор 14/X 1949 г.
Подписано к печати
23/XI—15/XII 1949 г.
Объем 27,5 п. л.
Зак. № 1140.
Цена 6 руб.

Набрано в Гостипографии № 2.
Отпечатано в Полиграфкомбинате
Управления по делам полиграфической
промышленности, издательств и
книжной торговли при Совете
Министров КазССР.
АЛМА-АТА

К—10